



СЕГІЗ СЕРІ

(Мұхаммед-Қанапия)

ШЫҒАРМАЛАРЫ

I – том



0 7 0 1 2 0



Алматы
«Жалын баспасы»
2013

**Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитеті
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
бағдарламасы бойынша шығарылды**

*Екі томдық шығарманың ғылыми жауапты сарашысы —
Абай Тасболатов, парламент мәжілісінің депутаты,
тарих ғылымының докторы.*

*Редакция алқасы: Жұмабаев Социал,
Күларай Тырқаева,
Дәулеткерей Кәпұлы,
Қайролла Мұқанов,
Таңат Сүгірбаев,
Қайнолла Қасенов,
Аман Мұстафин*

**Сегіз сері (Мұхаммед-Қанапия): Шығармалары.
С-30 Құраст. Социал Жұмабаев**

Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2013.

Т-1: Өлеңдер мен толғаулар. – 384 бет

ISBN 978-601-1286-70-5

Қазақтың атақты біртуар ақыны Сегіз сері (Мұхаммед-Қанапия) Баһрамұлының екі томдық шығармалар жинағының бірінші томына ақынның өлеңдері мен толғаулары және ақынның өмірі мен шығармалары туралы зерттеулер енгізілді.

Кітап көпшілік оқырманға арналған.

УДК 821.512.122
ББК 84 (5 Қаз) 7-5

ISBN 978-601-7286-70-5
ISBN 978-601-7286-69-9

© Сегіз сері., 2013
© «Жалын баспасы» ЖШС, 2013

АТАСЫ СЕРІЛЕРДІҢ СЕГІЗ СЕРІ

*Қылышпын қынабынан алынбаған,
Алтынмын таразыға салынбаған.
Ашамайлы Керейдің ер ұлымын,
Бейне бір жанған өрттей жалындаған.*

Сегіз сері

Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болған, жарық жұлдызыболып халқына жол көрсеткен асылдарымыз әркезде болған ғой. Бірақ тоталитарлық билеу кезінде адымымызды Москваға қарап аттайтын жағдайда көпшілігінің атын атап мақтай да алмадық, мақтана да алмадық. Енді, бұлт ыдырап, қазақ елінің күні туып, тәуелсіздігіміздің таңы атқан кезде ұлыларымызды ұлықтауға жаппай кірісуіміз заңды. Қазақ халқына еңбегі сіңген хан мен сұлтандарымыздың, би мен батырларымыздың, ақын жырауларымыздың біразына ескерткіш орнатып, шығармаларын бастырып, мерей тойларын өткізіп, дұға оқытып жатырмыз. Бұл біздің ұрпақтың адамдық парызы. Міне, осындай игілікті істің үстінде бүйректен сирақ шығарып, өлі аруақтармен алысуды кәсіп қылған «оқымыстылар» пайда болды. Бұл бізге, қазақтарға тән. Басқа ел-жұрттар жоқтың өзін бардай, барды зордай қыламыз деп жанталасып жатса, біз барымызды жоқ қылуға әуреленеміз. Оған дәлел, Сегіз Сері (Мұхамедқанапия) төңірегіндегі екі-үш жылдан бері толастамай келе жатқан абройсыз айтыс.

Бірақ, оқушықауым, сіздердің назарларыңызға ұсынылып отырған бұл кітаптің мақсаты айтыс емес, туа біткен таланты мен асқан дарындылығы арқасында бір жарым ғасыр бойы қазақ халқын өн мен жырға бөлеп келе жатқан сал-серілердің атасы Сегіз Серінің талас тудырмайтын шығармалары мен өмірбаянынан мағлұмат беру.

Сегіз Сері Баһрамұлы Шақшақов 1818-жылы Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданында Гүлтөбе-Маманай деген жерде туған (бүгінгі Майбалық-Жекекөл ауылдарының арасында). Руы – керей, керей ішінде Көшебе. Белді атаның

ұрпағы. Үш жүзге атағы шыққан Толыбай сыншының 24 баласы болады. Ең кенжесі Қожаберген жырау (әйгілі «Елім-айдың» авторы, 1690-1712 ж. Қазақ қолының ордабасы). Ал, сыншының 8-баласы – Қарабас тархан. Одан жеті бала туған, үлкені – Асқап. Асқаптың екі баласының үлкені – Көшек, Көшектен 12 бала болған – сегізінші Шақшақ Сегіз Серінің атасы (бұл үзінді Сегіз Сері шежіресінен алынды). Сегіз Сері 8 жасқа келгенде шешесі Жамал қайтыс болады. Оның қырқы өтісімен әкесі Баһрам дүние салады. Бұл 1826-жылы – ит жылы, болатын. Сегіз атасы Шақшақ пен әкесінің інісі Жанат серінің тәрбиесінде болады.

Сегіз Сері жастайынан өнерге үйір, білімге құштар, зирек болады. Атасы – Шақшақ қазақша-орысша оқуға береді. Ақын ес біле, ауылда Мөңке, Бегім молладан хадимше хат таниды. Содан кейін келешекті әріден болжайтын, көзі ашық Шақшақ би немересінің орысша білім алғанын қалайды. Татар арасында патша үкіметінен бой тасалап жүрген Иван Михайлович Прохоров деген сауатты азаматты елге әкеліп отыз шақты баланы, ішінде Сегіз де бар, орысша оқытады. Сегіз осы Прохоровтан оқығанын есейген соң еске алып, бір өлеңінде:

*«Орысша білім ал деп атам Шақшақ,
Оқытты 4 жылдай ұстаз жалдап», –*

дегендегі ұстазы, осы Иван Михайлович.

Одан кейін Болатынай, Қызылжар медреселерінде оқып білімін тереңдетеді. Қызылжар медресесінде оқып жүргенде ақын-сері орыс тілінен басқа араб, парсы-шағатай, көне түрік тілдерін меңгереді, шығыс әдебиеті классиктерінің шығармаларымен танысады.

Сегіз Серіні ақындыққа, өншілікке баулыған осы медресе ұстаздары Иманғабит сері мен өз ағасы Көрпеш еді. Бұл екеуі де Бұхараның жоғары дәрежелі медресесін бітірген заманында ғұлама ғалым, екеу де ақын, өнші болған азамат екен.

Немересінен көп үміт күткен атасы Шақшақ Сегізді Омбы қаласындағы әскери училищеге оқуға береді. Училищені бітіріп, кіші офицерлік мамандық алған Сегізді патша әкімдері жазалаушы отрядқа жолдама береді. Бірақ патшаның отаршылдық саясатына қарсы болған Сегіз отрядқа барудан бас тартады. Қаша соғысып, кіші жүз асып кетеді. Бұл туралы белгілі ақын Нұржан Наушабаев «Сегіз сері» атты дастанында:

*Омбыға білім іздеп Сегіз барған,
Ғылымды меңгеруге талаптанған.
Алты жыл әпесерлік оқу оқып,
Оны да дер кезінде тамамдаған.*

*Қолбашылық оқуды бітіргенмен,
Патшаның қызметін атқармаған.
Әпесер патша ағзамға болмаған соң,
Жандарал Ер Сегізді қудалаған, –*

деп жазады.

Рас, оның училищеде оқығандығы туралы құжат Омбы архивінде жоқ. Сегіз Сері туралы ғана емес, сол жылдардың құжаттары 1840-жылғы екі бірдей апаттан аман қалмаған. Бірінде қалың өртке ұшыраса, екінші жолы су тасқыны көптеген архив бумаларын құртып жіберген.

«Горчаковқа!», «Патша әкімдеріне», «Қыз сипаты», т.б. шығармаларында, дастанында губернатор қудалады дегені шындық. Өйткені Петр Дмитриевич Горчаковтың 1836-жылы қаңтар айында Батыс Сібір генерал-губернаторы болып тағайындалғаны, 1937-жылы губернияның орталығын Омбы қаласына көшіргені, оның башқұрт халқының және Кенесары Қасымов бастаған ұлт-азаттық көтерілісін басуға отряд жібергені – тарихи шындық.

Ал Сегіз серінің жазалаушы отрядқа бармай, құғынға ұшырауын, ақын өзінің шығармаларында төптіштеп-ақ жазады. Мысалы, «Горчаковқа» деген өлеңінде:

*Сен айтты деп, Горчаков,
Халқымды мен жылатпан...
Бар айыбым, Горчаков,
Тіліңді сенің алмадым.
Жазалаушы әскерге,
Сардар болып қалмадым, –*

дейді.

Патша үкіметінің отаршылық саясатына қарсы болып, озбырлық істеріне қатысудан бас тартқаны үшін қудалауға түскен сері губернатордың жеңдеттері мен қаша соғысып, кіші жүз асып кетуін «Қыз сипаты» дастанында баяндаған.

*Ұлықтың егескен соң зорыменен,
Солдаттың соғыспақ боп тобыменен.
Қоштастым аттанарда өлең арнап,
Алты жыл білім алған Омбыменен...
Қадірлі Сарарқадан таппай тұрақ
Қоштасып туған жерден кеттік жырақ.
Жағалбайлы, жаппасқа аялдамай,
Ырғызға бет түзедік жылдамырақ.*

Өз елінде патша үкіметінен қудалау көрген Сегіз Серінің Кіші жүздің Ысық елінің батыры Қалдыбай аулына келуі, оның жалғыз қызы Ғайни сұлуға ғашық болуы, қыздың қайғылы қазасы жоғарыда айтылған «Қыз сипаты» поэмасында бар. Ақын-сазгердің халық арасына кең тараған Ғайни әнінің де дүниеге келуі осы уақиғаға байланысты.

Кіші жүздің табын елдеріне барғанын, Көтібар, Арыстан батыр ауылдарында мейман болғанын да осы «Қыз сипатында» баяндайды.

«Ақын неге кіші жүзге бет алды, оңтүстікке неге кетпеген?» – деп сұрақ қоятындар да бар. Оның себебі біреу – Сегіздің атасы Шақшақтың шешесі Ақбота – Сырым Датұлының туған апасы. Сарарқадан сая таппай сенделген саяқтай Серінің кіші жүз түгіл, Кавказ төңірегін аралап, Иран, Ауғанстан елдеріне баратыны да осы жылдар. Бір таңқаларлығы ақын қай елге барғанын, кімдермен кездескенін, өзі куә болған уақиғалардың бәрін ұқыпты тарихшыдай өлеңдеріне арқау еткен. Сегіздің өлең әндері – өзінің ғана емес, өзі өмір сүрген заманның тарихы. Сегіз серінің Кіші жүз елінде Исатай, Махамбеттермен кездесуі ақын өміріндегі үлкен тарихи уақиға болды. Ақынның патша үкіметіне деген наразылығы артып, Исатай-Махамбет көтерілісін барынша қолдағанын, тілектес адамдарының бірі болғанын өзінің өлеңдерінде де ашық атады:

*Дәм-тұзын қазағымның жүрмін ақтап,
Исатай, Махамбеттің ісін жақтап.*

Сегіз сері Исатай-Махамбет көтерілісі жайлы «Исатай-Махамбет», «Ер Исатай» атты дастандарын, Исатайға, Махамбетке арнаған өлеңдерін жазған.

Орта жүздің беделді би, бектерінің араласуымен тек төрт жылдан кейін, 1838-жылы Батыс Сібір генерал-губернаторы Сегіз Серіге кешірімділік жасайды, ақын елге оралады.

Еліне келісімен түбі Бағаналы Найман, Елғұн деген байдың қызы Ырысбике сұлуға үйленеді. Бақытты отбасынан 7 ұрпақ өрбіген. Олар: Мұстафа, Мұсабек, Мұсайын, Мұсажан, Мұсахан, Мұсағұл, Есболған деген ұлдары және Бибізада деген қызы болған.

Сегіз Сері Шақшақов 1854-жылы Дос көлінің маңындағы жайлауда қайтыс болады.

Ақын-сазгердің Сегіз сері атануының да сыры бар, «Ол сегіз қырлы, бір сырлы» өнер иесі болған. Біріншіден, туған елінің тағдыры мен болашағына қара бастың қамы мен мүддесін жығып бергені үшін, патша үкіметінен қудалау көрген ұлтжанды азамат. Қалған өнерлері де біртөбе; жауырыны жерге тимеген балуан, құйысқаны қанды аңшы;

құралайды көзге атқан мерген, бармағынан бал тамған шебер, зергерлігі тағы бар. Домбыраны, қобызды сарнатқан күйші, аспандағы аққумен үн қосқан әнші, өлеңнен өрнек тоқыған арқалы ақын. Оның нәзік махаббат лирикасы, өміршіл кең тынысты этикалық дастан-жырлары ауыз әдебиеті онша дами қоймаған, жазу, сызуы кемдеу қазақ даласының түпкір-түпкіріне ауызша тарап кеткен. Оны өзі де білген, басқалар да айтқан. Мысалы, өзі:

*Әйгілі болды жұртқа өнеріміз,
Артып тұр жас болсақ та беделіміз.
Жанкүйер дос-жарандар көп болған соң,
Жайылды елден-елге өнеріміз –*

десе,

Шәкірттерінің бірі Дөңдібайұлы Жаманқұл ақын:

*Елу бес әнін Сегіздің,
Елге өзім тараттым.
Жырларынан нәр алып,
Пайдаға ылғи жараттым.
Қырық бес күйін Сегіздің,
Тартып бердім әр жерде.
Қырық қиссасын серінің,
Әнмен айттым әр елде.
Тарап кетті халқына,
Жүзден аса дастаны.*

Қаншама бай қазына?! Әрине, әсірелеу де бар шығар, сонда да қазір бүкіл Қазақстанның түпкір-түпкірінен өткен ғасырдың орта кезінен бері жинаған дүниелердің өзі қаншама.

Сегіз сері – алдымен лирик ақын. Тек қана әнін де өзі шығарған махаббат тақырыбына арналған өлеңдері отыздан асады, оның ішінде: «Гауһар тас», «Қарғаш», «Ақбұлақ», «Әйкен-ай», «Қаракөз», «Ғайни», «Назқоңыр», «Жылы-ой», т.б. Алланың берген зор талантын қызғанған біреулер Сегіз серің Дон-Жуан ба, жүрген жерінде қыздарға ғашық бола береді деген уәжді алға тартады. Өзі сал-сері болса, суырып салма ақын, жезтандай әнші болса, жақсыны көрмек үшін дегендей сұлу қыз, көркем келіншектерді көргенде неге бұғып қалады? Шабытты сезім оятады, ақын нәзік жанды, өте сезімтал келеді. Сондықтан сирек кездесетін сұлулықты, әдемілікті асыл, нәзік сөздермен өрнектеп, әдемі, сазды әнмен түйіндесе, несі айып? Сегіз сері сол сұлулардың бәрімен төсектес болды ма деген арам ойдан аулақ болған жөн.

Біз жоғарыда Сегіз серінің азаматтығы туралы айтып кеткен едік. Шындығында, ақын көп өлеңінде, дастанында, толғауында туған еліне, Отанына деген ыстық сезімін

білдіріп отырады. «Қашқын келбеті», «Қыз сипаты» дастандарында, «Жорықта», «Туған ел» т.б. өлең-термелерінде.

Еліңді сүюмен бірге халқыңа адал қызмет қыл, ел шетіне жау келсе, ата салтымен атқа мін, Отаныңды қорға деп ерлікке шақыратын өлең жолдары көп кездеседі:

*Халқына азат көрсеткен,
Жауға аттанбай ер болмас.
Ат қойып қарсы дұшпанға,
Қамалға шаппау жөн болмас.*

«Ай жарығы таң болмас».

Ақын елді, жастарды ерлікке ғана емес, ынтымақтастыққа, бірлікке шақырады.

*Бөлінбе, қазақ, жік-жікке,
Бөлінсең, қазақ, жік-жікке
Шіл боғындай бытырап,
Шыға алмассың биікке.
Не жетсін, жұртым, бірлікке
Мән берген жөн ерлікке
Өнер қуып кәсіп ет,
Салына бермей өрлікке.*

«Бірлік, өнер, кәсіп»

Мысалы: «Туған еліме» деген өлеңінде:

*...Туған ел, ыстық болдың мұнша неге?
Білмеймін осылай ма әр пендеге?
Ойымнан жатсам-тұрсам бір кетпейсің,
Көңіліме қағылыпсың болып шеге.*

Ал Сегіздің бүгінгі күні тапшы болып бара жатқан адамгершілік, имандылық қасиетімізді насихаттау, жастарға ақыл-кеңес беру мақсатында жазылған шығармасы да аз емес. «Не пайда?» деген толғауында:

*Жауынгер жігіт сол болар,
Қамалдан тізгін тартпаса.
Талапты жігіт сол болар,
Міндетін елге артпаса.
Адал жанның белгісі,
Сыртқа сырды шашпаса.
Сабырлы жанның белгісі,
Шарадан асып таспаса.*

«Не пайда?»

*Иілмей тас болғаннан сынған артық,
Басыңа пәле келсе, тынған артық.
Мінгенше жамандармен алтын таққа,
Ерлермен бірге тұскен зындан артық.*

«Нақыл сөздері»

Сегіз Серінің өмірі мен шығармашылығы терең зерттелді деп айта алмаймыз. Дегенмен ол жайында оң пікір айтушылар: Ғабит Мүсірепов («Ұлпан» повесінде, Қойын дәптерінде), Әлкей Марғұлан («Әнді ерттеп, күйді мінген кемеңгерлер»), Тұрсынбек Кәкішев, Мырзабек Дүйсенов, М.Жармұхаммедов, тағы басқа әдебиетші-ғалымдар, әдебиет зерттеушілері екі жүздей зерттеу мақаласын жазды. Сонымен қатар, Сегіз сері туралы арнайы екі әдеби зерттеу еңбегі жарық көрді (Т.Сүлейменов. «Сегіз сері», «Өнер» баспасы – 1991-жыл; Н.Әбуталиев «Сегіз сері», «Жалын» баспасы – 1991-жыл).

Бұның барлығы үлкен игілікті істің бет ашары ғана. Сегіздің шығармалары, әсіресе дастан, қиссалары арнайы зерттеуді қажет етеді.

Заманымыздың заңғар жазушысы Ғабит Мүсіреповтің «Ұлпанында» мынадай жолдар бар: «Ақын Шәрке сал, Соқыр Тоғжан ақын, Нияз сері, Сапарғали ақын, тағы 3-4 жаңа перілер. Бәрі де атақтының атақтасы Сегіз сері ақынның мұрагерлері. Бұл елде «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу», «Қыз Жібек», «Ер Тарғын» жырларын Сегіз серінікі деп санайды. Сегіз сері өз жанынан шығарған ба, ол арасы дүдәмал. Ал «Қарғаш», «Гауһар тас», «Әйкен-ай» өндерін Сегіз сері шығарғанын тіпті дауға салмайды, түгел мойындап қойған. (Ғ.Мүсірепов, «Ұлпан», 1975-ж. 164-бет). Сегіз сері болған ба, болмаған адам ба деп күдектенушілерге енді қандай дәлел керек? 1500 жылдығын өткен жылы атап өткен «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» поэмасының бір нұсқасын Сегіз сері жазғанына тіпті де дау жоқ. «Қазақтыкі» деген «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жырының 20 шақты нұсқасы болғанын «Қазақ қауымы» деген еңбегінде Сәбит Мұқанов та жазған (С.Мұқанов, «Қазақ қауымы», 1995-ж. 148-бет).

Сегіз серінің тарихи тұлға екенін, аса дарынды әнші екенін куәләндіретін оның талантты шәкірттері. Сегіз қайтыс болғанда 40 ақын қайғырып, қоштасу өлең-жырларын арнаған екен.

Оның ішінде халқын өнге бөлеген Біржан сал, Ақан сері, Жаяу Мұса, Нұржан Наушабаев, Шөже, Орынбай, Арыстанбай, т.б. ақын, сал-серілер бар. Атақты Біржан сал:

*«Жалғанда мұратына кімдер жеткен,
Көп жақсы менен бұрын талайы өткен.
Адамның асылдары сондай болар,
Дүниеден Сегіз сері, Нияз да өткен.
Ұстазым Сегіз сері, Нияз сері,
Олардан үлгі алған мен Біржан сері» –*

деп жазса,

(Біржан сал «Теміртас»)

Нұржан Наушабаев: «Сегіз сері» атты дастанында:

*Ұрпаққа жақсы дәстүр бастап кеткен,
Артына өшпес жырлар тастап кеткен.
Үш жүзге батырлықпен аты әйгілі,
Керейде Сегіз сері болып өткен, –*

деп жазған.

Сегіз серінің сазгерлігі, әншілігі, күйшілігі туралы әңгіме бөлек. Әндері сұрапталып, нотаға түсіп, жеке кітапша түрінде басылып шықса, құба-құп.

Оқушы қауым, жұртшылықты мазалайтын тағы бір сауалға тоқтала кеткенді жөн көрдік. Қазақша, орысша сауаты мол Сегіз сері бабамыз өлеңдерін ауызша ғана айтып, жазба түрінде қалдырмаған ба деп сұрақ қоятындар бар. Біздің пікірімізше, ішінде өнерлі жастардың тобы – ақыны да, әншісі де, балуаны да, ұлттық спорт шеберлері де, әзілкештері де бар сал-серілер ауыл-ауылды аралап, елге өз өнерлерін көрсетіп, өнге бөлеп жүргенде, шығармаларын жазып отыруға жағдай іздемесе керек. Дегенмен Сегіз серінің артында қағазға түскен мол дүниесі қалғанын көне көз қариялардан естігеніміз бар.

Тіпті бергін, 1998-жылы Сегіздің мұрасын зерттеп жүрген 5-6 адамнан құралған топ Жамбыл, Тимирязев ауданын аралағанымыз бар. Сонда Айымжан ауылында Сегіз серінің төртінші ұрпағы Шайхули ақсақалмен кездескен болатынбыз.

Ол кісінің айтуы бойынша, Сегіздің қолжазба еңбектері, қобызы, домбырасына дейін 1917-жылғы қазан төңкерісіне дейін сол Қабаң үйінде сақталыпты. 1922-жылы сәуір айында қызылдарға ат бердің деп, ақтар ауылды өртеген

екен, үймен бірге үш сәби: Мендіқожа, Мендіхан, Мендібай да, Сегіздің қолжазбасы мен ән-күй аспаптары да бірге өртеніп кеткен көрінеді. Бұл қайғылы уақиғаны ауылдың ақсақалдары қазір де айтып отырады.

Сонымен қазақ даласында бай мұраларымыз бен асыл қазыналарымызды сақтаудың бірден-бір сенімді жолы ауыз екі түрі ғой. Осыны ескеріп, облыс әкімшілігінің қолдауымен ел-елден, жер-жерден өлеңге құштар, өнерге үйір деген адамдардың жүрегінде жатталып, жадында сақталып қалған Сегіз сері (Мұхамедқанапия) Шақшақовтың шығармаларын тірнектеп жинай бастадық. Ұлттық Ғылым Академиясындағы (М.Әуезов атындағы әдебиет институтында) қорда сақтаулы материалдармен салыстырып, Сегіздің талассыз өзінікі деген дүниелерді сұрыптап, түсініктеме жазып, халыққа ұсынып отырмыз. Сегіз серінің бұл екі томдық шығармалар жинағы бітеліп қалған бір бұлақтың көзі ашылғандай ұлттық рухымызды биіктеуге қызмет етер деген үміттеміз.

Сусындаңдар, ағайын!

Қосыл Омаров



ҚАЙРАН ЖАСТЫҚ

Қызуың шыдатпайды-ау, қайран жастық,
Арқаңда әр шаруаға араластық.
Омбының шаһарында оқу оқып,
Көпестің ұлдарымен жағаластық.

Омбы өзен терістігінде бай ауылда,
Бір қызды көрмек болып қадам бастым.
Үйіне Ахметқали бармақшы боп,
Сәнденіп ерте тұрып жанталастым.

Орысша оқу оқып жүрген шағым,
Жасымнан ұнатушы ем істің ағын.
Басымнан аударма деп тілеуші едім,
Өзіме бір Алланың берген бағын.

Ақындық жолға түсіп жүрген кезім,
Еркесі кіші әкемнің жалғызы өзім.
Атанып бала балуан, әнші Сегіз,
Болғанын жаратушы ем істің тезін.

Мінгізген ағатайым көк арғымақ,
Сол атпен Омбы өзеннен өттім жалдап.
Қазақтанған татардың ерке қызы,
Жолықса деп келемін құдай оңдап.

Таныс үйге апарып атты байлап,
Тоғайға барайын деп шықтым жайлап.
Белбеуімде қынапты болат қанжар,
Сәндік үшін әдейі ілгем сайлап.

Тоғайға түнде түскен қалың тұман,
Ертемен қызды ауылға келдім жылдам.
Жамылып қара шапан біреу шықты,
Боз үйден оң қолына ұстап құман.

Тілдесіп кім болса да қалайын деп,
Қыз болса, ыңғайға бір алайын деп.
Қасына тез-тез басып жетіп келдім,
Кездесер осы шығар қолайың деп.

Қарасам келбетіне, көркем екен,
Өзімнің іздеп келген еркем екен.
Сол жерде сәлемдесіп қол алыстық,
Сұрап ем жасы он беске келген екен.

Жас бикеш тоғай жаққа жүрді еріп,
Сөйледі маған қарап, қасын керіп.
«Омбының базарында сыртыңыздан, –
Деді ол, – сізді үш рет қалдым көріп.

Әнші жоқ бұл Омбыда сізден артық,
Отырдың хан базарда сырнай тартып.
Күйіңмен, жырыңмен де барша көпті,
Қойдың ғой соңғы кезде таңырқатып.

Болашақ мынау үлкен ақын ғой деп,
Әкем де разы болды бек шаттанып.
Отырдың кей уақытта қозғалақтап,
Қырандай ұшатұғын қанат қағып.

Үш рет сізді көріп қалдым ойға,
Бұл ақын кездескей деп жиын-тойда.
Көргенде жаңа тағы нұр жүзіңді
Қалмады сабыр тағат біздің бойда.

Әкеміз Ахметқали мырза кісі,
Егін сап, мал өсіру – оның ісі.
Өзімнің Мұкарама болады атым,
Мұқаш деп атап кеткен үлкен-кіші.

Ей, құрбым, бір айналып үйге келші,
Ел тұрсын, боз ордаға кіріп көрші.

Танертең жолықпаған кісідей боп,
Әкеммен қоса өзіме сәлем берші?!

Үш күнде бір жолығып тұрайықшы,
Тоғайда әңгіме-дүкен құрайықшы.
Біздерді ғұмырлық қып қосқайсыз деп,
Алладан тілек тілеп сұрайықшы».

Деді де кетпек болды қыз үйіне,
Білектен ұстай алдым мен киліге.
«Мақтадың мені неге сонша қатты?», –
Деп оған сауал қойдым тез шүйіле.

Қыз айтты: «Мақтағанға күйінбеңіз,
Бұл бикеш алдап тұр деп шүйілмеңіз.
Онан да маған арнап бір ән шығар,
Шынымен ғашық болып сүйінсеңіз».

Гөзелдің түр-тұлғасын көрдім барлап,
Қобыз ап алды-артымды тұрдым аңдап.
Ат қойып алғашқы әнге «Назқоңыр» деп,
Шығардым Мұкарама құрбыма арнап.

Әніме разы боп айтты рахмет,
Кездесу жақсы қызбен бір ғанибет.
«Түске таяу оралып ауылыма,
Әкеме сәлем беріп, мейман бол», – деп.

Соны ескертіп, үйіне гөзел кетті,
Жүрекке салып алғаш ғашық өртті.
Түс болмай жолығуды дұрыс көріп,
Менен де сол арада сабыр кетті.

Көңілге ғашықтықтан түсіп қаяу,
Ауылға қайта оралдым түске таяу.
Таныс үйден атымды мінбей шыққам,
Сол себеп қыз үйіне келдім жаяу.

Ордаға рұқсат сұрап кіріп келдім,
Төрдегі жасы үлкенге сәлем бердім.
Қолдасып барлығымен амандасып,
Бикешті жас өспірім қайта көрдім.

Сәлемді үй иесі қабыл алды,
Қыз тұрып, төрге өкеп сырмақ салды.
Сол жерде жөн сұрасып үлкен кісі,
Менің де мән-жайыма әбден қанды.

Сен бала, қатарыңда гүлсің деді,
Болашақ түйе балуан ерсің деді.
Домбыра ап, өнге басшы бір азырақ,
Ауылым өнеріңді көрсін деді.

Мен сонда өн шырқадым, күй де тартып,
Ауылы тамашаға қалды-ау батып.
Шығардым өлең-жырды алуан-алуан,
Үйінде Ахметқали қона жатып.

Шығарған хисса-өлеңім ұнап қатты,
Иығыма қыз өкесі шапан жапты.
«Бос уақытың болғанда, бала балуан,
Ауылға келіп жүр!» – деп жауап қатты.

Қоштасып қыз үйінің жандарымен,
Разы боп ақсақалға алғыс айтып.
Ер салып, қара көкке мінейін деп,
Ат қойған танысыма кеттім қайтып.

Шаһарға сол арада жүріп кеттім,
Келуді содан бастап жиілеттім.
Осылай мені әкеліп жастық желік,
Ішіне тастап кетті ғашық өрттің.

АҚБАҚАЙ

Ат қайда Ақбақайдай шаппай желген,
Қыз қайда құдашадай көзі күлген.
Алыстан ат арытып келгенімде,
Шақыртпай еш адамға өзі келген.

Қайырмасы:

Ахау-ау, сәулем-ай,
Өзі келген-ай, 0 7 0 1 2 0
Аха-ха-ау, арман-ай.

Мыс та алтын, жез де алтын, алтын да алтын,
Адамда сөз болмайды айтылмайтын.
Сыртынан жүзін көріп қызыққанмен,
Табылмас нағыз алтын жарқылдайтын.

Қайырмасы:

Ахау-ау, сәулем-ай,
Өзі келген-ай,
Аха-ха-ау, арман-ай.

АҚБҰЛАҚ

Күйге бөлеп маңайды,
Асып-тасып жатасың.
Меруерт пен маржанды
Басып ағып жатасың.
Алқаракөк аспанға
Шашу шашып жатасың.
Өз-өзіңнен ән салып,
Дұманға ылғи батасың.

Қайырмасы:

Қол басқарып жағаңда,
Желбіретіп ту алған.
Алқабында сан жортып,
Майданда талай сыналған.
Қош-есен бол, Ақбұлақ,
Енді сені көре алман.
Айнала жортып, жағаңда,
Баяғыдай жүре алман!

Арудай өсем еркелеп,
Мың бұралған Ақбұлақ.
Атырауға ынтық боп,
Сан сыланған Ақбұлақ.
Сенсіз жерде көңілім
Ашылмайды-ау, Ақбұлақ.
Саған деген құмарым,
Басылмайды-ау, Ақбұлақ.

Қайырмасы:

Қол басқарып жағанда,
Желбіретіп ту алған.
Алқабында сан жортып,
Майданда талай сыналған.
Қош-есен бол, Ақбұлақ,
Енді сені көре алман.
Айнала жортып, жағанда,
Баяғыдай жүре алман!

ШАШБАУЛЫМ

Есіл қайда, Ел қайда, Тобыл қайда,
Өткір қылыш, жүйрік ат жанға пайда.
Ат сабылтып алыстан келгенімде,
Қарсы алатын құрметтеп сәулем қайда?

Ақ ерке, аман бол сен,
Шыбыным, шыбыным.
Ойналық кел,
Шашбаулым, шашбаулым!

Тәтті сөзің көңілімді кетті басып,
Айта алмадым тар жерде сырымды ашып.
Сен алтынға балаған құрбым едің,
Қоштасайық, кел бермен, құшақтасып.

Ақ ерке, аман бол сен,
Шыбыным, шыбыным.
Ойналық кел,
Сырғалым, сырғалым!

АҚ ЕРКЕ

Ел қайда, туыс қайда, жерім қайда?
Тұлпар ат, қылыш, найза ерге пайда.
Қашқын боп Еділ жаққа кетіп едім,
Жүр екен ғашық жарым қандай жайда?

Қайырмасы:

Мұқашжан, қош-аман бол,
Аяулым, аяулым,
Енді есен бол,
Сырғалым, сырғалым.

Жолықпадық кетерде амандасып,
Отырмадық оңаша сыр сырласып.
Хор қызына балаған сәулем едің,
Қоштаспадық, Мұқашжан, құшақтасып.

Қайырмасы:

Ақ ерке, қош-есен бол,
Шыбыным, шыбыным,
Бұл өнді ести қалсаң, разы бол,
Хабарлас бол!

Көзіңнің айналайын жанарынан,
Жат жерде үміттімін хабарыңнан.
Не келіп, не кетпейді бұл жалғаннан
Аймалап жатар ма едім тамағыңнан.

Қайырмасы:

Жан сәулем, есен-сау бол,
Шашбаулым, шашбаулым.
Еске ала көр, хабар кел*.

АЛҚОҢЫР

Еркем-ай, дәнекерсің айнадағы,
Шашақсың жалаулатқан найзадағы,
Жаратқан ақ боз аттай сылаң қағып,
Бейуақыт сейілге шық жайна дағы.

Қайырмасы:

Ахау-ахау, алқоңырдай,
Өн салсаң, ей, бозбала,
Сал осылай.

* «Хабар бер» болуы да мүмкін. – Ред.

Жазайын ақ қағазға тізілдіріп,
Қалқаға сөз сөйлейін үзілдіріп.
Отырсаң ақ отауда маслихатпен,
Шіркіннің екі көзін сүзілдіріп.

Қайырмасы:

Ахау-ахау, алқоңырдай,
Ән салсаң, ей, бозбала,
Сал осылай.

ӘЙКЕН-АЙ

Домбыраңды, құрбы қыз, қолыңа алшы,
Біз келгенде сызылтып өнге салшы.

Қайырмасы:

Әйкен-ай! Ән шырқайық, кел, кел-ай.

«Сал-серілер келді», – деп шат көңілмен,
Қалқатай, аттан бізді түсіріп алшы.

Қайырмасы:

Әйкен-ай! Ән шырқайық, кел, кел-ай.

Өткеншекке сен келсең, мен де келдім,
Қол ұстасып тамаша келді көргім.

Қайырмасы:

Әйкен-ай! Ән шырқайық, кел, кел-ай.

Тербелуге айрықша бізді қалап
Замандас деп танысып жүзік бердің.

Қайырмасы:

Әйкен-ай! Ән шырқайық, кел, кел-ай.

ӘЙКЕН-АЙ (2-түрі)

Құрамды ерді көріп, атқа салдым,
Әйкенжан деп атыңды хатқа салдым.
Айлыңа әдейілеп біз келген шақта,
Қалайша бері жүрмей, тұрып қалдың?

Қайырмасы:

Әйкен-ай!
Кел, ойнайық, кел, кел-ай.

Есіме түскеніңде шаш өргенің.
Алыста көңілімді сан бөлгенім.
Көп айдың көрмегелі жүзі болды,
Жүрмісің аман-есен, көз көргенім?

Қайырмасы:

Домбыраңды, құрбы қыз, қолыңа алшы,
Біз келгенде, сызылтып өнге салшы.
«Сал-серілер келді!», – деп, шат көңілмен,
Қалқатай, аттан бізді түсіріп алшы?

Қайырмасы:

Жақсы құрбым, Әйкен-ай!
Ән шырқайық, кел-кел-ай.

Қолаң шашын жібектей тарағанда.
Ой түсірдің жігітке қарағанда.
Жерден алтын тапқандай қуанамын,
Өткеншекте тербеліп ойнағанда.

Қайырмасы:

Асыл құрбым, Әйкен-ай!
Тербелейік, кел-кел-ай.

Өткеншекке сен келсең, мен де келдім,
Қол ұстасып тамаша келді көргім,
Тербелеуге айрықша бізді қалап,
Замандас деп танысып, жүзік бердің.

Қайырмасы:

Есіл гөзел Әйкен-ай!
Ән салайық, кел-кел-ай.

Орамалға түйілген жұмбақ жүзік,
Кетпе деген белгің ғой күдер үзіп.
Уақытты, қалқатай, пайдаланбақ,
Жүрер құрбың мен емес көзін сүзіп.

Қайырмасы:

Есіл гөзел Әйкен-ай!
Ән салайық, кел-кел-ай.

БОЗШҰБАР

Түнде мен ұйықтап жатып көрсем бір түс,
Біздерге ауыр жорық болыпты түс.
Мәпелеп жүрген аққу ғайып болып,
Соңынан ұшып кетті екі аққу құс.

Бозшұбар, аяңға бас алдында ел жоқ,
Сусындар шөлдегенде айна көл жоқ.
Бойынан Ақбұлақтың келген шақта
Қарсы алар Мақпал сынды қыпша бел жоқ.

Жігіттер, осы сапар болар қатты
Қан күрең жетегімде ішін тартты.
Боларын қиын істің біліп едім,
Көштері Мақпал қыздың алыс тартты.

Ақша жүз, жазық маңдай, қиылған қас,
Ат жақты, бота көзді қыз гауһартас.
Қыр мұрын, ерні қызыл бүлдіргендей
Кеткен ғой қолды болып сол қолаң шаш.

ГАУҢАР ТАС

Ажарың ашық екен атқан таңдай,
Нұрлы екен екі көзің жаққан шамдай.
Анаңнан сені тапқан айналайын,
Күлім көз, оймақ ауыз, жазық маңдай!

Қайырмасы:

Беу-беу, Гауһар тас,
Құсни құрдас,
Раушан жүзің көргенде,
Сәулем-ау, сабырым қалмас.

Ажарың ақ түлкідей қашқан құмнан,
Шолпандай таң алдында жалғыз туған.
Жылы су, қолда құман, қарда орамал,
Жібекпен қызыл гөріс белін буған.

Қайырмасы:

Беу-беу, Гауһар тас,
Құсни құрдас,
Раушан жүзің көргенде,
Сәулем-ау, сабырым қалмас.

Басасың аяғыңды ырғаң-ырғаң,
Сылдырап шашбауың мен алтын сырғаң.
Жай жүріп, шаттанасың әсерленіп,
Әсемсің жүйрік аттай мойнын бүрған.

Қайырмасы:

Беу-беу, Гауһар тас,
Құсни құрдас,
Раушан жүзің көргенде,
Сәулем-ау, сабырым қалмас.

ГАУҲАР ТАС (2-түрі)

Ажарың ашық екен атқан таңдай,
Бейне бір қараңғы үйге жаққан шамдай.
Анаңнан сені тапқан айналайын,
Бота көз, қыр мұрынды, ақша маңдай.

Қайырмасы:

Беу-беу, Гауһар тас,
Құсни құрдас,
Раушан жүзің көргенде,
Сәулем-ау, сабырым қалмас.

Әрі әнші, шын шешенсің бір жезтаңдай,
Көркінді көрген пенде мас болғандай.
Қаламқас, оймақ ауыз, ат жақтым-ау,
Жаралған балғын денең ғапы қалмай.

Қайырмасы:

Беу-беу, Гауһар тас,
Құсни құрдас,
Раушан жүзің көргенде,
Сәулем-ау, сабырым қалмас.

Ажарың ақ бөкендей қашқан құмнан,
Шолпандай таң алдында жалғыз туған.
Басында көмшат бөрік, қолда жүзік,
Жібекпен қызыл гөріс белің буған.

Қайырмасы:

Беу-беу, Гауһар тас,
Құсни құрдас,
Раушан жүзің көргенде,
Сәулем-ау, сабырым қалмас.

Басасың аяғыңды ырғаң-ырғаң,
Сылдырап шолпың менен алтын сырғаң.

Құлпырып әр уақытта шаттанасың,
Әсемсің аққу құстай мойнын бұрған.

Қайырмасы:

Беу-беу, Гауһар тас,
Құсни құрдас,
Раушан жүзің көргенде,
Сәулем-ау, сабырым қалмас.

ҒАЙНИ

Ғайни қыз, дидарыңа болдым ғашық,
Ойнақтап жүрегімді толқын басып.
Сағынып барғанымда тіл қатпадың,
Күйігі құмарымның кетті асып.

Қайырмасы:

Ғайни-ау, сәулем,
Жүргенім менің бүйтіп сенің өурең.

Есімнен еш кетпейді Ғайни атың,
Өртеген жүрегімді перизатым.
Бұлақтай көгал құған таудан құлап,
Бересің кімге арнап бал ләззәтің.

Қайырмасы:

Ғайни-ау, сәулем,
Жүргенім менің бүйтіп сенің өурең.

ҒАЙНИ (2-ТҮРІ)

Естіліп осы тойда Ғайни атың,
Түсірдің біздей жастың ілтипатын.
Аққуға құмар болған ақ сұңқардай,
Жігітпін талап еткен құрбы хақын.

Есімнен ұмытылмас Ғайни атың,
Ұнаған бір топ қыздан асыл затым.

Бұлақтай шыңнан құлап, тау қиялап,
Бұйырмақ, сәулем, кімге бал ләззатың?

Қайырмасы:

Ғайни-ау, сәулем,
Жүргенім менің бүйтіп сенің өурең.

Жан қалқа, жүзіңнен де сөзің төтті.
Сөзіңнен өзің артық инабатты.
Маралдың қолға түскен ылағындай,
Бота көз, сені қандай ана тапты?

Қайырмасы:

Жалғанда естен кетпес Ғайни атың,
Өртеген өзегімді перизатым.
Көркінді бір көруге аңсап келген,
Ақыны Сарарқаның Сегіз атым.

Күйдірдің, Ғайни сұлу, жүрегімді,
Ұстатып өткеншекте білегінді.
Шынымен нұр жүзіңе болдым ғашық,
Берсеңші есіл гөзел тілегімді.

Қайырмасы:

ЕҢЛІК-АЙ (ИЛИГАЙ)

Дос болар деп ұнаттым топтан таңдап,
Әнге қостым атыңды әдейі арнап.
Еңлік-ай сәулем,
Еңлік-ай сәулем,
Еңлік-ай.

Арал теңіз еркесі (сен) болсаң егер,
Сегіз сері мен болам ақын саңлақ.
Еңлік-ай сәулем,
Еңлік-ай сәулем,
Еңлік-ай.

Таудағы ерке бөкенсің, бейне елік,
Қарындас деп жүрейін сені, Еңлік.

Еңлік-ай сәулем,
Еңлік-ай сәулем,
Еңлік-ай.

Біз сияқты қорғайтын ағаң барда,
Жылап жүрме, жан қалқа, босқа егіліп.
Еңлік-ай сәулем,
Еңлік-ай сәулем,
Еңлік-ай.

КӨКЕМ-АЙ

Шыңында өскен асқардың сен бір шынар,
Бір өзіңе, қалқатай, болдым құмар.
Бұраң бел, көкем-ай!
Қасы, көзі қиылып,
Қай жерде отыр екен-ай?!

Көрмегелі жүзіңді көп күн болды,
Құмарланған көңілім қашан тынар.
Бұраң бел, көкем-ай!
Қасы, көзі қиылып,
Қай жерде отыр екен-ай?!

Қайырмасы:

Ел қыдырып іздесем,
Табар ма екем, көкем-ай?

Орта бойлы, қара көз шырайлым-ай,
Бір сөйлеспей өзіңмен тынармын ба-ай!
Бұраң бел, көкем-ай!
Қасы, көзі қиылып,
Қай жерде отыр екен-ай?!

Сөйлегенде тіліңнен бал тамады-ай,
Сенен көңіл басқаға бұрармын ба-ай.

Бұраң бел, көкем-ай!
Қасы, көзі қиылып,
Қай жерде отыр екен-ай.

Қайырмасы:

Ел қыдырып іздесем,
Табар ма екем, көкем(ді)-ай.

ҚЫЗҒА СӘЛЕМ

Ақ жүзі ай бейнелі кейіпте еді,
Салғаны өн шырқап бөйіт еді.
Азырақ Мақпал жайлы сөз сұрасам,
Жеңгесі айтпай сырды, кейітеді.

Ат қайда боз шұбардай шаппай желген,
Мақпалдай сұлу қайда қадір білген.
Бойынан Ақбұлақтың келгенімде,
Шақыртпай еш пендеге өзі келген.

Қайырмасы:

Ах-а-ау, сөулем Мақпал-ай,
Өзі келген-ай.
Аха-ха-хау, арман-ай.

Қонысым Ақжайықтың шығысында,
Алшындық Орынбордың ұлысында.
Тағдырдың жазуымен болдым ғашық,
Найманның Мақпал атты бір қызына.

Сәлем айт Мақпал қызға жайтаңдаған,
Жүйріктей ақ боз жорға байпаңдаған.
Құрбы боп қылжақтаған шақтарымда,
Көңілімді қатты сөйлеп қайтармаған.

Қайырмасы:

Бір іске белді байлап, бұған кезім,
Сымбатты шын сұлуды көрген көзім.
Егерде уағдада тұрар болса(ң),
Мақпалжан, әкетпекпін келіп өзім.

Қайырмасы:

МАҚПАЛ

Ақша жүз, бота көзді, қасың қара,
Шашыңды түнде жуып, күндіз тара.
Ниязбенен екеуміз келген шақта,
Мақпалжан, бұлғақтамай бізге қара.

Келгенім Сыр бойында Найман елі,
Қазаққа даңқым шыққан Сегіз сері.
Қиырдан ат арылтып іздеп келдім,
Бір көріп қайтпақ болып, Мақпал, сені.

Ашшыкөл, Тұшшыкөлге салдым салық,
Артында қапаланам елім қалып.
Құмартқан нұр жүзіңе, асыл Мақпал,
Ғашықтық көкірегімді кетті жырып.

Біз келіп ауылыңа бастық қадам,
Ұлықтан қуғын көріп, көңілім алаң.
Мақпалжан, шыныменен уәде етсең,
Алып қашып кетуге келер шамам.

НАЗҚОҢЫР (АЙ ҚАБАҚ)

Ай қабақ, алтын кірпік, қызыл ерін,
Кел десең, неге аяйын аттың терін.
Сары ағаш сазға біткен секілденіп,
Қай жерде отыр екен бұраң белім?

Базардан алып келген күміс құман,
Жігітті адастырған қалың тұман.
Арадан қыл өтпестей тату едік,
Біздерге қастық қылған* қай антұрған.

«адастырған» деп те айтады. – Ред.

СӘУЛЕМ-АЙ

Айдап салдым жылқымды ақ қауданға,
Жабағы арық, тай семіз көп сауғанға,
сәулем-ай.

Қуанғаннан жүрегім от боп жанар,
Ақ білегің сыбанып қой сауғанға,
сәулем-ай.

Қайырмасы:

Екі ғана жирен-ай,
Өңшең манат кигені-ай.
Оймақ ауыз, күлім көз,
Ғашық жардың сүйгені-ай.

Сары белден сарғайып таң атқанда,
Аққұбаша, бидай өң тіл қатқанда,
сәулем-ай.
Ұзақ таңға ер жігіт қайтіп шыдар,
Сары майдай толықсып қыз жатқанда,
сәулем-ай.

Қайырмасы:

Екі ғана жирен-ай,
Өңшең манат кигені-ай.
Оймақ ауыз, күлім көз,
Ғашық жардың сүйгені-ай.

АҚБЕТ

Еркесі Баянтаудың Ақбет деген,
Көрініп аққу құстай көлбеңдеген.
Аршын төс, алма мойын, есіл гөзел,
Шаттанып ел-жұртына еркелеген.

Бүркітбай – өкең аты, ағаң – Омар,
Ауылың айдын шалқар көлге қонар.
Алланың ақ бұйрығы жолықтырып,
Ақбет қыз, көркіңізге болдым құмар.

Ақбетжан, ағаң – айың, інің – күнің,
Артыңда Мұстахымдай бар ғой інің.
Алтыбақан басында ән шырқасаң,
Құлақ құрышын қандыраар әсем үнің.

Өтеді басымыздан жастық бір күн,
Сондықтан ойнаған жөн дүркін-дүркін.
Барында оралыңның ойнақтап қал,
Болады кімге жолдас дүние шіркін!?

Орысша сауаты бар мен бір сері,
Жек көрме шоқынды деп, сұлу, мені.
Жас талап, жаңа пері құрбың болам,
Мінгенім Керей елі қаракері.

ҚЫЗ КЕЛБЕТІ

Қызы едің Бүркітбайдың Ақбет еркем,
Елсізде желіп жүрген сіз ақбөкен.
Жұлдызы Сүйіндіктің есіл сұлу,
Күлімдеп көз алдымда көлбеңдеген.

Денең де жаралыпты нұрдан қайнап,
Асыл тудың қанжардай өткір жайнап.
Талпындым көрмек болып дидарыңды,
Белімді төуекелге бекем байлап.

Ат шалдырған жерлерім көк бетеге,
Болмаса жігіт ынжық, қыз кете ме?
«Көлге түс, көзің жұм да» деген мақал,
Біздерге төуекелсіз іс біте ме?

Бейне бір шынар секілді,
Денең тіп-тік, тар мықын.
Сұңғақ бойлы, ат жақты,
Меруерт тісті, қыр мұрын.

Алма мойын, кең иық,
Шыбықтай белің бұралған.
Бүлдірген ерін, бота көз,
Аққу құстай сыланған.

Бурадай әсем сандысың,
Ер жігітке саймысың?
Тоты құстай таранған,
Маңдайға сыймас жармысың?

Жазық маңдай, қалам қас,
Өрілген сәнді қолан шаш.
Оймақ ауыз, аршын төс,
Жарқ етпей жүзің ашылмас.

Нұр жүзіңді көргенде,
Буыным құрып, болдым мас.
Ғашық болмай өзіңе,
Батыр Сегіз тұра алмас.
Сымбатыңа сүйсіндім,
Күйігің сенің басылмас.

ОЙЛАН, АҚБЕТ

Қараймын жабығыңнан бойлап-бойлап,
Ұйқы жоқ күндіз-түні сені-ау ойлап.
Танысқан әткеншекте құрбым едің,
Ғұмырды өткізейік күліп-ойнап.

Қайырмасы:

Ғашық жар, ойлан өзің, ойлан өзің.

Шығасың серуенге Ақбет қырға,
Жайқалып құлағыңда алтын сырға.
Көргенде нұр жүзіңді тағат қылмай,
Қосамын ғашық болып асқақ жырға.

Қайырмасы:

Ақбетжан, кете көрме серттен тайып,
Жүремің сені көрсем, іштей байып.
«Жас-жастың тілегі бір» деген сөз бар,
Тезірек жауабың бер болмаса айып.

Қайырмасы:

ҚОШ БОЛ, АҚБЕТ

Көрген соң құмар болдым, Ақбет, саған,
Күн бар ма дидарласар есен-аман?
Жалғанда сенен артық жар табам ба,
Тілекке жеткізетін туса заман.

Қайырмасы:

Аппақ етің қардай бар,
Қызыл бетің қандай бар.
Сен сәулеме ғашықтық,
Кеудемдегі жандай бар.
Әй-әй, сәулем, беу-беу, дәурен,
Беу-беу-беу, қош-есен бол!

Қоштасып сәлем жаздым, Ақбетайым,
Өрдайым сені ойламай жүре алмаймын.
Бота көз, қыр мұрынды, ақша маңдай,
Киіктің ұқсатамын құралайын.

Қайырмасы:

Жапан түзде бәйтерек егіледі,
Жапырағы жел соқса төгіледі.
Ауылың алыс қалған соң, беу, Ақбетжан,
Қабырғам сынбаса да, сөгіледі.

Қайырмасы:

ЖАНСҰЛУ

Сапарға мен шыққанда бесін еді,
Астымда қаз мойын ат кісінеді.
Есіме сен түскенде, Жансұлу қыз,
Белімнен күміс кісе шешіледі.

Ақ жүзің хор қызының ажарындай,
Басқаға салма, сәулем, назарыңды-ай.
Ауылыңнан күндіз-түні ат кетпейді,
Бейне бір Омбы шаһар базарындай.

Қораңның ат тоқтатым қақпасына,
Жарқылдар күміс жүген ат басында.
Көңілің шыныменен менде болса,
Жамылып жанат ішік жат қасымда.

МЕҢЗИПА

Меңзипа, ғашық болдым жанарыңа,
Қызықпас кімдер көрсе ажарыңа.
Құрбым деп нәсілім теңдес сөз айтамын,
Тигізбе қатты жауап назарыма.

Ғашығым, дәнекерсің айнадағы,
Жарасар ер жігітке найза дағы.
Тостырмай жауабыңды қайтар, сәулем,
Ақ шәйі орамалға байла дағы.

ШОЛПАН ҚАҚҚАН

Бір жұлдыз бар аспанда Шолпан қаққан,
Шар айнаның бетіне күміс жапқан.
Атта әсем боп көрінер бейне Шолпан,
Үкілеп жалына әркез тұмар таққан.

Орамалдың шетіне түйдім өрік,
Жүзің сұлу болғанда, қасың керік.
Іздегенде табылғай орыныңнан,
Болам десең Серіге өмір серік.

Қасың көркем кәмшаттың құндызындай,
Екі көзің Шолпанның жұлдызындай.
Шолпан деген атыңнан айналайын,
Көрінесің көзіме хор қызындай.

Ән-күй, өлең біздерде бейне теңіз,
Сіздерге бізден шығар жылы лебіз.
Қыз іздеп Айдарлыға келіп жүрген,
Ақыны Орта жүздің атым сегіз.

ТІК ШЫРҚАУ

Үш жүздің сүйсіндірген әр ауылын,
Бірі едің әндерімнің «Тік шырқауым».
Өзіңдей әсем әнді шырқағанда,
Шұлғыған елтіп тыңдап ата жауым.

«Тік шырқауға» салайын сырғақтатып,
Сұлуды тамсандырып бұлғақтатып.
Қыз мінген көк бесті аттың жорғасындай,
Шырқандар, шәкірттерім, ырғақтатып.

Төрт бөліп түн ұйқысын жортқан ерлер,
Жүрмей ме шартараптың дәмін татып.
Жігіттер базардағы қымбат затты,
Арзанға ептілікпен алар сатып.

Сегізді сырттай қыздай жазғырарсың,
Тіліңнен алуа, шекер татқызарсың.
Жолыққан ойда жоқта бір топ гөзел,
Көңілімді қайсың менің қалғызарсың?

Қамысты терең көлдің сұқсыры едің,
Сауырыңды ақиыққа алғызарсың.
Қоймасаң бұл ойнақы мінезіңді,
Жігітті көлеңкеде қалғызарсың.

КӨҢІЛ КҮЙІ

Баспадым жар қабақты құлай ма деп,
Байқадым көлдің суын ылай ма деп.
Наданмен достасуға еш зауқым жоқ,
Тар жерде қолда жоқты сұрайма деп.

Білмейтін ер қадірін көп жамандар,
Басына іс түскенде жақсыға зар.
Дәм айдап шаһыбаз ерлер бара қалса,
Кешшелер қабыл алмас пейілі тар.

Ат әсем көрінеді тұрманменен,
Дүние жеткізбейді қуғанменен.

Жоқ істен көңіліңді қалдырған соң,
Пайда жоқ сөзбен шайып жуғанменен.

Жұлдыз жоқ түнде жарық айдан жақсы,
Қара су сусағанда шайдан жақсы.
Надандар ойын сөзді кек көреді,
Көтерер жұрт көңілін қайран жақсы.

Өнерпаз барған жанды хош алады,
Қаскөйлер болмашы үшін өш алады.
Дос көріп кей зұлымды жақын тартсаң,
Жаныңды кеудеңдегі қоса алады.

Өлген соң арыстаннан тышқан артық,
Есер достан көзі ашық дұшпан артық.
Қолына білімсіздің меруерт түссе,
Бағасын қоя алмайды мыстан артық.

Дария ағып жатқан суда мін жоқ,
Өлдім деп білдіруге амал да жоқ.
Басынан бақ пен дәулет тайғаннан соң,
Сенделген мекен таппай ерге күн жоқ.

Ұлықтың ұстассаң да зорыменен,
Адамның жолдас болма қорыменен.
Дүлейге жағдай айтсаң, қоқырайар,
Бопсалап өз бойында жоғыменен.

Жігітпен тайыз ойлы болма жолдас,
Дәм-тұзды аттап кеткен пенде оңбас.
Қызығы жалған дүние тіршілікте,
Ағашқа саясы жоқ бұлбұл қонбас!

Замана қор етті ғой біздей ерді,
Шарлатты еріксізден талай жерді.
Елімнің сал-серісі болсам дағы,
Жұтқызды патша әкімі қайғы-шерді.

Блайық ән менен күй өнерпазға,
Сөз қиын өлең түгіл өнері азға.
Кейбіреу туралы жоқ шешенсіді,
Қалғанын білмей батып мия-сазға.

Ақылы болғаннан соң өте тапшы,
Топастар бұрқылдайды бейне бақсы.
Би мен бек есалаңды желіктірсе,
Жарлы мен жетім күні не болмақшы?

Кезсең де сахараны ор киіктей,
Қалмасың қиын іске бір килікпей.
Тұрақтар, Сегіз сері, қыстауың жоқ,
Жүрсең де жау алдында еш илікпей.

Аспанда еш жұлдыз жоқ күннен жарық,
Айырылған ел-жұртынан батыр ғарып.
Қасыма елден жалғыз Нияз еріп,
Жігіт ем жау қоршауын шыққан жарып.

Жүрсең де ұзақ жолда арып-талып,
Болмасын айтқан сөзің нәрсіз-арық.
Ешкімге жолдас емес дүние мол,
Айырылып денсаулықтан болма ғарып.

Жігітке дәулет қонар ерінбеген,
Ер емес топқа түсіп көрінбеген.
Жаманға адам ғой деп қол ұсынсаң,
Асаудай арындайды жегілмеген.

Ұл туса жақсылардан, көсемге ұқсар,
Жұртты жеген жауыз(дар) бір күн құсар.
Тірілікте жаман жолға душар болсаң,
Шідерлеп аяғыңды күнде тұсар.

Дүниеде оңа алмайсың қайғы жесең,
Жүрмек жоқ өлгенше еріп әке-шешең.
Бақ-дәулет дер кезінде орнамаса,
Салады аяғыңа тұрмыс кісен.

Надандар ойын сөзді кек көреді,
Ғазазіл ел арасын көп бөледі.
Жаманға жаның ашып, ақыл айтсаң,
Сөзіңді ұғына алмай жек көреді.

Ақынға көп жыл серік қу қарағай,
Қадырын білмесе де бағаламай.
Дүние қолға ұстатпас сағымдай боп,
Артына кете барар бір қарамай.

Қызығы фәни жалған екен мол-ақ,
Әйтсе де ғұмыр деген екен шолақ.
Жарандар, өле-өлгенше, сыйласып өт,
Тірілікте адамға адам екен қонақ.

Бел шешіп тар төсекте жатпаған соң,
Қызыққа зайыбымен (ойнап) батпаған соң.
Жігітте қашқын болған қандай күй бар,
Қолынан жарының дәм татпаған соң?

АҚБҰЛАҚ

Жендетке кетпесе де ешбір кегім,
Дұшпанның сындырсам да сағын, белін.
Айырылып қапияда Мақпал қыздан,
Көбейді ішімдегі қайғы-шерім.

Үш жүзге атым шыққан Сегіз сері,
Атандым он жетімде ердің ері.
«Ер Сегіз ел қорғаған батыры (еді)», – деп,
Қазақтың ардақтады тамам елі.

Күнде ойын, күнде жиын жүрген жері,
Жігіттің тұсындағы асқар белі.
Жетім-жесір, момынның қамқоры деп,
Ел айтар, «Сегіз – керей ардагері».

Осындай даңққа ілініп жүргенменен,
Көп қазақ қадірімді білгенменен.
Айырылып Исатайдай асыл ерден, –
Мен Сегіз соңғы аптада қайғы жегем.

Ән салып жағасында сан күй шерткем,
Үш қыстай тоғайында мекен еткем.
Сүйікті өзен болған Ақбұлақты, –
Қалайша жырға қоспай үнсіз кетем?

Тірілмесін Исатайдың көрді көзім,
Жастықта жалындаған бұл бір кезім.
Қоштасып Ақбұлақпен әнге шырқап,
Қия алмай менің мынау айтар сөзім:
Таудан төмен құлдилай,
Ойпаң жермен ылдилай.

Тәулік сайын бір тынбай,
Тау-тас кезген Ақбұлақ.
Бейне таудың суындай
Сылдырап аққан Ақбұлақ.
Жылжымалы сынаптай
Ағының қатты, Ақбұлақ.
Жүктей тасты ағызған
Екпінің қатты, Ақбұлақ.
Құмар болып суыңа,
Мекен еттім өзіңде
Үш қыс бойы, Ақбұлақ.
Күйге бөлеп маңайды
Асып-тасып жатасың.
Меруерт пен маржанды,
Басып ағып жатасың.
Көрігіндей ұстаның,
Гүріл қағып жатасың.
Алқара көк аспанға,
Шашу шашып жатасың.
Өз-өзіңнен ән салып,
Думанға ылғи батасың.
Өзіңнен көусар су ішкен,
Елдің алдың батасын
Исатай мен Махамбет,
Сауыт киіп сайланып,
Беліне семсер байланып,
Қару-жарақ асынып,
Тұлпарын сенен суарған.
Жер қайысқан қол ертіп,
Сенің жасыл жағаңда,
Қызылды-көкшіл ту алған.
Кіші жүздің елінде
Талай сұлу бұралған,
Әрдайым келіп жағаңа
Өзіңнен шәрбат су алған.
Жан-жануар сусаса,
Балқашыңда салқындап,
Суыңды ішіп нәр алған.
Айналайын Ақбұлақ,
Айнала жортып жағаңда,
Сенен артық өзенді,
Кіші жүзден табам ба?!

Арудай өсем еркелеп,
Мың бұралған Ақбұлақ,
Атырауға ынтық боп,
Сан сыланған Ақбұлақ,
Сенсіз жерде көңілім,
Ашылмайды, Ақбұлақ,
Саған деген құмарым
Басылмайды, Ақбұлақ.
Өлкеңде өскен азамат,
Жасымайды-ау, Ақбұлақ.
Балығыңмен күн көрсе ел,
Ашықпайды-ау, Ақбұлақ.
Алабыңда тұрған жұрт
Жұтамайды-ау, Ақбұлақ.
Суыңда жүзген жігіттер
Жалықпайды-ау, Ақбұлақ.
Жағалап сені жүрген ер
Тарықпайды-ау, Ақбұлақ.
Сені көрген бар пенде
Торықпайды-ау, Ақбұлақ.
Бес жүз сарбаз бастап кеп,
Нияз сері екеуміз,
Жағаңа келіп су алғам.
Бозшұбар мен Күреңді,
Сенен талай суарғам.
Балқашыңда түнегем,
Бозшұбар мен Күреңді,
Шідерлеп қойып жібергем.
Қашқын болып жүрсек те,
Жаттықтырып жасақты
Шығып едік құмардан,
Бес жүз отыз сері ертіп,
Сауыт киіп сайланып,
Беліме семсер байланып,
Қару-жарақ асынып,
Баптап мініп Шұбарды,
Қол басқарып жағаңда
Желбіретіп ту алғам.
Алқабыңда сан жортып,
Майданда талай сыналғам.
Айналайын Ақбұлақ,
Суатыңа мен келіп
Қос тұлпарды суарғам.

Қош-есен бол, Ақбұлақ,
Енді сені көре алман.
Қайта айналып келе алман,
Айнала жортып жағаңда,
Баяғыдай жүре алман.

БАҚЫТЖАМАЛҒА

Мен қашқын жұртқа әйгілі Сегіз ақын,
Орта жүз Керейінен шыққан затым.
Тірлікте әрбір пенде бастан кешкен,
Тұрмыстың қиыны мен рахатын.

Қашқынмын деп мойымай жасақ ерттім,
Шығарып «Сал күреңдей» күйді шерттім.
Әр жердің салдық құрып, дәмін татып,
Жайнатып жасыл туды желбіреттім.

Атандым жастай балуан, мерген, батыр,
Әр жерде туды тігіп, құрдық шатыр.
Қашқындық пен ғашықтық қабаттасып,
Ауыр күндер соққысын көрдім ақыр.

Жайықтан әрі де өттім, бері де өттім,
Жылы ойды жол-жөнекей басып өттім.
Қызы едің Кенжебайдың Бақытжамал,
Бөркіңе бір шоқ үкі қадап кеттім.

Біздерді сыйлап гөзел мейман еттің,
Ішіме от түсіріп, әуре еттің.
Сол көрсеткен ерекше құрмет үшін,
Өзіңе «Жылы ой» әнін арнап кеттім.

Еркесі Байұлы елі Бақытжамал,
Ауырын білмейсің бе ғашық дерттің.
Жорықтан келгенімде күтіп алмай,
Қалайша бір жаманға шығып кеттің?

Білемін, көркем Жамал, ішкі ойыңды,
Орынды маған айтар сенің өкпең.

Торығып көңіліңіз қалған болар,
Ер Сегіз келмеді деп не себептен?

Мойынды ұзақ жорық бұрғызбады,
Сізбенен кең мәжіліс құрғызбады.
Соңыма патша әскері жиі түсіп,
Біздерді бір мекенде тұрғызбады.

Мырқыдай Қарлығаға ғашық болған,
Әрқашан сізді ойлап, жүзім солған.
Жылы ойдан самғап ұшқан аққу едің,
Жайықтың жағасына келіп қонған.

Сізбенен уағада-серт ете алмадым,
Айналып Мақпал қызды өте алмадым.
Жолдаған сәлеміңді құп алсам да,
Ғашық боп мақсұтыма жете алмадым.

Мақсұтқа талап қылған жетер деген,
Бір жармен ер ғұмыры өтер деген.
Екі кеме құйрығын ұстаған жан,
Нақыл бар су түбіне кетер деген.

Мен бүгін осы нақыл кидім кебін,
Ғашық боп қызға арнадым әннің көбін.
Осыдан Сегіз серің қапаланды-ау,
Жамалжан, түсінерсің сөздің тегін.

Торына атастыру шырмалған соң,
Ұғамын жоқ екенін бас еркіңнің.
Елестеп нұр жүзіңіз көз алдымда,
Ішінде мен де отырмын қайғы өрттің.

Гөзелсің, Бақытжамал, белгілі атың,
Кем емес бай қызынан салтанатың.
Айырылып өзіңіздей аққу құстан,
Шығарған бұл өлеңді Сегіз атым.

Тірлікте қолыңыздан дәм татармыз,
Мейман боп ордаңызда біз жатармыз.
Жарым боп көңіліңіз жүрген болса,
Сауықпен сізді, сәулем, қуантармыз.

ЖЫЛЫ ОЙ

Тұзтөбе таңданарсың тұзын көрсең,
Жылы ойдың шаттанарсың қызын көрсең.
Жорғаға түссең қайта міне алмассың,
Жамалдың суға барған ізін көрсең.

Оңаша сөйлесуге емін-еркін
Жігітті итермелер жастық шіркін.
Жылы ойға ат терлетіп келгеніңде,
Жамалдан жұпар аңқыр дүркін-дүркін.

Боз айғыр жібек жалды Адайда бар,
Аршын төс, аққу мойын Ноғайда бар.
Кез келген Алшын қызы көркем емес,
Жамал қыз бота көзді Жылы ойда бар.

ПАТШАЙЫМ

Жүргенде салдық құрып тамашалап,
Сөз салып, сұлу қызға жанасалап,
Бойына Үшбурылдың келгенімде,
Кез болған Патшайымдай ақша тамақ.

Қайырмасы:

Алтын алқа,
Жез түйме-ай!

Жар қайда ер жігітке теңдескендей,
Ұнатқан бірін-бірі еш кемсінбей.
Көзіме, Патшайымжан, көрінесің,
Құлпырған жазғытұрым көгершіндей.

Қайырмасы:

Сүйген жарым, Патшайым,
Болмасын сенде уайым.

ҚАРА КӨЗ

Жорықта дамыл таппай жүрген кезде,
Бір ғана елес берші, сәулем, көзге.
Аққуым шалқар көлде дара жүзген,
Көңілімді шат қылған жоқ сенен өзге.

Қайырмасы:

Қара көзім,
Есіңде болсын,
Менің айтқан сөзім.

Патшайым, дидарыңыз қардай аппақ,
Қандай жан сенен артық сұлу таппақ.
Аршын төс, аққу мойын, беу, қарағым,
Жолымды бөгеп қалдың болып қақпақ.

Қайырмасы:

Аққу құсым, жібегім,
Жалғыз сенде тілегім.
Соңғы кезде қашқын боп,
Шерлі болды-ау жүрегім.

Ат жақты, кең маңдайлы, әсем басың,
Қыр мұрын, бота көзді, жайдай қасың.
Алдында ақ маралдай сен тұрған соң,
Көркіңе ғашық болмай, кім шыдасын.

Қайырмасы:

Ой, сүмбіл шаш, сенсің уайым,
Сәулетайым,
Түскенде сен есіме,
Не қылайын.

Уайымдап әлденеге жүрмен жасып,
Шаттанам сені көрсем, көңілім тасып.
Уақытымен келе алмасам, есіл гөзел,
Жүрейік сәлем хатпен хабарласып.

Қайырмасы:

Қара көз, балғын білегім,
Саған ауған тілегім.
Соңғы кезде қашқын боп,
Шерлі болды-ау жүрегім.

Қашқындық жүрсе дағы қолды матап,
Жолыңа мен шығармын сарбас атап.
Аққуым Үшбурылда жеке қонған,
Жүргейсің іліндірмей нашар атақ.

Қайырмасы:

Қара көз, балғын білегім,
Саған ауған тілегім.
Соңғы кезде қашқын боп,
Шерлі болды-ау жүрегім.

ШОЛПАН ҚЫЗ

Атыңнан айналайын, сәулетайым,
Сенімен сырласпасам, келмес жайым.
Аққудай қарсы алдымда сен тұрғанда,
Құмартып өзге қызға не қылайын.

Қайырмасы:

Шолпан – айым,
Келмейді-ау, сенсіз жерде,
Менің жайым.

Ғашықтық келіп түсті біздің басқа,
Көрген соң көңілім ауып сендей жасқа.
Іштегі шердің бәрі тарқар еді-ау,
Серттесіп тоқтам қылсақ айнымасқа.

Қайырмасы:

Асыл құрбым, Шолпан-ай,
Сені көрсем, көңілім жай.

Шолпан қыз, жаның бөлек біз дегенде,
Құриды менің діңкем сен дегенде.
Қуанғаннан жүрегім жарылғандай,
Өткеншекте өзіңе кез келгенде.

Қайырмасы:

Аха-хау, ахау – айым,
Қадірлі Шолпан – айым.
Келеді-ау сенсіз жерде
Қайтып жайым?

ҚАЛҚАШ

Мақпал-ау, сен қалайсың мен дегенде,
Құриды ынтызарым сен дегенде.
Аршын төс, аққу мойын, беу, Гауһар тас,
Бал татыр сілекейің шөлдегенде.

Құмарттым бір көруге асыл еркем,
Жүзің бар он төртінші айдай көркем.
Шошынып оянып ем бір түс көріп,
Көңіліме өзің жайлы алып секем.

Мақпалжан, разымын сертке жетсең,
Құтылып жау қолынан аман кетсең.
Достасқан үш жыл бойы, ей, Гауһар тас,
Өзің біл жау тіліне еріп кетсең.

Зор дертке душар етіп салғаның ба,
Шынымен жау қолында қалғаның ба?
Екеуміз айырылмастай болып едік,
Көз жетті бұл дүниенің жалғанына.

Сарғайдым жолыңа қарай-қарай,
Хабарсыз кеттің, Мақпал, неге бұлай?
Бір елдің ардақтаған еркесі едің.
Кез болдың бір жауызға әлдеқалай!

Гауһар тас, сізден басқа сүйерім жоқ
Күйдіріп жүрегіме түсірдің шоқ.

Кетті деп Мақпал жауда естігенде,
Жүрекке қадалғандай болды бір оқ.

Құндағы білтелімнің қу қарағай,
Үстіме сауыт кидім шыдай алмай.
Достасқан үш жыл бойы асыл Мақпал,
Артыңа кеткенің бе бір қарамай?

ҚАРҒАШ

Ақ дидарың көргенде тұра алмаймын,
Сенсіз жерде еш дәурен сүре алмаймын.
Сен есіме түскенде, асыл Қарғаш,
Ыстамбол кемесіндей бұраңдаймын.

Ашылар жүрек құлпы сыр шерткен соң,
Келмессің ауылыңа бір кеткен соң.
Еділде Байұлының бурасындай
Қайғырар талай құрбың сен кеткен соң.

Жылқың жатыр Аралдың шаңдағында
Жігіт сері болмай ма бойдағында,
Ауылыңнан сен кеткен соң қызық кетер,
Жүргейсің келіп-кетіп ойнағыңа.

АҚ БИДАЙ

Мекенің ну орманның етегінде,
Аулыңа ерте шықсам жетемін бе?
Жолығып тамағыңнан бір иіскетсең,
Бөгелмей қотаныңнан кетемін бе?

Қайырмасы:

Аулың маңы топ қайың,
Думан болмас әрдайым.
Есіме, сәулем, сен түссең,
Қобыз тартып жырлайын.
Сағынып-ем бір кезде
Жерімнің ақ бидайын.

Бұлт арылмай тұрса да бастан, шіркін,
Сенсіз өмір секілді жалған, шіркін.
Ат терлетіп әдейі келгенімде,
Ақ маралдай ойнақтап жүрсең, шіркін!

Қайырмасы:

Талапсыз қапы қалмайын,
«Ақ бидай» өнін арнайын.
Тұсыңа, қалқам, келгенде,
Ән салудан талмайын.

ҚҰЛА ЖОРҒА

Кездестің Жәңгір құла ат біздің баққа
Мінгендей шаттанамын алтын таққа.
Төренің кермесінен сені алып,
Жараттым сал-серілік құрар шақта.

Қайырмасы:

Қара жал, қара құйрық, құла жорға,
Жорғалатып салайын жолдан-жолға.

Жүйрік мініп шығамын мен күнгейге,
Көмекей ән салмасам бүлкілдей ме?
Қолыма қобыз бенен домбыра алсам,
Құйылар ағыл-тегіл жыр көмейге.

Қайырмасы:

Қара жал, қара құйрық, құла бесті,
Жылқыда сөйгүліксің адам есті.

Жылқы жайдым ертемен теріскейге,
Бақпасам, жылқы-түйе өрістей ме?
Жылқы ішінен құланы ұстап мініп,
Сал-серілік құрғаным келіспей ме?

Қайырмасы:

Қара жал, қара құйрық Жөңгір құла ат,
Саған мініп шыққанда көңілім шат.

Жылқымда жүйрік те бар, жорға да бар,
Мінемін ат орнына кей кезде нар.
Қолда барын өшекейлеп мінбегеннің
Жігіттер, деп ойлаңдар пейілі тар.

Қайырмасы:

Қара жал, қара құйрық, жүйрік құла,
Ағындатып салайын жолдан жолға.

Тірлікте ер емеспін жаннан қорқар,
Ер салсам, сал құла атқа шерім тарқар.
Бөйге ат пенен тұлпарды сынап білу,
Ежелден қазағымның салтында бар.

Қайырмасы:

Қуырдың құла жорға жер танабын
Сені баптап мінгенде қуанамын.

ЫРЫСБИКЕ

Сүйсінемін, Ырысжан, мінезіңе,
Тартқандайсың әніңмен жұртты өзіңе.
Үлкен-кіші естісе таңырқаған,
Топта айтқан үлгілі әр сөзіңе.

Қайырмасы:

Ашық мінез, ақ маңдай,
Менмендік жоқ ешқандай.
Сөзің алтын, күлкің жаз,
Жайдары жүз еркем-ай.

Көркіңе ақылың сай ісің әрі,
Бір өзіндей болсайшы жанның бөрі.

Күлкісі жаз, сөзі бал Ырысбике деп,
Аңыз еткен атыңды жас пен көрі.

Қайырмасы:

Ашық мінез, ақ маңдай,
Менмендік жоқ ешқандай.
Сөзің алтын, күлкің жаз,
Жайдары жүз еркем-ай.

Өзгеден артық сымбат, амал-айлаң,
Ажары ақ бетіңнің асқан айдан.
Таңдаған топтан сүйіп, жан еркем-ау,
Асылып ақ төсіме қақшы жайраң.

Қайырмасы:

Елге кеп сүйіп алған жайдарлым-ау,
Жаутаңдаған көзінен айналдым-ау!

БЕС ҚАРАГЕР

Таныстым ойын-тойда бес қарагер,
Бесеуің кестелі бес орамал бер,
Кездестің сал-серіге арманың жоқ,
Шығармай аттарыңнан титімдей тер.

Көргенде жүздеріңді тарқайды-ау шер,
Сүйкімді сұлуларсың бес қарагер.
Атқардың «Көрші» ойынын салдарыммен
Торынан ерлерімнің құтылып көр.

Қайырмасы:

Келгенде жол-жөнекей елді кезіп,
Сендермен жолығарды білдік сезіп.
Отырған тізелес боп серілерге
Бесеуің сыйлағайсың бес білезік.

Қасымда маңдай алды әншілер бар,
Бұларға жақсы қыздың бәрі құмар.

Ылайық бесеуіңе жар боларлық
Тобымда толып жатыр өңшең дегдар.

Қайырмасы:

Бесеуің бес жүзік пен бес тана-ай бер,
Сыйлайтын дүниеңді-ей, ойланбай бер.

Жолықтың ер Сегізге бес қарагер,
Алқа, шолпы, сырға мен сақина бер.
Арнадым бесеуіңе бес жүйрікті
Бәрің де қиналмай-ақ соңыма ер!

Қайырмасы:

Дегенге бес қарагер, бес қарагер,
Білезік, шолпы, жүзік, сырғаңды-ай бер.

Жиналған жігіттерім өңкей сері,
Ойын-той, сауық-сайран жүрген жері.
Шығардым тарту етіп осы әнді,
Болсаңдар Қозған елі гөзелдері.

Қайырмасы:

СӘУЛЕМ-АЙ

Кездескен осы тойда шырағым-ай,
Лебізің таудың тұшшы бұлағындай.
Көзіме көрінесің тым әсем боп,
Маралдың жарда ойнаған ылағындай.

Қайырмасы:

Угай-ай, әй, угай,
Ұмытпашы, сәулем-ай!

Көзіңнен айналайын аққу қабақ
Ойнаған су бетінде сен ақ шабақ.
Салғанда іліндірсем қармағыма
Бұлқынып тулай көрме, ей, ақтамақ.

Қайырмасы:

Угай-ай, өй, угай,
Қабыл алшы, сәулем-ай!

Сен дегенде, сәулемай, жаным бөлек,
Жас күніңнен ақылға қызсың зерек.
Қарағанда жалт етіп ішті өртегең
Бота көздің өзісің дөп-дөңгелек.

Қайырмасы:

Сүйкімді қыз Мұхитжан,
Өмірі, сәулем, ұмытпан!

ЕР ДЕ АЛТЫН

Ер де алтын, ақын да алтын, ару да алтын,
Бөлгенде асыл бар ма жарқылдайтын.
Құрбылар, тіршілікте ойна да күл,
Кім қалар таразыға тартылмайтын.

Батыр да алтын, шешен де алтын, алтын да алтын,
Ақында сөз қалмайды айтылмайтын.
Алыстан бір көрмек боп аңсағанмен,
Табылмас шынайы алтын жарқырайтын.

ДАЙДИДАУ

Хат жаздым қалам алып сізге еркем,
Жүзің бар он төртінші айдай ғаркем.
Есіме сіз түскенде, беу, ғашық жар,
Қозғайсың қатып қалған іштің дертін.

Қайырмасы:

Жан қалтамда қос өрік,
Сәулем саған мен серік.

Ала көрме лаулаған,
Ғашық отын өшіріп.

Шыныңмен менен, достым, қалғаның ба?
Қайғыға көңілімді салғаның ба?
Екеуміз айырылмастай болып едік,
Таңданам уәдеңнің жалғанына!

Қайырмасы:

ШОЛПАН ҚЫЗ

Арғымақ жібек қорада тұр,
Бәтқұндыз, дүрия, көмшат қалада тұр.
Алыстан ат терлетіп келгенімде,
Шолпан қыз, мойның бұрып, қара да тұр-ау-уәй.

Қойырмасы:

Әритәй-тәй, әритәй-тәй,
Әритары-шай-тай, ау-уәй.

Ажарың хор қызының ажарындай,
Жаманға салма, сәулем, назарыңды-ай.
Ауылыңнан қыз-бозбала кеткен емес,
Тарқамас Ташкент шаһар базарындай.



ТУҒАН ЖЕР

Гүлтөбе – Маманайым туған жерім,
Кіндік кесіп, кірімді жуған жерім.
Жалаңаш, жалаң аяқ жар басында, –
Көйлек шешіп көбелек қуған жерім.

Жаралып дүниеге келген жерім,
Жалғанның қызығына енген жерім.
Босанып алтын ұя, тар құрсақтан,
Аймалап ана сүтін емген жерім.

Рақатты шәрбат суын татқан жерім,
Қызыққа алуан түрлі батқан жерім.
Жамылып жасыл шілік жаздың күні,
Сайрандап жігіт-желең жатқан жерім.

Садақты жастайымнан тартқан жерім,
Бөрісін, елік, құлжа атқан жерім.
Ұшырап патша әкімі қуғынына,
Тұлпармен күн-түн демей жортқан жерім.

Аузынан көркем қыздың өпкен жерім,
Қымызға, қазы-қарта бөккен жерім.
Жырымды өзіңе арнап төккен жерім, –
Сағындым көрмеген соң көптен, жерім.

Ақсүйек, асық ойнап, асыр салып,
Өткеншек, алтыбақан тепкен жерім.
Бой түзеп, сәнді киім киген жерім,
Білім ап, өз-өзіме келген жерім.

Өсіріп, тәрбиелеп, жақсы баулып,
Бап-балғын жеткіншекті сүйген жерім.
Тарқатып жастық күннің шер-құмарын,
Бұралтып гөзелдермен күлген жерім.

Ас пен айт, той-жиынды құр өткізбей,
Сайрандап сауық құрып жүрген жерім.
Маманай, сағындым ғой салқын белім,
Бұқпакөл – жанға жайлы шалқар көлім.

Көзімнен бір кездерде бұлбұл ұштың,
Орта жүз Ашамайлы Керей елім.
Әркімнің туған жері – Мысыр шөһары,
Мекке мен Мәдинедей болған жерім.

Бейнебір мен көрі қыз төркіндеген,
Мен келем көрсем деген сертімменен.
Дәмі тартып Еділ, Жайық өңірінің,
Кезінде тағдыр шіркін келтірмеген.

Көп елге көзбен көрген жалған емес,
Жүйріктің бірі едім ғой серпіндеген,
Айрылып қапияда Мақпал қыздан,
Кебім көп жас жүректе шертілмеген.

БҰҚПА КӨЛ

Мен тудым Қожаберген ауылында,
Ну орман Толыбай жалы бауырында.
Жазықсыз қуғындалып жапа шектім,
Кез болып замананың дауылына.

Бала боп өсіп едік мап-манардай,
Жігіт боп шығып едік қос шынардай.
Дәм айдап (алыс) жолға сапар шектік,
Артымда қалдың орман, қош, Маманай.

Бұқпакөл қабағында топ қараған,
Мөлдір су жар астынан жарқыраған.
Әнші-ақын, күйші өнерпаз – бөрі сонда,
Қашқын боп неге кеттім сол арадан?

Ұнатып самал желдің лебі ескенін,
Сұлумен Қызылжарда жүздескенмін.
Көзімнен бұл күндерде бұл-бұл ұшты,
Аузынан көркем қыздың бал жескенім.

Кездесер ұзақ жолда батпақ-мия,
Мекенім соңғы кезде шың мен қия.
Қашқын боп сахарада жүргенімде,
Көзімнен бір-бір ұшты-ау туған ұя.

СЕРІЛІК

Болғанмен аса жүйрік ор киіктей,
Жүре алмас өнерлі адам сөзге ілікпей.
Он жеті мен жиырма алты арасында,
Қоймайды есті жігіт бір желікпей.

Қанжар мен қылышымды қоса қайрап,
Найза ұстап, аш беліме семсер байлап.
Дұшпанмен соғысуға дайындалдым,
Біза-кек, намыс буып, қаным қайнап.

Еттім деп ерлік істер мақтанбаймын,
Орынсыз босқа күліп шаттанбаймын.
Жетім-жесір, ғаріптің қорғанымын,
Шабуға мұсылманды аттанбаймын.

Ән шырқап, күй тартамын алуан-алуан,
Атандым бұл күндерде түйе балуан.
Жасағым соңыма ерткен аз болса да,
Тайынып көргемін жоқ қалың жаудан.

Ден қойып орындалар зор үмітке,
Ермейтін ешқашанда кері үгітке.
Меңгерген соғысудың тәсілдерін,
Татиды бір сарбазым он жігітке.

Осылай қолбасы боп жүрсем дағы,
Қолдаймын өнер туы – серілікті.
Ақындық өнерімді көргеннен соң,
Әншілер жолдас болды жергілікті.

Ту ұстап ертіп жүрдім қалың қолды,
Әділет жорығында жолым болды.
Үш жүзге Сегіз сері атансам да,
Елді ойлап жас жүрегім шерге толды.

КӨК ЕСІЛ

Көк иірім Есілім,
Жағанда аяқ көсілдім.
Шомылмақ болып суыңа,
Балқашыңда шешіндім.

Орталық Арқа жерінен,
Ағасың төмен құдилап.
Абылай аспас белінен,
Жылжисың бері ылдилап.

Жарқабаққа соғылар,
Дауыл тұрса толқының.
Қуғын көрген мен дегдар –
Жағанда талай толқыдым.

Бозшұбар мен Күреңді,
Есілім, сенен суардым.
Беліме байлап семсерді,
Өзіңде қолға ту алдым.

Сенің қатты ағының,
Қайық пен салды теңселткен.
Қорек боп елге балығың,
Жағанда жарлы күнелткен.

Табиғатың тамаша,
Көз салып пенде қараса!
Тоғайың ну өсіп тұр,
Үйеңкі, қайың таласа.

Көкшалғынды аралың,
Көркем боп, Есіл, жаралдың,
Жазығыңда ойнаған,
Елік пенен маралың.

Ойдым-ойдым Қарасу,
Алабыңда орнаған.
Құс қонған айдын ду мен шу,
Орманға жағаң оранған.

Құрағың көкше сусылдап,
Қазине мата секілді.
Суыңды ішіп сусындап
Тұлпар ат ойнап секірді.

Жауға қарсы тұрам деп,
Өзінде алғаш серт еттім.
Жұрт үшін жаным құрбан деп, –
Дұшпанды келген мерт еттім.

Қасыма еріп Нияз дос,
Жағаңнан сенің аттандым.
Ісімді көрмей ұлық қош,
Қашқын Сегіз атандым.

ОН ЖЕТІ ЖАСҚА ТОЛҒАНДА-АҚ

Он жеті жасқа толғанда-ақ,
Жайылды даңқым халқыма.
Қашқын Сегіз атанып,
Жастай түстім талқыға.

Жылқыдан таңдап жаратып,
Тұлпар міндім астыма.
Маржанмен буып төбесін,
Дулыға кідім басыма.

Шығыршығы торғай көз,
Сауыт кідім үстіме.
Қиянат елге қылдың деп,
Қарсы шықтым өштіге.

Қосынымды қондырдым,
Оралдың жасыл тауына.
Лақтырып қол оқ, шыжымды,
Соққы бердім жауыма.

Гекке менен Донсков,
Ұта алмай бізді саңдалды.
Солдаттары оққа ұшты,
Ұлғайтам деп жанжалды.

Аңдып келген көпір жау,
Бас салсам деп жеңілді.
Бізді ала алмай атысып,
Орға қашып шегінді.

Жендеттерін оққа ұшқан,
Көмбей бірден жау састы.
Қалдырып қару-жарағын,
Жанталасып тез қашты.

Ор өзенге сандалып,
Жетті өлмей қалғаны.
Қайықпен өтті жалма-жан,
Бетке ұстап Жаманқаланы.

Тастай қашқан дұшпанның,
Қаруын түгел жинатып,
Қолға түскен жендетін,
Тергеуге алдық қиналтып.

Жасаққа шатыр тіктіріп,
Тай сойып, майға бөктіріп,
Дұшпанды торып біз тұрдық,
Көңілде болмай күпірлік.

Айналып дұшпан келер деп,
Зеңбірек сүйреп төнер деп,
Жыраларға кеп бекіндік,
Жазықта жатсақ көрер деп.

Орманда ішкі ашыққа,
Шатырды тігіп сайладық.
Жүргізбеске жауды ілгері,
Алдын ала ойладық.

Санап жұлдыз батырдым,
Ұйықтамай таңды атырдым.

Кеңес құрдым жиып ап,
Бірнешеуін батырдың.

Солдаттары қырылып,
Басылғаң соң желігі.
Оралып Гекке келмеді,
Көп болса да серігі.

Орманды, таулы жерлердің,
Біздерге тиіп пайдасы.
Ала алмады қалың жау,
Көп болса да айласы.

ГОРЧАКОВҚА

Төбетісің патшаның,
Омбыда тұрған абалап.
Сақал-мұртың ұйысқан,
Секілді көрі ит сабалақ.
Горчаков, сен дүлейсің,
Есіркеуді білмейсің.
Жалғыз атты жарлыдан,
Не деп алым тілейсің?
Түтін тұяқ салығың,
Аң терісі алымың.
Қарамастан осыған,
Жерін алдың шалымның.
Ақсақалды боқтайсың,
Көрінген сөзді оттайсың,
Бас көтерген ерлерді,
Тұтқын қылып соттайсың.
Омбыда тыныш жатпайсың,
Жауыздарды даттайсың.
Елге тыңшы жіберіп,
Жаулық істі сақтайсың.
Шонжарларды жақтайсың,
Опасызды мақтайсың,
Алым берген залымды,
Адал жан деп ақтайсың.
Ерлердің үнін өшірдің,
Қоныстан жұртты көшірдің,

Бейғам елдің үстінен,
Жайдың оғын түсірдің.
Шатастырдың халықты,
Көбейтіп салдың салықты.
Сен қолданған әдістен,
Жендеттерің жалықты.
Құлақ салмай сөзіңе,
Қызмет етпей өзіңе.
Қашқын болып мен жүрмін,
Бұл фәнидің жүзінде.
Жер-судан елді айырдың,
Қанатынан қайырдың.
Салып қойдың соңыма,
Бірнешеуін майырдың.
Маған қойдың аңду сап,
Ізіме түстің шырақ ап.
Мені менен Ниязды,
Жібердің сөйтіп қуалап.
Солдаттарың қажыды,
Мәстектерін сабалап.
Офицерін таппай бажыды,
Мінген аты шабандап.
Ұстай алмай жендетің,
Қуса да жетіп қамалап.
Жүйкесін құрттық жендеттің,
Құтылып шығып амалдап.
Сен айтты деп, Горчаков,
Мұсылманды жылатпан.
Момын елді қапа ғып,
Жүргендерді ұнатпан.
Бар айыбым, Горчаков,
Тіліңді сенің алмадым,
Жазалаушы әскерге,
Сардар болып қалмадым.
Омбыда қызмет етпеді деп,
Қыр соңымнан қалмадың.
Әнші, ақын, батырды,
Ілтипатқа алмадың.
Кетіп қалдым Омбыдан,
Жағдайдың бәрін бағалап.
Жирендім жауыз обырдан,
Ақылға сап шамалап.

Ұстадың елді алалап,
Жақсыларды табалап.
Жақтырмады ісімді,
Жан-жақтан итің абалап.
Тыңшыларың жамандап,
Солдатың қаптап, қамалап.
Кетірген соң мазамды,
Құтылдым зорға Аллалап.

СЕГІЗ СЕРІ МЕН МАРФУҒА ШАХМЕТ ТӨРЕ ҚЫЗЫНЫҢ ҚАҒЫСЫ

Марфуға қыз:

Басыңа кидің батыр дулығыны,
Көрді де сізден қыздар қысылғаны.
Сайланып сауыт киіп шыға қапсыз,
Бозшұбар тұлпар мініп жау қуғалы.

Ер Сегіз болып бұл кез ел мақтаны,
Бағалап ерлігіңді жұрт мақтады.
Аттанып сарбаз бастап шыға қапсыз,
Қару-жарақ асынып ел шапқалы.

Сегіз сері:

Басыма кидім болат дулығыны,
Бірақ мен жүрген емен шу қылғалы.
Аттанып сарбаз бастап шыға қалсам,
Белгілі жүргендігім аң қуғалы.
Үстімде ақ сауытым жарқыраған,
Белімде алмас қылыш жалтылдаған.
Қанқұмар, қара жүрек жан емеспін,
Момынның қамқорымын аңқылдаған.

«ҚЫЗ ЖІБЕК» ЖЫРЫНА КІРІСПЕСІ

Жылқы жылы салдық құрып шығып елден,
Шалқардың бойындағы елге келгем.
Елдері Кіші жүздің Шекті-Табын,
Ниязбен екеумізді құрметтеген.

Жасынан жақсы атадан үлгі көрген,
Көтібар, Арыстандай батыр, мерген.
«Ер Сегіз, жыр шығарсаң есіңе ал», – деп, –
Қызықты бір оқиға айтып берген.
Бұл өзі оқиға екен мол деректі,
Жырлауға осындайды болдым епті.
Есітіп Төлеген мен Жібек жайын, –
Қисса етіп баяндауға көңілім кетті.
Тұлпардай болып жараған,
Халқы мыңға балаған.
Қолбасшы батыр саналған,
Жауыздардың қанына,
Қылышын талай суарған,
Үлгі айтатын еліне
Сегіз сері мен болам.
Бұрын аңыз болса да,
Жыр маржаны Қыз Жібек,
Алғаш рет қисса боп,
Бүгін менен тараған.
«Қыз Жібек» жырын тыңдауға,
Құмартысып бар адам,
Мен отырған орданың,
Сыртында көк шалғынға,
Кілем төсеп арнайы,
Отырысып жайланған.
Басқаның бәрін тастайын,
Шамадан артық аспайын.
Бүгінгі мәжіліс-жиында,
Қыз Жібектен бастайын.

.....
Ұрпағын Базарбайдың санап алып,
Ел-жұрттан оқиғаға болдым қанық.
Әр буынға жиырма алты жастан беріп,
Шежіреден жыл мөлшерін білдім анық.
Ресейдің жыл санауын негізгі алып,
Өткенге қатты үңілдім назар салып.
Есептеп жыл шамасын білгеннен соң,
Қолыма қобыз алдым құштарланып.

Бұрынғы Әз Тәукенің заманында,
Қазақтың халқы түгел аманында.
Кердері теңізі деп аталыпты,
Сылаң Сыр құятұғын Аралың да.

Айнала Арал бойын мекен еткен,
Кердері, Жағалбайлы елі көптен.
Шалқыған дәулет орнап, бақыт қонып,
Мал-жаны бұл елдердің өсіп-өнген.

Кіші жүз немесе Алшын аты,
Ноғайлы қазағынан арғы заты.
Байұлы, Әлімұлы, Жеті ру деп,
Бөлініп үш тайпа боп шыққан аты.

Кердері, Жағалбайлы, Жетірудан,
Кем емес салтанаты өзге рудан,
Үш жүздің қара шаңырағы – Жағалбайлы
Артығы оның осы екен басқа рудан.

Бөлінер Жағалбайлы Мырза, Ілез боп,
Өрбіген екеуінен рулар көп.
Ішінде сол Ілездің Бескүрек ел,
Бай болған заманында теңдесі жоқ.

Бір табы Бескүректің Қарабатыр,
Тігеді Хан жайлауда ақша шатыр.
Жылқы, түйе – бәрін де мыңдап айдар,
Көп елден салтанаты асып жатыр.

Қарабатыр көсемі Айбат мырза,
Өрқашан ерлігіне халқы риза.
Бұйрығы Айбат ердің екі болмас,
Елінде Жағалбайлы шешім қылса.

Баласы сол Айбаттың ер Базарбай,
Бек еді дәулетіне ерлігі сай.
Жылқы менен түйенің есебі жоқ,
Үйілген сарайында астық, қант, шай.

Жырлайын, о, жарандар, болған жайды,
Аспанда жарқыраған күн мен айды.
Әлеумет Ер Сегізге ұлықсат етсең,
Баяндап бір көрейін Базарбайды.

Елімнен қашқын болып шыққан кезде,
Жолықтым Шекті, Табын, Мырза, Ілезге,

Шектінің Арыстаны мен Ілез Жанқасқа,
Жағы жоқ шешен екен сөйлер сөзге.

Қарсы алды Шекті, Табын, Жағалбайлы,
Ел екен дәулетіне сәулет сайлы.
Ниязбен мен екеуміз сонда болып,
Естідік Сырлыбай мен Базарбайды.

Болғаны оқиғаның рас екен,
Арқауы әңгіменің біраз екен.
Өткенді кейінгіге жырлап беру, –
Ақынға біз сияқты мирас екен.

Өтініп айтқаннан соң ер Арыстан,
Сөз қалмас біз сияқты жолбарыстан.
Сұрады жырлауымды Жанқасқа да.
Қалсын деп ұрпақтарға сізден дастан.

Жырладым мен дастанды қобыз алып,
Отырды молда, ишан қалам алып.
Түсірді он төрт молда өлеңімді,
Бетіне ақ қағаздың өрнек салып.

Қобызым кетті жетектеп,
Ән шырқадым безектеп.
Сондағы жырым осы еді, –
Өлеңмен айтқан өрнектеп...

КӨТІБАР АСЫ

Көтібардың сүйегін,
Әкеліп ерлер жерледі.
Қапыда кеткен ер үшін,
Өлімді намыс кернеді.

Алты Әлімнің кенжесі,
Алты аталы Шекті еді.
Қонысынан айырылып,
Патшаға олар кекті еді.

Басшысы қалың Шектінің,
Көтібар мен Арыстан.

Алшынның Теміртауы үшін,
Дұшпандармен алысқан.

Сол себепті оларға,
Тентек деп ат жабысқан.
Жылқы жылдың жазында,
Осы ерлермен танысқам.

Үші де өтіп, жетісі,
Қырқына келген көп кісі.
Ері үшін халқы қиналған,
Ұлықтың өтіп тепкісі.

Қырқына біз де қатыстық,
Қайғыға бірге батыстық.
Жиылған Шекті, Кетенің,
Жақсысымен таныстық.

Батырға жоқтау шығарып,
Туыстай болып табыстық.
«Айман-Шолпан» жыры үшін,
Жұрт алғысын алыстық.

«Қыз Жібекті» шығарып,
Дидарласып қалыстық.
Шекті, Табын, Кетемен,
Басталды содан таныстық.

Көтібар қырқы өткен соң,
Арыстан батыр ойланған.
Ардақты туған ағаға,
Ас беруге сайланған.

Келер жыл ас берем деп,
Дайындық жасап көрем деп.
Зор жабдықты жасауға,
Иншалла, жетеді өрем деп.

Ақылмен батыр ойлады,
Тереңге барлап бойлады.
Алға қойған мақсұтын,
Тындырмай, сірә, қоймады.

Жанақтай жиен ақынын,
Қоса жинап жақынын.
Мәслихат құрды бір күні,
Арыстандай батырың.

Туыстың естіп мақұлын,
Қоспақ болып ақылын.
Тілеу, Қабақты топтауға,
Жұмсады Жанақ ақынын.

Тілеу менен Қабақты,
Жанақ шықты аралап.
Арыстанның ауылына,
Келіңдер деп хабарлап.

Тілеу, Қабақ екі елдің,
Шақырды Жанақ жақсысын.
Бұл ақылға қоспақшы.
Назардың биін, бастысын.

Жанақтың құптап ақылын,
Тігіп орда шатырын.
Арыстан батыр жинады,
Шектінің бек пен батырын.

Жақайым Шекті басшысы,
Жетестің мырза Жағаны.
Құрметтеуші кезінде,
Көтібар сынды ағаны.

Жағаң келді нөкермен,
Арыстан тіккен Ордаға.
Тілеу, Қабақ, Назарлар,
Отырғызды ерді ортаға.

Кішкене Шекті көсемі,
Нұрмұхаммедұлы Жанғожа.
Ол да келді Ордаға,
Қасында бар Ханғожа.

Бұжыр, Қоныс, Шүреннен,
Шектіден тарар бар елден.

Құланның ұлы Жүсіп би,
Шақырған соң, ол келген.

Көтібардай батырдың,
Он төрт ұлы бар еді.
Әрқайсысы елге бас,
Бәрі де жігіт нары еді.

Тұңғышы ердің Серкебай,
Кіші іні боп саналған.
Қырқынан шыққан шағында,
Тауасардай аға алған.

Берен жігіт Көтібар,
Көз жасын аға көріпті.
Серкебайдай үлкенін,
Тауасарға беріпті.

Перзенті жоқ ағаның,
Қайғысын батыр біліпті.
Мұңлы сөзін туыстың,
Құлағына бірден іліпті.

Баласы емес Серкебай,
Інісіне ердің ұқсаған.
Тауасарға бала боп,
Шаңырағын ұстаған.

Бұл ақылдың ішінде,
Серкебай ер де болыпты.
Кімдерге сауын айтарын,
Оймен бәрі шолыпты.

Ой қорытып Шектілер,
Бір шешімге келіпті,
Кетеден келген Қабылға,
Билігін астың беріпті.

Сонан кейін Арыстан,
Ас болады деп хат жазып.
Хаттардың бәрін мөрлетіп,
Дайындатып жол азық.

Хабаршылар қамдаған,
Ел жағдайын аңдаған.
Хабаршы сапқа ілікпей,
Пысық жігіт қалмаған.

Хабаршы мініп жақсы атқа,
Аттанып кетті жаң-жаққа.
Көтібардай батырды,
Танитын көп еді әр жақта.

Баршылар барып көп жерге,
Сауын айтты әр елге.
Көтібардың асына,
Келмекші болды көп ел де.

Сақтап ішке егесін,
Шақырмады демесін.
Деген ойға келді де,
Шақырды асқа төресін.

Төреге жатады хан, сұлтан,
Бұлармен көп жыл алысқан.
Тірілігінде Көтекең,
Хан, сұлтанмен шабысқан.

Төре, қожа, ұлықтар, —
Ата жауы аңдысқан.
Байеке, Жәңгір тірі жүр,
Өлмей алған қарғыстан.

Сауын айтты Арыстан,
Хан, сұлтанның бөріне.
Хабаршы салды Шектілер,
Ылдиы мен өріне.

Қырқы өткен соң кетіп ем,
Мені де еске алыпты.
Арыстан мен Серкебай,
Маған да хабар салыпты.

Басшылары Шектінің,
Ақбұлаққа барыпты.

Жорықта біздер жүр едік,
Орынды сипап қалыпты.

Сонан кейін Арыстан,
Елде жүрген қонақ деп,
Жүсіптен сауын айтыпты,
Келуі асқа жол-ақ деп.

Құланның ұлы Жүсіп би,
Сәлемін бізге жеткізді.
Дәл сол қысты біздің топ,
Қап тауында өткізді.

Өткізбеуге болмады,
Сондай бір өңір шалғайда.
Патшаға шағым жолдады,
Төрелер басып айғайға.

Сонан соң шауып ауылын,
Төнгізіп соғыс дауылын.
Қаптауына бет алдық,
Олжалы болып қауымым.

Теріскей Қап тауында,
Дарғын жота бауырында.
Қысты жақсы өткіздік,
Ноғай халқы ауылында.

Қостап Ноғай, Құмықтар,
Мейман етті қыс бойы.
Өткен емес біздерсіз,
Олардың ешбір ас, тойы.

Сең бұзылмай тұрғанда,
Көктемде елге оралдық.
Жол-жөнекей ән салып,
Домбыра, қобыз қолға алдық.

Бөгемек болған жолымды,
Жүрген аңдып қалмақты.
Түскен соң ылғи соңыма,
Батырдым жылқы ап бармақты.

Еділден өттік аллалап,
Жылқы, түйе ап қаумалап.
Жеткенде Нарын құмына,
Болды отряд қоршамақ.

Атысып жауды қашырдық,
Жасқұсқа қарай асырдық.
Әрбір жерге із тастап,
Барар жөнді жасырдық.

Тоқтадық Байұлы ауылына,
Ысық, Серкеш қауымына.
Құлақ түріп қамданған,
Шықпақ боп қарсы жауына.

Сәлем беріп Асауға,
Мейман болдық Асауда.
Дайын екен батыр да,
Дұшпанға бөгет жасауға.

Қайырлы болсын деді ол,
Соққы берсең жауыңа.
Түспе деді сақтанып,
Жәңгірдің құрған ауына.

Шаһабуддан Марджани, –
Татардың жас жыршысы.
Соңына оның түсіпті,
Патша әкімі тыңшысы.

Қашып жүріп жас ақын,
Кез болған жолда тоғайда.
Қыстап шықты ол байғұс,
Бізбен бірге Ноғайда.

Нөкері жоқ жігітке,
Жалғыз жүру оңай ма?
Еріп келді жолдас боп,
Паналауға Ноғайға.

Таныстырдым жыршыны,
Асау сынды батырға.

Жолатпай оған тыңшыны,
Дос боп алдым ақырда.

Асау айтты тамызда,
Көтібардың асы деп.
Ат жаратты қыс бойы,
Елдің көрі-жасы деп.

Асаудан шығып тоқтадым,
Қалдыбай ата дегдарға.
Қуана бізді қарсы алды,
Ысықтан шыққан сардар да.

Ажар ене сабырлы,
Бөйбіше еді қадірлі.
Бетімнен сүйді құшақтап,
Деді де дертім жазылды.

Елестеп Ғайни сол кезде,
Көзіме оттай шалынды.
Отырдым «уһ» деп төріне,
Шығарып іштен жалынды.

Болжан, Теңдік жеңгелер,
Сәлем берді сызылып.
Амандық-саулық сұрады,
Маржандай тісі тізіліп.

Қымыз ішіп ордада,
Отырған соң қызынып.
Ғайниды еске ап сол жерде,
Көңілім кетті бұзылып.

Қабыланбай мен Иманбай,
Сұрады барған жерімді.
«Өзгеріп пе салты? – деп,
Паналаған қыста елімді.

Көтібарға биыл жаз,
Береді, – деді, – үлкен ас.
Дайындық жасап жатырмыз,
Әр елдегі көрі-жас.

Балуан, мерген, жүйрік ат,
Көкпар шыны сайлаймыз.
Алып пенен ақынды,
Реті келсе қамдаймыз.

Үш жүз басын қосатын,
Зор жиыннан қалмаймыз, –
Деді тағы Қалдыбай, –
Төрені барса жалмаймыз».

«Бармайды деп төрелер,
Естідім, – деді Иманбай. –
Барар болса Жәңгір сұм,
Сорлайды деді Қабыланбай».

Келсін деп сауын айтыпты,
Баймағамбет, Жәңгір масылға.
«Бара алмаймыз», – депті олар,
Көтібардың асына.

Шошынады сұлтандар,
Кез болам деп жасылға.
Жауыққаны есте бар,
Көтібардай асылға.

Қалдыбайда мейман боп,
Келдік біз де Жайыққа.
Қызыл су жүре бастапты,
Арналы өзен Жайықта.

Жайықтан өттік амалдап,
Күншығыс жақ бетіне.
Кеуде тосып аттандық,
Көктемгі желдің өтіне.

Жол-жөнекей қонақ боң,
Жолдағы көп елдерге.
Әр ауылда таныстық,
Жұрт жақсысы ерлерге.

Көкек айын өткіздік,
Қап тауы мен арада.

Олжамызды жеткіздік,
Құлан жортпас далаға.

Көкек айы аяғы,
Мамыр айы басында.
Жеделдете жол жүрдік,
Ілгері қарай асыға.

Ақбұлаққа бармаққа,
Орнығып дем алмаққа.
Аңдыған дұшпан бар ма деп,
Қарауылдап жан-жаққа.

Ат тынықтырып алуға,
Сонан соң Сырға баруға.
Жасақпенен кеңестім,
Сауық-сайран салуға.

Бірнеше күн жол жүріп,
Мекен-жайға біз жеттік.
Ақбұлақтың бойында,
Домбыра тартып әндеттік.

Шіріместей нәрсеміз,
Тағы да қойма жасадық.
Тайлақ пенен тай сойып,
Қазы-қарта асадық.

Жау қолына алдырмай,
Айламызды асырдық.
Теңге буып заттарды,
Таба алмастай жасырдық.

Қосымша тағы үй салдық,
Тоғайда жатып дем алдық.
Өткен жылғы қонысқа,
Көктемде қайта кеп қалдық.

Жиырма күндей бөгелдік,
Баптап тазы, құсымды.
Оңға бастыр, құдайым,
Тіршілікте ісімді.

Нысана қойып оқ аттық,
Жаратып қос-қос тұлпарды.
Патша әскері жеңе алмас,
Жиылған біздей сұңқарды.

Ақбұлақ өзен тоғайын,
Айналдырдық қамалға.
Қаршығам мен құмайым,
Дайын аң-құс аларға.

Салып сарай, қораны,
Аяқтап шықтық осы жол.
Сәті түсіп бітірді,
Жұмылып іске қалың қол.

Қалдырмақ болып малдарды,
Құланның ұлы Жүсіпке.
Кіріспек болдық сонан соң,
Сал-серілік кәсіпке.

Алға сап жылқы, түйені,
Бірге айдап інген, биені.
Аттандық би Жүсіпке,
Мәжіліске жүйелі.

Арада аз күн қонақ боп,
Жүсіптің жеттік ауылына.
Құланың ұлы сөйлеуші еді,
Адамды тартып бауырына.

Сәлем беріп біз келіп,
Жүсіптей би ағаға.
Сәлемімді құп алып,
Бастап барды ордаға.

Сәлем бердік ендік кеп,
Он екі қанат ақ үйге.
Дәнекердей жеңгеміз,
Отыр екен сол үйде.

Қол беріп бәйбішеге амандастық,
Сонан соң төрге шығып орналастық.

Сұрады барып қайтқан жерлерімді,
Сауалға жауап беріп дидарластық.

Жүсіп би бізді ерекше мейман етті,
Жігіттер жалаң қаққан қызмет етті.
Біз жоқта болып өткен оқиғаны,
Қалдырмай үй иесі баян етті.

Төрт күндей ол ауылда думандаттық,
Ән салып, қисса жырлап, күй де тарттық.
Шаттыққа бөлеп бәрін мөз-мейрам қып,
Қоштасып аттанарда алғыс айттық.

Сақтауға малдарымды уәде берді,
Біздерді туысындай жақсы көрді.
Шілденің аяғында келерсің деп,
Қоштасып Жүсіп мырза қала берді.

Қалдырып Жүсіп ерге ат-нарымды,
Қасыма ертіп сері, салдарымды.
«Қаратау, қайдасың?» – деп шықсам дағы,
Дариға-ай, болжамадым алдағымды.

Жылы ойдың біздей ерді дәмі тартты,
Құмарттым сол өлкеге тым-ақ қатты.
Біраз күн жол-жөнекей қонақ болып,
Кез болдым бір сұлуға Жамал атты.

Біраз күн жүріп жеттім Жылы ойына,
Жылы ойда Байұлы еді Ноғайына.
Ауылына Кенжебайдың келіп түстім,
Келген соң сапарымның ыңғайына.

Бірі екен сәнді ауылдың салтанатты,
Кенжебай ел ағасы жанды-жақты.
Естідім сол кісіден біраз кеңес,
Сыйлауы ұнап бізге тым-ақ қатты.

Қызының Бақытжамал екен аты,
Ноғайда Оразақ шыққан заты.
Шығардым соған арнап «Жылы ой» әнін,
Гөзелдің ерекше боп ілтипаты.

Сыйлық ап, қош айтысып, шығысқа астым,
Жігіттік дағуасымен судай тастым.
Қаратау, Сыр бойына сапар шектім,
Кезінде келмек болып болар астың.

КӨТІБАРҒА АРНАҒАН ЖОҚТАУ ӨЛЕНІ

Үш Алшынның жерінде,
Берсүгір таудың бауырында,
Кіші жүзде Жеті ру,
Жағалбайлы ішінде,
Жанқасқа ердің ауылында,
Ардақты мейман боп барып,
Шаңқай түстің шағында,
Қонаққа арнап тігілген,
Ақ орданың ішінде,
Дем алмақ боп оңаша,
Ұйықтап жатқан жерінде,
Патша әкімі жендеті
Жалдамалы қалмақтың,
Айбалтамен шабуға,
Қалайша көзі қиды екен,
Көтібар сынды қыранды?!
Әлемнен шыққан ұланды,
Кіші жүздің ішінде
Кешегі өткен Көтекем,
Артықша болып туған-ды,
Сырымның жолын құған-ды,
Шекті, Табын ағасы,
Берсен батыр баласы,
Арғы тегі – ер Бөлек,
Қасиетті бабасы.
Бөлектен шыққан Көтібар,
Дұшпандармен ұрыста,
Жыртылмаған жағасы,
Қалмақтармен соғыста,
Халқының болған панасы,
Ақырында батырдың,
Қалмақтан болды-ау қазасы,
Жағалбайлы елінде,
Қолға түсіп жендеттің,

Берілді мықтап жазасы,
Көтібардың өзінің,
Ел басқарған азамат,
Бар екен алты баласы
Алтауы да бөрі екен.
Қатарында ер екен.
Саят құрып, аң аулап,
Бөйге ат мінген сері екен,
Хан, патшаға қарсы боп,
Ел ішінен қол құрап,
Дайындықта жүр екен.
Жолын қуған әкенің,
Қолбасшы батыр дүр екен.
Сыйынғаны бәрінің,
Сырым батыр пірі екен.
Мейман болып ауылында
Ордасында түнегем,
Табақтас болып батырмен,
Шежіреге кенелгем,
Аз күн болса дәмдес боп,
Батырдың ісін түсінгем,
Орынсыз шалқып мақтанып,
Көргем жоқ жерін күпсінген,
Қарсы алған жақсы батырды,
Өтсе де еске алып ерлігін,
Жырға қосып жоқтадым,
Көтекемді жырлауға,
Шекті елінде тоқтадым,
Ардақты туған Көтекем,
Ағайынмен қоштаспай,
Шекті, Табын еліңді,
Өзің туған жеріңді,
Ақордадай үйіңді,
Он үш ұл мен ініңді,
Үш бірдей сүйген жарыңды,
Көре алмай кеттің қапыда!
Сіздей ерден айырылып,
Жыр еттім ішкі зарымды.
Артықша туған Көтекем,
«Айман-Шолпан» дастанын,
Өзіңізге арнап жырладым.

ЖОЛЫМБЕТКЕ

Алшын елі ішінде
Он екі ата Байұлы
Ноғайлы биі – Жолымбет,
Аруаққа болмай шет.
Аттың басын бұр дағы
Біздің қосқа келе кет.
Хал-жағдайды біле кет.
Дайындықты көре кет.
Сегіз бенен Ниязды
Орта жүзден келді деп,
Жолымбет би, көрме жек,
Ата жолын аттамай,
Қолымнан дәм тата кет,
Ақылың болса, айта кет,
Ішім толған қайғы-дерт.
Жылы сөзбен жұбатып,
Көңілімді аша кет.
Сіз де біздей қашқынсыз,
Тағдырымыз бір, Жолымбет,
Ат төбеліндей қазақты
Біріктіруге тигіз сеп.
Теректіде кездесіп,
Меніменен тілдесіп,
Қылыш сүйіп сертгесіп,
Төс соғысқан дос болды
Исатай мен Махамбет.
Жолымбет аға, танысып,
Жан қияр дос болайық.
Исатайдай батырды,
Махамбеттей ақынды
Өле-өлгенше қолдайық.
Бөлек-бөлек топ құрау
Болмас бізге ылайық.
Жауға қарсы ұрыста
Күшімізді қосайық.
Сарбаздарды жияйық,
Ақыл-кеңес құрайық.
Жаттықтырып жасақты,
Сайлап қару-жарақты
Дұшпанға қарсы тұрайық.

Әпесер, хан, сұлтанды
Кездесе, басқа ұрайық.
Қызыл-көкшіл ту ұстап,
Ат басын жауға бұрайық.
Желігіп келген дұшпанды
Наркескенмен турайық.
Еркіндікке жол ашып,
Қалың қолды басқарып,
Зор үнмен ұран салайық.

ҚАЙРАН ЖЕР

Алыста қалып, қайран жер,
Елестеп көзге жасыл бел.
Бал-бұл ұштың көзімнен,
Керей-Уақ қалың ел.

Масасыз жерді жайлаған,
Жорға мен нарды айдаған.
Қымыз бен ішіп шұбатты,
Ақыны топта сайраған.

Жаздың күні болғанда,
Бие мен інген байлаған.
Сауық құрып, өн салып,
Бозбаласы жайнаған.

Бөйге, тұлпар аттарды,
Кермелерге байлаған.
Кешкі, таңғы салқында,
Қаршыға сап сайланған.

Ақ ордаға түстеніп,
Меймандары жайланған.
Батырлары ту ұстап,
Беліне семсер байланған.

Егін егіп көктемде,
Күзде өнімін мол алған.
Орманда ішкі алаңда,
Қысқы мекен жай салған.

Кедейі де, шаруасы,
Үйлерін шымнан қалаған.
Жарлысы да, байы да,
Керте қора жасаған.

Қалың ағаш ішінде,
Ашыққа ауыл орнаған.
Қыстың күні болғанда,
Боран мен желден қорғанған.

Теріскей СарыАрқаны,
Мекендеген елдерім.
Өрқашанда ауылдар,
Пайдаланған көлдерін.

Көп бөлмелі шатырлы,
Қатарлап ағаш үй салған.
Берішінен қызыл қайыңның,
Мөлшерлеп ойып түйме алған.

Балташы, ағаш шеберлер,
Шығарған ойып тостаған.
Домбыраның шешенін,
Теректен ойып жасаған.

Қыста сауып қысырды,
Мырзалар ішкен қымызды.
Қымызға қанған бозбала,
Жалықпай тартар сыбызғы.

Жылқысы мен қойлары
Алты ай қыста қар тепкен.
Қыс аяғы созылса,
Қар аршиды күрекпен.

Шым, ағаш, керте үйлерге,
Қос терезе орнатқан.
Алғыр тазы көп ұстап,
Қасқырдан қойын қорғатқан.

Керей-Уақ қалың ел,
Өнерлі жұртқа баланған.

Мекендеп Батыс Сібірді,
Халқына қорған саналған.

Қолөнерін дамытып,
Бұйымды түрлі жасаған.
Шеберлері мал тауып,
Қазы-қарта асаған,

Ертіс, Есіл, Тобылдың.
Тоғайларын мекендеп,
Ыдыс-аяқ жасайды.
Сырлап ылғи көркемдеп.

Қымыз бенен шұбатты,
Қыста ел-жұрт сағынар.
Бұзауласа сиыры,
Көңілі шаруа табылар.

Сиырдың сүтін ұйытпай,
Камфора қосып ашытар.
Солай жасап қымызды,
Жігерін жарлы тасытар.

Көктем келіп, қар кетіп,
Жер аяғы кеңейсе.
Рахаттанар халайық,
Балалы малы көбейсе.

Жер құрғап, көк шыққанда,
Боз үй тігер жарысып.
Инген, бие байлайды,
Бір-бірінен қор алысып.

Осылай жарлы, мырзаның,
Күн көрісі басталар.
Шаруасы ондалса,
Жарлы-жақыбай жасарар.

Бозбалалар жаз болса,
Алтыбақан құрады.
Қыз-келіншек сән түзеп,
Жиналып сонда тұрады.

Екеу-екеу бөлінер,
Әткеншекте тербелер.
Ән салуды кезекпен,
Қыз-бозбала жөн көрер.

Таныспақ болды сұлумен,
Бозбалалар үміткер.
Қызға сылқым көрінер,
Сері сымақ жігіттер.

Биязы мінез бойжеткен,
Тұрады ылғи сызылып,
Сондай қызға бозбала,
Көп қарайды қызығып.

Жібектей болып жұмсарып,
Өңдірлер тұрар қиылып.
Құрбыларын кейбір қыз,
Шақырады бұйырып.

Әткеншекте тербеліп,
Қосылып өнге салады.
Осылайша жастардың,
Бар дегені болады.

Арнаулы үйге той болса,
Қыз-бозбала жиналар.
«Хан жақсы» ойын бастарда,
Хан мен ханыша сайланар.

«Көрші» ойынын ойнауда,
Екі-екіден бөлінер.
Татулықтың белгісі,
Орын ауыспаудан көрінер.

Орамалды ескізіп,
Ханы уәзір белгілер.
Татулығын көршілер,
Уәзірге білдірер.

Болмаса тату сыңары,
Алатын көрші ән салар.

Бермейтін болса көршісін,
Уәзірден (оны) сұратар.

Бермеген болса көршісін,
Оған да әнді шырқатар.
Алты ауызы ауылдың,
Әуелі сонда айтылар.

Жүргіз деп ойын төртіппен,
Уәзірге хан бұйырар.
Ортаға қойған тақтарда,
Хан, ханыша отырар.

Жаздың күні болғанда,
Әдетте хан жайлауда.
Ас пен тойлар көп болар,
Белгілі уақыт толғанда.

Ойын өтер сан алуан,
Белдеседі көп балуан.
Мергендер атып теңгені,
Көкпаршылар серке алған.

Жарыстырып бөйге атты,
Балуандар күшін сынаған.
Өлең айтып, өн шырқап,
Ақындар басын құраған.

Ат үстінен иіліп,
Құюлы қымыз шарадан.
Тілімен жүзік алғандар,
Ерекше көпке ұнаған.

Думанды солай өткізген,
Қайран жер қалды артымда.
Қобыздан күй шерткізген,
Сәйкестеп жиын шартына!

ҒАЙНИ ҚЫЗҒА (Жоқтау)

Иманбай иен Бегатар,
Қабыланбай, Таңатар.
Иманәлі, Ысмайыл,
Уәли, Қали, Сабалақ.
Ең кенжесі Ысмағұл,
Қалдыбайда он ұл бар.
Он ұлы да жауынгер,
Дұшпанға жебе боратар.
Он ағаға еркелеп,
Мақсұтыма жетем деп,
Айтады екен Ғайни қыз.
Жақсыға әкем берер деп.
Қалдыбайдың жалғыз қыз –
Ғайни сұлу еркесі.
Жылқыдан мінген сол жұлдыз.
Астында жорға бөртесі.
Ауылға шапқан жендеттен,
Қамықпай гөзел өр беттен.
Найза ұстап жауға шапқанда,
Оққа ұшқан бикеш кенеттен.
Ауылды жендет шапқанда,
Сол күні ерлер жоқ еді,
Ғайни қызды құлатқан,
Әпесер атқан оқ еді.
Солдатты түйреп етектен,
Найзамен іліп тастаған.
Атыларда жас сұлу,
Ұрысты солай бастаған.
Әпесерді айтақтап,
Бәйеке сұлтан атқызған.
Гөзелдің аппақ денесін,
Қызыл қанға батқызған.
Ғайнижамал оққа ұшқан,
Топырақ қауып жер құшқан.
Айырылды деп Сегіз жарынан,
Табалапты қас дұшпан.
Қызы үшін Қалдыбай,
Алмақ болды жаудан кек.

Қолдадым қайын атаны,
Жауыздарды көріп жек.
Келе жатып Ғайниға,
Кез болдық жендет-солдатқа.
Түскенде жаулар ылдиға,
Қамшы бастық біз де атқа.
Ғайниды атқан жендеттің,
Осылар екен жартысы.
Құтқармай жауды еңіретті.
Біздей ердің қамшысы.
Шаң болды тоғай бауыры,
Істің болмай тәуірі.
Қосыла алмаған жарына,
Қайғының екен ауыры.
Ғайни сұлу жар үшін,
Шашылған нақақ қан үшін.
Әпесерді шаныштым,
Төгілген жаудан ар үшін.
Разы болып маған да-ай,
Бетімді сүйді Қалдыбай.
Алғыс айтты Таңатар,
Ысмағұл, Қали, Қалдыбай.
Рахмет айтып сыйлады,
Ғайнидың он бауыры.
Ортақтасты қайғыға,
Ағайын, туған, ауылы.
Ысық, Беріш, Таналар,
Ауыр іске қайғырар.
Байбақты, Серкеш жиналды,
Жас өлімге қиналды.
Қалдыбайды жұбатты,
Қайғыға ерді қимады.
Жер бауырлап жылады,
Ғайнидың туған анасы.
Ажарды тағы жұбатты,
Елінің бек, би, данасы.
Топырақ салдым жарыма,
Сұлу да аппақ нарыма.
Қосыла алмай гөзелге,
Таңба болды арыма.

ОРАЛ ТАУ (Тарихи толғау)

Нияз бен мен екеуміз, бейне егіз,
Сөздерім арық болмай, шықсын семіз.
Керейде Шақшақ бидің немересі ем,
Атандым бұл күндерде қашқын Сегіз.

Сыйынып Алла, әулие, аруаққа,
Құдая, жол ашқай деп біздің баққа.
Жетуге Орал тауға мәжбүр болдық,
Тор құрып, патша әкімі әрбір жақта.

Жаратқан қадір Алла, рахымың мол,
Пендеңді біз сияқты етпегей қор.
Дәм айдап Орал тауға келіп қалдық,
Алдымнан құрғызбағай дұшпаннан тор.

Бұлттардан тұратұғын киім киіп,
Көп таудан Орал таудың шыңы биік.
Бөленген ой мен қыры көк торғынға,
Жаратқан мұны ерекше тәңірім сүйіп.

Үш Еділ, Орал, сенен басын алған,
Қонысқа оларды Естек таңдап алған.
Құрайтын Башқұрт жұртын Естек-Қайсақ,
Үш өзен тоғайына қыстау салған.

Мекендеп бөктерінде қалың Әлім,
Кәпірмен соғысқаны көпке мәлім.
Төртқара, Алты Шекті, Қарасақал,
Кезінде сайран еткен түзеп сөнін.

Орал тау, саған дейін Қапты көрдік,
Жер жаннаты екенін анық білдік.
Ән салып Ноғай-Құмық ауылында,
Қаптауы елдерінен құрмет көрдік.

Ноғай-Құмық халқына көмектесіп,
Соғысып ата жаумен бір қыс жүрдік.
Қаптауы мұсылманына жанашыр боп,
Шайқасып кәпірлерге соққы бердік.

Қажымұрат найыбқа сенімді боп,
Қол бастап, жауды жеңдік көңілді боп.
Дағыстан ерлеріне жәрдем еттік,
Соғыста қимылымыз өнімді боп.

Біз жүрген аңғал қазақ боздағы едік,
Жұрт болу жайын сөз қып қозғап едік.
Орынбор, Омбы ұлығын шошытардай,
Әдептен артық кетіп, озбап едік.

Ерлікпен демесек те, тонған астық,
Кәпірдің соңға түскен желігін бастық.
Қоршалап қалың солдат келсе дағы,
Дұшпанға алдырмады қайран жастық!

Орал тау, көрдім бүгін биігіңді,
Айырылып иең тартқан күйігіңді.
Иеңнен ата дұшпан тартып апты,
Мен саған жүргізе алман билігімді.

Орал тау, болдырмаспыз сенде соғыс,
Боларсың біздер үшін жайлы қоныс.
Қазақ пенен Естекті қуып тастап,
Өзіңе ие бопты-ау кәпір орыс.

Қоныс қып күңгейіңді Кіші жүздер,
Қалдырған Қазақ, Башқұрт сенде іздер.
Дұшпаннан қорғануға қолайлы деп,
Ту тігіп, етегіңе түстік біздер.

Мұсылман тілесе де тыныштықты,
Кәпірлер жүрген емес ерегіспей.
Сақтауда, Орал, сені ата жаудан,
Ерлерің қалған емес көзге түспей.
Елдігі Естек, Қазақ ұмыт болды,
Өткен күн секілденіп көрген түстей

Ертеде Алдар, Көсем ерлер өткен,
Олар да, Орал, сені қорғап кеткен.
Сақта деп тіршілікте жер-суыңды,
Екеуі ұрпағына мирас еткен.

Адасып Ағнал хан данышпаның,
Кінәсін түсініп сол арыстаның.
Қазақпен бірігуді жөн көріпті,
Қате деп сұм патшамен табысқаным.

Ойламай Башқұрт халқы болашағын,
Петрге қызмет еткен алғашында.
Кейіннен Естектерге жаны ашып,
Мұсылманмен бармаған жауласуға.

Кәпірден көрген қорлық болып себеп,
Жасауға бір-біріне ылғи көмек.
Кіші жүз Әбілқайыр ханға елші салған,
Жүруге бірін-бірі қолдап-демеп.

Башқұрттан Қарасақал елші барған,
Бірлесу жайын сөз қып баяндаған.
Жағынған кәпірлерге Әбілқайыр,
Елшінің жарты құлағын кесіп алған.

Елшіге жөбір-жапа көрсеткен соң,
Әбілқайырдан Ағиал ханның көңілі қалған.
Орысқа бодан болу жағын көздеп,
Қазақтан Әбілқайыр оқшауланған.

Бұл істі қазақ, башқұрт, орыс біледі,
Сөзімнің бөрі шындық, емес жалған.
Ежелден бергі дәстүрде,
Елшіге жаза жоқ болған.
Әбілқайыр салт бұзып,
Орыстарға жақ болған.

Ағиал хан қазақтарға өзі барған,
Ханымен орта жүздің кеңес құрған.
Бірігіп жұрт болуды сөз еткен соң,
Сәмеке Естек бегін қонақ қылған.

Бірікпек бізбен Башқұрт ойы бар деп,
Сәмеке Қазыбек биге хабарлапты.
Қаз дауысты Қазыбек қарсы болмай,
Талабын Ағиал ханның мақұлдапты.

«Башқұрт пенен Татардың білген жайын,
Қожаберген жыраумен ақылдасқай.
Егерде ол данышпан қабыл алса,
Қазақ пенен Естектің басын қосқай», –

Деп ханға Қазыбек би ақыл берген,
Қожаберген білгенін мақұл көрген.
Сәмеке Қазыбектің сәлемімен,
Керейге Ағиал ханды ертіп келген.

Олар кеп бабамызға сәлем берген,
Қожа-екең келгендерін жақсы көрген.
Қонақты Сәмеке хан таныстырып,
Мән-жайды қарт сардарға мәлімдеген.

Бабамыз екеуін де мейман етіп,
Ерлерге пайдасы мол кеңес берген.

Қожа-екеңнің алдында құран ұстап,
Хан мен бек бірікпек боп серт етіпті.
«Орыс ұлық шақырса, барма, ұлым», – деп,
Бабамыз Ағиал ханға ескертіпті.

Бұны естіп мәжілістегілер шаттаныпты,
Әлеумет туыстықты еске алыпты.
Алдында бабамыздың уағадаласып,
Хан мен бек өз жөніне аттаныпты.

Үш жылдай қазақтармен қатынас жасап,
Башқұрттардың жағдайы оңдалыпты.
Соны көрген орыстар қауіп ойлап,
Кедергі жасау ісін қолға алыпты.

Еске алмай Орта жүздің достық сөзін,
Ағиал хан орыстардан алданыпты.
Әбілқайыр мен жандарал ақылдасып,
Құртуға Башқұрт бетін қамданыпты.

Ұмытып қазақтарға берген сертін,
Кәпірден Ағиал хан ұтылыпты.
Келісімге Орынборға барамын деп,
Қолына жандаралдың тұтылыпты.

Кіші жүз Әбілқайыр хан босқа алжасып,
Елшісін Башқұрттардың қарсы алмаған.
Жандарал Ағиал ханды дарға асып,
Есіл ер мақсұтына жете алмаған.

Орынбор ол жылдары тым жас қала,
Қоныстан жұрт айырылып, көңілі ала.
Елшінің құлағын кесіп, ерді өлтіріп,
Кәпірлер Естектерге салған жара.

Түбі бір Қазақ, Башқұрт – ұялас ел,
Бірлесіп жұрт болуды етсе де арман,
Бастарын қос халықтың қоспау үшін,
Әбілқайыр мен жандарал бөгет болған.

Бір туған Қазақ, Башқұрт – ағайынды ел,
Бірлесіп іс тындырған тағайынды ел.
Жауына тізе қосып, қарсы аттанған,
Таң қалған бірлігіне маңайында ел.

Бұл кезде екі елдің де құты қашып,
Кәпірден азап көріп, қалды жасып.
Ойлаймын қос жұрттың да болашағын,
Мұсылман қауымына жаным ашып.

Орал тау, шыңың биік көкке өрлеген,
Көрсен де болып тұрсың түк білмеген.
Жерге тоймас мылтықты кәпір келіп,
Қазаққа, Башқұртқа да күн бермеген.

Қызылжар өлкесінен келдім қашып,
Деген соң Орал таудың қойнауы ашық.
«Ғұмырлық серікпіз!» – деп, қол ұстасып,
Өзіңе паналаған нелер ғашық.

Орал тау, саған жырдан шашу шашам,
Суындай Ақ Еділдің шалқып тасам.
Көруге шындарыңды талап қылып,
Алдыма мақсұт қойғам әлдеқашан.

Ел кезген, өнер қуған сал-сері едік,
Ата-ана ерке өсіріп аялаған.

Атандық әрі батыр, әрі қашқын,
Аралап орман, тауды саялаған.

Демейміз елден асқан біздер мықты,
Айтпадық асылық сөз ұқсаң тіпті.
Қашқын боп жұртты кезіп жүрсек дағы,
Үш жүзге сардар Сегіз даңқым шықты.

Құлпырған жасыл кілем жерің қандай,
Өзіңде туған гөзал ақша мандай.
Көрген жан Қазақ, Естек сұлуларын,
Есінен болған шығар жаңылғандай.

Орал – сен көп таулардың серкесісің,
Басқадан жотаң биік өркештісің.
Бітеген екі құрылық ара жігін,
Шынында, жалған дүние еркесісің.

Ежелгі Түрік атам аймағысың,
Асылсың – жер біткеннің қаймағысың.
Мекендеп қойнауында ғаріп-қасер,
Күнелтіп жойған сенде іш қайғысың.

Етектен шыңға қарай өрлей өскен,
Орманды көрген жанның көңілі өскен.
Ағаштың бас жағына қараймын деп,
Талайдың бастан бөркі жерге түскен.

Құлдилап шыңдарынан төмен құлап,
Сарқырап ағып жатыр сансыз бұлақ.
Жайылып жағасында елік, марал,
Секіріп ойнақ салған ерке ылақ.

Мен – Сегіз, шыңдарыңды шырқап басам,
Асудан өте биік атпен асам.
Аңшымыз һәм серіміз жай жүрген деп,
Ұлықты сендірмек боп қадам басам.

Еркесі ата-ананың болдық қалқа,
Біз едік орта жүзден шыққан марқа.
Орал тау қойнауында қобыз тартсам,
Көзіме елестейсің, қайран Арқа!

Сарарқа, әсем жерсің бейне жаннат,
Біз туып терістігіңде, кидік манат.
Қайтар ем, Арқа, саған күнде барып,
Өзіме ұшатұғын бітсе қанат.

Тұлпарды жал-құйрығын сүзіп міндік,
Семсер мен наркескенді белге ілдік.
Орал тау, бөктеріңе шатыр тігіп,
Аралап сай-салаңды шолып жүрдік.

Мен – Сегіз, Қап тауында шыңға барғам,
Қыранның балапанын тормен алғам.
Өсірген жақсы баулып сол бүркітім,
Наурыздың бас кезінде қасқыр алған.

Шыңыңа, Орал, сенің еппен барам,
Баласын ақиықтың тормен алам.
Алла оңғарса, қыранды дұрыс баптап,
Аюға, қасқырға да соны салам.

Біз бүгін келіп қондық жаңа орынға,
Жолықпай аңдып жүрген торуылға.
Сарбаздар, қасыма ерген өтіндіңдер,
Басайын алғашқы әнім «Назқоңырға».

Біз бүгін елден ұзап шығыппыз шет,
Әр елдің боздақтары ең адал ниет.
Менен соң Нияз құрдас шырқап салсын,
Алғашқы әндерімнің бірі еді «Ақбет».

Әнім бар «Ойлан, Ақбет», «Қош бол, Ақбет»,
Жігіттер, үйреніңдер, қойып ниет!
Үш жүзге тіршілікте таратыңдар,
«Шығарған Сегіз сері әндері!», – деп.

Шығардым «Ғайни» әнін білесіздер,
Құлаққа жырларымды ілерсіздер.
Жаттаңдар «Айман-Шолпан», «Қыз Жібекті»,
«Сегіздің қиссасы», – деп жүресіздер.

Ғашықтық дариясына салып қармақ,
Шығардым «Қыз сипатын» Ғайниға арнап.

Ол жырды жаттап алып, көп елге жай,
Сіздерге осылайша салам салмақ.

Берілген өлең-жырға жан мен тәнім,
Түрлентем Алла жазса, топтың сәнін.
Бақытжамал гөзелге шығарып ем,
Шырқалсын ас пен тойда «Жылы ой» өнім.

Найзагер, садақ тартқыш, балуан, мерген,
Таңдаулы үш жүз сарбаз соңыма ерген.
Тәңірінің бұ да болса берген бағы.
Қолбасшы батыр болдым дүрілдеген.

Башқұрттың ауылдарын аралап біз,
Құрармыз көп кешікпей ойын-сауық.
Есен боп жұрт сеніміне ие болсақ,
Инше Алла, бола қоймас қатер-қауіп.

Аяғын мәселенің айтсақ сайып,
Көзінен патша әскері болдық ғайып.
Бүркіт пен тазы баптап, аң аулаймыз,
Ешкімге соқтықпаймыз жолдан тайып.

ҚЫЗҒАЛДАҚ

Сыр бойы болғанында бейне Иран бақ,
Мақпалжан айналайын, сіз қызғалдақ.
Сіздерге дәулет пен бақ қонған екен
Аулында жанып тұрған сіз шам-шырақ.
Әдейі еліңізге іздеп келдім,
Болса да елі-жерім өте жырақ.
Айрылып ел-жұртымнан қашып жүрген
Нияз бен мен екеуміз егіз ылақ.
Көз көріп, қолым жетпей қапаланам
Суда біз сазан болсақ, сіз бір шабақ.
Сізбенен кездесуге еттім талап,
Жүремін соның үшін жанасалап.
Секілді Сейпіл-Мәлік, Жамалдай
Отырсақ сұхбаттасып, күліп-ойнап.
Адамзат алғыр ойлы болса дағы,
Біле алмас сырыңызды терең ойлап.

Ойнарқы мінезің бар алдырмайтын,
Жете алмас қулығыңа найза бойлап.
Ақ жүзің раушан гүлдей жайнағанда,
Жігітті сөйлетпейсің тілін байлап.

Ақша жүз, қырлы мұрын, жазық маңдай,
Ат жақты, алма мойын, меруерт тісті.
Лебізің біздің үшін шекер, балдай,
Бота көз, қыпша белің тал шыбықтай.
Сымбатың мінсіз шынар атқан оқтай,
Өрілген құндыз шашың жібек талдай.
Аңқыған бейне жұпар исің қандай?!
Көргенде көркіңізді бек шаттанам,
Аулыңа секілдісіз жаққан шамдай.
Аузың бал, тілің шекер, қойның жұмақ,
Кигенің жібек, берен, құндыз, жанат.
Әрқашан ақыл, қайрат беретұғын,
Сіз серік ер жігітке құйрық, қанат.

Жігіттің арманы жоқ сізді құшқан,
Қамалап тұрса дағы қалың дұшпан.
Бұл күнде дала кезген біз жолбарыс,
Бақ, дәулет біздің бастан бірден ұшқан.
Болғанда біздер болат, сіздер алтын,
Әрқашан сүйсіндірген туған халқын.
Мақпалжан, шыныменен ғашығыңмын,
Көңіліңіз боп жүрмесін маған салқын.
Мінесіз сұр жорғаны шайқалдырып,
Жүресіз ел көшкенде тайпалдырып,
Бейне бір қол жетпейтін шынарға ұқсап,
Жігітті құса етесіз ой салдырып.

Таудағы ақ маралдай ойнақтайсыз,
Секілді сүт бетінде қаймақтайсыз.
Жігітті төтті сөзбен алдап, арбап,
Іштегі сырыңызды байқатпайсыз.
Қалжыңға топ ішінде жалықпайсыз.
Аққудай той-жиында шарықтайсыз.
Судағы қолға ұстатпас балықтай боп,
Өзілде еш құрбыдан қаймықпайсыз.
Би Ғайни хор қызынан айнымайсыз.

Болса егер мекен-жайың бейіш-жұмақ,
Солардың хүлөсін киіп, мінсең пырақ.
Күніне нұр жүзіңді үш көрмесем,
Отырам өз-өзімнен жалғызсырап.
Бір жауап, жылы лебіз айтармысыз,
Жұмбақпен сізге берсем сауал-сұрақ?
Бейне бір ер Фархат пен сұлу Шырын
Серттесіп ақтарайық іштің сырын.
Тірлікте сіздей жарды таба алмаспын,
Егерде айтпақ болсам сөздің шынын.

Осы кез қашқын болып елден безгем,
Боларын қиын істің ерте сезгем.
Іздеген Күләндәмді Баһрамдай
Мен Сегіз ел қыдырып жаһан кезген.
Қолыма ұстап жүрмін ерлік туын,
Сүйсем деймін қыздардың аққұбасын.
Көзімнен туған өлке бір-бір ұшып,
Сағындым көк Есілдің мөлдір суын.
Қызылжар, Маманайым туған жерім.
Арқада қалың Керей шыққан елім.
Жасымнан сайрандаған Омбы, Түмен,
Дариға-ай, қадіріңді білмеп пе едім?!

Қымызға шұбатпенен тоймаған жер,
Қазы, шұжық, қартаны шайнаған жер.
Жүйрікті кермеге әкеп байлаған жер,
Жүрмекке ұзақ жолға сайланған жер.
Асынып қару-жарақ, сауыт киіп,
Басшы боп топ әскерге жайнаған жер.
Аузынан сұлу қыздың ләззат алып,
Кездесіп оңашада ойнаған жер.
Арманның шырқауына бойлаған жер,
Көзімнен сол өмірім бір-бір ұшып,
Жүрекке осы күні байланған шер.

Мен жүрмін боз шұбарды жаратып-ақ,
Өнермен елді аузыма қаратып-ақ.
Ішінде жиын-тойдың қобыз тартып,
Әнім мен өлеңімді таратып-ақ.
Жүрмін ғой ақ боз атты ерттеп мініп,

Құрбымен басты қосып ойнап-күліп.
Сауыт киіп, қолыма найза ұстап,
Асынып қылыш, садақ, қалқан іліп.

Мақпал-ау, мәңгілікке қолыңды бер,
Жүрекке азар салып байлатпай шер.
Баптайын Бозшұбар мен Ханкүреңді
Мақпалжан, серт етісіп соңымнан ер!

ҮБІ БАТЫРҒА

Ассалаумағалейкум, Үбі сабаз,
Келдің бе аман-есен жігіт шаһыбаз.
Оралдың асу-асу белді басып,
Дәм-тұзы елдің тартып, ей, өнерпаз.

Үбі, аман келдің бе, көздің нұры,
Сен келген соң ашылды көңіл кірі.
Алладан достық үшін тілеуші едім, –
Қолда деп ер Үбінің көміл пірі.

Батырым, құтты болсын қадамыңыз,
Қайырлы болсын келген талабыңыз.
Сардар кеп, қашан бізді басқарар, – деп,
Еліңде күтіп отыр адамыңыз.

Түсіп ең абайсызда құрған торға,
Құлатпақ боп жүргенде жаулар орға.
Айдалып Итжеккенге барып қайттың,
Тұтылып қапияда қанды қолға.

Ұстаған хан, патшаның жендеттері,
Бұғаулап аяқ-қолды кісендеді.
Үбідей алып ерлер қашпасын деп,
Абақты терезесін темірледі.

Соны да көзбен көрдің, Үбі батыр,
Кек деген ішіңізде қайнап жатыр.
«Жарлыға теңдік күнді әперем», – деп,
Кезінде ғаскер жинап, тіктің шатыр.

Пісіріп кеудеңізде ерлік нанын,
Қол бастап бұқараға ашып жаның.
Лақтырып шыжым найза, дәлдеп қадап,
Жаулардың шаштың талай арам қанын.

Шығарып денеңізден ерлік буын,
Көтеріп азаттықтың жасыл туын.
Қоршауға ап қан майданда тұтқын етіп,
Шыңғырттың ұлықтардың сұм мен қуын.

Сөзінді тыңдап еді халқың ұйып,
Сол шақта сардар болдың жасақ жиып.
Шамаңша жауға қарсы майдан ашып,
Алыстың жендеттердің мойнын қиып.

Ерлігің аңыз болып ел көшкендей,
Екпінің қатты бопты жел ескендей.
Бұйрығың сарбазға айтқан екі болмай,
Еріпті соңыңа қол өу дескендей.

Шырмалған кемеңгер көп құрған торға,
Болса да нелер жүйрік, шешен жорға.
Өзіңдей асыл ерлер қарсы тұрды,
Халықты зар жылатқан күші зорға.

Қарсы боп патша ағзамға он жетінде,
Қол бастап Сарытауға қонып едің.
Кіші жүз он екі ата Байұлыда,
Ноғайға старшина болып едің.

Ер еріп, кемеліңе толып едің,
Алдағы болар істі шолып едің.
Халқыңның келешегін жастай ойлап,
Арманның мұхитына шомып едің.

Жөн айтып өсекшінің тілін тыйдың,
Дұшпанның ел шабатын мойнын қидың.
«Сары бала, қара қазан қамы үшін», – деп,
Күреске белді буып, сарбаз жидың.

Алынып қолдан кісен, темір бұғау,
Еліңе келдің, міне, енді есен-сау.

Тосқауыл бақытыңа жасамаққа,
Ұмтылар өлі дағы аңдыған жау.

Солардан, ардагерім, сақтанғайсың,
Абайлап алды-артыңды бақтағайсың.
Іріктегі ең сенімді серік ертіп,
Дұшпаннан кек алуға аттанғайсың.

Басташы күресуге елдің ерін,
Тарқатшы жарлылардың қайғы-шерін.
Батырым, жорықтарың сәтті болып,
Әрдайым думан болсын жүрген жерің.

Қарсы алар Кіші жүздей еліңіз бар,
Арыстан, Жанғожадай беліңіз бар.
Батырым, басшы болсаң аламанға,
Қостайтын толып жатқан еріңіз бар.

Есет пен Асанбектей бабаңыз бар,
Исатай-Махамбеттей ағаңыз бар.
Қысылсаң қолдың ұшын бере тұғын,
Алшында Байұлындай панаңыз бар.

Басқарар бұқараны шамаңыз бар,
Хан, патша пұлы жетпес бағаңыз бар.
Ту ұстап, тұлпар мініп, жауға шапсаң,
Еретін Ысық, Шайқы Танаңыз бар.

Ер Үбі, қатарыңның данасысың,
Ақсауыт, алтын тонның жағасысың.
Кешегі Ер Сырымға сардар болған,
Усадай баһадүрдің баласысың.

Дұшпанға өз тұсында бой бермеген,
Қазаққа хан баласын тең көрмеген.
Сырымның дауылдатқан жорығында,
Бабаңыз ту ұстаған Ер Төлеген.

Ер Үбі, бір емес пе біздің мақсат?
Бізге жоқ хан, патшадан енді жақсы ат,
Белгісі шын достықтың көрінер еді,
Қол бастап, тізе қосып, жауды шапсақ.

Енді біз дос болайық қияметтік,
Өзінді кездесер деп үміт еттік.
Тап бүгін сәті түсіп жолықтыңыз,
Мақсатқа ойлап жүрген ақыр жеттік.

Мен келген Орта жүзден едім сері,
Біздерге сарбаз болды елдің ері.
Өзінді дос тұтушы атым сегіз,
Мінгенім түрікпеннің қарагері.

БҰҒЫБАЙҒА АЙТҚАНЫ

Ассалаумағалейкум, Ер Бұғыбай,
Жұрмісің аман-есен, бұлбұлым-ай.
Жұртыңның қамын ойлап жер-су үшін,
Жәңгірмен көп дауласқан түйғыңым-ай!

Алла, аруаққа сыйындық,
Әр тараптан жиылдық.
Жолды болдық жорықта,
Көрсек те ылғи қиындық.

Тұлпар мініп, ту алып,
Жарлыларды қолдадық.
Ұлықтар мен төреге,
Алданатын болмадық.

Арпалысып дұшпанмен,
Жағдайды біраз оңдадық.
Бұғыбай, сізді еске алып,
Ерлерден сәлем жолдадық.

Кіші жүз Алшын ішінде,
Он екі ата Байұлы.
Жұртың еді, Бұғыбай,
Қоныстан ауған қайғылы.

Сол халықтан бөлініп,
Сарысу жаққа өтіпсің.
Ол жерге де тоқтамай,
Алатауға да жетіпсің.

Орыс алып Еділді,
Мекені көптің тарылды.
Қазақ пен Ноғай зар жылап,
Екі жаққа жарылды.

Байұлы халқы ішінде,
Ысықтан шыққан ер едің.
Қуғын көрген Жәңгірден,
Жазықсыз жанның бірі едің.

Тірей алмадың табанды,
Қандағаш пен Жасқұсқа
Жәңгір хан сені қаңғыртты,
Жем болсын деп ит-құсқа.

Ұстамақ болып өзінді,
Жүргеніңде Текеде.
Қақпан құрды жолыңа,
Баймағамбет, Гекке де.

Ұстап алып жолықсаң,
Салмақ болып талқыға.
Алдын ала қамданды,
Шомбал, Шыман, Балқы да.

Ақсары мен Тоғырша,
Ысықтың екі тарауы.
Батып кетті оларға,
Ұлық пен жанның қанауы.

Айтқанымды құп алмай,
Қызмет қылмай кетті деп.
Жазаға бұйырмай болмайды,
Жаулыққа бұрды бетті деп.

Медет пен Қисық өшікті,
Бұғыбай, сені құртам деп.
Құдайсыз жаулар сөйледі,
Кектескенді тұтам деп.

Айналғанын көрдіңіз,
Жұртыңыздың мазаққа.

Шыдамадың, алыстың,
Көнбей ауыр азапқа.

Ерен бүлік сотқар деп,
Хан алдында сөз болдың.
Солдаттар қуған мезгілде,
Еділде бізге кез болдың.

Дұшпанға айбат көрсетіп,
Бұғыбай, сізді қорғадық.
Дәлдеп атып солдатын,
Құтылар, сірә, болмадық.

Төнген соң қатер басыңа,
Акутин қашты алақтап.
Қамшы басты атына,
Екі етегі далақтап.

Қоярдай жалмап келсе де,
Аш қасқырдай жалақтап,
Солдаттар қашты мәстектеп,
Аяқтары да салақтап.

Алғыс айтып біздерге,
Ол жолы кеттің татарға.
Отыз бес жігіт жиып ап,
Іліндің қайта қатарға.

Ақтұма өзен бойында,
Және де жауға жолықтың.
Солдаттар қоршап алғанда,
Қиналып қатты торықтың.

Онда да сізді, Бұғыбай,
Өлімнен алдық құтқарып.
Атысып патша өскерін,
Тастадық қатты тойтарып.

Аялдамай еш жерге,
Атандың ел Адайға.
Бұғыбайды сақтай деп,
Жалбарындық құдайға.

Маңғыстауға бет қойдың,
Алғыс айтып қоштасып.
Сыйладың маған бір семсер,
Ант-су ішіп достасып.

Алайда болып жарты жыл,
Мамырда келдің Жайыққа.
Бола қалдың балықшы,
Ие боп он бір қайыққа.

Елу болды сарбазың,
Ертіп жүрген қасыңа.
Нәсіп қылдың, Бұғыбай,
Қонардай бақыт басыңа.

Қызмет етіп Жәңгірге,
Харамнан тілеп несіпті.
Қарауылқожа желігіп,
Жазықсыз сізге өшікті.

Сөйлесіп жүрген жарыңа,
Қарауылқожа қызығып.
Жамандап сізді ұлыққа,
Дұшпан болды бұзылып.

Қалмақтан құрап жасақты,
Ұстауға сізді аттанды.
Мақсұт етті Жәңгір хан,
Бейбіт жұртты шапқанды.

Өз туысын, өз халқын,
Жылатқанды жөн көрген.
Қолшоқпар қылып патшаға,
Жәңгірге ұлық деп берген.

Алғызбады ақыр жарыңды,
Солдаттар түсіп соңыңа.
Тартып алды барыңды,
Іс айналмай оңына.

Ауылыңды хан тонады,
Он алты үйді талатып.

Жігіттер қашты атпенен,
Ертерек қойған жаратып.

Еркектер түспей тұтқынға,
Жәңгір хан сонда өкінді.
Түрікпен құла ат астында,
Аспанға атыла секірді.

Бала-шаға, кемпір-шал,
Қатын-қалаш жылаған.
Зарланғаны қауымның,
Жәңгір сұмға ұнаған.

Өсек терген Жәңгір хан,
Жас кезінен қағынып.
Қан төгуді қалаған,
Дұшпандық істі сағынып.

Не қыл дейді қазаққа,
Өзіне жүрген бағынып,
Ел талауды ұнатқан,
Патшаға әбден жағынып.

Қашқын ұстап беруді,
Кәсіп қылған Жәңгір хан.
Талап жеуді мүскінді,
Нәсіп қылған жауыз хан.

Алған салық жетпей ме,
Қос-қосынан қабаттап.
Араны ханның ашылған,
Ойлап көрсең салмақтап.

Солдатын салды соңыңа,
Жалындап тұрған шағыңда.
Қандыбалақ ұры деп,
Балта шапты бағыңа.

Перовский, Жәңгір хан,
Ақша тікті басыңа.
Ұстасаң сыйлық берем деп,
Айтты елдің көрі-жасына.

Қашқын боп тағы Бұғыбай,
Елу бір сарбаз қасыңда.
Тоқтаған жерде үш мезгіл,
Қарауыл қойдың асыңа.

Жайықтан өтіп кете алмай,
Амалсыз кейін бұрылды.ң.
Ұлық пен хан қудалап,
Кәсіптен мүлде жырылды.ң.

Сағыз бен Жемге жетуді,
Арман еттің, Бұғыбай.
Паналаған жерің ғой,
Талай рет бұрында-ай.

Жасырындың әр жерде,
Дұшпанның түспей қолына.
Көп аңдыды солдаттар,
Түсірмек болып торына.

Таянған кезде Жайыққа,
Қалың жауға жолықтың.
Басқұншаққа бет бұрып,
Бұғыбай, сонда торықтың.

Басқұншаққа бармақ боп,
Жалтара қаштың құтылып.
Дүркін-дүркін оқ аттың,
Қалмастан жауға тұтылып.

Найзашағыл маңында,
Патша әскері қоршады.
Антонов пен Бородин,
Жалмауызға ұқсады.

Үш топ солдат құрсаулап,
Үш жағыңнан келгенде.
Амал таппай қиналды,ң,
Құмға таяй бергенде.

Исатайға дем берген,
Бұзықтың бірі осы деп,

Сарбазға ат жинаушы,
Махамбеттің досы деп.

Ұстамақ болған оқшаулап,
Жендеттерге жолықтың.
Күдер үздің тірліктен,
Қиынын көріп жорықтың.

Үш топ жендет төнген соң,
Бұғыбай, қатты қайғырдың.
Жау алыстан оқ атып,
Ақыл-естен айырылдың.

Қашқынға қашқын тілектес,
Көңілде ешбір қаяу жоқ.
Және де келдік үстіңе,
Кездесем деген ойда жоқ.

Қарсы шаптық сіз үшін,
Солдаттар атқан оғына.
Құтқармақ боп сіздерді,
Ат қойдық жаудың тобына.

От аттық үш топ құзғынға,
Жолыққан соң кездейсоқ,
Қашырдық жауды еріксіз,
Тілеген тілек қабыл боп.

Іздеген дұшпан кезігіп,
Бастадық бірден ұрысты.
Жауға аямай жұмсадық,
Найза менен қылышты.

Кірген сайын он бестен,
Түйреп тастап жендетті.
Азайтып екі жау санын,
Тайқып дұшпан тез кетті.

Күн болып жауға қарады,
Басшысы тағы жаралы.
Шағылдан әрі қашты олар,
Бола алмай бізге қараулы.

Мұсылманға мұсылман,
Жанашыр болған дұрыс қой.
Қазақты шапқан кінәсіз,
Ұлықтың ісі бұрыс қой.

Мақтанбаймын, Бұғыбай,
Баршаға мәшһүр ісіме.
Тәни балуан кез болып,
Сүйсінді сонда күшіме.

Ғасам ішіп, серт еттің,
Қосылмақ болып қолыма.
Уағдаластың тағы да,
Қоспақ боп сарбаз тобыма.

Алты ай қыстай өзіңді,
Ақбұлақта сақтадым.
Бұғыбай аға мінер деп,
Торы ала атты баптадым.

Елді мінеп-қашайтын,
Емеспін жұрттың міншісі.
Танушы едім тұлпарды,
Болмасам да ат сыншысы.

Алайда оны білмедің,
Көңілде болып алалық.
Бойыңыздан кетпепті,
Әлі күнге балалық.

Жолдасына қасқыр да,
Қас қылмайды деген бар.
Әлде бізді, Бұғыбай,
Дейсің бе ерлер қанқұмар.

Қашқындықтан, дариға-ай,
Бұл күндерде жолым тар.
Ұлықтарға қарсы боп,
Атандық содан «қан құмар».

Жағдайды айтсаң жасырмай,
Беретін ем ғой екі атты.

Ауылыма барып қайтам деп,
Алдап міндің сұр атты.

Мүшесі сұлу болғанмен,
Бәйге ат емес бесті сұр.
Бізден бөлек кетем деп,
Торы ала аттан қалдың құр.

Танымапсың жақсы атты,
Қалдырдың бізге боз атты.
Таңдаулы саяқ атты алмай,
Ұнатыпсың сұр атты.

Олжаға түскен солдаттан,
Көп жылқының бір еді.
Болмаса да сөйгүлік,
Баптап соны мін енді.

Ризашылық алмай біздерден,
Кеткенің, сірә, жөн емес.
Ренішім жоқ сіздермен,
Өкпе айтуым мін емес.

Шаһарларға барғанда,
Таныстым ... бақшада.
Ұсынса да ұлық елшісі,
Қызыққам жоқ ақшаға.

Сақтап едім тоғайда,
Дұшпандар дабыл қақса да.
Қорғасам да өзіңді,
Қоштаспай кеттің, жақсы аға.

Бөкейұғылы Сауқым мен
Қасымұғылы Елекей.
Шерғазыұғылы Жанғазы,
Інісі оның Белекей.

Қуғын көрген төртеуі,
Өз туысы Жәңгірден,
Ордадан қуған ағасын,
Жәңгірдей сұмды кім көрген?

Сізді ертіп кетті деп,
Төрт төрені сөкпеймін.
Өкпеледім, Бұғыбай.
Айтар сөзді бүкпеймін.

Кетем десең, Бұғыбай,
Сізді ұстап тұрмас ем.
Былай да рұқсат етер ем,
Бетті теріс бұрмас ем.

Айыпқа сізді бұйырып,
Ажалдан дарын құрмас ем.
Ортаға келсе несібе,
Ауызыңыздан жырмас ем.

Жасаған ерлік ісімді,
Сатпаймын бірақ, Бұғыбай.
Жақсылықты тәрік еткен,
Харамды табар бір құдай.

Жазығым саған жоқ еді,
Жоламастай маңыма.
Қаракөк жорға ат Құрманнан,
Жібердім сізге тағы да.

Тірлігіңді естіп қуандық,
Таманың ері Құрманнан,
Бірақ шаруаң өнбейді,
Қоқан жақта тұрғаннан.

Төрт жүз сарбаз ертуге,
Келсе де шын шамаңыз,
Дараланып, Бұғыбай,
Жетпеді соған санаңыз.

Аз адам ғана ертуді,
Бұғыбай батыр, жөн көрдің,
Бағаламай ер басыңды,
Жортуылшыға тең көрдің.

Бұғыбай, Құрман – екеуі,
Махамбетпен жолдас деп.

Мұсылманның қашқыны,
Бір-бірімен қолдас деп.

Бұғыбай жоқ боп кеткенмен,
Құрман елде қалды деп.
Жұрттың бәрін азғырып,
Ханға қарсы салды деп.

Қаракебен, Биғана,
Үйіп-төкті пәлені,
Шақырмады Жәңгір хан,
Ел жиып кеңес келелі.

Баймағамбет, Бородин,
Құрманның түсті соңына.
Өлген солдат жаласы,
Кез болды тағы сорына.

Тама Ықылас старшын,
Ұрлатып жолда бәйге атты.
Бір елдікі болса да ол,
Құрманнан көрді сол атты.

Қаншелек Құрман ұры деп,
Ықылас өсек таратты.
Баймағамбет әскерге,
Құрманның үйін тонатты.

Тама Ықылас жел беріп,
Ауылын қоса шапқызды.
Кінәсі жоқ Құрманға,
Үлкен айып тартқызды.

Тартып алды Бәйеке,
Құрман ердің жесірін.
Жай жатқан момын ауылға,
Тигізді ұлық кесірін.

Шабылған Құрман ауылын,
Ырғыздан әрі өткіздік.
Орта жүз Арғын – Қыпшақтың,
Еліне таман жеткіздік.

Жәрдемдес деп оларға,
Тапсырдым Шеген биіне.
Арғын-Қыпшақ жұртының,
Құп көрді Шеген биі де.

Паналады Құрман кеп,
Ақбұлақта біздерге.
Аңдып жүрген жауы көп,
Түсіп жүрген іздерге.

Михайлов пен Дерышев,
Патшаның ізшіл жендеті.
Ауыл шауып ел тонау, –
Ол сұмдардың міндеті.

Жолына қойып тосқауыл,
Қос құзғынды бөгедік.
Қорғап қалдық Құрманды,
Жасанған жауға бермедік.

Осы тұста жетіп тұр,
Сіз жолдаған сәлем хат.
Тірі екен деп қуанып,
Бәріміз де болдық шат.

Алғыс айтып бұл Құрман,
Болды әбден бізге разы.
Кетуіне оның алайда,
Болып тұрмыз наразы.

Шошынып тұр Құрман ер,
Жан-жақтан жаулар қысқанған.
Жөн көрді алыс жүргенді,
Ішкі, сыртқы дұшпаннан.

Ақылдасып ақыры,
Сізге Құрман бармақшы.
Жайлы болса ұлы жүз,
Сонда тұрып қалмақшы.

Тапсырдық сізге Құрманды,
Көрмесін жаттан кемшілік,

Тізе қосып екеуің,
Орнат жұртқа теңшілік.

Бөлінгенді, Бұғыбай,
Әрқашанда бөрі алар.
Алаласа сіздерді,
Қырғызды әрекет аралар.

Ысық жұрты ішінде,
Ақсарыдан шығып ең.
Ұлықпен хан жәбірлеп,
Елден шеттеп ығып ең.

Алшыннан кеттің бөлініп,
Жөңгір хан сізді қысты да.
Сол себепті бардыңыз,
Ұлы жүз елі Ыстыға.

Сәлем жолдап шақырдың,
Серік бол деп Құрманды.
Еш қазақ жақсы көрмейді,
Қоқанға мойын бұрғанды.

Ұлы жүз аға баласы,
Қазақтың о да елі ғой.
Билеп тұрған Үйсінді,
Қоқан ханы бегі ғой.

Естідік ұзын хабардан,
Барғаның Үйсін шеті деп.
Манабына Қырғыздың,
Бұрылып жүр беті деп.

Қашып пенде құтылмас,
Жіберген алла ажалдан.
Көрерсің әлі-ақ қорлықты,
Орман манап тажалдан.

Бара сала қыз алдың,
Ұлы жүз Ысты елінен.
Үйсінге күйеу болдым деп,
Безіп кетпе жеріңнен.

Ауылыңды қорғап дұшпаннан,
Жайыққа көшіріп әкелді.
Еліңе қамқор болып жүр,
Ізбасар деген әпенді.

Ауылына қашып Бұғыбай,
Жайықтан өтті еппенен.
Ойылға жетіп орнықты,
Қоныссыз қалған көппенен.

Еділ менен Жайықтың,
Бойларын түгел жау алды.
Мекендеуге қазаққа,
Қалың сары құм қалды.

Жігіттің мәртi болар деп,
Ұғындым қате өзіңді.
Уәде беріп бізге айтқан,
Жұттың, батыр, сөзіңді.

Көп талдырып көздерің,
Қарай-қарай жолыңа.
Сарбазыңның барлығы,
Қалып қойды тобымда.

Естуші едім Бұғыбай,
Қиындықты көрген деп.
Айсыз меңіреу түндерде,
Жол табатын мерген деп.

Сонан соң ойлап Бұғыбай,
Жолдастыққа жарар деп.
Қиын-қыстау іс болса,
Ерлерге хабар салар деп.

Алайда, Алшын Бұғыбай,
Сегіздің жайын ұқпадың.
Басы ауған жаққа жөнелдің,
Біздің ойдан шықпадың.

Бізде қалсаң, Бұғыбай,
Болар едің жүзбасы.

Жұртты алдап көргем жоқ,
Сөзімнің бұл расы.

Қайда жүрсең аман бол,
Келмеді деп көрмен жек.
Кешірімді жастың бірімін,
Сақтамаймын саған кек.

Халқың үшін дұшпанмен,
Соғысқаның жөн еді.
Сіз сияқты батырлар,
Ел жұртының белі еді.

Ау, Бұғыбай, Бұғыбай,
Жігіттегі түйғын-ай.
Жұртты еркінен айырды,
Залым патша құрдым-ай!

Жақсымен де жаманмен,
Талай мәжіліс құрдың-ай.
«Халқыңнан жырақ кетті», – деп,
Көп налып жүр құрбың-ай!

Аман жүрсек жалғанда,
Сізсіз де жол табармыз.
Қолдап жүрсе алла, аруақ,
Талай жерге барармыз.

Кештім бірақ, Бұғыбай,
Көп болса да айыбың.
Таңдап сүйген Ыстыдан,
Опалы болсын зайыбың.

Шапырашты, Ыстыға,
Қорған болып жүр енді.
Жазмышына тағдырдың,
Бұғыбай аға, көн енді.

Ғайни тірі қалғанда,
Болар едің қайнаға.
Қарындасың өткен соң,
Жат боп кеттің, Бұғы аға.

Бұғыбай, сізді сағынды,
Тептерде Ысты ауылың.
Қайда екен деп іздеп жүр,
Қабыланбайдай бауырың,

Қайтып келсең жұртыңа,
Исатаймен бір болғай.
Әйтпесе бар Саржанға,
Панаң болсын бір құдай.

Жақсылығын ерлердің,
Ұмытпайтын болыңыз.
Адал достан қол үзсең,
Түбінде қайнар сорыңыз.

Көзің жетті, Бұғы аға,
Қыстауды дұшпан алғаның.
Ну мен суды тартып ап,
Жұртыңа қайғы салғанын

Жылдан-жылға тарылтты
Көкорай шалғын қонысты
Шұрайлы жерге қондырды,
Қаптатып казак-орысты.

Түйе үстінен ит қабар,
Арам пиғыл жаманды.
Бит пен бүрге жем қылар,
Сасық, салақ наданды.

Жолдас етпе, Бұғыбай,
Жолықса сондай адамды.
Көлік етпе жылқы деп,
Жүрісі өнбес шабанды.

Жақсыдан да жаманнан,
Кейінгі қалған мұра сөз.
Ел ішіне жайылсын,
Арамызда болған сөз.

Сәлемімді қабыл ал,
Бұғыбай батыр ағасы.

Саған сәлем жолдаушы,
Қашқындардың панасы.

Орта Жүз Керей елінің,
Сегіз дейтін баласы.
Мекен-жайым баяғы,
Ақбұлақ өзен жағасы.

Тарылса егер тұрағым,
Басқа өлкеге кетерміз.
Тыныш дәурен сүретін,
Мақсұтқа бір жетерміз.

ШОҢ БИГЕ АЙТҚАНЫ

Ассалаумағалайкүм, асыл баба,
Үш жүзге даңқың шыққан ардақты аға.
Мен Сізге сәлем бере келіп тұрмын,
Жүрмісіз сау-саламат, қайран дана!

Кезің жоқ сөз таба алмай естен танған,
Бар шығар сенің дағы көңіліңде арман.
Мен сізден бата алуға келіп тұрмын,
Биі деп орта жүзде қыдыр шалған.

Көсем ең ақыл-ойың көміл толған,
Әрқашан болып жүрсің көпке қорған.
Мен сізбен кездеспек боп арнап келдім,
Ер едің жастайынан аруақ қонған.

Бұл сөзім бұрыс емес, нағыз тура,
Батпайды жүзгіш жігіт терең суға.
Тыңбысыз, хал-қуатың қалпынша ма,
Таптаған төрелерді күшті бура?

Басыңнан өтті қызық, мына жалған,
Ер едің ғаділдіктің жолын салған.
Асты деп сексен бірден естісем де,
Жерің жоқ өлі күнге сөзден қалған.

Шоң баба, қарт болыпсың күркілдеген,
Шешен ең көмекейің бүлкілдеген.
Үш жүзге билік айтқан едің тарлан,
Ішінде сансыз топтың іркілмеген.

Шоң баба, асыл болат білексің-ау,
Даулы істе бөйге атындай үдепсің-ау.
Самғаған шаршы топта кемеңгерім,
Халқыңа қартайсаң да керексің-ау!

Азуды көктегі айға білепсің-ау,
Жасыңда ақ сұңқардай түлепсің-ау.
Сауықтың сауыт киген батыры боп,
Тұсына қызды ауылдың түнепсің-ау.

Киінген қызыл-жасыл қыздар көрсең,
Біреуін бере көр деп тілепсің-ау.
Кәрілік көгермейсің, көктемейсің,
Жас асып сексен бірден жүдепсің-ау.

Жоқ, ата, қатарыңнан ерексің-ау,
Айрықша ақыл-ойға зерексің-ау.
Құрыш дене, айлалы көрегенім,
Жез бұйда кілем жапқан үлексің-ау.

Табанды, тым батыл, ер жүрексің-ау,
Халқыңа тыныш дәурен тілепсің-ау!
Жұртына басшы болған ардагерім,
Ғәріпке үлкен пана, тірексің-ау.

Желқабыз, жез тағалы тұлпар-ақсың,
Қоршаған жөпшендіге қамалмайтын.
Мейірімді, қолың ашық, жомарт-ақсың,
Сүліктей ел соруға қадалмайтын.

Сөздерің сарқылмайтын аққан бұлақ,
Ісіңе жұрт сүйсінген халқыңа ұнап.
Тас тисе, тұяғынан от шығатын,
Жібек жал арғымақсың қамыс құлақ.

Шоң ата, мен де орта жүз баласымын,
Жөн көрген әрбір істің жарасымын.

Ән салып, өлең айтып, күй тартсам да,
Ұлықтың ұнатпайтын алашымын.

Ел-жұрттан шеттеп жүрген бір ұлыңмын,
Алла өзі жарылқайды сүйген құлын.
Керейде Шақшақ бидің сегізімін,
Соңына топтап ерткен жігіт гүлін.

Абылай хан, Уәлихан заманында,
Қызылжар уәлаятын биледі атам.
Білесіз Шақшақ балуан кім екенін,
Жұртына болған емес әсте қатаң.

«Сибан аға баласы – сен басқар», – деп,
Есенеіге берген еді өз орынын.
Немересі сол Шақшақтың болсақ тағы,
Біздерге патша әкімі құрды торын.

Қоймаймын ешбір кінә Есенеіге,
Жағдай жоқ бізді қорғар Есенеіде.
Алда-жалда Алтайға өтер болсақ,
Бөгемеу жағын, баба, ескергей де.

Алашқа даңқы шыққан Едіге өкең,
Керейге Баянтаудан арнап келген.
Бес жасар кезіңізде сізді ертіп,
Қожаберген бабама сәлем берген.

Елімде бес жасында мейман болып,
Қожаберген бабамнан бата алғансыз.
Бабамның ықыласы сізге ауып,
Шоң болып сол уақыттан аталғансыз.

Керейден шыққан сардар Жанай бабам,
Жанайдың жалғыз ұлы Ер Бағылан.
Бағыланнан Архат, Фархад, Сармұраттай,
Жауынгер қол бастаған үш ұл туған.

Жанайдың Ашамайлы – арғы атасы,
Қабыл болған ол ердің ақ батасы.
Сібірдің батыс жағын мекен еткен,
Ақиқат, бұл сөзімнің жоқ қатасы.

Болыпты Фархад бабам – ел ағасы,
Халқына түзу болған көзқарасы.
Танаш би, Аббас батыр, Манас мерген –
Үшеуі ер Фархадтың бел баласы.

Архад, Фархад, Сармұрат елін қорғап,
Заманында халқына болған мерей.
Сармұраттан тараған кім десеңіз.
Ұрпағы он екі ата Абақ керей.

Танаштан Балға, Балта туған екен,
Ерлікке жастан белін буған екен.
Балғадан Өзім мерген жалқы туып,
Тұсында ұста дүкен құрған екен.

Өзімді Сыйбала деп еркелетіп,
Жасында жеңгесінің қойған аты.
Ол жайында көнеден мұра болып,
Шежіре қолтаңбамен жеткен хаты.

Әмір Темір көреген заманында,
Ұста Өзім Қарамұрын атаныпты,
Сыйбала-Өзім есімі өзгеріліп,
Жанама Сибан деген ат қалыпты.

Танаштың тұнғыш ұлы Балға ерден,
Туса да жалғыз болып Өзім мерген,
Әкесімен бір туған Көшебеден,
Сыйбала жас жағынан үлкен екен.

Көшебе Танаш бидің еркесі екен,
Бәйбішеден туған ұлдың кенжесі екен.
Ұялас көкжал арлан секілденген,
Балға, Балта жұртының серкесі екен.

Танаш би ел тізгінін қолына алған,
Жұртына қамқор болып, олжа салған.
Соғыста Манас деген інісі өліп,
Зайыбы Сәлимандай жесір қалған.

Айшадай бәйбішесінің рұқсатымен,
Некелеп Сәлиманды Танаш алған.

Туыпты Тарышы ата Сәлиманнан,
Сөзімнің бәрі де рас, емес жалған.

Әзімнің татар қызы анасы екен,
Зайыбы Уақ қызы рас екен.
Өткендердің тарихын жария ету,
Кейінгі ұрпағына мирас екен.

Шоң ата, жасыңыздан болдың зерек,
Біз келген мынау астың жөні бөлек.
Көшейік енді басқа әңгімеге,
Өткеннен таусылмайды айтсақ дерек.

ТУҒАН ЕЛІМЕ

Қайран жұрт, ұмытам ба сені өлмей,
Қалмайсың еш уақытта ойға келмей.
Елдегі туысқандар еске түссе,
Боламын мен қайғылы ойнап-күлмей.
Туған ел, қымбат болдың мұнша неге,
Білмеймін, сонша ыстық па әр пендеге?
Ойымнан қайда жүрсем (бір) кетпейсің,
Көңіліме қағылыпсың болып шеге.
Жасымнан жүрген жан ем өнер қуып,
Қайран ел, есті білдім сенде туып.
Екі жыл кеткеніме болса дағы,
Көңілім қалған емес сенен суып.
Туған ел, сіздер үшін болып алаң,
Дұшпанға қарсы аттанған Сартай бабам.
Талқандап ата-жаудың бекінісін.
Ер болды халайықтан алғыс алған.
Қайғылы белдеу орнауына қарсы болып,
Шақшақтай ағасына ере шыққан.
Серттесіп екі атаммен Марал ишан –
Оларды заманында пана тұтқан.
Қой, түйе қырықтырам деп Сартай бабам,
Жайлаудан күздікке ерте көшіп барған,
Шырт ұйқыда қаперсіз жатқанында,
Ғаскері ата дұшпан қоршап алған.
Түн бұлт, ай қараңғы мұнарланған,
Өтерін бастан дәурен кім аңғарған?

Ұмытпай ішкен суын, жеген отын,
Үйренген хайуан мал да жерге тартар.
Жолы тар қашқын болған әр пенденің,
Сондықтан бұл күндерге шермендемін.
Өнерпаз Сегіз сері десе дағы ел,
Қара жер жұтпайынша, кімдер тастар,
Кәрі мен кетіп жатыр қыршын жастар.
Бір жерде бірге өткізген балалықты
Есіне ала ма екен замандастар?
Дүниенің жолдастығы бекер екен,
Баянсыз дәурен бастан өтеді екен.
Дәм-тұзы тірліктегі таусылған соң,
Жалғаннан пенде тұрмай кетеді екен.

ҚОҢЫРҚҰЛЖАҒА АЙТҚАНЫ

Тығылма, төрем, тығылма,
Жығылма, төрем, жығылма.
Сегіз сері келген соң,
Жан алар деп бұғынба!

Өз басыңа оралып,
Пәле болар іс қылма.
Билеуші сұлтан болдым деп,
Көрінгенге күш қылма!

Бабаң сенің Сәмеке,
Әбілмәмбетпен дауласқан.
Екеуін ел-жұрт қолдамай,
Жүргізіп өсек жауласқан.

Орта жүзді билеуге,
Екеуі таққа таласқан.
Ақырында жұртты қақ бөліп,
Басқармақ боп жарасқан.

Бесінші атаң Өз Тәуке,
Қазақты түгел басқарған.
Басына алмай сырт дұшпан,
Айбарынан жасқанған.

Тұсында жақсы хан болған,
Ел ынтымағын жақтаған.
Дау шешкен ғадыл жан болған,
Бақталас жаулар батпаған.

Сондай жақсы бабаңның,
Атына кір жұқтырдың.
Кеудемсоқтық мінезбен,
Жазықсыз елді бұқтырдың.

Қоңырқұлжа дегенде,
Бір дуан ел зарлайды.
Лағынат айтқан сыртыңның,
Бәрі сені қарғайды.

Аптықпа, төрем, аптықпа,
Шаптықпа, төрем, шаптықпа.
Қанжар салар бір Арғын,
Сен сияқты шарттыққа.

Арғын менен Қыпшақты,
Ел емес деп ойлама.
Жауықтырып жұртыңды.
Өзіңді өзің қинама?

Арғын-Қыпшақ қалың ел
Олардан шыққан сансыз ер.
Сотқарлықты қоймасаң.
Жұтқызар халқың қайғышер.

Әлке, Базар, Жанайдар,
Неге кетті Кенеге?
Сол сияқты асылдар,
Жындыға сендей көне ме?

Өшіккен саған бұрыннан,
Атаман сұлтан Кене де.
Жау түгіл жұртың сенбейді,
Мен мықтымын дегенге.

Ұлыққа ұстап берем деп,
Мені де сырттай даттапсың.

Шамаламай өліңді,
Аузыңды, төрем, бақпапсың.

Мақтанбаймын мен сенше,
Сөйлеймін байқап артымды.
Оңай болмас ұстауың,
Біздей батыр-ақынды.

Мен түгіл, төрем, жетпейді,
Бір сарбазға шамаңыз.
Нанбасаң, сайқал сұлтаным,
Жігітімнің бірімін,
Жекеге шығып қараңыз.

Көрерсің сонда күшімді,
Түсінерсің бірден ісімді.
Сорлы төрем, байқарсың,
Тұтқындайтын кісіңді.

Қарап сөйле шамаңа,
Ерік берме жалаға.
Мақтануды қоймасаң,
Қол тиеді жағаңа.

Жағаңа тиіп қоймайды,
Шабылар басың қылышпен.
Қоштасарсың сом шақта,
Тыңшылық деген жұмыспен.

Көрмей қалдым мен сені,
Кіші жүз Көбек асында.
Ішінді жарып тастар ем,
Төрт ағам отыр қасыңда.

Орданың ішін былғаман.
Сенің харам қаныңа.
Жақсылар мына жолығып,
Араша болды жаңына.

Аузыңды сұлтан тыйып жүр,
Тыймасаң бір күн құрисиң.
Қаһарыма кез болып,
Ашыққан иттей ұлисың.

Шар түсіп зеңбіректен жарылған соң,
Өрт шығып, ыстық жалын қабындаған.
Жайлауда ерте көшкен кезін аңдып,
Сартайдай атамызды жау қамаған.
Қожаберген Шөптікөл жағасында
Адамдар қалың өрттен шыға алмаған.
Ер Сартай жау әскерін кескілеген,
Жай өлмей, көп жендетті ала өлген.
Он жеті ұлы, жүз сарбазы көп соғысып,
Дұшпанға өлмей тірі берілмеген.
Оларды зеңбіректен атқылаған,
Өлігін қылышпенен шапқылаған.
Қолына түскен малды алдына сап,
От қойып ата дұшпан кете барған.
Өрт шалған солдаттарға қарамаған,
Жерлеуге өліктерін жарамаған.
Өзінің адамына мейірімсіз жау
Кісі деп басқаларды санамаған.
Туған ел, бұл сұмдықты көрдіңіздер,
Қайғырып Сартай үшін жүрдіңіздер.
Осындай айуандыққа барған жаудың
Ешкімді аямасын білдіңіздер.
Өлімі Сартай атам жұртқа батқан.
Қайғырып Шақшақ бабам айлап жатқан.
Дұшпаннан ағасының кегін жоқтап,
Әкеміз Ер Баһрам жауға шапқан.
Ортаңнан Марал шықты дабыл ұрып,
Ердіңдер бәрің де оған мойын бұрып,
Көшірді бір тобыңды Құлындыға
Ұлықтар қарт Жәнібекке тұзақ құрып.
Керей-Уақ ол жерге бармай тұрып,
Сол аймақ елсіз дала атаныпты.
Барған ел биелері көп құлындап,
Сол себеп «Құлынды» деп аталыпты.
Кетірді берекеңді сол көшкен ел,
Күйінді жұрты азайып Маралдай ер.
Ұтылды қартайғанда Ер Жәнібек
Бір кезде болғанымен сіздерге бел.
Құлындыға төрт жүйе халқың көшіп,
Керей-Уақ баласы, бағың тайды.
Ол жерге барған елдер ұзақ тұрмай,
«Алтайға ауамыз» деп тартты қайғы.

Ұлықтар алдаған соң амал тауып,
Көпшілігі сандалды Алтайға ауып.
Онда барып шекесі қызбады елдің
Тұрған соң алдан күтіп үлкен қауіп.
Керей-Уақ барған соң көп ұзамай,
Алтай мен Шәуешекті Қытай алды.
Орта жүзге қарасты жер болғанмен,
Шығыс Түркістан Қытайға қарап қалды.
Азшылығың қоныстан қозғалмадың,
Сөзіне патша әкімі алданбадың.
Марал ишан дұшпанмен соғысса да.
Ақ туын қолына ұстап пайғамбардың,
Алтайға халқы ауған соң күші азайды,
Шапқыншы ел пайдаланды ол жағдайды.
Соғысқан жиырма үш жылдай ата жаумен,
Еңбегі Марал ердің болды зайғы.
Болсақ та Марал ісін жалғастырмақ,
Дұшпандар біздерді де алдастырмақ.
Жәңгірдей сұмырайды қарсы қойып,
Қазақты бір-бірімен жауластырмақ.
Сағындым кетсем-дағы, өскен жерім,
Шырылдап тар құрсақтан түскен жерім.
Бірде Қап, бірде Оралда жүрсем дағы,
Қалмайсың ұмытылып естен, жерім.
Көзіме елестейсің, шалқар көлдер,
Орманды, бетегелі жазық жерлер.
Құс салып, ит жүгіртіп, тұлпар баптап,
Өткізген сенде өмірін талай ерлер.
Қызылжар, көп қазаққа арман жерсің,
Талайдан біз секілді қалған жерсің.
Керейде Толыбай сыншы туын тігіп,
Найзасын қанға бояп алған жерсің,
Атыңды Қызылжар деп бабам қойған,
Қондырып саған қосын көңілі тойған.
Жеңістің тойын жасап жарқабақта
Ұстатып асау тай мен тайлақ сойған.
Қантайға сені сыйлап бабам кейін,
Қонысқа Гүлтөбені таңдап алған.
Аралас қарағай мен қайың өскен,
Орманның қойнауына қыстау салған.
Жырласам, ішімдегі шерім тарқар,
Жігіттің, талаптанса, өнері артар.

Менімен көп ойнама,
Жамандық іске бойлама.
Ұстаймын деп Сегізді,
Өле-өлгенше ойлама.

Бұзықтықты қоймасаң,
Көп қылам бұл күніңді.
Түзел деп бетке айтайын,
Әлі де болса мініңді.

Есірік төрем, құлақ сал,
Мініңді айтам, тыңдап ал.
Сол күнәңнан арылғай,
Ел жылатып, жимай мал.

Қоңырқұлжа жексұрын,
Жан-жағыңды жалмайсың.
Жала жауып ерлердің,
Қыр соңынан қалмайсың.

Ақмола дуан халқының,
Бәрін де ылғи қанайсың.
Кінәсі жоқ жалпының,
Ұйтқысын бұзып талайсың.

Тұнығын елдің шайқадың,
Тұтқындап жайын байқадың.
Бас көтерген ер болса,
Тұншықтыра жайпадың.

Алым менен параға,
Қанша алсаң да тоймайсың.
Жақсыны жатқа жамандап,
Сатқындықты қоймайсың.

Төлеңгітке аңдытып,
Жолаушыны тонайсың.
Таңдаулы атын аларда,
Момындарды сабайсың.

Жылатарда ғаріпті,
Өзіңді күшті санайсың.

Ұлық көрсен қорғалап,
Табанын оның жалайсың.

Өзінді-өзің көтеріп,
Ақсүйекке балайсың.
Аямайсың жетім-жесірді,
Жыртқышсың ба, қалайсың?

Көз жасын жұрттың арқалап,
Нашарға суық қарайсың.
Халқыңды сатып патшаға,
Жағынып жүрген малайсың.

Өлгенде, төре, барарсың,
Жеті тамұқ, тозаққа.
Олай болман десеңіз,
Қиянат қылма қазаққа.

ДЕМЕҢІЗ

Кешегі өткен Көтекем,
Қайық емес, кемеңіз.
Артында қалған ұрпағы,
Жолын қумас демеңіз.

Заманында Көтекем,
Жауын жеңген еңсеріп,
Дайындалған жарысқа,
Қолдың қамын тексеріп.

Сарбазына үйрегкен,
Білген соғыс өнерін.
Қан майданда дұшпанға,
Жұмсады найза, семсерін.

Арманда батыр кетсе де,
Ісі өледі демеңіз,
Артында қалған жалпақ ел,
Кегін алмас демеңіз.

Зұлым патша тұсында,
Шайнаспаймыз демеңіз.

Алған соң ұлық қысымға,
Шайқаспаймыз демеңіз.

Басқан әрбір іздерің,
Байқалмайды демеңіз.
Дәулет жисаң харамнаң,
Шайқалмайды демеңіз.

Жұртты қанап жиған мал,
Шашылмайды демеңіз.
Орынсыз керген көкірек,
Басылмайды демеңіз.

Астыртын қылған жаулығың,
Ашылмайды демеңіз.
Аз дәулетке есалаң,
Тасынбайды демеңіз.

Халқын ойлап ер жігіт,
Қиналмайды демеңіз.
Жақсы бала атасын,
Сыйламайды демеңіз.

Тыянақсыз істерің,
Сыналмайды демеңіз.
Талаптыға дүние-мал,
Жиналмайды демеңіз.

Қолыңдағы мысыңды,
Алтын еді демеңіз.
Ерепейсіз ісіңді,
Дәстүр еді демеңіз.

Ептеп ұрлық жасасаң,
Ескерілмес демеңіз.
Жасаған көпке қиянат,
Тексерілмес демеңіз.

Түйінін таппай даулы істің,
Шешемін тез демеңіз.
Талаптанбай бос сөзбең,
Өсемін де демеңіз.

Атқарған ісің белгілі,
Көзге түспес демеңіз.
Қисық басқан қадамың,
Тезге түспес демеңіз.

Көлсіз жерге көл орнап,
Толқынданбас демеңіз.
Көл жағалай көк шалғын,
Жайқала өспес демеңіз.

Жала деген пәлекет,
Жабыспайды демеңіз.
Айла-шарғы қастықпен,
Қабыспайды демеңіз.

Бөлініп кеткен ағайын,
Суыспайды демеңіз.
Өткен істі қу адам,
Қуыспайды демеңіз.

Тілегі бір адамдар,
Қосылмайды демеңіз.
Аққан суды бөгесе,
Тосылмайды демеңіз.

Сегіз сері атанғам,
Көтекеңнен бата алғам.
Ордасында ән шырқап,
Сыйлыққа нар мен ағ алғам.

КЕЛЕМІЗ ӨЛЕҢ АЙТЫП, ӘНГЕ САЛЫП

Келеміз өлең айтып, әнге салып,
Тыңдар деп құлақ қойып барша халық.
Шабытым, шарықташы аспанға өрлеп,
Жұлдыздай бөгелместен жүйткі ағып.

Толқындай қиял шіркін тербетілсе,
Жіберем домбырамды қағып-қағып.
Денемді өлең шіркін кернесе де,
Жырлаймын сабыр сақтап, ізім бағып.

Ән-күйім жұрт құлағына ылғи жағып,
Ешбір жан көрген емес кінә тағып.
Оралдың ақ иығы секілдімін,
Көкке ұшқан бұлтты жара қанат қағып.

Бектердің сайран етпен бақшасында,
Қызықпан бай-көпестің ақшасына.
Бойыма біткен дарын ерік бермей,
Кеудемде жыр қазынасын ашпасың ба.

Өлең-жыр көмейімнен жосылады,
Қобызға әсем үнім қосылады.
Ұлыққа қызмет еткен ақындардың,
Талайы біздей ерден тосылады.

ӨКІНІШ

Өтті деп ер Исатай естігенде,
Қасымда қайғы жеді серілер де.
Қолымда болат қанжар шарт үзілді,
Майрылды тасқа тимей семсерім де,
Шешілді кермедегі арғымағым,
Өшті ме жанып тұрған шам-шырағым?
Айрылып Исатайдай асыл ерден,
Кетті ғой судан таза, сүттен ағым.
Кетіпті қалың әскер бөрі тарап,
Ақбұлақ қаптай қонған екі жағын.
Сұмырай Қайыпқали, сірә, да оңбас,
Тұлпардың адастырған құлыншағың.
Ажырап Исатайдай көсеміңнен
Бұзылды, қазақ, сенің ынтымағың.
Үмітің үзілді ғой, қайран халқым,
Жалп етіп сөнгеннен соң шам-шырағың.

Жігіттер ойнап-күліп жүруші еді
Тарығып, зарығуды білмеуші еді.
Жинап ап ақ ордаға сарбаздарын,
Исатай ақыл-кеңес беруші еді.
Сыйлаған үлкен-кіші, барлық елі,
Думанды базар еді жүрген жері.
Тым-тырыс Ақбұлақтың кең алқабы,

Зарығып барлығы да қайғы жеді.
Ақбұлақ осы күнгі жүрген жерім,
Басшы жоқ, не болады алда күнім?
Қапыда Исатайдан айырылған соң,
Жетім боп қалған жоқ па елі-жұртым?
Жендетке кетпесе де ешбір кегім,
Дұшпанның сындырсам да сағын-белін,
Айрылып Исатайдай асыл ерден,
Көбейді ішімдегі қайғы-шерім.

Үш жүзге атым шыққан Сегіз сері,
Атандым он жетімде қазақ ері.
Ер Сегіз ел қорғаған батыр еді деп,
Үш жүздің ардақтады тамам елі.
Күнде ойын, күнде жиын жүрген жері,
Жігіттің тұсындағы асқар белі.
Жетім-жесір, ғаріптің қамқоры деп,
Ел айтар Сегіз сері – Керейдің ардагері.
Осындай даңққа ілініп жүргенменен,
Көп қазақ қадірімді білгенменен
Айрылып Исатайдай асыл ерден
Мен Сегіз соңғы кезде қайғы жеген.
Ән салып жағасында сан күй шерткем,
Үш қыстай тоғайында мекен еткем.
Сүйікті өзен болған Ақбұлақты
Қалайша жырға қоспай үнсіз кетем?
Тірілмесін Исатайдың көрді көзім,
Жастықта жалындаған бұл бір кезім.
Қоштасып Ақбұлақпен өнге шырқап,
Қия алмай менің мынау айтқан сөзім:

ЕР ИСАТАЙ

(жоқтау)

Өзіңменен кездесіп,
Қылыш сүйіп сертесіп.
Көптің мұңын жоқтаған,
Ер жігітке жөн десіп,
Ғұмырлық деп дос болған,
Мейманға көңіл хош болған.

Хан, патшаға өш болған,
Шонжарлармен қас болған.
Жарлыларға бас болған,
Ғаріптің халін көргенде.
Шерлі болып жүрегі,
Ер көңілі аш болған.
Кіші жүз Алшын ішінде,
Он екі ата Байұлы,
Жайық Беріш баласы,
Бұқара қазақ ағасы.
Басқадан артық бағасы,
Исатайдай батырды,
Мен сегіз бүгін жоқтадым.
Исатайды жырлауға,
Әдейілеп тоқтадым.
Орайда-орай оқ атқан,
Алды-артына тең атқан.
Қырлары өткір жебені,
Үсті-үстіңе боратқан.
Желігіп келген жауларды,
Жерге сүйтіп қаратқан.
Хан баласын жылатқан,
Жендеттерді сұлатқан.
Дұшпанның туын құлатқан,
Исатай мен Махамбет,
Мұңлыларды жұбатқан,
Кедейлерді қуантқан.
Бұқара көппен дос болып,
Хан, патшамен өш болып,
Әкімдерді жайратқан.
Хан отырған ауылға
Сарбаздарын ертіп кеп,
Тал түсте атын ойнатқан,
Офицерін патшаның,
Ұстап алып байлатқан.
Мылтық пенен садақты,
Өзі жөндеп, өзі атқан.
Бас бармақтай бөдене,
Басынан байлап, көзге атқан.
Азулы аңнан бөрі атқан.
Аю мен қабан жолықса,
Сойылмен ұрып сұлатқан.

Бүркітке қасқыр алдырған,
Тазылары бөрі алып,
Көп елді таң қалдырған,
Қара арғымақ қатырған,
Қара лашын ұшырған,
Жігітке сұлу құштырған,
Сұлтандарды жаулаған,
Момынның малын даулаған.
Қамысты жерге барғанда,
Жолбарыс, қабылан аулаған.
Алдына жауын шақыртқан,
Жүгенсіз кеткен ұлықты
Дүреге жығып бақыртқан.
Еділ-Жайық арасын,
Өз еркінше жайлаған,
Ішіп қымыз, шұбатты,
Қазы-қарта шайнаған.
Қаз мойын жылқы айдаған,
Жапанда жортқан құланның
Асауын ұстап байлаған.
Арыстан, барыс аңдарын,
Исекеме жолықса,
Оп-оңай-ақ жайраған.
Ұлықпен, ханмен дауласса,
Халқының қамын ойлаған.
Көсем болып, үлгі айтып,
Қияға терең бойлаған.
Басшы болып сарбазға,
Қол алдында жайнаған.
Тұлпар мініп астына,
Сауыт киіп үстіне,
Қару-жарақ асынып,
Беліне семсер байлаған.
Қазақы ерді жастанған,
Қарт батырдай қасқайғағ,
Қалың әскер басқарған,
Ақтабандай тұлпарды,
Баптап мініп, көп жортқан,
Көк бөрідей түн қатқан,
Санап жұлдыз батырған,
Ұйықтамай таңды атырған.

Патша әкімі жылқысын,
Көсегелі жерлерден,
Көсілге айдап құдырған,
Құлынын жолда тудырған,
Шыңғыртып асау сойдырған,
Жылқы мен түйе етіне
Аш-арықты тойдырған.
Ала болса ағайын,
Араздығын қойдырған.
Асылдан шыққан болатым,
Қарадан шыққан бекзатым.
Жорықта жойқын озатым,
Исеке, сізден айрылып,
Талды менің қанатым!
Ұңғысынан үзілді,
Қайраған өткір болатым.
Қазақ, башқұрт, татар деп,
Елді жікке бөлмедің,
«Мынау төре, қара», – деп,
«Мынау мырза, жарлы», – деп,
«Мынау жақсы, жаман», – деп,
«Мынау әлді, әлсіз», – деп,
Көпті алалап көрмедің.
Соншалық әділ болсаң да,
Жұрт көсемі Иса-екем,
Ұзақ дәурен сүрмедің.
Елуге де келмедің,
Қатты батты халқыңа,
Жау қолынан өлгенің,
Хабарсыз қалып әскерің,
Еркін түрде шайқаспай,
Қырық жетіге келгенде.
Барлауға барған кезінде
Тосыннан жауға жолығып,
Аз ғана топтан жырылып,
Тұлпарыңа оқ тиіп,
Қоршауда қалып ақыры,
Жеке өзің жаяулап,
Дұшпанмен жалғыз ұрысып,
Қапыда қаза тапқаның,
Әскеріңе өте алмай,
Дегеніңе жете алмай,

Қоршаудан шығып кете алмай,
Қылышқа сансыз тұрғылып,
Ардагер батыр Иса-екім,
Ішінде кетті-ау арманың!

ДҮЙСЕН СЕРІ

Өтіпті бізден бұрын Дүйсең сері
Болыпты күнде думан жүрген жері.
Сол ердің үлгілі ісін жалғастырған
Керейде менің атым Сегіз сері.

Атанған Дүйсен аңшы әрі мерген,
Өнерін бабам Көшек жақсы көрген.
Баяғы қазақ-қалмақ соғысында
Екеуі топтан озған бопты мерген.

МАХАМБЕТ

(жоқтау)

Айла артпас ер жігіттің бір басынан,
Талап қып озса құрбы-құйдасынан.
Ерлікті өнерменен қатар ұстап,
Атқардым әр түрлі істі өз басымнан.

Мен Сегіз өлең айтпан текген-текке,
Жағынбан ұлыққа да, хағ мен бекке.
«Дүниеден өтті сарбаз», – дегенді естіп,
Шығардым жоқтау өлең Махамбетке.

Қырандай самғап, шарықтап,
Әрнені білдік анықтап.
Қиялменен көкке ұшып,
Жүргендей болдық қалықтып.

Өтемістің жетінші ұлы,
Махамбет еді ақыны.
Арпалысып жүрсе де,
Алыпты ажал ақыры.

Қырық екіден қырық үшке,
Қараған жаста есіл ер.
Жолығып қалып зор күшке,
Құшқан екен қара жер.

Қара торы, қой көзді,
Орта бойлы, дембелше.
Жазық маңдай, нұр жүзді,
Бет әлпеті өзгеше.

Қою қасты, қияқ мұрт,
Дөңестеу қыр мұрынды.
Мойны жуан, кеуделі,
Иықты кең жауырынды.

Қайратты қара шаш қысқа,
Әдемі шоқша сақалды.
Кеңескенде бас қосып,
Айтушы еді жиі мақалды.

Қиянаты ердің осылай,
Сөз сөйлейтін тосын-ай.
Сұмдарға қарсы аттанып,
Бастап шыққан қосынды-ай.

Қызыл нарға жүк артқан,
Қос тұлпармен көп жортқан.
Ұстатпақ болған жауына,
Дәлдеп садақ ол тартқан.

Атамекен жерім деп,
Еділдің бойын қыстаған.
Ғаріптерге қорған боп,
Жалаулы сүңгі ұстаған.

Сарайшықта медреседе,
Оқып сауат ашыпты.
Діни білім алған соң,
Көп молдадан асыпты.

Арап, парсы, түріктің,
Тілдерін жетік біліпті.

Сөйтсе дағы Махамбет,
Көкірек кермей жүріпті.

Медіресені төмамдап,
Молдалық жолды қумаған.
Көз жұмған ишан болам деп,
Белін өсте бумаған.

Сардарлықты қалаған,
Өзін жүзге балаған.
Шешен боп топта сөйлеген,
Асып кетпей шамадан.

Ғаскерімен патшаның,
Амалсыздан соғысқан.
Неге-десең ұлықтар,
Жөңгір ханға болысқан.

Хан, сұлтанды әрдайым,
Патша әскері қорғаған.
Әсерінен солардың,
Халайық босқа сорлаған.

Қолдаған соң жандарал,
Ел-жұртты хан қорлаған.
Ғаскеріңді әкет деп,
Өтініш ерлер жолдаған.

Талабына ерлердің,
Жандарал құлақ салмаған.
Хан, сұлтаннан басқаның,
Сөздерін қабыл алмаған.

Жандаралдың алдына,
Ешкім батып бармаған.
Қазақтың айтқан арызын,
Ілтипатқа алмаған.

Сан мүсәпір зарлаған,
Хан, сұлтанды қарғаған.
Обал ғой деп оларға,
Ұлықтар көзін салмаған.

Жандарал елге шыққанын,
Махамбет батыр аңдаған.
Жарлының сөзін жеткізіп,
Шамасынша талдаған.

«Шаруаның мұңын айтушы,
Неткен өзі оңбаған?» –
Деді де ұлық шамданып
Ерге шара қолданған.

Қалмыковка шақыртып,
Махамбетті алдаған.
Қоршап жендет сол жерде,
Абақтыға қамаған.

Онан да Махаң жөн тауып,
Босаған бір күн ақыры.
Шықты деп қашып қамаудан,
Қазақтың тентек батыры.

Таратқан ұлық өсегін,
Ұры деп Беріш ақынын.
Ұстап бер деп қайтадан,
Батырмақ жұртқа тақымын.

Тоқтатты бірақ жарлығын,
Көрген соң көптің ауқымын.
Содан бастап патшаға,
Қарсы шықты батырың.

Бейбіт халық қазаққа,
Кигізді мықтап қамытты.
Салықтың түрін көбейтіп,
Топтап салды салықты.

Исатай мен Махамбет,
Төлемеуге салықты,
Қарсы шығып ұлыққа,
Ер екенін танытты.

ҚАЙРАН НАЗАР

Патшаның дүлей күші бейне тажал,
Айтса да өкелем деп көпке ажал.
Исатай-Махамбетті қыстай қорғап,
Жендетті адастырған елсің, Назар.

Жегенің қазы-қарта, жал мен жая,
Ғаріпті паналатып болдың сая.
Өсірдің жылқы, түйе бәрін бірдей,
Күш көлігің болды ат пен үлек, мая.

Шығарып салдың жауды келген қыстан,
Бермедің дұшпандарға ерлерді ұстап.
Қол ертіп Баймағамбет жүрсе дағы,
Сіздерге ете алмады ешбір қыспақ.

Орны етіп Ақбұлақты қалың қолдың,
Екі қыс, төрт жаз сізбен дәмдес болдым.
Ән-күймен жырға бөлеп елдеріңді,
Әрдайым ауылдарға барып қондым.

Бағалап ылғи айтқан сөзімізді,
Мейман қып құрметтеген өзімізді.
Арада достық үшін жорға жүрген,
Сыйласқан ұмытпаңдар кезімізді.

Ұққан соң біздің адал ниетімізді,
Жұрт едің қайтармаған бетімізді.
Сіздерге туысқандай сенгеннен соң,
Мекендеп жаттық тыныш шетіңізді.

Бір шетін жеріңіздің қыстау еттік,
Дос ел деп Назар Шекті қияметтік.
Байтөре, Бөшек, Жүсіп ағаларды,
Әлімнің жақсысы деп құрмет еттік.

Әрқашан Назар дос жұрт деп жүрермін,
Мейман боп елдеріңе кеп жүрермін.
Ұмытпа қадірменді құрбыларым,
Сіздерді тілектес жан деп білермін.

Кіші жүздің ардақты төріндейсің,
Шекті түгіл, Әлімнің беліндейсің.
Жомарттығың, Назарым, баршаға аян,
Өзеннің тасып аққан селіндейсің.

Жау келсе сасқалақтап шегінбейсің,
Дұшпанға оңайлықпен берілмейсің.
Аң аулап, мал өсіріп, (күн) көресің,
Шаруаны атқаруға ерінбейсің.

Жайнайды жігіттерің бейне гүлдей,
Орынсыз қозғалмайды біреу тимей.
Ер жүрек, қоғамшылдық арқасында,
Патшаға жүріпсіңдер басыңды имей.

Болғай да көрі мен жас әркез аман,
Белгісіз алда болар қандай заман.
Құрметті Назар, Шекті, қош болып тұр.
Өрдайым жолығайық есен-аман.

Артық ел жомарттыққа байдан, Назар,
Көп тиген мүсәпірге пайдаң, Назар.
Екіталай іс болса жұртты қорғап,
Дөп тиген дұшпаңына найзаң, Назар.

Ат бердің, азық бердің, киім бердің,
Жайына Исатайдың көңіл бөлдің.
Сен ғаріп ауылыңа паналаған,
Қамқоры болған жұртсың талай ердің.

Исатай, Махамбетті көп қорғаған,
Патшаның ұлықтарын сан қорғаған.
Жарымжан байғұстарды көп есіркеп,
Ер едің нашарларға қол жалғаған.

Дұшпанға салған талай ойран Назар,
Сан рет (жауға) берген майдан Назар.
Қош сау бол көргенімше енді оралып,
Қимас дос, қолы ашық жұрт қайран Назар.

Думанды елің бейне Бағылан базар,
Сауықшыл көңілдісің дертті Назар.
Жастарың қаулай өсіп, жауынгер боп,
Көбейсін малы басың ылғи, Назар!

СЕГІЗ СЕРІ МЕН ШЫНИЯЗ ЖҰБАТҰЛЫ

Шынияз:

Орта жүзде Керейден Сегіз келді,
Өлеңнің дариясы – теңіз келді.
Мұнан артық қонағың бола қоймас,
Әкеліп сойыстық мал сойдыршы енді.

Бұл Сегіз мекен еткен Ақбұлақты,
Назар ел Ақбұлақта ерге ұнапты.
Шектіде Арыстанның үйінде боп,
Бір әсем «Қыз Жібектей» жыр жырлапты.

Болуды Кіші жүзде ұйғарыпты,
Ақбұлақ тоғайында үй салыпты.
Үйінде Арыстанның болған жолы,
Дастанын «Айман-Шолпан» шығарыпты.

Сал Сегіз жырлап шыққан «Тарғын» жырын,
«Ер Тарғын» ертегі еді одан бұрын.
Осындай әрі батыр ақын келсе,
Кім аяр ондай ерден мал пен пұлын.

Шығарған Мақпалға арнап «Гауһартасты»,
Балқытқан өлеңімен тауда тасты.
Хиуалық Құшбегіден жылқы айырып,
Сегіздің басқалардан ерлігі асты.

Ер Сегіз қатарында салтанатты,
Шығарған әсем әнді «Ғайғи» атты.
Тағы да «Әйкен-айдай» ән шығарып,
Өзіне бозбаланы баурап апты.

Айтпай-ақ ұғынарын істің мәнін,
Ертетін сал-серісін түзеп сәнін.
Ақбөпе-ау, Ер Сегізді түсігерсің,
Жуырда естіп ең ғой «Жылы ой» әнін.

Шығарған «Едіге» жырын ақын Сегіз,
Ғаріпке қорған болар батыр Сегіз.

Шықпасақ қарсы алуға ұят болар,
Тобымен жағаға кеп жатыр Сегіз.

Сегіздің бір өні бар «Бозқараған»,
Бозбала ертелі-кеш шырқап салған.
Әдейі мені іздеп келгеннен соң,
Батырды ұят болар қарсы алмаған.

Ассалаумағалейкүм, Сегіз сері,
Үш жүзге атақ жайған ердің ері.
Сән түзеп тобыңызбен келе қапсыз,
Сіз үшін үйіміздің дайын төрі.

Үйінде Исатайдың таныссам да,
Жолығып көрмеп едім содан бері.
Сол жолы аздап пікір алыссам да,
Сөйлесіп тарқамап еді іштің шері.

Келіпсіз әдейі арнап бізді іздеп,
Байұлы да танысатын құрбы ғой деп,
Атағың талай елге жайылған соң,
Сізбенен дидарласу бізге міндет.

Болмаған айтар сөздің құпиясы,
Ауылымның сізге дайын мал-дүниесі.
Сіз болсаң Орта жүзде Сегіз сері,
Мен болам Кіші жүздің Шыниязы.

Батыр менен ақынды сыйлайды ел,
Болған соң ел ардағы кемеңгері.
Өзіңіздей өнерпазды құрмет етіп,
Қонаққа шақыруға жастар келді.

Көп елге мәшһүр болған өнеріңіз,
Жайылды Кіші жүзге өлеңіңіз.
Ауылдың аса сыйлы қонағы боң,
Көрсеткен сый-құрметке бөлендіңіз.

Сегіз сері:

Уағалейкүм ассалам, Шыниязым,
Ішінде көп құрбының шын биязым.

Сөйлеген сөздерінен тез аңғарып,
Басқаның білетұғын құпиясын.

Еділдің ел қоныпты жағасына,
Ем болған жырың жастар жарасына.
Сый-құрмет көрсетпек боп келсең егер,
Қадірлеп Орта жүздің баласына.

Еш пенде дәмнен үлкен бола қоймас,
Тірлікте жүрген жақсы болып сыйлас.
Баласын мұсылманның мейман ету, –
Атадан кейінгіге болған мирас.

Түзеуші ем теріс сөздің бәрін жөндеп,
Өлең сөз қобалжытар жүрек тербеп.
Салдықпен еліңізді көп аралап,
Шамамша салып жүрмін әннен өрнек.

Жасымнан өнер қуып жайдым құлаш,
Атағым елге тарап кеткені рас.
Мастанбан ақындыққа, батырлыққа,
Демеңдер асыра мақтап мені өнерпаз.

Өзіңді құрбы ғой деп іздеп келдім,
Әдейі достасуды көздеп келдім.
Жаңбыршы Беріш Шынияз ауылы осы деп,
Жобалап сұрастыра мегзеп келдім.

Көп алғыс Жұбатұлы ықыласыңа,
Тілектес адамдармыз, ырасында.
Жақсы мен жақсы әркез дос болуы,
Ежелден ата-баба мирасы да.

Ерлерге сыртыңыздан болысамыз,
Біз келдік өздеріңмен достасуға.
Жақсымен тіл табысып жанасамыз,
Жарар деп әрқашан да сыйласуға.

Шешеннің сөйлегенде тілі майда,
Айтыста ақын жігіт табар айла.
Ауылыңа мейман болып келіп тұрмыз,
Құрбылар, жүрмісіндер жақсы жайда?!

Шынияз, өзің баста, жүрейік біз,
Құрбылармен таныстыр, білейік біз.
Орданда мәжіліс құрып мейман болып,
Ән салып, әзілдесіп күлейік біз.

Құрметпен ауылыңа біз барайық,
Жырыма құлақ салсын көп халайық.
Бас қосып әлеуметпен аз ғана күн,
Күй тартып, алуан түрлі ән салайық.

Көркі де ойын-тойдың біз болайық,
Баршаға қызмет ету бізге лайық.
Тілегін көрі-жастың қабыл алып,
Талабын хал хадари орындайық.

КІШІ ЖҮЗ ЕЛІМЕН ҚОШТАСҚАНЫ

Сәлем айт Байұлының баласына,
Махамбет, Асау, Үбі данасына.
Барлауда Ер Исатай қаза тауып,
Кіші жүз қап тұр дұшпан табасыңа.

Алшында толып жатқан дос, есен бол,
Сыйласқан Назар, Шекті ел, есен бол.
Өзіңде қалың жаумен соғысып ем,
Құмшағыл, сайын дала жер, есен бол.

Жағанда талай рет ат шалдырған,
Құрақты Шалқар атты көл, есен бол.
Күй тартып сыбызғымен басып өткен,
Жалаңаш құмдақ, тастақ, сен есең бол.

Арасы Еділ-Жайық Самар дала,
Жер едің майдан ашқан, сен де есең бол.
Үй салып, үш қыс бойы мекендеп ем,
Тоғайы Ақбұлақтың, қош-есен бол.

Күй тартып, ән де шырқап, кернеулетіп,
Орал тау күнгейінен асушы едік.
Салғара(дай) әншінің үніне сап,
Әсем ән – «Жиырма беске» басушы едік.

Сол шақта жастық көңіл тасушы еді,
Біздерден патша әскері қашушы еді.
«Сегіздің сарбаздары шабады», – деп,
Жәңгір мен Баймағамбет сасушы еді.

БАЙМАҒАМБЕТ СҰЛТАНҒА

Айшуақтай сұлтанның,
Тоқалынан туған томар бас.
Ес білген бала кезінен,
Қазақтарға болған қас.

Лайығы жоқ ісінің,
Баймағамбет төре деген нас.
Өмірі сұмның қысқарар,
Он жылға да жете алмас.

Зауал келер жауызға,
Белгі берер алпыс жас.
Мейірімсіз ит еді,
Мансабына болған мас.

Бөрілі мен Шыңғырлау,
Бойындағы елді тонаған.
Геккені ертіп жүретін,
Сұлтан еді оңбаған.

Асқанға да бір тосқан,
Баймағамбет ұзап кете алмас.
Көп қарғысы дөп келіп,
Алпыс беске жете алмас.

Тізесі батып көп жұртқа,
Төктірген еді көзден жас.
Қазасы жетер кісі деп,
Алпыстан әрі өте алмас.

Қиянаты есепсіз,
Іші толған қарғысқа.
Бұғалық түссе мойнына,
Қылғынып өлер алпыста.

Алпыс бес жас жуымас,
Жетпіс кірмес түсіне.
Сүйенем деп қор болар,
Патша әскері күшіне.

Көз алдына ажал келгенде,
Зорлығы түсер есіңе.
Жазасын алар халықтаң,
Асығатын несіне?

Жапа шегіп зарлаған,
Көзден жасы барлаған.
Жетім-жесір көп елде,
Айшуақ ұлын қарғаған.

Өңіріме

Мен Сегіз сүйем туған өңірімді,
Көтерем салдық құрып көңілді.
Қол бастап дұшпаныма соққы бердім,
Жек көрем болашақтан түңілуді.

Байқасам, бойымнан да ойым биік,
Ұнатам өңірімді көңілім сүйіп.
Мақсатым – туған елге қорғаң болу,
Дем бітіп қалғанынша пайдам тиіп.

Мен Сегіз төрт жыл бойы болдым қашқын,
Жырларым көктемдегі бейне тасқын.
Жүрсем де басқа елдерде жасығам жоқ,
Ұлықтың пәле қуған жынын бастым.

Тоқтаттым қашқындықты жиырма бірде,
Халқыма қайта оралып тептім ірге.
Ұлық, купец, графпен көп алыстым,
Сонда де кешірім болды біздей ерге.

ӨЗІМ ТУРАЛЫ

Кеңінен жаяйыншы қанатымды,
Қайрайын өткір етіп болатымды.
Патшаның ғаскерімен соғысқанда,
Білуші ем нысанаға алатынды.

Мен келем өлең айтып, әнге салып,
Тыңдар деп құлақ қойып барша халық.
Шабытым, шарықташы аспанға өрлеп,
Шығатын мезгіл келді топты жарып.

Толқындай тербетіліп қиял шіркін,
Жұлдыздай бөгелместен жүйткіп ағып.
Денемді әрқашан да шабыт кернеп,
Жіберем домбырамды қағып-қағып.

Сөйлеймін алды-артымды ылғи бағып,
Халайық жүрмесін деп кінә тағып.
Секілді Оралтауда ақиықпын,
Көкке ұшқан бұлтты жара қанат қағып.

Қыздардың сайран етпей бақшасында,
Қызықпан бай-көпестің ақшасына.
Бойыма қонған дарын ерік бермей,
Кеудемде жыр қоймасын ашпасын ба!

Өлең-жыр көмейімнен жосылады,
Қобызға әсем үнім қосылады.
Мақтаған ұлықтарды ақындардың,
Талайы біздей ерден тосылады.

Халқымнан сардар атақ алсам дағы,
Болған емес істерімде астамшылық.
Асып сөйлеп көргем жоқ бала кезден,
Деп жүрме, ел, бұл сөзімді мақтаншылық.

ИМАНТАЙҒА БЕРГЕН БАТАСЫ

Дәрежесі бейне хан,
Ер болып өссін балақан.
Ат қой десең балаға,
Есімі болсын Иманжан.

Жігіт болсын өнерлі,
Ел-жұртына беделді.
Қамқоры болсын халқының,
Ақылға дихан кемелді.

Ақын сегіз атанған,
Қазақтың бір ері едім.
Қуанышқа кез келдік,
Сауық құрған Сері едім.

Сөзімнің жоқ-дүр қатасы,
Ғұмырлы бол, батасы.
Қабыл болар әлеумет,
Ердің біздей батасы.

Отырып тойда болып шат,
Тумаға арнап қойдым ат.
Тіледің, бата берейін,
Жиналған көп жәмиғат.

Ашып бөбек ұйқысын,
Тілегіме бірден ұйысын.
Айтылған бата сөздерім,
Құлағына тез құйылсын.

...Асан қайғы бабадай саналы бол,
Ғарыпке өз Жәнібектей паналы бол.
Керейде Дәстем салдай бағалы бол,
Атақты Келден бидей балалы бол!

...Ер Дәулендей халқыңның батыры бол,
Махамбеттей жұртыңның ақыңы бол.
Дау-жанжал болдырмасқа ат салысқан,
Қараменде шешендей мақұлды бол!

Қожаберген бабадай киелі бол,
Көшебе Итемірдей биелі бол.
Базар сайын бес жүзден атан сатқан,
Байұлы Наурызбайдай түйелі бол!

...Маралдай көпке тисін шарапатың,
Шөңкедей арта берсін салтанатың.
Жетім-жесір, жарлыға пана болған,
Жоландай елге тисін шапағатың!

...Тобықты Әнет бидей баталы бол,
Кіші жүз Әйтекедей аталы бол.
Бектердей қамқа киген оқалатып,
Еменәлі Жабайдай опалы бол!

...Балтада Итікедей қарулы бол,
Қанжығалы Жантайдай азулы бол.
Кіші Арғын Жәнібектей ер атанып,
Өлеңде, дастанда да жазулы бол!

...Қазыбектей халқыңның данасы бол,
Қарабастай жұртыңның бабасы бол.
Елін қорғап, дұшпанға соққы берген,
Үш жүздің Бөгенбайдай панасы бол!

...Қазақта өз Тәукедей тақытты бол,
Керейде Есенедей бақытты бол.
Топ болса, қобыз тартып, өлең айтып,
Ән шырқап Салғарадай шабытты бол!

...Үш жүздің Абылай хандай тірегі бол,
Төрт Жанақтай әнші-ақын жүрегі бол.
Әлімде Арыстан ердей биязы бол,
Сүйіндік Құлжабайдай білегі бол!

...Қыпшақта Қойлыбайдай аруақты бол,
Таузарда Алдабектей ардақты бол.
Өз тұсында Сыр елін қорғап өткен,
Найманда Барлыбайдай салмақты бол!

Жауларын ғаскер бастап, ылғи жеңген,
Толыбай сыншы бабадай қолбасшы бол.

Адаспай қараңғыда жол табатын,
Керейде Ақпанбеттей жолбасшы бол!

Сүйіндік Олжабайдай келбетті бол,
Тәтіқара жыраудай зейнетті бол.
Тамада Ер Есеттей ілімді бол.
Таузарда Тобыш бидей білімді бол!

Белгібай, Қуаныштай білекті бол,
Беріште Исатайдай жүректі бол.
Ақыл-ой мен түр-сымбат бірдей келген,
Аулабайдай ажарлы, ретті бол!

Тоқсан бидей көп жасап, жүзге келіп,
Зілғарадай мал-басың өсіп-өніп,
Кетпес байлық, таусылмас қаржылы етер,
Түсіңде көнек берсін қыдыр келіп.

...Жыраудың Бұхар сынды өрені бол,
Жалаңтөстей ғаскердің басшысы бол.
Алды-артын ойлап кесіп-пішетұғын,
Адамның Қарабидей зерегі бол!

...Көшебеде Тәбейдей беделді бол,
Сүйіндікте Көтештей өнерлі бол.
Қарауыл Қанай бидей жауырыншы,
Үмбетейдей жырға бай кемелді бол!

...Өз туысың Шоң бидей қадірлі бол,
Қобылан ақын атаңдай сабырлы бол.
Ел жауының қамалын талай бұзған,
Балтада Тұрсынбайдай жалынды бол.

...Ер Асқаптай шайқаста қайратты бол,
Нашандай қан майданда айбатты бол.
Қабанбайдай жігіттің берені бол,
Сардардың Өтежандай ерені бол!

...Ерсары мен Баяндай әлуетті бол,
Едіге би бабаңдай сәулетті бол.
Ғаскерді ат-түйемен жабдықтаған,
Керейде Тұрсынбердідей дәулетті бол!

...Киікбайдай жұртыңның шешені бол,
Ер Сырымдай халқыңның көсемі бол.
Көшебе Майлы бидей тым көреген,
Даулы істе сөзге ұста, көшелі бол!

...Кіші Арғын Шоқай бидей шалымды бол,
Алшында Ақсуаттай алымды бол.
Адайда Бекет ердей әулие бол,
Таузарда Жанкісідей дарынды бол!

...Күрсары Әлдибектей шешімді бол,
Ашамайлы Тіленшідей кесімді бол.
Құйса толмай, толғандай аспайтұғын,
Шілікші Малдыбайдай өсімді бол!

Соғыста жау қалмақты көп сұлатқан,
Сансызбайдай еліңнің мергені бол.
Тірлігінде қадірлеп ата-анаңды,
Кейінгі үлгі алатын көргенді бол!

...Ұлы жүз Төле бидей айлалы бол,
Кіші Арғын Бөгенбайдай пайдалы бол.
Қиын-қыстау кезекте қоршау бұзған,
Тарақты Байғозыдай айбарлы бол!

...Керейде Тұрлыбектей табанды бол,
Шәукерде Байдалыдай амалды бол.
Қиналғанда ерлерге қайрат берген,
Малайсары батырдай жайдарлы бол!

...Төлебай би бабаңдай қасиетті бол,
Тарышы Нияз бидей өсиетті бол.
Бикеді Манақадай аяулы бол,
Мәуелі бәйтеректей саялы бол!

Тіліне ғазазілдің ермейтін бол,
Дұшпанға тізгініңді бермейтін бол.
Өнерге өсе келе құштарланып,
Қияға құлашыңды сермейтін бол!

Иманжан, айналайын, талапты бол,
Мұсылманша, орысша сауатты бол.

Болашақтан әрдайым үмітті бол,
Қозғанда Тайтекедей билікті бол!

Керей Шондай үйші бол,
Тәттімбеттей күйші бол.
Татулықты көздеген,
Ер Тәшімдей елші бол!

Ер Есімдей бойлы бол,
Жиреншедей ойлы бол.
Маманайдай сиырлы,
Жарасбайдай қойлы бол!

Бақыт құсы қонып басыңа,
Дәулет құс келіп орнасын.
Өзіңдей өңдір асылға,
Еш жамандық болмасын!

Ісінді құдай оңдасын,
Қызыр болсын жолдасың.
Қас ойлаған дұшпанның,
Тілегі қабыл болмасын!

Әулие мен әнбие,
Адастырмай қолдасын.
Көре алмаған жауларың,
Бақытсыз болсын, оңбасын!

Өзіңмен кетпей айтқаным,
Ұрпағыңа да жалғассын.
Қасиет дарын ерекше,
Қалмайтын боп жармассын!

Алла болсын қорғаның,
Орындалсын арманың.
Жағдайлы болып тірлікте,
Опалы болсын алғаның!
Аллаһу акбар!

МУҒАЛ БИГЕ КӨҢІЛ АЙТҚАНЫ

Ассалаумағалайкем, Мұғал аға,
Еліне қыпшақ атам болған пана.
Керейден Сегіз Сері ініңіз келді.
Таппаққа дертіңізге жырмен дауа.
Құлақ сал әр сөзіме зейін қоя,
Тыңдағай айтқанымды көңілің тоя.
Келсе де шарифатқа ісім қайшы,
Өн шырқаймын іштегі қайғың жоя.
Ғазиз ерге бұл дүниеде жоқ-дүр опа,
Әуелі болып келер зауқы-сафа.
Қай түрлі абзал адам болса дағы,
Ақырында көрмей қалмас жәбір-жапа.
Жүзінде сұм жалғанның жүрсе дағы
Даналар мехнат көріп, болған қапа.
Сахылар шаттық дәурен сүрсе дағы,
Опасыз кей достары еткен таба.
Ажалға падишахпен бірдей пақыр,
Мүһмүнләр яки болсын түрлі көпір.
Әр пенде нәубатпенен ажал суын,
Қолынан ғазырейілдің ішкен ақыр.
Ғазырейіл жан алушы даяр тұрар,
Ұзатпай сұм ажалдың торын құрар.
Әркімнің өлшеулі уақыты бітер шақта,
Төбеден жай оғындай келіп ұрар.
Таянып ажал шіркін жеткен шақта,
Шамаң жоқ туысыңмен кеңес құрар.
Қаншалық сахибқыран болса дағы,
Еш болмас қарсы тұрып ұрыс қылар.
Лұқмандай бұл фәниде мың жыл гүрсаң,
Жәмшидтей патша болып, билік құрсаң,
Аристотель, Аплотондай дана болып,
Айтпай-ақ жер-жаһанның ғылымын алсаң.
Ғайсадай масиғы нәпсі болса адамның,
Халилдей отқа күймей тұрса тәнің
Аспаннан құрбандыққа қошқар түсіп,
Исмағұл, Зүбиғолла болса намың,
Әбуғали Ибн Синадай амал қылсаң,
Шөп теріп, дәрі-дәрмек көп қолдасаң.
Ғылымның әрбір түрін меңгеретін
Әбунәсір әл Фарабидей ғұлама болсаң.

Жержістей неше өліп, тіріліп тұрсаң,
Дәуіттей отқа салмай, дүкен құрсаң.
Нух-Нәби пайхамбардай дұға оқып,
Залымның жер бетінде бәрін қырсаң.
Талабың Қап тауындай болса дағы,
Бақ-дәулет бірдей орнап қонса дағы.
Тірлікпен қоштасуың бір күн анық,
Қатардан кемеңгер боп озсаң дағы.
Ғаділ боп харон Рашидтей даңқың қалса,
Атымтайдай жомарттығың мағлұм болса,
Сүлеймендей тақытымен желге ұшып,
Адам, жын, жануар, құс тілінді алса.
Аспанда жұлдыздарды барлап білген,
Болсаң да Ұлықбектей шын ғұлама.
Халыққа насихаттар ілім-білім
Болсаң да Науаидай ақын-дана.
Жанәбілдей көрсетсең дұшпанға айбат,
Мұсадай Кәлимомла қылсаң қайрат.
Ибраһимдей болғанмен ісің құнды,
Жүсіптей болса дағы жүзің нұрлы,
Аюдай хас сабырлы атансаң да,
Қазаға жолығарсың осы түрлі.
Қойлыбайдай дуалы ауыз әулие болсаң,
Ғамалын бұл фәнидің көзбен шолсаң.
Ажалдан адамзатты құтқармақ боп,
Ақылман науқасты емдер дәрі қылсаң.
Рүстемдей асқан мықты болсаң батыр,
Залдай боп қиын істе тапсаң ақыл.
Асфандияр падишадай болсаң дағы,
Тіршілікпен қоштасарсың бір күн ақыр.
Тау-тасты қырық жыл кезіп аралаған,
Орманды мекен етіп паналаған.
Өлімнен қашса дағы қаншалық жыл,
Ажалдан құтылмаған Қорқыт бабаң.
Ферғауындай тәңірмін деп аузыңа алсаң,
Шедаттай жер бетіне жаннат салсаң.
Нәмұраттай бір алламен ұрыссам деп,
Аспанға бүркіт мініп ұшып барсаң.
Ғарындай бай болсаң да дәулеті мол,
Ашсаң да әл-Хорезмдей ғылымға жол.
Афрасиаб патшадай ақылы көп,
Болса да Бозжігіт, Фархад ғашықтардай,

Жалғаннан өтер пенде арманда боп.
Бойына қонған білім, қасиет, дарын,
Ғаламда данышпан жан-пайғамбарым
Алланың бас елшісі-абзал адам,
Баршаға қайырымды боп басқан қадам,
Бір қалса Расул-Алла қалар еді,
Жаралған рахыматымен хақ тағалам.
Әбубәкір, Сыздықтай көреген болсаң дағы,
Ғомардай сыншылықтан озсаң дағы
Ғосмандай аса білгіш, ғұлама боп,
Мырзалық Садуақастай қылсаң дағы,
Ғалидей жомарт батыр, болсаң да піл,
Астыңа тұлпар мінсең жүйрік дүлдүл.
Жиһанкез заманында өнерпаз боп,
Білсең де сөйлесетін өртүрлі тіл.
Хасендай шешен, имам болсаң бұлбұл,
Хусайындай шейіт болсаң жанатта гүл.
Мұхаммедқанафиядай шері болсаң дағы,
Дүниеден өтсең керек ақыры бір.
Хамзадай қамал бұзған болсаң балуан,
Ғаббастай судай шашсаң дүниені алуан.
Жүз жиырма төрт мың пайғамбар мен
Отыз үш мың сахабадай болса дағы,
Жер жүзінде ешкімді қоймас аман.
Әбдірахман халифтей атың қалса,
Темірдей қаталдығың айқындалса.
Өркімнің өр заманда өткен ісі
Жазылып тарих болып қалған нұсқа.
Төрт мәһаф: Имамағзам, Имамшафих,
Және де Имамахмет, Имаммәлік.
Бөлінген мәһафтарға мұсылман халық,
Бастаушы хақ жолына бұлар анық.
Салумен түзу жолға барлығы да.
Көтеріп дұрыс жаққа Исләм туын,
Кеңіген дүниенің тарлығы да.
Шарапатты қариялар қабыл алып,
Өткен екен турашыл жолға барып.
Насихат мүһмүнләрға ылғи айтып,
Үлгі еткен ғәділдікке сүрлеу салып.
Біләлдің ғарышқа дауысы жеткен,
Ғаламға зор үнменен дұға еткен.
Солардың бірде-бірі қалмады ғой,

Болса да дүниеде көп би мен бектен.
Тірі емес сол ерлердің бірде-бірі,
Болса да өздері асыл, істері ірі.
Жалғанда солар аман қалмаған соң
Жүрерміз біздер өлмей, қалай тірі?!
Дүниеден арманменен өтсе керек,
Жақсының ешбірінен болмай дерек.
Ғұмыры көсемдердің қысқа болып,
Шерлі боп өткен ерлер елден ерек.
Қалдырар асыл мұра жеткіншекке,
Көз салар уақыт болса келешекке.
Алладан бұйрықты ажал жеткен күні,
Халымыз не болады келешекте.
Алмадық кезінде ғибрат өткендерден,
Көз салсаң, көп үңіліп ілгеріге,
Жерлеген аға-іні, көмгендерден,
Болмады ешбір хабар кейінгіге.
Жақсы аға, ашып қара ғибрат көзін,
Бекер ме менің айтқан үлгі сөзім?
Мал-мүлік азды-көпті жисаң дағы,
Үш қабат аттанарсың кебін бөзбен.
Есіттім Сіздей аға қайғырғанын,
Амалсыз сұңқарынан айрылғанын,
Қанатың еріксізден қайрылғанын,
Семсерің тасқа тимей майрылғанын.
Көрдік біз жұртыңыздың қажығанын,
Қиналып Сізге жаны ашығанын.
Жорықтан келе жатып, жолда естіп,
Мен-дағы бұл қазаға налығанмын.
Арылып қайғы-уайымнан,
Ақырын тіле Құдайдан.
Орны болсын Көкеннің
Бейіште алтын сарайдан.
Алла алды өзі өуелде сыйлағанын,
Қолыңнан кетті мүлде қимағаның.
Осынша халқың өтініп келгенінде,
Дұрыс па, Мұғал аға, тұрмағаның?!

ЕР ЕСЕНЕЙ

Орта жүздің ішінде
Ашамайлы Керейде
Балға батыр ұрпағы.
Ақылы сай күшіне,
Заманының сұңқары,
Есеней ердің бабасы –
Әріде өткен Ақпанбет,
Жауға тиген болып өрт.
Бергі атасы – Сейіт би,
Өз тұсында болған бек.
Өз әкесі Естемес –
Ел жақсысы ғадыл ед.

Есеней ұлық болды бірталай жыл,
Жайнады билік айтып топта гүл-гүл,
Сескенді айбарынан жүйрік, жорға,
Сөйлейтін түрлі дауда сөзге бұлбұл.

Қара сұр, жарлау қабақ, қою қасты,
Тікірейген қара шаш, үлкен басты.
Ат жақты, кең маңдайлы, қоңқақ мұрын,
Қанды көз бейне қыран айнымасты.

Мойыны жуан, жауырынды, бойы биік,
Жасында батыр болған сауыт киіп,
Батырлық, хандық дәуір қош айтысып,
Бұл күнде болған кезі советник.

Есеней өзін ханға балап тұрды,
Үстінен он дуанның билік құрды.
Талай рубасы – бекзадаңыз
Алдында Есекеңнің құлдық ұрды.

Жақпады Есенейге Бүркеу мекен
Бір кезде Қожағұлдың қыстауы екен.
Көшіріп Нұралыны еріксізден,
Сол жерге штаб түспек болған екен.

Астыртын мұсылмандар әрекет қып,
Бүркеуде штаб үйін қалдыртпаған,

Өрт салып, солдаттарын түгел қырып,
Ұлықтың ойлағанын болдыртпаған.

Қызығып бос қоныс деп қонса дағы
Бүркеуде Есенейге апат келген.
Аманжол, Аманқұлдай екі ұлы
Бір күнде шешек шығып қабат өлген.

Жастық шақ Есенейге қолын бермес,
Жиырма бес енді оның түсіне де енбес.
Сұлулар Ғайнижамал, Қайныкейдей
Тіріліп Есенейге қайтып келмес.

Еш пенде жасырмайды жас шегеріп,
Дариға-ай, күні өткен соң, шын көнеріп,
Ерлердің ұлғайған соң ебі азаяр,
Кәріліктің самалы есіп, белгі беріп.

Қартайған күшті арыстан түк бітірмес,
Шал ойнап жас қызбенен дәурен сүрмес.
Жылатып жас бойжеткен қыз алғанмен,
Бұл күнде Есенейден ештеңе өнбес.

Үш жүзге даңқы шыққан Ер Есеней,
Қойыпты Артықбайды есіркемей.
Шабарман Қазақ деген жезді қамшы,
Ұлпанды тартып апты мүсіркемей...

Пайдасы болмай қалып танысқанның,
Ұлпанжан, Дайрабаймен табыспадың.
Ерке өскен Ерейментау кермаралы ең,
Аузына түсіп кеттің арыстанның.

Артықбай биылғы жыл елу үште,
Бай болғанмен, жоқ еді қара күшке.
Есілге мал салам деп келген байғұс,
Кез болды-ау қапияда қиын іске.

Алғанын бұл Есеней қайтып бермес,
Өзімен дауласқанды жақсы көрмес.
Көз жасы Ұлпан қыз бен Дайрабайдың
Қазақ пен Есенейді шын жібермес.

Қоңыр шаш, қоңыр көзді, алғыр ойлы,
Қара торы, қызыл шырайлы, орта бойлы.
Маралдың қолға түскен лағындай,
Бектерге жаутаң-жаутаң қарап қойды.

ЕСЕНЕЙГЕ СӘЛЕМИ

Сөду інім, барғайсың,
Сәлемімді айтқайсың,
Сарарқадай жерімде
Ашамайлы елінде
Балға батыр ұрпағы
Есенейдей ағаға сәлем де.
Есекем Сегіздей інісіне
Бір ат берсін.
Егер Есекем Сегіздей
Інісіне бір ат берсе,
Құйрық-жалы сүзілмеген,
Үш жыл бойы мінілмеген
Құр ат берсін.
Ірілігі өзімдей болсын,
Беріктігі өзіндей болсын.
Жүйріктігі Аулабайдай болсын.
Жорғалығы Байдалыдай болсын,
Жібек мінезділігі Жоландай болсын,
Сезгіштігі Тәнібайдай болсын,
Мешкейлігі Тілендей болсын,
Мықтылығы Қуаныштай болсын,
Жайлылығы Тәбейдей болсын,
Жүректілігі Белгібайдай болсын,
Сергектігі Есболдай болсын.
Мінез әдемілігі Тәбейдің
Ташмұхамедіндей болсын,
Жүрісі Итемірдің сөзіндей болсын,
Көзі ботаның көзіндей болсын!
Берсе Есекем осындай бір ат берсін,
Мұндай бір ат бермесе,
Сегіз серінің қартайған
Бозшұбары мен ханкүреңіне
Табиғат өзі қуат берсін!

ЕСЕНЕЙГЕ АЙТҚАНЫ

Жарамас бағын байлау ер жігіттің,
Иесі болғаннан соң зор үміттің.
Еркелеп жеткіншектер бүркітті апты,
Жүргенде өуресімен жігіттіктің.

Болғанда азаматтар адал ниет,
Есеке, тіршілікте қайтпасын бет.
Қос құсың салауат боп қалсын бізде,
Жас бүркіт Танагөз бен Шұбар жендет.

Шәуілдір, Желжетпесті өзің алғай,
Қыранды сері алды деп қапа болмай.
Мініп қайт сұр жорғаны көңіл еткен,
Алдына жүрген мал ғой қара салмай.

Серілер, жомарттықтың жолын баста,
Харамға аяғыңды қия баспа.
Бір қасқыр, қалғаны түлкі болсын,
Бас-басына ішіктік тері таста.

САПАРДА

Жасақ ертіп Омбыдан,
Керекуге бет қойдым.
Жол-жөнекей үш түнеп,
Азыққа тайлақ, ат сойдым.

Салт атпен жеттік Ертіске,
Айналды өту зор күшке.
Таңертең жеткен жасағым,
Өзеннен өтті тал түсте.

Азырақ демалған соң,
Мекендеп үй салған соң.
Қалмаққа бердік тойтарыс,
Тағы кеп лаң салған соң.

Бастырмай бері қадамын,
Тұтқынға алып адамын.

Тәртіпке салдық ұзамай
Басы асау шоңар наданын.

Тайшысын атып құлаттық,
Найзалап көбін сұлаттық.
Тәубасын еске түсіріп,
Бұзықтарын жылаттық,

Басшысын алдық кепілге,
Төле деп шығын өкілге.
Босатпадық дәулерін,
Келсе де дұшпан бітімге.

Қанқұмарды тойтардық,
Мал-жанын елдің қайтардық.
Жақсылық қылдық Найманға,
Сансыз алғыс айтарлық.

Жарты ай жүріп арада
Алатауға біз келдік.
Шатыр тігіп далада
Біз азырақ күн көрдік.

Қыстауға елдер қонғанда.
Қойнауға мал толғанда.
Жаулар шыққан жорыққа,
Күз аяғы болғанда.

Шолғыншы(сы) торып кеп,
Айналаны шолып көп.
Сібе, ұраңқай соқтықты,
Жылдағы соңғы жорық деп.

Соқтыққанға кез болдық,
Жауызды түзер тез болдық.
Тойтарып жауды әр тұста,
Көп аузында сөз болдық.

Жүрдің деп елді мазалап,
Бұзығын ұстап жазалап.
Мал-жанын жұрттың қайтарттым,
Қылға тізіп санап ап.

Ел арасын бүтіндеп,
Болсын енді бітім деп.
Босатпадым басшысын,
Шығарған патша үкім деп.

Ұранқай, жоңғар, сібенің
Жорықта есін шығардым.
Қылыш шауып, оқ атып,
Зәресін алдым сұмдардың.

Омбыдағы жандарал
Бізді кейін шақырды.
Алғысын айтып шын адал,
Іс қылдың деп ақылды.

Петербургтен арнаулы
Келген патша төресі.
Біткен соң айым санаулы,
Аялдаймын құр несі.

Таңдап құрған кеңесін
Аз ілтипат жасадым.
Таныстырып төресін,
Қалдырдым Омбы жасағын.

Шығарып салып қайтты олар,
Тоқпақ жері Барлыққа.
Үш күндей сол төңіректі шолып шығып,
Аттандық Қозы-Баян бейітінен.

Ақшәулі, Аягөзді басып өттім,
Бөгелмей Семей жаққа асып өттім
Демалдық Керекудің қаласында,
Мейман боп Арғын-Қыпшақ баласына.
Омбыға өз қолыммен бет түзедім,
Шығып ап Керей-Уақ даласына.

Мен Сегіз, ел жауымен көп шайқастым,
Алтай мен Алатауда майдан аштың.
Осындай болып тұрған заманымда.
Арасын мағлұм еттім дос пен қастың.

ҚОЖЫҚҚА АЙТҚАНЫ

Уағалайкумассалам, Қожығым-ай,
Шулатқан өр өңірді тозығым-ай.
Келдің бе әлде жарлы, әлде байып,
Жылатқан көпестерді бұзығым-ай.

Қайнағаңнан бата алдың,
Жорықта нар мен ат алдың.
Тентектерден қол жинап,
Атаман Қожық аталдың.

Патшадан кешірім алып, қол таратсаң,
Соқтықпай момын елге шаруа бақсаң,
Мал өсіріп, егін сап, сауда жасап,
Дұрыс болар сауық қып тыныш жатсаң.

Кім бөгет болса қолың ұзынына,
Ұқсамай жүрсең адам құзғынына.
Той тойлап, думан құрып, бала өсірсең,
Дүниенің сен батарсың қызығына.

* * *

Мына келген төрт мейман,
Екі бөйге ат жоғалтты.
Бірі құла, бірі боз.
Біліп тұрып айтқаның,
Осы тұрған топтан оз.
Біліп тұрып айтпасаң,
Шіл боғындай болғын тоз.

ЗАМАНА

(Тарихи толғау)

Ақылым болмаса да дария – теңіз,
Өлеңмен жүрген жерге ектім жеміс,
Қазаққа он жетімнен даңқым мәлім,
Ұрпағы Ер Шақшақтың атым – Сегіз.

Әлеумет, өтіндіңдер, сөйлейін сөз,
Үйінде Тәбей ағаң келдік қой кез.

Тілекті сіздер қойған орындайын,
Жырларым алтын болмай, Цықса да жез.

Көптен абырой, алғыс пен алдым жақсы ат,
Жыр айтып теңге алғам жоқ елден қақсап.
Өнерге жеткіншекті баулу үшін,
Насихат айту бізге болды мақсат.

Сыры мол, ішінде көп алтын жабдық,
Кеудесі даналардың алтын сандық.
Сыртынан көз салғанмен білінбейтін,
Қойманы ашпақ болып, кілтін алдық.

Ән шырқап, домбыра, қобыз қолға алдық,
Ерлікпен қатар жүрді серілік-салдық.
Кейінге қалдырмақ боп аталы сөз,
Замана барысына көзді салдық.

Замана жібігенді жүн етіп жүр,
Арудың талайларын күң етіп жүр.
Жыртқышқа бақ-дәулетті үйіп беріп,
Нелер бір ел жақсысын жүдегіп жүр.

Біреуді аз, біреуді көп етіп жүр,
Біреуді малай, біреуді бек етіп жүр.
Қарасаң бұл дәуірдің қалпы жаман,
Біреуді есті, біреуді жын етіп жүр.

Біреудің еткен ісін жазғырып жүр,
Біреудің алдынан ор қаздырып жүр.
Ағымы замананың сондай қиын,
Біреуді біреу арбап азғырып жүр.

Жарлыны надандарға күйретіп жүр,
Жауызға жас баланы түйретің жүр.
Біреулер барымтаны кәсіп етіп,
Қарға іліп, қайың сойыл сүйретіп жүр.

Алпауыт көпке күшін білдіріп жүр,
Құлаққа өктем сөзін ілдіріп жүр.
Батыр деп есалаңды айдап салып,
Қарынын жүкті әйелдің тілдігіп жүр.

Кейбіреу туыс сөзін кек көріп жүр,
Дос санап залымдарға текке еріп жүр.
Сыры мол замананың ашылмаған,
Біреуді жақсы, біреуді жек көріп жүр.

Біреулер мал біткенге мәз болып жүр,
Біреулер екі көзден өз болып жүр.
Бағызы жарлы көңілі жабырқаңқы,
Көңілі мырзалардың жаз болып жүр.

Біреулер дәулет кернеп зор болып жүр,
Олардың төрт құбылысы сай болып жүр.
Ешкім жоқ ақиретке мал әкеткен,
Тірлікте жегендері май болып жүр.

Кейбіреу топты жарған ақын болды,
Біреулер қамал бұзған батыр болды.
«Шешінген судан таймас», – дегендейін,
Кей ерлер өрт мінезді батыл болды.

Бектердің қара басы хан сияқты,
Жұртына айтқан сөзі ем болып жүр.
Тақырлар қипысты іске таң сияқты,
Тоқтаусыз суда аққан сең болып жүр.

Билер мен бектердің аузын алып,
Шонжарлар өзін ханға тең көріп жүр.
Біреулер паналайтын жер таба алмай,
Баға алмай ғазиз жанын мәңгіріп жүр.

Жарандар, бұл күнде жоқ хандық деген,
Қашып жүр сұлтандардан паңдық деген.
Үш жылдай қазыларға билік тиіп,
Төреден жұрт тізгінін алдық деген.

Сұм патша елді алдады, расында,
Келтірмей қозғалуға шамасын да.
Билерге үш жыл бойы ерік берген,
Хандық жойылып, дуан құрылар арасында.

Хандықты жоймақ болып жарлық келген,
Сұлтандар әулетіне тарлық келген.

Патша үйездері Сперанский жоба жасап,
Он дуанға Орта жүз халқын бөлген.

Жеті ұлы Орта жүздің қанат жайған,
Кезінде сырт жауларға ашқан майдан.
Би мен бек хан тұқымын ауыздықтап,
Төре мен қожалардың бағы тайған.

Абылай ханға тартпаған балалары,
Ел билеуге жетпеген шамалары.
Уәли Орта жүзге хан болса да,
Қазақтың жақтырмаған даналары.

Күншілдік Уәли ханда басым болып,
Жантекейдің Ер Жәнібегін ылғи күндеп.
Орысты қазақтарға айдап салып,
Керей-Уақтың аууына болған себеп.

Хандарда Уәли төре болып пасық,
Жазықсыз Маңдай ерді дарға асып.
Атығай Маңдай құнын жоқтағанда,
Шығысқа жөнеліпті көше қашып.

Ауғанын Уәли ханның біліп қалып,
Тобылдың жандаралы күшін салып,
Тоқтатқан Керекудің маңайында,
Жіберген патша әскері тосып алып.

Осылай орыс досы тор құрыпты,
Беттерін кейін қарай көш бұрыпты.
Өздері сүйеп жүрген Уәли ханды,
Әкеліп Сырымбетке қондырыпты.

Уәли хан өлмей тұрып бір жыл бұрын,
Хандығы Орта жүздің таратылған.
Көсемге ел басқарар билік тимей,
Кәпірге қазақ жұрты қаратылған.

Қызылжардың шорасы Керей Шақшақ,
Кәпірге қарсы болған алмай жақсы ат.
Өл сонау Абылай ханның тірісінде,
Қорғаған қазақ жерін ғаскер бастап.

Кезінде Абылай ханнан алған алғыс,
Атаның жолын қуған батыр нағыз.
Орнына әкесінің шора болған,
Ғадыл боп ел билеген баспай шалыс.

Әуелде Шақшақ, Сартай, Мәуліт бастап,
Оларды қазақ, татар, башқұрт қостап.
Аймағын Батыс Сібір дүрліктірген,
Кәпірге қарсы аттанып, туын ұстап.

Езілген мұсылманды қолдаймыз деп,
Халқымды шапқыншыдан қорғаймыз деп.
Шақшақ, Сартай, Мәуліттер қол бастаған,
Тірлікте дұшпанға қор болмаймыз деп.

Олардың ісін Марал әрі қарай,
Жүзеге асырмақ боп арпалысқан.
Жиені Марал ишан Ғұбайдолла,
Қайта хандық құруға ат салысқан.

Дер кезінде қозғалмай Ғұбайдолла,
Не боларын білмеген істің алда.
Маралдың жорықтарын дұрыс деген,
Өз басы душар болып қиын халға.

Ғұбайдолла Уәли хан баласы еді,
Ішінде төрелердің данасы еді.
Ұсталып айдалуына себеп болған,
Ұлықтың оған жапқан жаласы еді.

Әлбөбек сынды зайыбы,
Хадиша деген қыз қалды.
Артында үйге ие боп,
Болат атты ұл қалды.
Қорғай алмай сұлтанды,
Халық пен төре құр қалды.

Он дуан бірақ бірден құрылған жоқ,
Сұм патша жұртты алдады, ұрынған жоқ.
Маралдың соғыстары аяқталған,
Сол себеп өткенге ұлық бұрылған жоқ.

Біртіндеп округтерді құра берді,
Бектерді өздеріне бұра берді.
Жұрт қамы деген сөзді желеулетіп,
Шонжарлар ел ұстауды мақұл көрді.

Бұл күнде құрылыпты сегіз дуан,
Басқарған сегізін де өңкей жуан.
Ішінде дуанбасы шонжарлардың,
Кейбірі сардар еді жауды қуған.

Кезінде ел-жұртының қамын жеген,
Ұлыққа мойынсұнбай қарсы келген.
Сол бектер Ресейге қызмет етіп,
Сайланды аға сұлтан беделменен.

Көсем боп жасақ бастап ту ұстаған,
Жасында жандаралмен ұғыспаған.
Маралдың Сібірдегі жорығыңда,
Сардар боп көпірлерден ығыспаған.

Халыққа енді олардан қайырым жоқ,
Уәлимен арасында айырым жоқ.
Айырмасы басқарған аймағы шағын,
Тартатын бұл сөз үшін айыбым жоқ.

Қыс қылған Ресей патшасы елдің жазын,
Ұстаған қолшоқпар ғып жұрттың азын.
Халайық, билік жайын ұғынған жөн,
Аға сұлтан, дуанбасы – бір лауазым.

Бұрынғы хакім, шора қалған заман,
Баяғы мықтылардың күні қаран.
Өз Тәукенің дәуірі біздерге жоқ,
Ел-жұртым, күніңді көр есен-аман.

Ардагер жұртын жинап, ел етіп жүр,
Бірін би, біреуін бек, ер етіп жүр.
Біреуге мал мен басты түгел беріп,
Біреуді қара жермен тең етіп жүр.

Шонжардың жары өлсе, қырқы өтпей,
Төсегі жас тоқалмен жаңғырып жүр.

Билеуге өзін-өзі шама жетпей,
Кей жаман басын босқа даң қылып жүр.

Іше алмай алдындағы қойған асын,
Қорғансыз қариялар шалдығып жүр.
Біреулер сақтай алмай жалғыз басын,
Қосы ауып, есі кетіп қаңғырып жүр.

Болғанда біреу кедей, біреу жалқы,
Біреуді аспан-көкпен тең қылып жүр.
Жалғыздың еткен ісі өнбей жалпы,
Көз жасын көл-дария сел қылып жүр.

Көңілін кейбіреудің зор етіп жүр,
Біреуді шетқақпай қып қор етіп жүр.
Халыққа пайдасы жоқ пасықтардың,
Дәулетін шаш етектен мол етіп жүр.

Біреудің ақ малтасын ездiрiп жүр,
Бiреуге әлсiреуiн сездiрiп жүр.
Арасын ағайынның ала етiп,
Бiреудi ел-жұртынан бездiрiп жүр.

Бiреуге қауiп-қатер төндiрiп жүр,
Бiреудiң қосы шырағын сөндiрiп жүр.
Айырмай халал-харам не екенiн,
Жүрсе де арсыздарға өң кiрiп жүр.

Саудамен бiреу пайда өндiрiп жүр,
Әркiмнiң аузын алып көндiрiп жүр.
Кей қулар өсек тасып, өтiрiк айтып,
Жалғанға жанын берiп сөндiрiп жүр.
Алладан, аруақтан да қорқар емес,
Кей сұмдар жемқорлықпен семiрiп жүр.

Бiреудi денсаулықтан кем етiп жүр,
Момынды би мен бекке жем етiп жүр.
Халқына кей наданды жауықтырып,
Жыртқышпен мейiрiмi жоқ тең етiп жүр.

Ойлама мал бiттi деп надан-насқа,
Жүрген соң аузы жетпей iшер асқа.

Дәулетін тіршілікте ұқсата алмай,
Таба боп ғұмыры өтер дос пен қасқа.

Тұлпар ат шауып өтсе, шаң болады,
Аңшының іздегені аң болады.
Татпаған жалған дүние ашшы дәмін,
Көргенде жоқ нәрсеге таң болады.

Мақсатсыз өз-өзінен дал болады,
Құнарлы жазық жерде тал болады.
Сараңның қолы тарлық, пейілі тар,
Жиғаны өле-өлгенше мал болады.

Ондайлар үй жиһазын жия алмайды,
Үстіне тәуір киім кие алмайды.
Ат мінбейді, жақсы тамақ тағы ішпейді,
Жұмсауға мал мен пұлын қия алмайды.

Теңеймін сондайларды Қарынбайға,
Жарымай отырған соң қант пен шайға.
Көрмейді тіршіліктің еш қызығын,
Жүрмейді ұрты толып ет пен майға.

Аспанға бұрқыраған буы шығып,
Ындыны қара жердің кеуіп жатыр.
Екпек боп дихан егіс жерді жыртып,
Көктемде тұқым бидай сеуіп жатыр.

Темір жоқ, жасағаны ағаш соқа,
Егінші терін төгіп, көрген опа.
Шаруаға егіндерін баптаттырып,
Мес қарын шонжар отыр бейне бұқа.

Біреуге бақ пен дәулет шөгіп жатыр,
Ондайлар аппақ майға бөгіп жатыр.
Қорлықты ұлықтардан көрген жандар,
Сыртынан қарғап-сілеп сөгіп жатыр.

Дихандар жаздыққа дән егіп жатыр,
Әлемге көкпен жауын төгіп жатыр.
Қар жауса, бұршақ жауса, жаңбыр жауса,
Қарыны қара жердің жібіп жатыр.

Әр пенде көркейеді жабдықпенен,
Жігітке жарасады нарлық деген.
Кейбіреу жомарттықпен мырза атанып,
Беделге ие боп жүр барлықпенен.

Ондайға мың да бір рахмет деп айтамын,
Өлеңмен ел жағдайын көп айтамын.
Тұрмыстың ауыр-жеңіл бәрін көрдім,
Ұқсын деп жұртқа мысал кеп айтамын.

Адамзат жаздың күнгі шыбындай-ды,
Ес шығып, қыс боларын ұғымдайды.
Жеткендей атқа мінсе мұратына,
Құс салып көкпар тартып дуылдайды.

Атаның берен жігіт жолын қуар,
Адасып жұрт сөзіне елікпесе.
Өнерлі бағыдан кісі сол болады,
Біреуді бекер босқа кемітпесе.

Байға қызмет, бектерге қошамет қып,
Жағынып кейбір сұмдар жымыңдайды.
Шонжардың кешке дейін жұмысын қып,
Малайлар еркін жүріп қыдырмайды.

Шеттетіп көп көсем не маңғазды,
Басқарған аға сұлтан приказды.
Сайланып заседатель-орынбасар,
Күндейді думаншыл деп өнерпазды.

Мінекей сұлтандардың сиқы осындай,
Өтпекші бұл жалғанда еш тосылмай.
Бас кеспек болса дағы, тіл кеспек жоқ,
Ас-тойда тоқтай алмас жыр жосылмай.

Күштіге жарлы кісі жалынышты,
Желіге байлап қойған құлындай-ды.
Ұлыққа старшындар жалынышты,
Толтырып құлқындарын тығындайды.

Біреуді ғайбаттауды кәсіп етіп,
Бұзықтр өсек айтып жамандайды.

Намысын би мен бектің қорғаймын деп,
Батырлар қолшоқпар боп арандайды.

«Билікте, салтанатта озамын», – деп,
Шонжарлар бір-біріне қырындайды.
Балуандар бай сойылын соғамын деп,
Иттерше бір-біріне ырылдайды.

Жаз болса, аласа тау қарсыз болмақ,
Өнерсіз жалқау жігіт малсыз болмақ.
Дүние оралады талапты ерге,
Шашылу онда болмас құр бекерге.

БАЛҒОЖАҒА

Балғожа, көп жұрт білген дабысымды,
Ел ұғынар бәйге аттай шабысымды.
Аз сөзден көп мағына шығарайын,
Жыр айтсам, жақындатам алысыңды.

Шоқай, Жазы, Балжеке, – үшеуіңіз,
Бұл күнде бетті дұрыс түзедіңіз.
Көз салып ілгеріге, айқын болжап,
Ұрпақтың болашағын көзdedіңіз.

Балжеке, талапсыздың тірлігі жоқ,
Қожаның құты қашқан тірлігі жоқ.
Бөрінен қинайтыны, айтсам сізге,
Қазақтың жақ-жақ болған бірлігі жоқ.

Балжеке, жақсы ағасыз жасың үлкен,
Ауызға келген сөзді несіне іркем?
Ыбырайжан – бұл отырған бұлбұл құсың,
Болады халық ардағы, іске икем.

Біріндей осы ұлың күн мен айдың,
Сырына қанық болар әрбір жайдың,
Тіл-көз бен сұқ сөздерден есен болсын,
Асады қатарынан Ыбырайың.

Сегіз атым әйгілі Орынбор, Омбы, Семейге,
Өз-өзінен құйылып ән келеді көмейге,

Істің шынын айтпасам.
Тартыншақ Сегіз демей ме?

Жарайсыз түсе қалсаңыз бәсекеге,
Мақтау емес, шын сөзім ем, Балжеке.
Тілек тілеп, батамды мен берейін,
Талапкер Ыбырайдай жеткіншекке.

Әр сөзімде парық бар,
Таңдайтын жырды халық бар.
Ыбырайжан ер болар,
Осы айтқанды есіңізге ал!

Бақ-дәулет бұл балаға бірдей қонсын,
Ақыл менен білімге басы толсын.
Халыққа тіршілікте қамқоры мол,
Көсем боп ғұмыр жасы ұзақ болсын!

Бермесін балаларға біздің жолды,
Балаңыз құрбы ішінде болсын оңды.
Атқарған істерне жұрт сүйсініп,
Жігіттің гүлі десін бұрын-соңды.

КӨШКЕГЕ БЕРГЕН БАТАСЫ

А, жаратушым,
Көз жасын тигіз Көшкенің,
Көп ұзатпай босат інімді,
Сиырынан көпес Яшкенің.

Үш жылдан уақытын асырмай,
Бақыт қондыр басына-ай.
Дәулет құсын келтіріп,
Орнықтырғай қосын-ай.

Ел жаққа қарай аударғай,
Көшке жастың қосын-ай.
Тілегімді қабыл ғып,
Көбейткіз мұның досын-ай.

Уа, Көшке, жай қолынды,
Оңғарсын тәңірім жолыңды.

Ен байлыққа кез қылып,
Жоқ етсін тез сорыңды.

Ренжіме, шырағым,
Уақытша келген нәубетке,
Жолығарсың ұзамай,
Кенеттен келген дәулетке.

Жарылғағай, ақ ием,
Тілегін беріп Көшкенің,
Ордасына орнатқай,
Бірнешеуін тепшенің.

Қанағат болса бұл күнде
Тер төгіп тапқан шайлығын.
Меңгерерсің аз жылда
Дүние-малдың байлығын.

Ақтан болсын рахымет,
Ерлерден болсын шапағат.
Қалған күнде, Көшке жан,
Көресің ылғи рахат.

Мекен етер ел жақта
Құтты болсын жайыңыз.
Айтқаным менің дәл келіп,
Оңынан тусын айыңыз!

Жадырап ылғи көңілің,
Шаттықта болсын өмірің.
Абыройлы мырза боп,
Сыйласын туған өңірің!

Дүниенің көріп қызығын.
Ұзақ болсын жасыңыз,
Мейманға берген ықыласпен
Жұғымды болсын асыңыз!

Балдан төтті сорпасы,
Қандай дәмді етіңіз.
Жомарт болып ылғи да
Мақсұтқа берсін сәулетің!

Көркейе берсін сәулетің,
Молая түссін дәулетің.
Ырысты болып әрдайым,
Өсе берсін әулетің!

Пайдалы істі ақылмен
Көңілге тоқып түйіңіз.
Әнші-ақын сізге үйір боп,
Думанды болсын үйіңіз!

Опалы болсын зайыбың,
Болмасын еш уайымың.
Дастарқандарың мол болсын,
Денсаулықтарың зор болсын!

Тірі жүрсең, шырағым,
Тағы да дәм татамыз.
Қырықтың бірі қыдыр боп,
Қабыл болсын батамыз!

ПЕРОВСКИЙ

Ертелі-кеш есіріп,
Жер-судан елді көшіріп.
Әкімісің патшаның,
Қанға құмар есірік.

Көбейтесің салықты,
Жылдан-жылға өсіріп.
Зорлығыңды бейбіт ел,
Отыр бастан кешіріп.

Перовский сұмырай,
Қазаққа алдың өшігіп.
Күндері туса, тастайды ел
Үніңді сенің өшіріп.

Патша жауыз заңы да,
Бола бермес мәңгілік.
Тозығы жетсе азғындап,
Қалар бір кез ескіріп.

Жарлы-жақыбай бас құрып,
Майдан ашса бірігіп.
Патшаның жаман төртібі,
Қалмай ма сонда бүлініп?

Жазықсыз ерді жазғырдың,
Жолына ор қаздырдың.
Ұйыған сүттей халқымды,
Қуғындап мүлде аздырдың.

Құл қылмақ боп қазақты,
Көрсеттің ғой азапты.
Еркін жүрген жұртыма,
Орнатып тұрсың дозақты.

Жалмап жұта алмайсың,
Өскелең елді жан-жақты.
Жылатпай көпті іше бер,
Самогон, арақ, шарапты.

Жұлынсаң да дамылсыз,
Алған беттен қайтпаймыз.
Бағынам деп сендерге,
Тіршілікте айтпаймыз!

АҚ ЖАЙЫҚ

Естен кетпес өр Жайық,
Таңданған сұлу кер Жайық.
Еркелеп жүзер суында,
Қарқыны шапшаң сан қайық.

Толқынды асау Ақжайық,
Көк шалғын жағаң ғажайып.
Балқашыңда дем алсам,
Қалғандай дертім азайып.

Сылдырап ағып бұраңдап,
Ағысың қатты жылдамдап.
Жағаңа қонып аққу, қаз,
Құйқылжытар ән шырқап.

Көкше құрақ нуларың,
Мөп-мөлдір тұшшы суларың.
Тоғайда сайрап бұлбұл құс,
Тамылжытар жырларын.

Сағымдайын сылаңдап,
Ақша таңдай қылаңдап.
Естілер қамыс сыбдыры,
Меңіреу түнде сыр ұрлап.

Көлбей ұшқан үйрек, қаз,
Кезінде жайлы әсем жаз.
Қаңқылдайды жыр-жырлап,
Бір-біріне етіп наз.

Болмаса да болғандай,
Құнары жетіп толғандай.
Балауса балғын құрағың,
Көздің жауын алғандай.

Айдында малтып жігіттер,
Өнерін көпке көрсетер.
Жарымен суда серуендеп,
Тереңге қайық жүйткітер.

Қос ескекті жел қайық,
Ғашықтарға ылайық.
Қарулы жігіт ескенде,
Болады-ау көзден тез ғайып.

Бұрымдары білектей,
Өрілген шашы жібектей.
Ақша жүзді сан ару,
Әдіспен жүзер мүлт кетпей.

Маңдайда қасы қиылып,
Бойына қайрат жиылып.
Бұрала басып жас сұлу,
Жігітке сөйлер бұйырып.

Тыңдауға үнін арудың,
Ебін тауып барудың.

Ретін ойлап жас жігіт,
Жинар бойға қаруын.

Қарсы жүзіп толқынға,
Құлаштай малтып толқында.
Көрсетер жігіт қайратын,
Өнерім деп сылқымға.

Балықшылар еппенен,
Жағада жүзіп шеттеген.
Ауларын жиып асықпай,
Алады балық көптеген.

Астраханнан шыққан бетпенен,
Жендетті тиеп көптеген.
Атырау теңізі арқылы
Кемелер жүзер күшпенен.

Аттанарда найқалған,
Жорғадайын тайпалған.
Кемелер тасып солдатты,
Бақыты жұрттың шайқалған.

Жүзуінен баяулап,
Үйшікке тоқтап аялдап.
Жендеттің жартысын қалдырып,
Текеге бастар аяңдап.

Үйшіктен шыға еппенен,
Текеге қарай беттеген.
Кемешілер сескенді,
Болса да қауіп күтпеген.

Тоқтайтын шаһар Текесі, –
Жендет пен ұлық ұясы.
Қызбаған көптің шекесі,
Қорлық боп қалған мирасы.

Жайықтың Шаған саласы,
Көкорай шалғын жағасы.
Қабағына өзен Шағанның,
Орнаған Теке қаласы.

Жарқабағында Шағанның,
Орнаған шаһар суық тым.
Қазағына бұл жердің,
Орнатардай қара түн.

Қос қабатты ағаш үй,
Ұлыққа патша тартқан сый.
Ол үйлерден естілер,
Ел шошытар зәрлі күй.

Теке шаһар осы ғой,
Қарғысына жұрттың бөленген.
Қанішерлердің қосы ғой,
Қан төксе ғана түрленген.

Теке шаһар бақшасы,
Көз жаспенен көгерген.
Таусылған соң ақшасы,
Қайыршысы көбейген.

Белгілі жайлы екені,
Еділ-Жайық ел мекені.
Қазақтарға бұйыртпай,
Жау алды бұл өлкені.

Халқын қорғап көп бұрын,
Қол бастаған Ер Сырым.
Арманда өтті ол дағы,
Жұртының жоқтап бар мұңын.

Беті қайтпай ұрыстан,
Қалмақпен Сырым соғысқан.
Қалмақты жеңіп шыққан соң,
Жер қорғауға ойысқан.

Жасы алпыстан асқанда,
Жер-суды қорғап Ер Сырым.
Патшаға қарсы болған-ды,
Келген соң жұртқа іс қыран.

Он жеті жылдай соғысып,
Ғаскерімен орыстың,

Жеңіліс тапты ақыры,
Білсе де тәсілін ұрыстың.

Зеңбірекке төтеп бере алмай,
Жеңілген еді Ер Сырым.
Сонда да оны бағалап,
Ақындар арнады көп жырын.

Онан соң жаумен алысқан,
Арынғазы қол ертіп,
Қорғамақ болып жер-суды,
Жұрт алдында серт етіп.

Сол жылдарда қол бастап,
Көтібар мен Арыстан.
Жер су үшін олар да,
Кәпірлермен шабысқан.

Солардан кейін жер үшін,
Бас көтерген Жоламан.
Қонысынан айырылып,
Күйініп жорық жасаған.

Жеңілген соң кәпірден,
Арынғазы жер ауған.
Ажал жетті жат жерде,
Қорлық көріп көп жаудан.

Көтібар да тайынбай,
Ұлықтармен шайқасқан.
Қартайса да қайыспай.
Кәпірлермен жауласқан.

Мақсұтына жетпей олар да,
Аманат жанын тапсырған.
Қаратай сұлтан ұран сап,
Қол құраған тасырдан.

Қарсы болып патшаға,
Ғаскер жинап Науша да.
Сүйінқара екеуі
Күй тартқызған Бақшаға.

Сыр бойында Жанғожа,
Сарбаз жинап, ту алған.
Болған соң жұртқа сарт қожа,
Күнгедей қазақ қиналған.

Қоқандық сартпен дауласып,
Жанғожа батыр жауласып.
Соңына ерген дихандар,
Уағада-серт байласып.

Сүйінқара, Науша да,
Қарсы болған патшаға.
Ол екеуі қол бастап,
Күй тартқызған Бақшаға.

Сол кезеңде етіп серт,
Исатай мен Махамбет.
Жер-суды қорғау көпірден,
Ол ерлерге боп міндет.

Екі бірдей асыл ер,
Ел үшін өткен еңіреп.
Дұшпандармен соғысып,
Жанын қиған жерім деп.

Бір кектен бір қоздаған,
Қалмады қазақ тозбаған.
Шұрайлы жерді көрсе егер,
Ұлық жоқ қолын созбаған.

Ұлғайса да Арыстан,
Қалмайтын ер алыстан.
Жалғастырды күресін,
Өле жаздап намыстан.

Мұндай шайқас сол тұста,
Орта жүзде де болған еді.
Марал ишан қол бастап,
Кемеліне толған еді.

Оның жолын қуушы,
Есенкелді, Саржандар.

Сарттан болды ажалы,
Қапы қалып көкжалдар.

Еділ-Жайық екі өзен,
Мекені болған ерлердің.
Халықтарға зор пана,
Шұрайлысы еді жерлердің.

Сан жылдар мен сан айлар,
Қазақ, татар, ноғайлар.
Мекендеп Еділ тоғайын,
Салдырған сәнді сарайлар.

Кезінде қазақ, ноғайлар,
Салдырып нелер шаһарды.
Ноғай ханның тұсында,
Кәпірге тіккен қаһарды.

Алтын орда хандығы,
Бірте-бірте әлсіреп,
Бөлінген төрт хандыққа,
Болмаған соң еш тірек.

Болмай ауызбірлігі,
Соңында күш жимаған.
Соққысынан кәпірдің,
Шаһарлары қираған.

Шаһардың бұзып үйлерін,
Кесектерін тасып жау,
Сарайшық, Сарай-Беркенің,
Орнында үйлер қалмады-ау.

Мұсылманның таңы атып,
Ашылса алтын арайы.
Қазақ, татар оқ атып,
Жойылса жаудың сарайы.

Қазақ, татар, естектер,
Бірігіп күшін жинаса.

Көптің шері тарқар еді,
Шаһары көпір қираса.

Түсінсін деп өткенді,
Жастарға өлең арнаған.
Ақын Сегіз мен болам,
Салдықпен жерді шарлаған.

ИСАТАЙДЫ ЕСКЕ АЛЫП АЙТҚАНЫ

Жігіттер асыр салып жүруші еді,
Сұлумен ерлер ойнап-күлуші еді.
Жиып ап ақ ордаға батырларын,
Исекем ақыл-кеңес беруші еді.

Сарбаздар сардарларға сенуші еді,
Сотқарлар Исатайға көнуші еді.
Атағы Кіші жүзге жайылған соң,
Паналап оған әркім келуші еді.

Сыйлаған Байұлыдай қалың елі,
Думан еді Бас қолбасы жүрген жері.
Мерт болып Ақбұлақта Ер Исекем,
Артында қалған жұрты қайғы жеді.

Бос қалып шатыр тіккен көгал жерің,
Майданда шейіт болып абзал ерің.
Серкесіз қалған қойдай бытырапсың,
Ту ұстар көсем болмай, қайран елім.

Қол бастар батырларың аз емес-ті,
Алайда қуғын көріп жүр ғой қажып.
Әлі де ғаскер жинап, бас көтерер,
Қалуы мүмкін емес мүлде бажып.

Біз дағы дер кезінде жете алмадық
Бастайтын бытыратпай қалың қолды.
Болар деп дәл осылай ойламадық,
Айыра білсек дағы оң мен солды.

БАС ҚЫРАН

Самұрық құс баласы едім ұядағы,
Ұясын шыңға салған қиядағы.
Баулынып сол ұядан ұшып шықтым,
Болар деп істер істің тиянағы.

Талпынып жылы ұямнан ұшсам дағы,
Белгісіз болды қыран жиылмағы.
Ақ жүрек, таза сұңқар мен болдым да,
Көрінді маңыма лашын жиылғаны.

Соңыма ере ұшты қыран, бүркіт,
Шошынды күшігендер бізден үркіп.
Топталды қасыма ителгі, қаршығалар,
Бастаушы сұңқарым деп үміт күтіп.

Біреуі көп қыранның мына Жүсіп,
Бас салған күшігенді қона түсіп.
Сұңқар мен қаршығаны тұтамыз деп,
Қалыпты кезқұйрықтар аязда үсіп.

Алдында аждаһаның басын иіп,
Құзғындар қызмет етті есі шығып.
Қос қыран Еділ жақта бар екен деп,
Сескенді қарақұстар қорқып бұғып.

Ұстауға қос қыранды етті талап,
Бірақ та бата алмады, ұшты жанап.
Тұтуға қос қыранды көмектес деп,
Құстарды қанатымен өтті сабап.

Қарақұс қанатымен сабап қатты,
Шошытып момын құсты шуылдатты.
Қарақұс, сауысқан, қарға жиылып ап,
Тұтпақ боп қос қыранды дуылдапты.

Бас сұңқар я бас қыран десек,
Құзғындар сол асылды еткен өсек.
Болса да құс төресі қайран дегдар,
Қар жастанып, көк мұзды қылған төсек.

Ақыры бос қыран да еткен сертті,
Аса батыл құс еді мінезі өртті.
Сан рет құзғындармен шайқасыпты,
Жоюм деп аждаһадан келген дертті.

Осындай егеспенен он жыл өтті,
Күресіп құрта алмады келген дертті.
Бас қыран топ лашынмен барлауда боп,
Соғыста күшігендермен мерт боп кетті.

НАУША БАТЫР

Сыйынып хаққа сөйлейік,
Бөлініп көптен жүрмейік.
Алла, аруақ қолдаса,
Бұзықтарды жөндейік.
Момындар мен жетімді,
Кәрі мен кемтар, ғарыпты,
Қорғандар деп әрқашан,
Сарбазға етсек жарлықты.
Жолымызды төңір оңғарып,
Соғысқан дұшпан сандалып.
Патшаның шауып қамалын,
Олжаға батсақ боп қарық.
Бозала таңнан біз тұрып,
Жасыл ала туды алып.
Сауыт киіп сайланып,
Бұлақтан тұлпар суарып.
Жорыққа шықсақ қамданып,
Болыңдар деп бізбенен.
Әлеуметке жар салып,
Жолықсақ жауға ізденген.
Жеткіздірмей дұшпанды,
Мақсұтына көздеген.
Сегіз қырлы найзаны,
Ұстап шықсақ көлденең.
Көлденеңдеп алдында,
Найзалы жасақ тұрған соң.
Жау шаба алмас аптыға,
Ажалға мойын бұрған соң.
Түп нағашым Науша-еке,
Ұнай ма осы талабым?

Батырларды шақырсақ,
Шығар ма сайлап жарағын.
Орта жүз Керей баласы,
Тірейді шындап табанын.
Соғыспақ боп кәпірмен,
Сайлаған соң жарағын.
Нағашым деп Наушы-еке,
Сіздің де ойды білмекші.
Жиеншарың бұл сегіз,
Жорыққа бүгін жүрмекші.
Дегенімде Науша аға,
Шешіле сөйлеп үн қатты:
«Айналайын сегізжан, –
Деді, – ісің мені қуантты.
Батырлардың қыңыры,
Шақырғанмен келмес те.
Айналшықтап кейбірі,
Сөзіңе айтқан көнбес те.
Ұлық пен ханға сүйеніп,
Жұртты көзге ілмес те.
Басына қайғы түспесе,
Ер қадірін білмес те.
Екі жүзді кей батыр,
Тура жолмен жүрме те.
Екі жүйе соғыста,
Келмеген бар кеңеске.
Жеңісті беріп жауына,
Аяқсыз еткен әр істі.
Түсірген соң ауына,
Батырды кәпір шын тісті.
Айналайын жиенжан,
Өзің баста, біз ердік.
Қасындамыз әрқашан,
Талабыңды хош көрдік», –
Деді дағы сол жерде,
Батасын берді тағы да.
«Болмасын, – деді еш бөгеу,
Өрлеп тұрған бағыңа.
Сөз қалады ұрпаққа,
Айтулы жүйрік шешеннен».
Қол алдында алдым келісім,
Науша сардар көсемнен.

Ақбұлақ өзен бойында,
Жатқан маңды орлаттық.
Су толтырып орларға,
Жаудың жолын торлаттық.
Қараған бойын шарладық,
Дұшпанның жолын барладық.
Жаттықтырдық ғаскерді,
Асылық іске бармадық.
Науша шықты бізге еріп,
Қолдайтұғын серік боп.
Ұлықтармен, ханменен,
Шайқасуға жерік боп.
Сарбаз болған ғаріптің,
Ерлікке қолын жеткіздік.
Казак, орыс қолымен,
Майданды бастан өткіздік.

МҰСА БАЛА
(*Жаяу Мұсаға арнаған*)

Хош келдің Сері ағаңа, Мұса бала,
Байжандай жақсы ағадан тудың дана.
Есейіп ақыл-қайрат толған шақта,
Қазақтың баласына болғай пана.
Шығыпсың Сүйіндіктен жастай дара,
Құрбыңнан озып жүрген зерек бала.
Жетім-жесір, ғарыптың қамқоры бол,
Ер жетсең сенде болар ақыл-сана.
От жүрек, ер мүсінді, балғын білек,
Боларсың туған елге үлкен тірек.
Өзіңе хал-хадари ән үйретем,
Сегізден келген болсаң бата тілеп.
Әрдайым, Мұса інім, жолың болсын,
Ақындық саған дарын, аруақ қонсын.
Бақытың тіршілікте өрлей түсіп,
Денеңе күш пен өнер, ән-күй толсын!

СЕЙІТЖАН, ҚҰШАН ЕСІМДІ ІНІЛЕРІМЕН ҚОШТАСҚАНЫ

Ат ойынын меңгеріп,
Көрген елді таң қылған.
Көкпарға жастай қатысып,
Жасыл жерді шаң қылған.
Сол бір күнім түс болды,
Дауылданып замана.
Қиындық бізге түс болды,
Кәпір қаптап далама.
Тай-құнандай тебіскен,
Бірге тағам жесіскен.
Бір үйде туып, бірге өскен,
Қызғанбай асық бөліскен.
Тай-құнандай жарысқан,
Асық ойнап алысқан,
Бір төсекке жатысқан,
Ойынға қызық батысқан,
Жақында жүрсек тебіскен,
Алыста жүрсек кісінескен,
Бір жасы кіші бауыр ең,
Белсеніп іске кіріскен.
Болашақ үлкен серісің,
Әнімен жұртты ұйытар,
Көп тұруға болмайды,
Келуге уақыт тар.
Біздің үшін кек қуып,
Өсе келе төкпе қан.
Оралып елге келгенше,
Қош есен бол, Сейітжан!
Жас өспірім балдырған,
Екінші інім – Құшанжан.
Сейітжаннан қалыспай,
Серілікке талаптан.
Сен дағы қымбат бауыр ең,
Әншілікке ебің бар.
Ат ойынын меңгергей,
Ерлермен болып барабар.
Сейітжаннан қалыспа,
Ат қосқанда жарысқа.

Менің үшін кек қуып,
Қиын іске барыспа!
Қызық емес у мен шу,
Білімді боп өнер қу.
Атпен жүзіп өтіңдер,
Кездесе алдан ағын су.
Тіршілікте дос көбейт,
Жерге кірсін дұшпаның.
Оралып елге келгенше,
Қош есен бол, Құшаным.
Тобылдан салмен өткенше,
Тұрыңдар қарап артымнан.
Жағаға біздер жеткен соң,
Барғайсыңдар елге аман.
Бізден сәлем айтқайсың
Шақшақ бидей кәріңе!
Және де сәлем дегейсің,
Үлкен-кіші бәріне!

ҚАРАҒАШТАЙ ПАНАЛАРЫМ

Шағырай сал, Жанат сері – ағаларым,
Өсірген қарағаштай паналарым.
Мәпелеп ақ тұйғындай сылап-сипап.
Жеткізген біз едік қой інілерің
Ақындықта ұстазым Салғара ағам,
Әрі батыр, әрі ақын, балуан адам.
Сері бол деп өзіме бата беріп,
Жетімдікті көрсетпей болған панам.
Үш жүзді Салғара да аралаған,
Өнерін қазақ, татар, бағалаған.
Әйгілі түйе балуан болғаннан соң,
Мырзалар сыйлап оны ағалаған.
Зілғара, Шопан, Жанақ, Орхан, Бұрхан –
Бесеуі жақсы көрген ағаларым.
Солардың арқасында еркін өсіп,
Тұяғын тұлпарлардың тағаладым.
Ақындықта бір ұстаз – ағам Жанақ,
Керді ол менде барын күн мен талап.
Осындай асылдардан үлгі алған соң,
Ән салып, қызды ауылды жүрмін жанап.

Ұлы өкеміз Шақшақтың
Жанкісі, Қамбар – ағасы.
Ақындық пен ерлікте,
Артықша болған бағасы.
Салғара ақын кім десеңіз,
Жанкісі атам баласы.
Аталы-балалы екеуі,
Саналған елдің данасы.
Зілғара, Шопан – қос әнші,
Орхан, Бұрхан қос мерген –
Жанкісі жырау баласы,
Жақсы екенін жұрт көрген.
Қамбар мерген атамның,
Сүйікті ұлы Жанақ ер.
Әнші, күйші һәм жырау,
Топтан озған кемеңгер.
Жанкісінің бес ұлы,
Көсемдерден бата алған.
Жер-суды қорғап кәбірден,
Бес қасқа деп аталған.

ҚАЛДЫБАЙ ҚОСАЯҚҰЛЫ (Жоқтау)

Алла беріп зор қуат,
Шабыт келіп қозғалдым.
Халыққа қызмет етпекке,
Домбыра, қобыз қолға алдым.
Қобызды қолға алған соң,
Жігерлендім талпына.
«Ер Сегіз, жоқтау шығар», - деп,
Салмақшы ел талқыға.
Қабыл алып жұрт сөзін,
Қайта келіп қалпыма.
Ерік бердім қобызға,
Ие боп зор қарқынға.
Қалдыбайды жоқтайын,
Бұрынғы тартып салтыма.
Жігер келді, қимылда,
Шабыт, кернеп бұрқылда,
Қазаға, ерлер, сабыр қып,
Бір азырақ сөз тыңда.

Он мың қолды басқарған,
Қас батырдай қасқарған.
Айбатын көріп алыстан.
Батпай дұшпан жасқанған.
Әділ билік жөн айтқан,
Көпке өнеге сөз айтқан.
Аламанға жөн сілтеп,
Ұйқысынан оятқан.
Мүридтерге тапсырып,
Батырларды жинаған.
Айтқанына жұрт ұйып,
Бұқарасы сыйлаған.
Аяды халқын жаны ашып,
Көзінің жасын тыймаған.
Ұлықпен, ханмен алысып,
Қорлыққа елін қимаған.
Жасағын жинап, қос тігіп,
Жасыл туын жайнатқан.
Сарбаздардың қылышын,
Өткір етіп қайратқан.
Кермеге тұлпар байлатқан,
Қару-жарақ сайлатқан.
Момынның кегін алам деп,
Солдаттарды жайратқан.
Неге десең солдаттар,
Көп ауылды жылатқан.
Қалдыбай сарбаз жинауы,
Хан, сұлтанды қиналтқан.
Қалдыбай мен Ырысалды,
Ісімен жұртты илантқан.
Жаршыларын жіберіп,
Әр елден жігіт жинатқан.
Қамалға ат ойнатқан,
Патша әкімін ойлантқан.
Қуып алып аттарын,
Солдаттарды сандалтқан.
Сары ала туды қолға алған,
Шайқасуды ойға алған.
Еділ-Жайық суынан,
Күрең қасқа тұлпарды,
Талай рет суарған.
Қара қылды қақ жарған,
Ұрпаққа дұрыс жол салған.

Оңға басып істері,
Әрбір дауда жол алған.
Қорған болып халқына,
Ісі ұнаған жалпыға.
Елге қамқор болам деп,
Жастай түскен талқыға.
Зорлықшылмен алысқан,
Болжап сөйлер данышпан.
Ылайықты іс қылған,
Ысықтан шыққан арыстан.
Берен сауыт жағасы,
Байұлы жұрты – ағасы.
Ата тегін сұрасаң,
Тоғырша екен бабасы.
Ысықтың ұлы Тоғырша,
Тұсында үлкен ер екен.
Шешуі қиын даулы іске,
Тоғырша келсін дер екен.
Туған жерін сұрасаң,
Еділге барып құятын,
Тептер өзен жағасы,
Өтіп кетті демесең,
Патшадан артық бағасы.
Нәсілін оның сұрасаң,
Кіші жүз Алшын жұрты еді.
Кәпірлерге әрқашан,
Төнетұын бұлт еді.
Қосаяқ ердің ұлы еді,
Алланың сүйген құлы еді.
Ақыл айтқан мұңдыға,
Жұртының еді-ау панасы.
Кедей деп, бай деп бөлмеген.
Қара қазақ данасы.
Ер Қалдыбай жоқ мұнда.
Әсерімен патшаның,
Шайқасуға барысқан.
Дауласқанда жер үшін,
Амалын ханның тауысқан.
Істері адал болған соң,
Көпшілікпен табысқан.
Ел жылатқан ұлықтан,
Көңілі оның қалысқан.

Шеттеп жүрген батырлар,
Іздеп келсе алыстан.
Құшақ жая қарсы алып,
Мейман етіп танысқан.
Туыстасып, достасып,
Мәңгілік боп табысқан,
Ер Қалдыбай жоқ мұнда.
Ақ сұңқар ұшты баулықтан,
Көтерерсің нарлықтан.
Құтыла алмас пендесі,
Алладан келген жарлықтан.
Қыран құс ұшты бауы жоқ,
Ажалдан адам сауы жоқ.
Аман қалған бауыр жоқ.
Өлімнен үлкен ауыр жоқ,
Пұлсыз береді, құнсыз алады,
Ішетін дәмі таусылып,
Өлшеулі күні, дем бітіп,
Тәңірден бұйрық болған соң,
Адамның айтар дауы жоқ.
Өтпейтұғын өмір жоқ,
Тозбайтұғын темір жоқ,
Тағдырдың ісі болған соң,
Сөнбейтұғын шамың жоқ.
Көмекші боп Сырымға,
Белгілі болған жасынан.
Әділетсіз патшаға,
Қарсы болған басынан.
Жасы ұлғайған шағында,
Исатайды қолдаған.
Қан майданға кіргенде,
Көп солдатқа болмаған.
Асыл туған Қалдыбай,
Бұл дүниеден өтіпсің,
О дүниеге жетіпсің.
Алладан жарлық болған соң,
Ысықтайын жұртыңды,
Ағайын мен туғанды,
Қосылған жастай бөйбішенді,
Ұлдарың мен келініңді,
Жолдас пен дос-жаранды.
Артыңа тастап кетіпсің!



ӨЗІМ ТУРАЛЫ

Алла жәрдем берген соң,
Көздің жасын иген соң.
Бірлікке елді шақырдым,
Тозғанын көзбен көрген соң.

Повстанец деп ат қойды,
Хан жұмсаған жендеттер.
Есімімді де ұқпапты,
Ел шулатқан тентектер.

АЙ ЖАРЫҒЫ ТАҢ БОЛМАС (терме)

Ай жарығы таң болмас,
Шаққан шақпақ шам болмас.
Жомарттың пейілі тар болмас,
Таңдап сүймей жар болмас.

Зайыбын жігіт шын сүйсе,
Сұлуларға зар болмас,
Саудагерде ар болмас,
Жезөкшедей қор болмас.

Ұрлықтың малы мал болмас,
Шілік өсіп тал болмас,
Тігілсе де береннен
Бешпенттен қамзол тар болмас.

Мал шашқыш жігіт бай болмас,
Арық атта жал болмас,

Өнер қуған жігіттің
Алды-арты тар болмас.

Айыр өркеш нар болмас,
Өзен мен көлден өтпек боп,
Асыла ұстап жүзсең де,
Дөңбек ағаш сал болмас.

Менмен адам зор болмас,
Өнерлі жігіт қор болмас.
Жақсы жігіт досына,
Көмек берер, тор құрмас.

Арамза адам қол болмас,
Харамның жолы оң болмас
Сараңның қолы мол болмас,
Езгі момын әсте оңбас.

Ел қонбай, жерде көң болмас,
Қорқақ жанда өң болмас.
Пысық жігіт тірлікте,
Басқаларға жем болмас.

Талапты жігіт кем болмас,
Жақсы мен жаман тең болмас,
Дер кезінде қаралмай,
Асқынса науқас, ем қонбас.

Күншіл адам дос болмас,
Наданның көңілі хош болмас.
Көпке көсем ер жігіт,
Көрінгенмен өш болмас.

Көтерем малда қоң болмас,
Жалғыз тері тон болмас.
Пиғылы жаман ел болмас,
Ылғалды жер шөл болмас.

Өз шаруасын атқарған,
Өз үйіне құл болмас.
Талаптанған ер жігіт,
Несібеден құр болмас.

Табыс таппай пұл болмас,
Талапсызға бақ қонбас.
Бақ кетер адам күнде мас,
Ойсыз пенде ылғи жас.

Ет кептірмей, сүр болмас,
Жексұрында түр болмас.
Қазы-қарта жесе де,
Қарын жұрт жанда шыр болмас.

Жаман өдет алған жан,
Тұрлауы жоқ ойламас.
Қыдырып ғадет қылғандар,
Өз үйіне тоқтамас.

Мылжың сөзде шек болмас,
Арсыздарда тек болмас,
Абзал жанда кек болмас,
Қолайсыз адам бек болмас.

Еспенің сөзі дөп болмас,
Шақат жерде шөп болмас,
Үлгілі ата-анаға,
Жүз бала да көп болмас.

Жамандарда еп болмас,
Алдындағы асын жеп болмас.
Араз болса ағайын,
Бір-біріне сеп болмас.

Ашпа жалап тоқ болмас,
Епті жігіт жоқ болмас.
Қоғажай, қурай жақсаң да,
Жайнап жатар шоқ болмас.

Қамыстан жасап оқ болмас,
Көбелек ұшып от болмас,
Сақтанған пенде ешқашан,
Қиын іске соқ болмас.

Қуғын көріп ұлықтан,
Жарыла жаздап қорлықтан.

Ішің толса санаға,
Түнеп жүрсең далаға,

Ер тоқымды жастансаң,
Бешпентіңді бастансаң,
Астыңа шекпен төсенсең,
Түн ұйқыңды төрт бөлсең,

Ұйқысыз ерде хал болмас,
Жейтіні жая-жал болмас.
Қажып жүрген шағыңда,
Не ішсең де бал болмас.

Сауыт киіп сайланып,
Белге семсер байланып.
Қару-жарақ асынып,
Жасақты шолып айналып.

Топталып сарбаз маңына,
Жігіт болған шағыңда.
Бақ күндес болған дүлейлер,
Ере алмайды шаңыңа.

Халқына азап көрсеткен
Жауға аттанбай ер болмас.
Ат қойып қарсы дұшпанға,
Қамалға шаппау жөн болмас!

ҚАЗАҚҚА

Бөлінбе, қазақ, жік-жікке,
Бөлінсең, қазақ, жік-жікке,
Шіл боғындай бытырап,
Шыға алмассың биікке.

Не жетсін, жұртым, бірлікке,
Мән берген жөн ерлікке.
Өнер қуып, кәсіп ет,
Салына бермей өрлікке.

Жаралмаған еш пенде,
Көрем деп өмір тозағын.

Ақылдан болмай құр кенде,
Өнер үйрен, қазағым.

Көтергенмен бос кеуде,
Арылмас бастан азабың.
Кәсіп қылсаң сендер де,
Құрарсың тұрмыс ғажабың.

Алданба, қазақ, алданба,
Дұшпанның сөзін малданба.
Алдансаң, оңбай құларсың,
Іштен жауың шалғанда.

Татар дағы құрдасым,
Шаһабудден Маржани,
Өнерімен ол шаһыбаз,
Халайықтан көрген сый.
Талабы бар бозбала,
Маржанидей білім жый!

НЕ ӨТТІ?

Теңдік тимес заманда,
Көз сап тұрсаң не етті?
Белес-белес бел өтті,
Белден асып ел өтті.
Босағасын борлатқан,
Маңдайшасын сырлатқан,
Керегесін қырлатқан,
Шаңырағына шоқ орнатқан,
Он екі қанат орданы,
Көк шалғынға тіктіріп,
Төріне төсеп төсеніш,
Мейманды сонда күттіріп,
Бие менен інгенді,
Қатарлатып байлаған.
Қымыз бен ішіп шұбатты,
Сары қазы шайнаған.
Сауыт киіп үстіне,
Беліне семсер байлаған.

Қару-жарақ асынып,
Тұлпар мініп астына,
Аттанбақ боп асығып.
Жасыл туын көтеріп,
Қол алдында жайнаған.
Разы болмай заманға,
Бас бармағын шайнаған.
Ыза болып наданға,
Неше алуан ер өтті.

II

Дәулетіне мөз болған,
Жиған мүлкі аз болған.
Үйіне лықып жүк толған,
Неше пасық бай өтті.
Жарлылар өтті кемдікпен,
Хабары жоқ теңдіктен.
Күліп ойнар қабақ жоқ,
Тойып ішер тамақ жоқ.
Байдың істеп жұмысын,
Қандыра алмай ұйқысын.
Ұзақ күнге қимылдап,
Көрмеді жанның тынышын.
Іштерінен қарғайды,
«Құрысын, шонжар, құрысын!»

III

Қаһарман ерлер қан кешкен,
Жер-суды бермеу жөн дескен.
Ғазауатқа қатысып,
Майданда жаумен белдескен.
Солардың бірі – Итіке,
Қаза тапқан қапыда.
Жалдамалы төрелер,
Айналған кезде тағыға.
Патша әкімі тіліне,
Талай ерлер алданған.
Тыңшы болып төрелер,
Ұлықтарға жалданған.
Сондайлардан жиіркеніп,
Саналы ерлер зарланған.
Бұл фәнидің жүзінде,
Біреу кедей, біреу бай.

Біреу бар да, біреу жоқ,
Болған емес бөрі сай.
Біреу жалғыз, біреу көп,
Біреу аш та, біреу тоқ.
Күн көре алмай пақырлар,
Жүрегіне түсті шоқ.
Мұсылманның баласы,
Жер-суынан айырылды.
Қажырлы деген ерлері,
Қанатынан қайырылды.
Қынаптағы алдаспан,
Шабылмай тасқа майырылды.

IV

Қызмет еткен ұлыққа,
Мырзалардың көңілі жай.
Құс мамықты шынтақтап,
Ішкендері қою шай.
Жалшыларға түк бермей,
Жегендері нан мен май.
Қантты шағып қышқашпен,
Дастарханға қояды.
Қыста да қысыр сауғызып,
Қымызға әбден тояды.
Сөйтсе дағы мырзалар,
Ғаріптерге көз салғай,
Құдайға құл, Мұхамедке,
Үммәтпін дейтін болса,
Есіркеп жетімдерді есіне алғай.

V

Ғашықтар жүр зар илеп,
Дегеніне жете алмай.
Көсемдер жүр уайым жеп,
Соңына халқын ерте алмай.
Шешендер жүр қамығып,
Айтқан сөзі өте алмай.
Батырлар жүр тарығып,
Мақсұтына жете алмай.
Ақындар жүр жыр айтып,
Үй шаруасына қарамай.
Билер де жүр үлгі айтып,

Ұлықтан асып кете алмай.
Тіршілікке көз салып,
Қарасам жете абайлап.
Қобыз тартып толғанып,
Жасасам талдау бажайлап.
Алтын, күміс жиһаздың
Бәрінен артық денсаулық.
Денсаулығың болмаса,
Басқаның бәрі құр даурық.
Денсаулығың бар болса,
Табылар оңай он саулық.
Көп кешікпей жолығар,
Ғұмырлық серік ақ жаулық.
Шарықта, Сегіз, шарықта!
Өлең-жырдан жалықпа!
Өнеге көрсет жастарға,
Пайдаң тисін халыққа.
Бұйыртсын деп жиғанды,
Алладан тіле иманды.
Ылайық деп бір әлеумет,
Нәпсіні тез тыйғанды.
Осылай, Сегіз, десең де,
Көптің қамын жесең де.
Көргенің түске айналды,
Қызық дәурен сүрсең де,
Жастық енді оралмас,
Денсаулық жақсы бола алмас.
Емделгенмен балгерге,
Меңдетіп тұр бұл науқас!
Бұл фәнидің жүзінде,
Алшаң басып жүре алман,
Жұрттың айтқан сөзіне,
Құлағымды түре алман.
Құрбылармен бас қосып,
Қалжыңдасып күле алман.
Замананың қыр-сырын,
Енді ойланып біле алман!

ҮМІТ

Жігіт құрбы алдында емес жасық,
Құшағы, достық, десе айқара ашық.
Тұнық ем айна көлдей тыныш жатқан
Дауыл боп тидің дағы, кеттім тасып.

Тамылжи тебіренген жүрек сырын,
Көңілдің серпер кейде қасірет-мұңын.
Қайтейін сен болмасаң, жырға қосып
Сайраған гүл бақшада бұлбұл үнін.

Аңқыған жұпар исі қызыл гүлді,
Сиқырлы маужыраған айлы түнді.
Қайтемін сен болмасаң, өнге қосып
Әлемге шырақ болған көкте күнді.

Ғажайып қақ нұрына шашқақ шапақ,
Өзінді артық көрдім көркем санап.
Бар жылу, бар рахат өзіңде ғой,
Жымыып қарлығыштай өтсен жанап.

Кім едің, айтшы, жаным, айтшы өзің,
Біле алмай жан дүниенді бітті төзім.
Қадала маған қарап өтпесең де,
Жүректі өртеді ғой отты көзің.

Кер марал кербезі ме ең асқар белдің,
Болмаса аққуы ма ең шалқар көлдің?
Жазылмас жара салар ақ көңілге,
Ұсынсам, қол жетпейтін шынар ма едің?

Тынымсыз тыпыршиды албырт жүрек,
Өмірден айнымастай досын іздеп,
Арналды өзіңізге осы өлеңім,
Үміттің қызыл шоғын маздатай деп.

ДҮНИЕ-АЙ

Сарбаздарым, сөз тыңда,
Көп халайық бар мұнда.
Осы бір айтқан термемді,
Насихат деп мақұлда.

Сардарың сегіз жырлайды,
Сұлу сөзбен сырлайды.
Серіңнің үлгі-өсиетін,
Әр жерде жұрт тыңдайды.

«Дүние-ай» атты термемді,
Ілтипатпен қабыл ал.
Алдыңда айтып берейін,
Жадында сақта, қабыл ал.

Опасыз сұм дүние,
Зымырап бір күн өтерсің.
Көзді ашып-жұмғанша,
Бізді тастап кетерсің.

Жалғанды көзбен шолсаң да,
Мал құрағыш болсаң да,
Бақыт қонып басыңа,
Кемеліңе толсаң да.

Алғашқыда, дүние,
Айдын шалқар көлімсің.
Өтеріңде, қу жалған,
Көктемде аққан селімсің!

Өтеріңде, сұм дүние,
Ұйтқып соққан желімсің.
Тіршілікте, жарандар,
Талпынып кәсіп етерсің.

Шаруа қуған болсаң да,
Үш қабат бөзбен кетерсің.
Бес күндік жалған дүниенің,
Түбіне қалай жетерсің?

Қош айтысып тірлікпен,
Бақиға жылдам кетерсің.
Кетеріңде, дүние,
Күші біткен білексің.
Жолдас болмас сұм жалған,
Мұздаған жас жүрексің.
Әуелгіде, қу дүние,
Жылытар күннің көзісің.
Қош айтыссаң, қу дүние,
Аждаһаның өзісің.
Пайдасы жоқ дүние,
Жарылған ағаш жүрексің.
Тұрлауы жоқ фәни-ай,
Болмайтын жұртқа тірексің.
Уақыты бітіп пенденің,
Бола алмаса еш ие,
Зымырап бір күн өтерсің,
Опасы жоқ қу дүние.
Жолдас етпей мәңгілік,
Тастап бізді кетерсің.
Ғайып болар кезіңде,
Жалғаншыдан бетерсің.

Адамзатқа, дүние,
Алғашында айдайсың.
Бастан өтер кезіңде,
Қараңғы терең сайдайсың.

Ойлап тұрсам, дүние,
Бұлт жамылған биіксің.
Жеткізбейтін дүние,
Құмда қашқан киіксің.

Болған кезде, дүние,
Түйеден үлкен үлексің.
Өтеріңде, дүние,
Деп айтпайсың керексің.

Сумен шайса кететін,
Дүние, қолдың кірісің.
Баста бақыт тұрғанда,
Көңілге медеу ірісің.

Рахымы жоқ халқына,
Қайырымсыз сараң байдайсың.
Байлауы жоқ дүние,
Мейірімсіз жыртқыш аңдайсың.

Толған шақта фәни-ай,
Таудан аққан бұлақсың.
Солған кезде дүние-ай,
Қураған бейне құрақсың.

Дәулеттіге, дүние,
Ерлер мінген пырақсың.
Бақ тайғанда, фәни-ай,
Әр пендеге жырақсың.

Келеріңде, дүние,
Асуы жайлы белімсің.
Ырыстыға дүние,
Сәнбейтін мәңгі шырақтай.
Ауарыңда, дүние,
Ерге қоймас тұрақтай.
Өнерліге дүние,
Көлдегі көкше құрақтай.
Салымсызды дүние,
Маңайлатпас ұнатпай.
Талапсызға дүние,
Жақындамас құр аттай.
Талаптыға, дүние,
Қынаптағы болаттай.

Нелер шаһыбоз көсемнің,
Басынан, дүние, өтерсің.
Бақ ұшқанда маңдайдан,
Болғаныңда бекерсің.

Баянсыз дүние осындай,
Жолығар жылдың құсындай.
Бетін берер дүние,
Болып тұрған тұсында-ай.

Жақындарда, дүние,
Шалқып жатқан көлдейсің.
Алыстарда, дүние,
Гулеп соққан желдейсің.

Көз алдыңнан жарқ етіп,
Жоқ болады табылмай.
Жеткізбейді дүние,
Бөйге атындай ағындай.

Опасы жоқ дүние,
Кете барар қайырылмай.
Артып берер кезінде,
Қайтып көрмес маңын-ай.

Елес болар сұм жалған,
Жаздың күнгі сағымдай.
Шығып кетер қолыңнан,
Су ішінде сабындай.

Дүниенің болмас опасы,
Адамзат терең ойласа.
Өлгенде көзің тояды,
Тіршілікте тоймаса.

Аумаса ердің қосы,
Болар көңіл хошы.
Тіршілікте өнер қу,
Сардардың айтар сөзі – оы!

КЕШЕГІ ӨТКЕН ЖАҚСЫЛАР

Кешегі өткен жақсылар,
Сағындырды ұрпағын.
Атаның жолын қумас деп,
Ұрпақтан да қорқамын.

Шақшақ, Сартай, Мәуліт пен,
Тіленші, Нашан, Киікбай.
Ерлері еді жұртымның,
Дұшпанды қуған жуытпай.

Өкшесін басқан солардың,
Тоқсан, Жанақ, Маманай,
Салғара, Сексен, Итіке,
Болған берік қамалдай.

Атама еріп жасынан,
Мылтық, садақ асынған.
Ешқашанда қалмаған,
Сарбаздары қасынан.

Айтуғанұлы Киікбай,
Шешен еді майталман.
Төрелік айтып дауларда,
Бұзықтарды тойтарған.

ҒҰМЫР

Ордада мәжіліс құрған ағаларым,
Данышпан ел қорғаны даналарым.
Қазақта әрі батыр, әрі ақын деп,
Артықтау маған берген бағаларың.

Бас қосып осы отырған жақсыларым,
Әрқашан қызметіңе тақ тұрамын.
Өмірін адамзаттың жырға қос деп,
Бәрің де өтініш қып көп сұрадың.

Он үште мен ашып ем жырдың көзін,
Дәл қазір жиырма беске келген кезім.
Әлеумет осы отырған, сөге көрме,
Шамадан олқы шықса айтқан сөзім.

Тілекті сіздер қойған жек көргем жоқ,
Ұзақ жас өз басымнан өткергем жоқ.
Ағаттық менен болса, кешіріңдер,
Ғұмырын адамзаттың тексергем жоқ.

Үш жүзге даңқым шыққан Сегіз сері,
Атандым жастайымнан елдің ері.
Азырақ ғұмыр жайын баяндайын,
Халқымның бас қосқанда жүйріктері.

Мен жүрмін Бозшұбарды баптап мініп,
Білінбей өтіп жатыр өмір жылжып.
Жастық шақ, кәріліктің бәрін байқап,
Айтайын бірер ауыз өлең қылып.

Адамның алғашқы жас – бөбек жасы,
Одан соң бүлдіршіндей көдек жасы.
Балауса балбыраған балғын жасқа,
Түседі көрген жанның ықыласы.

Бес жасың ор қояндай төске ойнаған,
Сүймеске мейірлене еш қоймаған.
Балапандай тұғырда тұрған түлеп
Қарасаң дидарына көз тоймаған.

Он жаста ылақтайын ойнақтаған,
Құлпырып күннен-күнге жайнақтаған.
Бір жас бар одан әрі он бес деген,
Әлі де ешнәрсені ойлатпаған.

Жиырма жас деген шағың сылқылдаған,
Сынаптай мінез бітіп қылпылдаған.
Қызуын сол бір кездің көтере алмай,
Буының мас болғандай былқылдаған.

Жігітке жиырма бес жас жеткен күні,
Бойынан балалықтың кеткен күні.
Қызуы жиырманың басылған соң
Жігіттің кім болары беп-белгілі.

Отыз жас төс табаның таймайтұғын,
Өмірден өз орныңды сайлайтұғын.
Бас құрап, әйел алып, бала сүйіп,
Мал жиып шаруаны ойлайтұғын.

Отыз бес – өнер тауып болған күнің,
Нұрланып бәйшешектей толған күнің.

Күш-қайрат, ақыл-ойың кемелденіп,
Тентекке тыю айтар, қорған күнің.

Жігітке қырық деген қылыш екен,
Есейіп төубе қылған бір іс екен.
Әбестік, жеңілтектік мінездерден,
Тыйылып сабыр еткен дұрыс екен.

Басылар қырық бесте көңіл тоқтап,
Артында сайрап жатыр жүрген соқпақ.
Сол кезде жігіттікті сағынарсың,
Оралмас өткен күнді бекер жоқтап.

Елуде еңсең түспес еңкейгенмен,
Ажарың нұрланбайды көркейгенмен.
Бойыңда кәсіп еткен болса өнерің
Гүлденіп барған сайын өркендеген.

Жас екен елу бес те ескергендей,
Бой тартып жамандықтан сескенгендей.
Жастық шақ, бозбалалық, жігіттігің,
Елестер көз алдыңа түс көргендей.

Алпыс жас кезің екен арқандалар,
Басыңда көлеңке жоқ қалқан болар.
Құрт шайнап, тоқпақ жілік кемірмейсің,
Тамағың төңкерме мен талқан болар.

Алпыс бес белеңдердің асуындай,
Қалған өмір иненің жасуындай.
Боларсың қартайғанда жұртқа күлкі
Ішке жұтып жүрмесей ашуыңды-ай.

Жетпіс деген жас болар кісендеулі,
Кісінің ойына алған ісі өнбейді.
Жастағы балуандық, ерлігіңді.
Дәлелдеп қанша айтсаң да жұрт сенбейді.

Жетпіс бес жер таянбай тұра алмайсың,
Қолыңа таяқ алмай жүре алмайсың.
Басыңда бақ-дәулетің тапшы болса,
Төрде отырып сөз-дүкен құра алмайсың.

Сексен бес кезің болар селкілдеген,
Селеудей сақал-мұртың желпілдеген.
Кемпірің мен келінің не айтса да,
Бас шұлғып бағынышты елпілдеген.

Сексен бес қол-аяғың дірілдеген,
Еш сөзің ілтипатқа ілінбеген.
Думанды жастық шағың еске түссе,
Боласың езу тартып күлімдеген.

Тоқсанда тұра алмайсың көрі атандай
Көрінер кең дүние алақандай.
Белден қуат, тізеден дәрмен кетіп,
Боларсың жаңа туған балапандай.

Тоқсан бес – ұядағы жұмыртқадай,
Еті арылып мүжілген омыртқадай.
Дәрменсіз бір орында тыпырлайсың
Мысалы, илеудегі құмырсқадай.

Жүз елестеп алдыңнан бұлғақтайды,
Сүйегің кеуіп қалған қу тақтай-ды.
Тауқыметі таусылмас бұл заманда,
Жүз деген жас пендеге ұстатпайды.

НЕ ПАЙДА?

Көсемдерден не пайда,
Жұртын оңдап бақпаса?
Ай нұрынан не пайда,
Қара бұлыт қаптаса.
Бал-шекерден не пайда,
Жүрекке жайлы жақпаса?
Үлгілі сөзден не пайда,
Ұқтырып мінді таппаса?
Маңдайға біткен бақыт сол,
Бетіңнен ешкім қақпаса.
Жау атқан оқ дарымас,
Алла жар боп сақтаса.
Қорқақтардан не пайда,
Жауға қарсы шаппаса?
Қорғаны болып жұртының,
Әдіс-айла таппаса.

Шешендерден не пайда.
Халқына ақыл айтпаса?
Туысқаннан не пайда,
Бауырын жақын тарпаса?
Шабандоздан не пайда,
Жүйрікке мініп ақпаса?
Ғадыл бидің белгісі,
Параға басын шатпаса.
Арлы кісі белгісі,
Харамның дәмін татпаса.
Нағыз жақсы сол болар,
Игі іске елін бастаса.
Батыр жігіт сол болар,
Жаудан қорқып қашпаса.
Данышпан пенде белгісі
Алдағы жайды болжаса.
Даугер жанның белгісі,
Уақытында істі қужаса.
Айбынды ер сол болар,
Сыртқы дұшпан батпаса.
Жасық жігіт сол болар,
Үйде басын сақтаса.
Қолбасы-сардар белгісі,
Жауды жеңіп, көп қуса.
Жетекші болып сарбазға.
Тәуекелге бел буса.
Жауынгер жігіт сол болар,
Қамалдан тізгін тартпаса.
Талапты жігіт сол болар,
Міндетін елге артпаса.
Адал жанның белгісі,
Сыртқа сырды шашпаса.
Сабырлы жанның белгісі,
Шарадан асып таспаса.
Ғазазіл-шайтан сол болар,
Жұртының басын қоспаса.
Сабырсыз адам сол болар,
Істің артын тоспаса.
Шын жақсының белгісі –
Туысы үшін қамығу.
Тас бауырдың белгісі –
Ағайынға жауығу.

Бақытсыз кісі сол болар.
Сапарда жолы болмаса.
Кері кетіп шаруасы,
Бастаған ісі оңбаса.
Абзал кісі сол болар.
Халқын әркез қолдаса.

ӨСИЕТ

Бүтінделген ақыл-ес,
Қадырлы жас – жиырма бес.
Жұлдыздай ағып өткен соң
Шақырсаң да, ол келмес.

Өкінгенмен түк өнбес,
Көзге қайта көрінбес.
Ойлағанмен болмайды,
Ғұмырың зая болар еш.

Жігіт бол гүл жайнап,
Майданға түс атойлап.
Қалың сарбаз басқар да,
Тұлпарға мін, бел байлап.

Сауыт киіп сайланып,
Белге семсер байланып.
Қызылды-жасыл ту алып,
Жасақты шық айналып.

Әр жағдайды ескеріп,
Ғаскерді шық тексеріп,
Жорыққа шықсаң ақылдас,
Жақсыларды ес көріп.

Ақын бол да, әнші бол,
Тыңдаушы жиын болсын мол.
Өнегелі жыр жырлап,
Халайыққа көрсет жол.

Жазықсыз елге ұрынба,
Бекер босқа қырылма.

Ойшыл көзді салып қой,
Көз ұшын туу қырымға.

Баптап бөйгі ат, жүйрік мін,
Бес қаруды асын да.
Жақсының сөзін құлаққа іл,
Назар салма масылға.

Жұғыса біл асылға,
Жолдас болма масылға.
Кез келтірер жамандар,
Көктен түсер жасынға.

Өтірік сөзден бол аулақ,
Өсектен қаш бой сақтап,
Халқың үшін құрбан бол,
Қашпа жаудан тайсақтап.

Бола көрме мақтаншақ,
Болма босаң, жасқаншақ.
Тірлікте қорқақ, ез болма.
Өтсін дұрыс жастық шақ.

Ашулы болма барқылдап,
Ойна да күл қарқылдап.
Қатарыңнан алды бол,
Топ ішінде жарқылдап.

Насихат айт халқыңа,
Пайдаң тисін жалпыға.
Көп тыңда да, аз сөйле,
Орынсыз сөйлеп шалқыма.

Жастықта қалма қапыда,
Ілгері ұмтыл талпына.
Кең бола көр, морт болма,
Даулы істе түссең талқыға.

Бас құрасаң, жайлы бол,
Ұл менен қыз, жарыңа.
Әрқашанда сыйлы бол,
Әл-қуаттың барында.

Халқыңа бол беделді,
Қатарыңда өнерлі.
Өзіңнен жасы кішіге,
Кеңесіңді айт келелі.

Жігіт болсаң білекті,
Ыңғайлы бол жүректі.
Сұлуды таңдап, сүйіп ал,
Түр-тұлғасы ретті.

Ағалық жастарға айтар өсиетім,
Тірілікте осы болсын қасиетің.
Дау-жанжал, барымта, ұрлық кәсіп емес,
Өнер мен білімге аусын бар ниетің.

Үлгі алма ел қанағыш бек пен биден,
Ұрыдан, есің болса, мүлде жирен.
Жеткіншек, сіздерге айтар үлгі өнегем,
Барында денсаулықтың өнер үйрен!

КІСЕМ СҰЛУ

Көрінер кісем сұлу анадайдан,
Гөзелге ғашық болдым кішкентайдан.
Қалған соң ауылың алыс, Мұқарама,
Жетер ме айтсам сәлем күйкентайдан.

Көрінер кісем сұлу қыныменен,
Бойға шақ киім ұнар сыныменен.
Кетті деп Сегіз алыс, Мұкарамам,
Ойыңнан шығармағай шыныменен.

Көрінер кісем сұлу белбауымен,
Киіз үй мықты болар желбауымен.
Қолыңа халқың үшін билік тисе,
Орынсыз босқа жүрме ел дауымен.

Көрінер кісем сұлу оюменен,
Жігіттің даңқы шықпас тоюменен.
Ерлік, атақ қонады ел алдында,
Жорықта жауды жеңіп жоюменен.

Көрінер кісем сұлу қылышпенен,
Үй көркейер жиһазбен, ыдыспенен.
Жалынды жас күнінде өнер үйрен,
Жараспас күн өткізу тұрыспенен.

Көрінер кісем сұлу былғарымен,
Мақтанба өнері жоқ ұлдарыңмен.
Талпынбас күн көруге есер, жалқау,
Бақсы болар желөкпе, жындарымен.

Көрінер кісем сұлу бізіменен,
Тарамыс оның жүрер ізіменен.
Ғұмыры еріншектің өліммен тең,
Дарияның ағып кетер мұзыменен.

Көрінер кісем сұлу түймесімен,
Жорға әсем болады күймесімен.
Біреу кемпір, біреу шал болса дағы,
Бірігіп дәурен сүрер үйлесімен.

Көрінер кісем сұлу шегесімен,
Қымыз ішсе жарасар тегешімен.
Ақылшысы басшының келіспесе,
Құр айғай іс бітірмес егесімен.

Жарасар күміс кісе әр адамға,
Өнерсіз жасық жандар мал табар ма?
Жалқаулық досы болып үйді баққан,
Бақ-дәулет оралмайды қас наданға.

Көрінер кісем сұлу шығыршықтан,
Байқалар жақсы адам бір қылықтан.
Кеткенде ауылың шалғай, Ақбет сұлу,
Амалсыз айттым сәлем бұлдырықтан.

Көрінер кісем сұлу киюменен,
Жолдас болма орманда аюменен.
Еңбексіз еселеген дәулет бітсе,
Ұмытар ол әкесін баюменен.

Көрінер кісем сұлу көк сауырмен,
Отырса жұрт жұтайды көп ауылмен.

Мақтанба сегіз қанат ақ ордаңа,
Оп-оңай кетер жел-дауылмен.

Көрінер кісем сұлу дөңдәкумен,
Ат келеді бәйгеден шаңдатумен.
Ақын аты шығады өлеңімен,
Жігіт аты шығады өнерімен.

Көрінер кісем сұлу пышағымен,
Бала өседі ананың құшағымен.
Бөріктің тысы жаңа болмаса да,
Көзге әдемі көрінер пұшпағымен.
Қолында біз, тарамыс болса дағы,
Етікші ажырамас пышағымен.

Көрінер кісем сұлу қандауырмен,
Еріншектің ғұмыры өтер жан бағумен.
Жатақ күні шуақпен жарасады,
Кедей көрші бола алмас малды ауылмен.
Көрінер кісем сұлу маржанымен,
Жарлы әуес матаның арзанымен.
Елге сыймас өсекші кімге жағар,
Сөзінің сырты жылтыр жалғанымен.

Көрінер кісем сұл меруертпен,
Өсек бар өтірікшіні ер еткен.
Әшекей көз тартады қашан дағы,
Жасаған адам қолы кереметпен.

Көрінер кісем сұлу алтынымен,
Ер көңілі ашылар жарқынымен.
Талабы бар жас бала көзге түсер,
Бесікке ентелеген талпынымен.

Көрінер кісем сұлу қанжарымен,
Тентектің аты шулы жанжалымен.
Дүниеде кей сараңды байқасаңдар,
Көрге қоса кірердей мал жанымен.

Көрінер кісем сұлу ілгегімен,
Ат көркем кермедегі діңгегімен.

Басына сәлде ораған молдалар жүр,
Елді алдап, аят оқып білгенімен.

Көрінер кісем сұлу қорамсақпен,
Ерге жолдас қарындаш, қаламсаппен.
Түсі игіден түңілме десе дағы,
Ешқашан жақын болма жарамсақпен.

Көрінер кісем сұлу құтыменен,
Көзге түсер түнде ауыл отыменен.
Жарасады үй салар талапкерге,
Қыртыс ойса кетпен шотыменен.
Досқа достың борышын ұмытпасаң,
Сол болар зор береке шын жолы кең.

ЕР ҚАЙТАЛАП СӨЙЛЕСЕ

Ер қайталап сөйлесе,
Жұрт алдында өлгені.
Аяқсыз қалса шаруасы,
Өзін жерге көмгені.

Көсем ер көпті тыңдаса,
Халқына көңіл бөлгені.
Ер тоқтаулы болмаса,
Мәңгі-бақи сөнгені.

Ылайық емес ерлерге,
Ыржыңдап босқа күлгені.
Ұнамас көп елдерге,
Өнерсіз жігіт жүргені.

Өсек айтса ер жігіт,
Ит болып мүлде үргені.
Мақтана берсе кей жігіт,
Зая кетер білгені.

Жарасымды жігітке
Құлаққа сөзді ілгені.
Бақ қонады жігітке,
Пайдаға асса білгені.

БАЛЖАН ҚЫЗҒА АЙТҚАНЫ

Балжан:

Жүйрік ақын, батырсың өнер қуған,
Еліңнің бақыты үшін ерсің туған.
Үш жүзге мағлұм болған ақ сұңқарым,
Әр кезде жүрген жерің той мен думан.

Қазақта Ер Сегізсің қайрат қысқан.
Күндейді сыртыңыздан сені дұшпаң.
Аруақты ер, іренжімей асқа келші,
Тамақ десе, падиша тақтан ұшқан.

Аңғардым сенде барын өнер молын.
Сен жүрсің жорық жасап, тимей қолың.
Өлеңмен жұрттың бәрін соңыңа ерттің,
Қазақтың арылтпақ боп қалың сорын.

Ер Сегіз, ұлық құрды саған торын,
Әр жерде қазды тағы терең орын.
Құрбы аға, сонда дағы мойымадың
Бұрынғы ұстап мықты ата жолын.

Сонда Сегіз Балжан қызға:

Атандың он бесінде Балжан сұлу,
Болды ма саған мейман арзан сұлу?
Ағаңды бес жігіттен бөліп алдың,
Болса да әрбір сөзің маржан сұлу.

Тиеді ақылдыдан ерге пайда,
Жақсы қыз әрбір кезде табар айла.
Ағаңнан бес жігітті бөлек тастап,
Ақылды Балжан деген даңқың қайда?

Аңдадым сенде барын сөздің молын,
Байқадым бар екенін ақыл қорың.
«Қонақты алалама» деген шығар,
Жақсылар түсіндіріп ата жолын.

Құтылдым құрса да ұлық бұғау-торың,
Көрмедім шұқанақтай қазған орын.
Қазаққа күшбегі, әкім қас болса да
Қайнаттым мен де олардың талай сорын.

Шығады пайдалы ақыл мыйлы жастан,
Көрінер ерді тану сыйлы жастан.
Халқымның өткен кезін жырға қосып,
Тараттым ел-жұртыма қисса-дастан.

Атандым Сегіз сері әуел бастан,
Данышпан болмасам да елден асқан.
Үйімде сұлу жеңгең бар болса да,
Үмітім үзілген жоқ қалам қастан.

Думансыз тіршілікте жүре алмаймын,
Сөзіне жау-дұшпанның ере алмаймын.
«Балжан қыз, шыныңды, аға, айтшы!» – десең,
Өзімнен сарбаздарды беле алмаймын.

Арылды біздің бастан іс балалық,
Болмайды кемеңгерде еш шалалық.
Балжан қыз, саған айтар ақылым сол,
Болмасын көңіліңде еш алалық!

ӨНЕГЕЛІ СӨЗДЕРІ

Бұл дүниеде не жақсы?
Еліне қорған ер жақсы.
Бұл заманда не ғаріп?
Ақ қаланы бөз ғаріп.
Қадірін біліп ұқпаса,
Дүние гауһар сөз ғаріп.
Ел жағалай қонбаса,
Бетегелі бел ғаріп.
Қаз-үйрегі болмаса,
Айдын шалқар көл ғаріп.
Дуадағы болмаса,
Құлазып жатқан шөл ғаріп.
Замандасы болмаса,
Қария болар тез ғаріп.
Сүйгенінен айырылса,
Аяулы сұлу жар ғаріп.
Көсемінен айырылса,
Байтақ жатқан ел ғаріп.

Пендені ауқым бармас жамандарға,
 Нашар боп туған жанға амал бар ма.
 Анадан енді айналып қайта тумас,
 Не істейін сөз ұқпайтын надандарға.

Жақсы әйел бойын күтіп сылаңдайды,
 Түлкідей алтайы арлан бұлаңдайды.
 Кербезсіп өзін-өзі пұлды санап,
 Өзінен басқа жанды ұнатпайды.
 Үйіне мейманмын деп біреу келсе,
 Рұқсат еш адамнан сұратпайды.
 Жаман әйел ерімен ұрысады,
 Үйіне қонақ келсе жылысады.
 «Мынау үйге түстеніп оңбаспыз», – деп,
 Мейман байғұс басқа үйге жылысады.
 Әйелің жақсы болса, қорғандай-ды,
 Қайтесің жаман болса сор маңдайды.
 Жүйрік ат, түзу мылтық, ақылды әйел,
 Бақ-дәулет бәрі бірдей сай боп келсе.
 Жағдайың бейіш жұмақтан кем болмайды.
 Ыңғайлы, ашық-жарқын әсем жарық,
 Асыңа мініп жүрген жорғандай-ды.
 Жақсы әйел дәулетіңе жөн келтірер,
 Әйелің жаман болса, күнде өлтірер.
 Атадан жаман бала туа қалса,
 Беделі зор әкеге сөз келтірер.
 Жақсылар айтқан сөзді кектей қоймас,
 Жаман ер әйеліне беттей қоймас.
 Мінезі жаман әйел ит секілді,
 Түбіне ер жігіттің жетпей қоймас.
 Ел көшкенде жақсы әйел жорға мінер,
 Сөйлескенде құрбымен аттай желер.
 Жаман әйел ерінің сөзін бөлер,
 Мінезін нашар жардың тағы айтайын:
 Жайлауға ауыл көшіп барғанында,
 Жайласып мәз-мейрам боп қонғанында.
 Ырғалып ең соңында көші келер,
 Тігіліп барлық үйлер болғанында.

* * *

Арғымақ жабы көрінер,
Аса шауып буланса.
Айдын көл батпақ атанар,
Айдыны құрып суалса.
Бәйтерек сабау көрінер,
Жапырағы түсіп қуарса.
Бір азырақ сөйлейін,
Есеней, Табей ағалар.
Сөздерім айтқан ұнаса,
Ағайын, туған жиналған.
Сөзімді тыңдап хош алса,
Арғымақ өсіріп не керек,
Артынан жабы жеткен соң?
Ағайын, туған не керек,
Аңдысып күні өткен соң?
Қызыл тілім, сөйлеп қал,
Сөйлейтұғын болса хал.
Қызығыңды жер көрер,
Ажал қуып жеткен соң.
Айт дейтін, аға, сіз қайда.
Айтатұғын іні мен қайда.
Бір төбенің басына,
Көме салып кеткен соң.

* * *

Қолы ашық жігіт баймен тең,
Арғымақ бие құлыны,
Жабыдан туған таймен тең,
Шөпті жыра саймен тең.
Еліне көсем ер жігіт,
Аспанда күнге, айға тең.
Жаманат хабар пендеге,
Естіле қалған күнінде,
Аспаннан түскен жаймен тең.

ЖІГІТТЕРГЕ БІРЕР СӨЗ

Жігіттер, болмасты ойлап алаңдама,
Тірлікте бір-біріңді жамандама.
Алданып ғазәзілдің тіліне еріп,
Қапыда қақпан басып арандама.

Кейіндеу әлдеқалай туса заман,
Тыңдамас кезең келер қатын-балаң.
Атаны ұл, ананы қыз сыйламай,
Халайық, сонда болар күнің қараң.

КӨРІК БОЛАР МА?

Алла салса аузыма,
Жұртқа айтайын өнеге.
Қолдамаса аруақ, пір,
Көмейге жыр келе ме?

Ер азамат болмаса,
Отанның көркі болар ма?
Топ-топ қойы болмаса,
Қотанның көркі болар ма?

Қаз-үйрегі болмаса,
Көлдің көркі болар ма?
Жайылымы болмаса,
Малдың көркі болар ма?

Кілем жабу болмаса,
Нардың көркі болар ма?
Жайылымы болмаса,
Малдың көркі болар ма?

Салтанатты болмаса,
Бектің көркі болар ма?
Сайланбаса жауынгер,
Шептің көркі болар ма?

Қасына жасақ ертпесе,
Сардардың көркі болар ма?

Бес қаруы сай келмей,
Сарбаздың көркі болар ма?

Үстіне сауыт кимесе,
Батырдың көркі болар ма?
Домбыра, қобызы болмаса,
Ақынның көркі болар ма?

Егіні шықпаса,
Ойпаңның көркі болар ма?
Орман, көл, тауы болмаса,
Аймақтың көркі болар ма?

Төрт түлік малы болмаса,
Белдің көркі болар ма?
Өз жұртынан бөлінсе,
Ердің көркі болар ма?

Сақал-мұрты болмаса,
Шалдың көркі болар ма?
Жапырағы болмаса,
Талдың көркі болар ма?

Шырайлы, өңді болмаса,
Беттің көркі болар ма?
Сары ала майы болмаса,
Еттің көркі болар ма?

Тобылғылы болмаса,
Сайдың көркі болар ма?
Жал-құйрығы болмаса,
Тайдың көркі болар ма?

Аппақ болып жатпаса,
Қардың көркі болар ма?
Сай келмесе қосағы,
Жардың көркі болар ма?

Бастаушы көсем болмаса,
Көптің көркі болар ма?
Аңқымаса хош иісі,
Шөптің көркі болар ма?

Суы мол, тұшшы болмаса
Көлдiң көркі болар ма?
Күтiмi жақсы болмаса,
Төлдiң көркі болар ма?

Қияқ шөп, шiлiк болмаса,
Томардың көркі болар ма?
Сыйламаса ел-жұрты,
Сұлтанның көркі болар ма?

Сөзге шебер болмаса,
Шешеннiң көркі болар ма?
Соңына халқы ермесе,
Көсемнiң көркі болар ма?

ЕКІ ҚЫРАН ТАЛАССА

Екi қыран таласса,
Топ қарғаға жем болар.
Тамшыдан дария құралса,
Теңiздерге тең болар.

Атадан қарғыс алғандар,
Мал мен бастан кем болар.
Құдайдың бергенiн бiлмегең,
Басын шайқап кер болар.

Сараңдықтың белгiсi,
Мұнда әкел, бер болар.
Ақылсыздың белгiсi,
Үйде отырып ер болар.

Жамандықтың белгiсi,
Туысын талап жер болар.
Аңғалдықтың белгiсi,
Жүректе қайғы – шер болар.

Надандықтың белгiсi,
Босқа арам тер болар,
Батырлықтың белгiсi,
Халқына қорған бел болар.

Қатыгез патша белгісі,
Көз жасы жұрттың сел болар.
Жомарттықтың белгісі,
Ел үшін дәулеті көл болар.

Қанша дәурен сүрсең де,
Мекен-жайың жер болар.
Сал Сегіздің бұл сөзі,
Адасқанға ем болар.

СЫЙЛАСЫҢДАР

(Термеден үзінді)

Сыйласыңдар, жарандар,
Бір-біріңмен жас кезден.
Сақ болыңдар әркашан,
Қисық тіл мен сұқ көзден.

Қоғамдасып, ұйысып,
Кәрі мен жас ұғысып.
Берекені кетірмей,
Топтануға тырысып.

Жақсыларды қор етпе,
Надандарды зор етпе.
Күншілдіктен аулақ бол,
Маңдайына елдің сор екпе.

Өнер қуып бәрің де,
Жастық шақта талаптан.
Қызмет етіп халқыңа,
Көрініп көзге жақсы аттан.

Білімді жерде қалмайды,
Өнерлі өрге өрлейді.
Жұрты үшін туған азамат,
Намысты қолдан бермейді.

Сыпайы сөйле дүр етпей,
Орынсыз жерге килікпе.
Насихат айтып жалпыға,
Шақыр әркез бірлікке.

ӨНЕР
(*толғау*)

Өнер-өнер ішінде,
Өнер емес өнерім.
Жастық шақтың кезінде,
Қашқын болып келемін.

Жалғаншының сөзі екен,
Дүние кең дегенің.
Мен жүрген жер таршылық,
Кеңін қашан көремін?

Нияз сері қасымда,
Дәл он жеті жасымда
Қуғын көріп аһ ұрдым,
Бақыт қонбай басыма.

Үстіме кидім ақ сауыт,
Беліме семсер байланып.
Қару-жарақ асынып,
Сақадай болып сайланып.

Мақсұт қойдым алдыма,
Алдағы істі ойланып,
Өткен күнді ойға алып,
Қинала жүріп толғанып.

Дулыға киіп басыма,
Тұлпар мініп астыма.
Қашып шықтым Омбыдан,
Қоршауға түспей асыға.

Бөрі бірдей тапшылық,
Туар қашан жақсылық?
Зікір салу білмеймін,
Құра алмаймын бақсылық.

Ұзақ жол жүріп тарықтым,
Елді еске алып зарықтым.
Арқадан алыс шыққан соң,
Аздық көріп налыппын.

Жетегімде Ханқұрең,
Ауыр ойға қалыппын.
Астымда тұлпар Бозшұбар,
Желе-желе жалықтым.

Демеймін бірақ зорықтым,
Дүниеден кей кез торықтым.
Қашқын болып, сері боп,
Ғашықтық іске жолықтым,

Ғайнидей жардан айырылып,
Қайғыға өбден молықтым.
Мұндайды бұрын көрмеген,
Мен төзімсіз болыппын.

Өзім дағы көп көрдім,
Осы кезде тарлықты.
Демесем де қажыдым,
Астымда жүйрік шалдықты.

Талап етер қу өмір,
Көрсет деп бізге нарлықты.
Қашқын болып жүрсем де,
Құрып жүрмін салдықты.

Біз сияқты ғаріпке,
Бар ма алда берерің?
Жетпей жатып налыдым,
Пайдаға аспай өнерім.

Бекем буып белімді,
Шыдап та тағы көрермін.
Ноқталы басқа бір өлім,
Не де болса көнермін.

Қиын да болса әр істі,
Атқарармын басымнан.
Тағдырдың жазмышы болған соң,
Бекерге жүдеп жасыман.

Тәңірі жәрдем бермесе,
Көз жасымды көрмесе.

Соғысып жаумен өлермін,
Соңыма халқым ермесе.

Қоя бермен қос атты,
Тастаман шешіп сауытты.
Салдықпен ғұмыр өткізем,
Лақтырман үстен сауытты.

Іске аспаса талабым,
Аңшылық ғұмыр кешермін.
Байлатып бие, інгенді,
Қымыз бен шұбат ішермін.

Жау сескентер айбатым,
Сарқылмас бойда қайратым.
Қарсы келген жендетті,
Қару жұмсап жайраттым.

Үмітсіздік ойласам,
Асығыс іс бекер ғой.
Бұрынғылар айтқандай,
Шайтан ісі екен ғой.

Сегіз сері, ойланшы,
Беріле бермей қайғыға.
Қол жиып гүлдей жайнашы,
Айналмас шаруаң зайғыға.

Қашап жаздың атыңды,
Таудың шығып басына.
Ойып жаздың затыңды,
Шыңның қия тасына.

Қиындық уақыт ұзамай,
Ол да өтіп кетеді.
Көзді ашып-жұмғанша,
Рахат күні жетеді.

Барлық аруақ қолдасын,
Қыдыр болсын жолдасың.
Қасыңа жасақ құралып,
Бедел-бақ саған орнасын!

Қинала берме бекерге,
Қарсы алар Алшын елі бар.
Қол ұшын саған беретін,
Исатайдай ері бар.

Қабыланбайдай бағыр бар,
Махамбеттей ақын бар.
Солармен қолдас болуға,
Сегіз, сенің халқың бар.

Жапар, Ноян, Ырысалды,
Тінәлі, Сарт, Қалдыбай.
Жантас, Қаби, Ерсары,
Сүлеймен мен Әлібай.

Қожахмет, Алдамжар,
Таңатар мен Төлебай.
Есен, Аман, Шекшекей,
Нөдірқұл, Хасен, Жамантай.

Есмағұл, Үбі, Ысмайыл,
Ахмет, Тәни, Иманбай.
Жүсіп, Бақша, Науша мен
Нұрмұхаммед, Ылаубай.

Ибраһим, Айбас, Ер Асау,
Қали, Уса, Шығнияз.
Бекмағамбет, Қысырау,
Ақтангелді, Есғанияз.

Иса, Мұса, Жақия,
Ертай, Жұмыр, Досмайыл.
Асанбек, Айса – екі би,
Қылыш, Тоғай, Есқайыр.

Осындай көп ері бар,
Сүйенетін елі бар.
Қостайтұғын тағы да,
Арыстан, Сүйін белі бар.

Осылармен етіп серт,
Исатай мен Махамбет.

Қызылды-көкшіл ту ұстап,
Қайтармақшы жаудан кек.

Жасақ ертіп соңына,
Тұлпарын мініп баптаған.
Сарбаздарын Исатай,
Мыңтөбеге топтаған.

Жорықшыларға толыпты,
Еділ мен Жайық арасы.
Исатайды қолдаған,
Байұлы елдің баласы.

Оған да, бізге де пана бол,
Жаратушы алласы!
Желеп-жебеп жүргей де,
Ағатай, Жайық бабасы!

Нияз бен біз де батырмыз,
Ешкімнің жоқ таласы.
Өтер енді бар ғұмыр,
Қашқындықпен, шамасы.

Жендеті патша қабан-ды,
Қапыда шапса жаман-ды.
Ол сұмдармен ұрыста,
Жолдастар керек табанды.

Қолданбасақ болмайды,
Өртүрлі әдіс, амалды.
Ақылменен іс қылсақ,
Алармыз оңай қамалды.

Дұшпан ылғи жасап жүр,
Елге есепсіз обалды.
Перовский қанішер,
Жұрттың жерін көп алды.

Омбыда сұмырай Горчаков,
Перовский жауыз бұл жақта.
Бөрі маған өшікті,
Жолыма тор құрмаққа.

Бекерден бекер Горчаков,
Нияз бен маған өшікті.
Ұстамақ болған ғаскері,
Жете алмай бізге кешікті.

Осы жаздың басында,
Жандарал құрған сиязда.
Тұтқынға алмақ болыпты,
Мені менен Ниязды.

Кеңесінде Горчаков,
Жинап алып жөндетін.
Ұстаса бізді бұғаулап,
Салмақшы басқа бейнетін.

Мәжіліс құрып өзінше,
Өкпек желдей есіпті.
Сегіз бенен Ниязды,
Жер аударам десіпті.

Қарап тұрсам, дүние-ай,
Жүрісім болды-ай есепті.
Өтембетұлы Абыл мен,
Қараұлы би Есетті.

Іздеп барып бата алсам,
Жалынды жастық кезімде.
Тәңірі берер несіпті,
Көп ұзамай өзіме.

Қайғы-шерді жояйық,
Біз де сарбаз жияйық.
Сал-серілік құрайық,
Торыққанды қояйық.

Осы өлеңді шығарған,
Керейден шыққан Сегізбін.
Жағасында біз жүрміз,
Атырау деген теңіздің.

УА, АҒАЛАР, АҒАЛАР!

Уа, ағалар, ағалар,
Ініңіз сегіз жырлайды.
Топ алдында айтқаны,
Үнемі жұртқа ұнайды.

Бірақтағы бұл сегіз,
Мақтанып сөз айтпайды.
Атқарар болса қандай іс,
Жалған сөйлеп шатпайды.

Ер жігітке қиын іс,
Тілін халқы алмаса.
Жаны ашып айтқан сөзіне,
Құлақтарын салмаса.

Екінші қиын іс сол екен,
Қолдаушысы ердің болмаса.
Бақыты тайып басынан,
Жұртына көңілі толмаса.

Үшінші қиын сол екен,
Алмаса көптің алғысын.
Атқармаса азамат,
Адалдықтың тәркісін.

Төртінші қиын сол екен,
Жұрт қомсынса жақсысын.
Азған қауым би сайлар,
Жын шақырған бақсысын.

Бесінші қиын сол екен,
Қанағат бойда болмаса.
Жарлыменен тең болып,
Сараңдық кеулеп сорласа.

Алтыншы қиын сол екен,
Төреде бедел болмаса.
Айкөпір болып халқына,
Бекерден бекер долданса.

Жетінші қиын сол екен,
Жатқа сыр ер көп айтса.
Ел қамқоры би мен бек,
Сертінен еткен тез қайтса.

Тоғызыншы қиын сол екен,
Тіл достығын мол етсе.
Сеніп жүрген сұлтаның,
Алтын басын қор етсе.

Оныншы қиын сол екен,
Еркелеткен ұл мен қыз.
Жек көрсе ата-анасын,
Көңілден кетпес мұң мен сыз.

Он бірінші қиын сол екен,
Жоғалса бектен ұят-ар.
Безініп халқың мыс тұтса,
Көруге соны болған зар.

Он екінші қиын сол екен,
Сұрамаса ер ақыл.
Тәжірибесі мол білгеннен,
Болмай қалса іс мақұл.

Он төртінші қиын сол екен,
Жақынның ерге қорлығы.
Қабаттасар сондайда,
Дұшпанның тағы зорлығы.

Он алтыншы қиын сол екен,
Туған ұл жақсы болмаған.
Пайдалы істен бас тартып,
Ата-ана тілін алмаған.

Он жетінші қиын сол екен,
Көрінгеннен ер жерінсе.
Алды-артын аңдамай,
Алдаушыға оңай берілсе.

Он сегізінші қиын сол екен,
Туған інің тіл алмай,

Кеудесін керіп желіксе,
Болашаққа көз салмай.

Он тоғызыншы қиын сол екен,
Патшада болмай қанағат.
Көз алартса көршіге,
Тигізбей мейір, шапағат.

Жиырмансыншы қиың сол екен,
Мықтымен босқа алысқан.
Пайдасыз іске күш жұмсап,
Қуатын шаршап тауысқан.

БАСТА ТҰРМАС БҰЛ ДӘУРЕН

Қолыма алып қобызды,
Насихат өлең айтайын.
Бойда қуат тұрғанда,
Дүниені біраз шайқайын.

Еске алыңдар, жарандар,
Ұмытпай Сегіз беренді.
Жыр қалдырған еліне,
Біз сияқты өренді.

Қош айтысар тіршілік,
Болсаң да жүйрік тайпалған.
Басыңда тұрмас бұл дәурең,
Болсаң да шешен майталман.

Ақыр бір күн соларсың,
Гүл болсаң да жайқалған.
Қасиетімді жоймаймын,
Жалған сөзді айта алман.

Тілек қойса халайық,
Көптің бетін қайтарман.
Жалған емес, көп дұшпан,
Қылышыммен жайпалған.

Арқадан келген Сегізбін,
Патшаның қолын тойтарған.
Қоқан, Хиуа жасағын,
Кейін қуып қайтарған.

Астан кетер алтын тақ,
Мәңгілік болып қалмаған.
Баста тұрмас ылғи бақ,
Емес берік орнаған.

Бақытсыз болар жігіттің,
Дәулеті кетіп шайқалған.
Дүние малы шашылар,
Мырзалардың жайқалған.

Мейлің патша, мейлің құл,
Мейлің би-бек, мейлің ер.
Өлшеулі күнің біткен соң,
Барар орның қара жер.

Кім болсаң да бәрібір,
Ажал құлақ салмаған.
Бауыры суық қара жер,
Бірін де қоймай жалмаған.

ЖАРАСАР

Таулы жерге жарасар,
Сарқырап аққан бұлағы.
Өзен мен көлге жарасар,
Жағалай өскен құрағы.

Кермаралға жарасар,
Ойнақтаған ылағы.
Әр пендеге жарасар,
Атамекен тұрағы.

Еркектерге жарасар,
Басына киген тымағы.
Қолбасыға жарасар,
Сауыт-сайман, құралы.

Ер жігітке жарасар,
Баптап мінген пырағы.
Еңбегіңмен күнелтіп,
Дәулет бітіп дөңгелет.
Жетіп жатса өзіңе,
Әрі жарық тап-таза,
Жылы болса өз үйің,
Бұл дүниенің жұмағы.

АЛЫС ЖАҚТА БОЛМАҒАН

Алыс жақта болмаған,
Жер қадірін біле ме?
Жат елдерде болмаған,
Жұрт қадірін біле ме?

Ұзап үйден шықпаған,
Жол азабын біле ме?
Жортуыл басы болмаған,
Жер ғажабын біле ме?

Тұрмыстан сабақ алмаған,
Ер қадірін біле ме?
Өзегі талып көрмеген,
Ас қадірін біле ме?

Жалғыздық көрмей пендесі,
Дос қадірін біле ме?
Майданда болып көрмеген,
Қол қадірін біле ме?

Аязды жерде болмаған,
Тон қадірін біле ме?
Айтып айтпай не керек,
Тірлікте бейнет тілеме!

НАСИХАТ ӨЛЕНДЕРІ

Ағайын бірін-бірі көре алмайды,
Қайырылып қолдың ұшын бере алмайды.
Шайнасып жақын жүрсе жағаласып,
Тірлікте бірін-бірі жеңе алмайды.
Ағайын тастауға бар, жақтауға жоқ,
Жоқ болсаң даттауға бар, жоқтауға жоқ.
Сүрінсең абайсызда жерошаққа,
Басыңнан аттауға бар, тоқтауға жоқ.
Туысы өлсе, малын шашар, шақтауға жоқ,
Жаны ашып жақын қорын шашпауға жоқ.
Байғұстың керегіне жарасын деп,
Көңілі босап, ол-пұлын сақтауға жоқ.
Елдегі жалғыз болып, жарлы болса,
Туысқан боқтауға бар, жоқтауға жоқ.
Басыңнан бағың тайып тұрған кезде,
Аяқтан шалуға бар, жақтауға жоқ.
Кей кедей жақсылыққа талаптанса,
Туысқан қорлауға бар, қостауға жоқ.
Жолынан ер адасып құты қашса,
Ағайын күлуге бар, бастауға жоқ.
Домалап таудан құлап келе жатсаң,
Туғаның қашуға бар, тосуға жоқ.
Еліңмен ырайласып ынтымақтассаң,
Араңды ашуға бар, қосуға жоқ.
Басына ер жігіттің күн туғанда,
Ағайын тастауға бар, қашпауға жоқ.
Әр пенденің басы аманы өзіне олжа,
Кетіп жүр бет-бетімен бассауға боп.

II

Жігіттер, арамдықтың ізін баспа,
Арытып талап атын тізгін тартпа.
Тірлікте көрген-білген істеріңді,
Өзің ұқ, бірақ оны басқаға айтпа!
Сасқанда санасызбен ақылдаспа,
Есекке, көлік қой деп, жүгіңді артпа.
Жылымды көлде жатқан көпір ғой деп,
Өтем деп байқаусызда суға батпа!
Анық жаудың жүрегі аршылмайды,
Бал берсе де байқамай дәмін татпа.

Мін тағылар бойыңа кейбір достан,
Ашып алмай сырыңды, ішке сақта.
Досыңның құдай дескен шын жүректен,
Жолдас деп айтқан сөзін елге шашпа.
Талаптан, өнер үйрен, бозбалалар,
Бағала алтыныңды мысқа сатпа!?

III

Тұлпарда қасиет жоқ қамшылаған,
Адал тер жұртың үшін тамшылаған.
Лақтырғанда жау сауытын тесіп өтсін,
Өткірле шыжымыңның егеп ұшын.
Бозторғай бұлбұл болмас сайрағанмен,
Өтпейді жаман пышақ қайрағанмен,
Тұлпардан есек озып бәйге алмайды,
Қамшымен жанын қинап айдағанмен.
Айтулы кемеңгердің аты өшпейді,
Бұғаулап тұтқын етіп байлағанмен.
Дүлейден ақылы кем не шығады,
Кескіні ажарлы боп жайнағанмен.

IV

Ішкілік пайда бермес ешбір жанға,
Алды-артын бірдей шолып аңдағанға.
Патшаның арақ ішкен ұлықтары,
Ұқсайды, қарап тұрсаң, жынды адамға.
Бурадай көктемдегі бұлқынады,
Кез келген ғарыптерді жұлқылады.
Еркінде сұмырайлар бола бермес,
Заманы қайшы келсе ұтылады.
Тарихтың доңғалағы кері айналмас,
Хан, патша оның көшін бөгей алмас.
Бұқара буырқанса, қамал бұзар,
Әкімдер быт-шыт болар, ес жия алмас.

ЖЕТКІНШЕК

Құлақ сал жырға, жеткіншек,
Болма енжар еріншек.
Басыңа бақыт қонбайды,
Жасыңнан болсаң шегіншек.

Қайғы бұлты орнайды,
Тұрақсыз болсаң көңілшек.
Дегенің сонда болмайды,
Сұраншақ болсаң еміншек.

ШІРКІН ЖАСТЫҚ!

Келеді өлең шіркін ойға оралып,
Шығарған қисса-дастан ақын да алып.
Жұбатады ер көңілін әндер шырқап,
Жүргенде кейбір іске қатты налып.
Ішінде қалың топтың би сөйлейді,
Ортаға қамшы тастап кезек алып,
Отырар бір-бірінің сөзін тосып,
Шешендер қызған бойын тежеп алып.
Қайралған ақ алмастай жарқ-жүрқ етіп,
Жалындап тұрғанында, шіркін, жастық.
Ту ұстап, тұлпар мініп, жасақ ертіп,
Соқпақ жол асуы қиын белден астық.
Тауынан өр Тәншәннің әрі өтіп,
Парсының жұртыменен араластық.
Әркімнің өзіне лайық достары бар,
Сол елдің ерлерімен хабарластық.
Сұрайды сарбаз рұқсат қолбасыдан,
Түк өнбес саудагердің қолқасынан.
Жарандар, тіршілікте сыйласып өт,
Қалдырмай ер көңілін болмашыдан.
Гөзелге сардар жігіт тарту берер,
Жорықта өзі әкелген олжасынан.
Риза боп есіл сұлу қала берер,
Айырылмай қалып мінген жорғасынан.
Жорыққа аттанарда сал-серілер,
Қия алмай қоштасады ғашық жарға.
Қолынан көркем қыздың сусын ішіп,
Аттанған ер жігітте арман бар ма?
Жеткізіп жыр айта алмас аяғына-ай,
Айналса кәрі жігіт саяғына-ай.
Өлеңді ұлғайған соң айта алмайды,
Дауысы болмаған соң баяғыдай.
Артымда қалды атам, інім-ағам,
Кезім жоқ қашқын болып арзандаған.

Дарыған өнер-білім арқасында,
Ұлықтан өлі де артық менің бағам.
Жүрегім солдаттардан шайлықпаған,
Кездескен қалың жаудан қаймықпағам.
Табиғат күш пен әдіс, ақыл сыйлап,
Қолдаушы Алла өзі боп тұр маған.

ӨСИЕТ АЙТЫП КЕТЕЙІН

Ат үстіндегі батыр деп,
Ерте кезден атанған.
Жорыққа шығар алдында,
Үлкендерден бата алған.

Жігіттері сымбатты,
Бейне бір қолдың саласы.
Өсіп-өнді қазағым,
Мекен боп байтақ даласы.

Дәулет кетпей басынан,
Сыпайы болып жасынан.
Үлгілі болды ақыны,
Тарқамай ел қасынан.

Машық болмай жазба ісі,
Зерек болып халқымыз.
Жатқа айту боп үлгісі,
Ғадет еткен жалпымыз.

Жұртымыздың тарихы,
Жазбаша да, ауызша.
Тараған еді үш жүзге,
Өзгертілмей қалпынша.

Өшпейтұғын мұра боп,
Ұрпақтан көшіп ұрпаққа.
Ұмытылмай елдің есінен,
Сақталған еді ұзақ та.

Ақсақалдың айтқаны,
Шежіре күйде жатталған.

Ұғып алған кезінде,
Алғыр ерлер майталман.

Бұрынғы жырау-ақынның,
Сөзге ұста, білгіш батырдың.
Қолбасшы мыйы көсемнің,
Сөз тапқыш ойлы шешеннің.

Қисса-дастан, өлеңі,
Жұмбақ, мақал-мәтелі.
Өсиет, толғау жырлары,
Өшпейтін мағына-сырлары.

Өнегелі сөздері,
Жоғалмайтын іздері,
Жарасымды ұйқасты,
Өрілген өрнек тізбегі,

Сүйсінткен елді өндері,
Жыр әуені сәндері.
Көкейге қонған күйлері,
Домбыра, қобыз үндері,

Құлақтарына құйылып,
Жадында көптің сақталған.
Атадан ұлға мирас боп,
Теріге жазған хат қалған.

Мен де көптің бірімін,
Данамын деп мақтанбан.
Жасайын ерлік ырымын,
Батырмын деп шаттанбан,

Жаңылғам жоқ деп жастықта,
Кемеңгер болып ақталман.
Бізге дейін өтті ерлер,
Нелер шаһыбаз майталман,

Өтсе дағы дүниеден,
Бұрынғы ғазиз ерлерден.
Кейінгіге сөз қалған,
Артында жаяр көз қалған.

Тастайын аз солардай,
Ескерткіш болсын артыма.
Өлеңнен өрім өрейін,
Тарасын жырым жалпыға.

Өсиет айтып кетейін,
Өзімнің қазақ халқыма.
Өнегелі өлең айтпасам,
Іс келмейді шартына.

ЖҰРТЫМА!

Ардақтаған ел-жұртым,
Сегіздің сөзін құндасаң.
Насихат өлең айтайын,
Ілтипат сап тыңдасың.

Кәсіп қылып қамдансаң,
Аузыңа харам салмасаң.
Зорлық қылып біреуге,
Малын тартып алмасаң.

Алды-артыңды барласаң,
Халқыңның арын арласаң.
Үлгі айтып қауымға,
Білімді бол деп зарласаң.

Талаптанып өнермен,
Әр қияға самғасаң.
Серілік құрып жастықта,
Жердің жүзін шарласаң.

Тіршілікте адал боп,
Қиянатқа бармасаң.
Бойдағы бар қуатты,
Ел қорғауға арнасаң.

Нашарларға болысып,
Ғазазіл сөзге азбасаң.
Қазымар болмай орынсыз,
Пенденің тегін қазбасаң.

Әліптің бағып кейде артын,
Дұшпанға қарап тым салқын.
Киліге кетпей асығып,
Айыра біліп іс парқын,

Жүрсең ердің гүлісің,
Ұйымшыл елдің бірісің.
Аз болсаң да топтанып,
Берекесіз жұрттан ірісің.

Осы сөзім арналды,
Біріңе емес, бәріңе.
Ескертпе өлең болғай да,
Жасың менен кәріңе!

Сол уақытта сіздерді,
Тәңірі өзі қолдайды,
Неше түрлі пәледен,
Ақ пен аруақ қорғайды.

Өлеңшілік қасиет,
Кез келгенге қонбайды.
Өздерің жақсы білесің,
Бәрі елдің шебер болмайды.

Ән шырқаған пенденің,
Шығармайды бәрі әнді.
Мыңнан біреу нұсқа етер,
Құйқылжыған тәтті әнді.

Домбыра тартқыш елде көп,
Оның бәрі күйші емес.
Ән мен күйді шығару,
Оп-оңай, жұртым, дүние емес.

Құрап айтқан төрт сөзді,
Ел ішінде жігіт көп.
Бірақ оның барлығын,
Айта алмайсың ақын деп.

Сондықтан да, халайық,
Бұл сөзімді қабыл ет.

Жоғары тұр байқасаң,
Ақындық, ерлік қасиет.

Екінің бірі ер емес,
Сөзімде жоқ ерсілік.
Жігіттің атын шығармас,
Көрінбей жүрген жеке ерлік.

Ерлік деген сол болар,
Сақтаса ылғи ел-жұртын.
Жаудан қорғап қауымды,
Бұзбай жүрсе көп шырқын.

Билетпесе жатқа ырқын,
Жылтыратпаса құр сыртын.
Елдік істі ту етіп,
Теңесе көпке өз жұртын.

Береке болып сөзінде,
Көптің түссе көзіңе.
Көрініп айбар жүзінде,
Халық ерсе өзіне.

Міне, ерлік қасиет,
Қол жету қиын тым биік,
Меңгерген сондай жігітті,
Бағалайды жұрт сүйіп.

Бармас оны ел аузы,
Жамандауға көз қиып.
Ондай адам сөздерін,
Тыңдар әркез жұрт ұйып.

Қымбат сондай аңдасаң,
Ерлік деген қасиет.
Сөзімде болса кемшілік,
Естіген қауым, ғафу ет.

Құлақ болса тыңдарлық,
Айтқан жырым жетерлік.
Тіршілікте болмасын,
Ешбір жанда мешеулік!

САЙРА ДА ЗАРЛА, ҚЫЗЫЛ ТІЛ

Сайра да зарла, қызыл тіл,
Өтерсің бір күн пәни-ай.
Он жаста гүлім ашылып,
Ақылға болдым ғания-ай.

Басы бұлақ болмаса,
Тасымайды терең дария.
Тағылым ала тыңдаңдар,
Есіткен құлақ жария.

Кешегі өткен жиырма бес,
Қайта айналып келмейді деп.
Бастан ұшқан бақыт құс,
Қайта айналып қонбайды деп.

Үлгі етіп айтушы еді,
Бұрынғы өткен қария.
Әлі-ақ шал боп қаларсың,
Әлі-ақ кемпір боларсың.
Қалпында болмас күш-қайрат,
Күзгі гүлдей соларсың.

Тілерсіктерің қабысып,
Бетіңе терің жабысып.
Отырар күнің ілгері,
От басында балалармен
Итіне түсіп қағысып.

Жылмандап тілің көрініп,
Қалар тісің кетіліп.
Ажал келсе бір күні,
Жатарсың жерге бекініп.
Қызыл тілім, сөйлейсің,
Жайшылықта лепіріп.
Өзіңді-өзің білмейсің,
Қалғандай көріп жетіліп.
Өтер-кетер жастық шақ,
Қалармыз бір күн өкініп.

Олай болса, қызыл тіл,
Қалайық біраз секіріп.

Ғибарат алсаң болмай ма,
Бейіттегі көп өліктен.
Ойланыңдар еске алып,
Өлді деп солар неліктен.
Сол зираттың ішінде,
Толып жатыр жеміккен.
Ажал оңай пендеге,
Бастағы киген бөріктен.

Бота көзді, жайдай қас,
Кең маңдайлы, қыр мұрын.
Аққу мойын, қолаң шаш,
Ат жақты, жазық жауырын.

Жібек мінез, ақша жүз,
Денесі сұлу сымбатты.
Жұртқа де бек сүйкімді,
Көз қимайтын қымбатты.

Жары ажалға кезіккен,
Айырылған ел көп серіктен.
Осының бәрін көре тұра,
Қу көңілім неге желіккен?

Бәрінің даусы жетпейді,
Ұлығанмен аспанға.
Әр мақамнан келтіріп.
Сыйғызсам сөзді дастанға.

Қашқан жауға әйел ер,
Қайратқа сеніп мақтанба.
Қанша батыр болсаң да,
Сайланбай жауға аттанба.
Кемерінен ылықсып,
Қайратың судай тасса да.
Әл-Фарабидей ғалым боп,
Білімің елден асса да.

Шаттанба, Сегіз, шаттанба,
Қатардан күшің асқанға.

Шаттанам әлі-ақ ұзамай,
Ажал деген қақпанға.
Қорқыт баба не көрді,
Өрден-өрге асқанда.
Қырық жыл бұрын өлімнен,
Бас сауғалап қашқанда.

Қашқанмен ажал қоймайды,
Құтылып одан болмайды.
Бауыры суық қара жер,
Өлікке ешбір тоймайды.

Жаратушы жалғыз хақ,
Өзі берген жанын өзі алар.
Үш қабат бөзе орап ап,
Денеңді көрге ел салар.
Жаның қалмас бекініп,
Бұлт жамылған таулардың.
Астына барып бүркеніп,
Жасырынып жатсаң да.

Көз сап тұрсаң өмірге,
Бөрінен артық денсаулық.
Денсаулығың бар болса,
Табылар оңай он саулық.
Көп кешікпей жолығар,
Ғұмырлық серік ақ жаулық.

Шарықта, Сегіз, шарықта.
Өлең-жырдан жалықпа.
Үлгі көрсет жастарға,
Пайдаң тисін халыққа!

НЕ АРТЫҚ

Тозған ескі қайықтан,
Жасалған жаңа сал артық.
Сөз ұқпаған дүлейден
Есі кірген бала артық.

Мейірімі жоқ ауылдан.
Орманы мол дала артық.
Жемқор болған ұлықтан,
Зияны жоқ аң артық.

Көргенсіз өскен жігіттен
Жайылып жүрген мал артық.
Ағашы сирек тоғайдан
Жиі өскен тал артық.

Жасық туған жігіттен
Қайраты мол шал артық.
Сұлтанмен жолдас болғаннан
Ер жастанып басыңа,

Тоқым төсеп астыңа,
Түйе жүн шекпен жамылып,
Тыныш ұйықтап жатуға
Дөңесі құрғақ жар артық.

Ерімей тас болғаннан сынған артық,
Басыңа пәле келсе, тынған артық.
Мінгенше жамандармен алтын таққа,
Жақсымен бірге түскен зындан артық.

От алмаған мылтықтан ағаш артық
Танымаған туыстан алаш артық.
Топырашты қанша баптап семірткенмен
Тұлпардың арыса да бағасы артық.

Дос емес досын сырттан мақтамаса,
Несі дос бірін-бірі жақтамаса.
Болғанда бүгін араз, ертең тату
Достығы надандардың тап-тамаша.

НЕ ҒАРИП?

Бұл жалғанда не ғаріп?
Ұғатын пенде болмаса,
Маңызы асыл сөз ғаріп.
Екіншіден, не ғаріп?
Жанары өшкен көз ғаріп.
Үшіншіден не ғаріп?
Пайдаға аспай дүкенде,
Сатылмай жатқан бөз ғаріп.
Төртіншіден, не ғаріп?
Ел-жұртынан айрылса,
Қамал бұзар ер ғаріп.
Туып-өскен жерінен,
Амалсыздан ажырап.
Үйсіз-күйсіз жапанда,
Қашқындықпен күні өткен,
Нияз бенен мен ғаріп!

СЕГІЗ СЕРІ МЕН ДАРИҒА ҚЫЗДЫҢ АЙТЫСЫ

Дарига:

Жолаушым, таңданамын жүрісіңе,
Рұқсатсыз бұл ауылға келісіңе.
Ауылыма кісі түнеп көрген емес,
Болмайды тілегіңе келісуге.

Батырсың я қашқынсың оқ жонасың,
Қалайша осы ауылға кеп қоғасың.
Әуелі жөн сұрасып білісейік,
Жас жігіт сауыт киген, кім боласың?

Сегіз сері:

Ерке қыз, таңданбағай жүрісіме,
Рұқсатсыз осы ауылға келісіме.
Жапанда шөптен рұқсат сұраймын ба,
Болмай ма бір қонуға келісуге?

Еншісі мұсылманның – қонақжайлық,
Мейманға бірдей жағдай, кедей, байлық.
Әркім барын береді жайын айтып,
Жолаушының несібі бірер шайлық.

Жастардың жаңа шыққан перісіміз,
Өнерде тең-құрбының ірісіміз.
Замандас, сіз сұрасаң, біз айтайық,
Керейдің Сегіз, Нияз серісіміз.

Дариға:

Үйіме қона келдің екі жігіт,
Қондырар деп біздерден етіп үміт.
Төре ауылы ешкімді қондырмайды,
Есіңнен меймандостық болсын ұмыт.

Түнеуге келіпсіңдер көңілің болып,
Шықпаққа ойларың бар бүгін қонып.
Қасыма қашқынды алып жата алмаймын,
Ел-жұртқа ойда-жоқта күлкі болып.

Мінекей он сегізге келді жасым,
Қызықты әрбір түрлі көрдім басым.
Бойыма өсек таңып жүре алмаймын,
Тыңдасаң, Сегіз сері замандасым.

Сегіз сері:

Айбарлы арыстандай жүрегім бар,
Қарулы жолбарыстай білегім бар.
Замандас, сен айтқандай, қашқын емен,
Әр жерде сүйенетін тірегім бар.

Жас жастың тілегі бір деген сөз бар,
Ғашық болып келгем жоқ етем деп жар.
Шошыма, төре қызы, Сал Сегізден,
Өзіме талай сұлу болған іңкәр.

Қорыққан бір адамнан жерің бар ма,
Мейманға көрсететін сесің бар ма?
Ақыннан қона келген жеріп тұрсың,
Батырдан қорлық көрген жерің бар ма?

Замандас, келетұғын жарың бар ма?
Рет жоқ болмаса сен сескеніп тарыларға.
Зиянсыз адал жанды жас батырмын,
Әрқашан пайдам тиген құрбыларға.

Бейбастық бозбаладай мінезім жоқ,
Сылтауратқан құр сөздің керегі жоқ.
Кеш боп қалды, үйіңе бізді түнет,
Басы жұмыр пенденің бөлегі жоқ.

Ақкөңілді тәңірім ылғи сүйер,
Жалақорлар тамұққа барып күйер.
Қиянат жасамаймыз, қондыр бізді,
Ақ ниет жолаушылық батам тиер.

Дариға:

Ешкімнен ауылым бата тілемейді,
Төрөні пенде қорғап сілемейді.
Төрөнің тәртіп, заңын білген адам,
Қондыр деп үзеңгісін шіремейді.

Тым шапшаң аяқ алысың, батыр Сегіз,
Сайланып сауыт киген ақын Сегіз.
Түнет деп көрінгенге телміргенше,
Далаға қон құр дағы шатыр, Сегіз.

Сегіз сері:

Сыйламай тұрсың, бикеш, ақыныңды,
Танымай жүрсең керек батырыңды.
Ауылдар жолымдағы түнетер деп,
Шықпап ем сапарға алып шатырымды.

Батырдан неге, құрбым, қашқақтайсың,
Мейманды адам демей асқақтайсың.
Орынсыз себептерді тым көбейтіп,
Қонақтан босқа безіп бұлтақтайсың.

Дариға:

Өнерің бар көрінеді алуан, Сегіз,
Қайтпапты жүрегіңіз жаудан, Сегіз.

Асынып бес қаруды келді екен деп,
Дәмім жоқ саған берер, балуан Сегіз.

Сегіз сері:

Қайнатып беретұғын суың жоқ па?
Тамызық қылар ағаш қуың жоқ па?
Отқа қарап отырған жан емессің,
Жасауға ашшы айраннан сусын жоқ па?

Дарига:

Ететін, Сегіз, сізге қайраным жоқ,
Сізбенен ойнап-күлер сайраным жоқ.
Нансаң да, нанбасаң да, өзің білші,
Үйімде суық су мен айраным жоқ.

Сегіз сері:

Япырым-ау, мына бикеш еріншек пе?
Суын төгіп құлайтын сүріншек пе?
Үйімде айраным мен су жоқ дейсің,
Жарымас сені алған жан келіншекке.

Мейманды қондырмайсың, амал қанша,
Қу шөппен аузың сұрттің сараңдарша.
Өрілместен шашыңыз қобырапты,
Сіркеленіп кетеді тарамаса.

Дарига:

Батырсыз, ақынсыз да жүргең жай бар,
Қонақты күте алады бек пен байлар.
Зардабын жоқшылықтың тартып жүрміз,
Күн өтті кедейлікпен жылдар, айлар.

Шашымды жүргенім жоқ тармастан,
Қалдым ба құрбылыққа жарамастан.
Сараңға, еріншекке теңеп мені,
Сөктің ғой көңіліме қарамастан.

Сегіз сері:

Бұл айтқан сөздерімнің бәрі орынды,
Мейірімсіз қыз екенсің жың қорымды.
Кесапат қылығыңды қоймасаңыз,
Қайнатар әлі-ақ біреу шын сорыңды.

Тап бүгін сағың сынды, шын мертілдің,
Төре атаулы жандарға кір келтірдің.
Ауылыңа бір түнеуге болмайтындай,
Әбілқайыр әулетінен кімді өлтірдің?

Төре кедей бола ма ел қанаған?
Битін сыққан сұм ба әлде қан жалаған,
Қарғыс сіле алмадық деп айтасың,
Жарлы жоқ сұлтандарды қарғамаған.

Асылғожа сендерді қатыгез деп,
Адамға жұғымы жоқ жат мінез деп.
Айтқаны, міне, алдымнан дәл шығып тұр,
Жантөренің ұл-қызы көргенсіз деп.

Ісінді сенің дұрыс дей алмаймын,
Қалыңсыз берсе дағы, сені алмаймын.
Жантөренің ауылын сынағанмен,
Төренің бәрін жаман дей алмаймын.

Батырмын көпке ұнаған көзқарасым,
Қазақтың таңдап сүйгем қыз баласын.
Атандым осы кезде Сегіз сері,
Үш жүздің ертпекшімін бозбаласын.

Шыққан тегім – Орта жүз, таузар Керей,
Салдықпен бар қазаққа болған мерей.
Қарасұр, орта бойлы дембелше қыз,
Жән сөйле, бекер босқа лаға бермей.

Қарақшы емен ел малын ұрлап жүрген,
Жән емен жұртты мінеп-сынап жүрген.
Себеп жоқ безуіңе біздей жастан,
Мейманбыз елге ырыс құрап жүрген.

Әдепсіз қыз екенсің сүйрендеген,
Жерің жоқ, байқап тұрсам, үлгі көрген.
Сөзіңді жалған айтқан тоқтатпасаң,
Жігітке жар болмайсың қадір білген.

Бойыңа лайық емес жұртқа күлген,
Гайбаттап елді сөгу шайпау тілмен.
Сендейдің күн тимесін олжа етпек боп,
Емеспін соның үшін кештеу жүрген.

Қой сой деп, қымыз бер деп қыстамаймын,
Су берсең, ілтипаттан тастамаймын.
Түнетіп бейілің берсең, разымын,
Мейманды қондырмасаң, қостамаймын.

Дарига:

Сөзіңіз батып кетті сүйегіме,
Көзімнен жас тамшылап иегіме.
Жоқ жерде бітпес дауға қалдым, ойбай,
Сіз үшін отқа өртеніп өлейін бе?

Сегіз сері:

Құмар боп сізді іздеп келгенім жоқ,
Қыз таппай сенен басқа жүргенім жоқ.
Тұз жала ішің күйсе, қара сұр қыз,
Жалғанда сендей бейпіл көргенім жоқ.

Сөз батса, сыпайы бол сүйегіңе,
Бекерге жас тамызбай иегіңе.
Пәлеге кездейсоқта ұшырарсың,
Ұрынсаң біз сияқты киеліге.

Түсінбей айтқан сөздің жобасына,
Соқтықтың өлең-жырдың иесіне.
Бейпіл қыз, кесірлікті тастамасаң,
Сегіздің кез боларсың киесіне.

Дарига:

Көрмесең мендей қызды, келме жақын,
Мен дағы көргем талай жігіт ақын.

Батырмен сөйлесуге ерінемін,
Жолама алмағың жоқ бізде хақың.

Сегіз сері:

Кесір қыз, жоқ болса да сенде хақым.
Ауылыңа жолаушылап келдім жақың.
Еншісі мұсылманның қонақ сыйлау.
Сол себеп бар емес пе мейман ақым?

Еншісі мұсылманның бөлінбеген,
Әкелер қонақ өзі ырыс деген.
Кешше қыз, білместікпен безінесің,
Мейманның несібесі өзімен келген.

Бізде жоқ қыз оятар жаман әдет,
Жүреміз әрқашанда сақтап әдеп.
Қолыңның сыртқы жағы әйгілеп тұр,
Емессің бүлінбеген сен бір сәддеп.

Дәл саған кездеспеген жігіт ақын,
Жолықса көрмес еді сені мақұл.
Тезге сап мінезіңді түзетпек боп,
Өзіңе айтар еді сөзді батым.

Көрмепсің махаббаттың дәмін татып,
Айтасың жоқты-барды бұтып-шатып.
Мақтанып көпіре берме, желіккен қыз,
Сендейді бес тиынға алман сатып.

Менмендіктен қалыпсың тастай қатып,
Сөйлейсің жынның сөзін төңірі атып.
Негізің жарымаған надан қызсың,
Бермедің тым болмаса шай қайнатып.

Аш емеспіз, алғанбыз жолға азық,
Сөйлеттің амалсыздан әбден қазып.
Түнеуге рұқсат сұрап келе қалған,
Мейманда болған емес ешбір жазық.

Байларсың, бүйте берсең, бақытыңды,
Өткіздің босқа сөйлеп уақытыңды.

«Бір шөугім шай қайнатып береді», – деп,
Жолаушы тілемейді шақыртуды.

Құдаша, сыйламадың ақыныңды,
Түнетпей ренжіттің батырыңды.
Егерде шайпаулықты қоя алмасаң,
Қуарсың қонақ түгіл жақыныңды.

Бекерге кекірейіп керілесің,
Орныңнан қозғалуға ерінесің.
Айырылған аяқ-қолдан пақырға ұқсап,
Секілді мешел жандай көрінесің.

Шығарған жылап қашты масыл қызың,
Төрелер, неге сонша жасырыңды?
Орданды өшіктірсең ойрандайтын,
Мен Сегіз қыста түсер жасылыңмын.

ӨМІРІМЕН ҚОШТАСУ ӨЛЕҢДЕРІ

Демеуші ем мынау Алшын, Үйсің, Найман,
Демендер-ау, жігіттер, пәле қайдан.
Шөлдеп келіп мұзды су ойып ішің,
Жабысты өкпе дерті әлдеқайдан.

Жас өмір жастық шағым мұқалмаған,
Ешкімге тізе бүгіп жалынбаған.
Азуы алты қарыс жолбарыс та,
Бетпе-бет маған қарсы тұра аламаған.

Балаушы ед жұрттың бөрі арыстаңға,
Тең келсе пенде жоқ деп алысқанда.
Қастық қып қол көтерер болса дұшпан,
Шапқылап бояушы едім қызыл қаңға.

Сол қайрат осы күні қайда менде?
Шыныммен осы дертке берілдім бе.
Асқар тау, Ніл дарияны көзге ілмейтін,
Ойлаушы ем мәңгімін деп бұл дүниеде.

Шіркін-ай, қиял екен оның бөрі,
Өлмейтін пенде болмас жас пен көрі.

Қайратпен ажалды ешкім тоқтата алмас,
Күш атасы болса да Әзіретәлі.

Құс ілер қаршығадай қанат қомдап,
Көңілім көтеріліп көкке самғап.
Жазылып осы аурудан құлан таза,
Бауырым төсеп шалғынға жатсам аунап.

Уа, ғұмыр, артта қалдың сағымданып,
Жетектеп мені әкелдің ағымға алып.
Самсаған сары қолдай құрбыларым,
Көңілім сұрап келіп жүр еске алып.

Сауыт киіп сайланар заман бар ма,
Бас көтеріп тұратын дәрмен бар ма?
Өнері жер жүзінен асса дағы,
Ажалды ұстап қалған адам бар ма?

Қанекей сол күндерім енді қайда?
Жетім-жесір, ғаріпке тиген пайда.
Солардың бірі келіп ем айтар ма,
Дертіме шипа болып тисе пайда.

Жасымнан ән шырқадым жиын-тойда,
Күш-қайрат денемдегі қуат қайда?
Бұл күнде қандай күйде мен жатырмын,
Өткен күн елестейді болып ойда.

Ғайыптан мен бір сұрап алғандаймын,
Бұл аурудан мен байғұс оңалмаймын.
Ғаріптік жағдайымды жырға қоссам,
Қуаты жоқ дәрменсіз бағландаймын.

Сырқат жеңіп көнеріп қалғандаймын,
Өткенді аңсап еске алғандаймын.
Қураған көкше құрақ секілденіп,
Қырыққа келмей жатып солғандаймын.

Кең дүние бірқалыпты жатыр көлбеп,
Менде хал жоқ селт етіп көңіл бөлмек.
Басыма қара тұман түнерген соң,
Тағдырдың жазмышына болдым көнбек.

Пендені уақыт шіркін жетектейді,
Толқыны замананың кес-кестейді.
Өлімнің ерте-кеші беймағлұм ғой,
Алланың өзі оны есептейді.

Тұрмыста тағдыр ісі десең қалай,
Пенде көп білмейтұғын бар ғой талай.
Науқас боп төсағашта мен жатырмын,
Демеңдер мұны, жұртым, әлдеқалай.

Мен байғұс ауырам деп ойладым ба?
Ажал төніп атар оғын сайлады ма.
Отыз жеті қыршын жас мезгілімде,
Дәл көздеп нысанаға байлады ма?

Басында тағдыр ісі болды осылай,
Жабысты бұл дерт келіп әлдеқалай.
Қашсаң да төрт бұрышына дүниенің,
Жазмыштың әуел баста ісі солай.

Айырылып мен сендерден жалғыз кетем,
Қайрылмай ешқайсыңа, мәңгі кетем.
Сағымдай бұлдыраған қашықтағы,
Жеткізбей сендерге мен алыс кетем.

Мұстапа, Мұсабек, Мұсайын құлыншағым,
Алдымда жанып тұрған шамшырағым.
Шолпаным аспандағы Бибізара,
Сендермен жарқырайды болашағым.

Сендерге менің қояр бір тілегім,
Мынау ғой төсек тартып жатқан түрім.
Мен десеңдер әке деп мені сыйлап,
Анаңның екі етпеңдер айтқан сөзін.

Тарқаған ерлік іште шер құмарым,
Еске алғам ғаріп-қасер мұң мен зарын.
Бұл күнде көңілімді жұбататушы,
Шынайы Ырысбике сүйген жарым.

Отыр ғой ерте-кеште басты сүйеп,
Ырыс жаным, қайғырмашы мұнша жүдеп!

Бауырында балапандай ұл-қызымды,
Өсірші, келсе шамаң, төрбиелеп.

Еш қызық бұл жалғаннан көрген жоқпын,
Қашқындық, қуғындықты ғана білгем.
Өлдің, өштің дегені ғалымдардың,
Айтылады артында нәсілі жоқтың.

Мен тұрмын ауызында ажал оқтың,
Жылауменен күні өтеді арты жоқтың.
Тәуба ет, белді буып, бетті жуып,
Отырсың ғой ішінде қалың жұрттың.

Көп жыласаң, көзіңнің нұры кетер,
Ойлайсың жеңілдеттім деп қасіретті.
Жылауды қой, жақсылап балаңды өсір,
Көрсетіп ел жұртыңда қызметті.

Жылай берсең, денеңнен қуат кетер,
Аз ғана күн сенімен қызықты өмір өтті.
Армансыз әбден жылап мауқың басып,
Одан соң жылағанды тоқтат тіпті.

Тіл мен жақ байланатын мезгіл жетті,
Қаусырма жақтың дағы еті кетті.
Қоштастым көрмегенді хат арқылы,
Жазуға енді менде хал де бітті.

Тіл күрмелді, қол жазбайды, шама кетті,
Тататұғын дәм мен су – бәрі бітті.
Қара бұлт күнді басып қарауытып,
Мен көретін жарық сәуле бәрі бітті.

Өлім айтып келмейді жаманатты,
Ырысжан, сен тыңдашы насихатты.
Мен жөнеліп кеткен соң дүниеден,
Оқып шық та, орында осы хатты!

Алғашқы күні зарларсың,
Қанды жасың парларсың.
Кең дүние тарылып,
Серігіңнен айырылып,

Қанатыңнан қайырылып,
Баласын атқан аққудай,
Іште қайғың шыдатпай,
Шашыңды жайып бет жыртып,
Денеңе қалың дерт бітіп,
Жағың тынбай қақсарсың.
Жабыла бәрің шуларсың.
Асау аттай туларсың
Тыным таппай жыларсың
Көздің жасын бұларсың.
Дыбыстауға дем бітіп,
Әбден шаршап өл бітіп
Аяқ қолдан жан кетіп,
Жас шықпай көзден тоқталып,
Бір күндері болғанда,
Өзіңнен өзің тынарсың.
Жұрт аяр сенің өзіңді,
Білеудей іскен көзіңді,
Ақша қардай жүзіңді.
Суық сумен жудырар
Жұбатып сені қойдырар.
Арада сағат өтпей-ақ,
Тыныштап дем алмай-ақ,
Қайта бастап ыңылдап,
Жыларсың тағы тынбай-ақ,
Дауыстауға үн шықпай,
Дыбысың бітіп тынарсың.
Қолыңнан келер дәрмен жоқ,
Қандай айла қыларсың.
Осындай болған кезеңде,
Қайғырып жылап бәрің де,
Шамаң кетіп денеңде,
Жылаушы қауым көзің де,
Кәрі-құртаң енең де,
Хал біткен соң бәрің де,
Ешкім тоқтау айтпай-ақ,
Өздеріңнен өздерің
Шаршап барып тоқтарсың.
Сүйіспеншілікті сақтарсың.
Өксігіңді баса алмай,
Ықылық атып тұрарсың.
Жастықты құшақтап жатарсың,
Былаулап жасқа батарсың.

Ұйқы арсыз деген – сол,
Мызғып кетіп қаларсың.
Аз да болса тынығып,
Аяулы көңілің жабығып,
Қолыңды созып ұйқыда,
Қалдым дерсің сағынып.
Сонда да саған келе алман,
Маңайыңда жүре алман,
Бұрынғыдай қасыңда,
Әзілдесіп тұра алман.
Дидарыңды көре алман,
Халіңді сұрап біле алман.
Таршылықта жүрсең (сен),
Қолымның ұшын бере алман.
Жақындап саған бара алман,
Таянып келіп тұра алман,
Менің жолым бір басқа,
Сендермен бірге бола алман.
Табақтас болып дәм татып,
Бірге жатып тұра алман.
Ешқайсыңның жүзіңді
Жарқыратып көре алман.
Бауырыма тартып балаларды,
Маңдайынан сүйе алман.
Жер қыртысын көрген соң,
Қара жерге енген соң,
Өзіңнен кетер еркіндік.
Бауырына оның кірген соң,
Бұрынғы дәурен бізде жоқ,
Ендігі жерде тірлік жоқ.
Алдаумен өткен сұм жалған,
Қалды ғой бәрі, бізге жоқ.
Енді ғой келіп ажал оқ,
Алып тастайтын шама жоқ.
Өліктің тілін кім алған,
Сөйлейтұғын дәрмен жоқ.
Тұяғы бүтін тұлпар жоқ,
Қанаты бүтін сұңқар жоқ.
О дүниеге барғанда,
Мұңымды айтар жан да жоқ.
Қайсы молда барыпты
О жалғанды көріпті.

Анау-мынау деп соғад,
Солар нені біліпті?
Танитын құранды молда жоқ,
Шариғаттан түк те жоқ.
Жетім-жесірді алдап жеп,
Дозақпенен ісі жоқ.
Жетімді же деп айтпаған,
Құранда бар сүресі.
Нашарға жәрдем ет деген,
Және де бар кеңесі.
Шариғатты білгендер,
Терең ойлы ғалымдар
Дүмше молда секілді
Дүниеге көзін алартпас.
Анығын біле тұрсаң да,
Көз жетіп бәрін білсең де.
Опасы жоқ дүниеде,
Жасың менен көрің де,
Асып тасқан бегің де,
Сөз жорғасы биің де,
Бай мен шонжар деуің де,
Хан менен батыр серің де
Нелер асқан күштің де,
Қол бастаған көсем де,
Нелер жүйрік шешен де,
Білімді, дана ғалым да,
Тірі жүрген бәрің де,
Айы біткен айында,
Күні біткен күнінде,
Келерсіңдер бәрің де,
Мезгілі жеткен кезінде,
Шақырмай-ақ өзің де.
Орын алып жатарсың,
Қараңғы көрдің ішінде.
Мәңгілік жерің сол болар,
Ендігі қалған жеріңде
Жайғасып жатып ұйықтарсың,
Еншіңе тиген үйіңде.
Үйден алып кеткен соң,
Қонысты жерге жеткен соң,
Қайтып есік ашпаспын
Сендерден дәм татпаспын.

Көздерің бұған жеткен соң,
Келмесімді білген соң,
Үміттерің үзіліп,
Іші-бауырың езіліп,
Жылаудан сонда тоқтарсың.
Бірте-бірте суынып,
Ойыңнан алыс кетермін,
Мәңгілік өшіп есіңнен,
Айлар, жылдар өткен соң,
Тот басып тозу жеткен соң,
Ұмтылып мүлде кетермін.
Сөз тыңда Сегіз серіден
Тоқтай тұр безбей біздерден.
Біздің тілек тіріден,
Дәметеміз сіздерден.
Туған-туыс, ағайын,
Құрбы-құрдас, көріден.
Қатар жүрген бөріңнен
Анда-санда еске алып,
Келіп кетіп бейітке
Тілейміз бата қалғаннан,
Маһрұм қойма дұғаңнан.
Сегіз деген ат қалып,
Қолыммен жазған хат қалып,
Рухым да қалмастай
Мәңгілік өшіп кетермін.
Қосылып едің басында
Он жеті сенің жасыңда.
Жиырма бір жасқа мен толғам
Ит жылының басында.
Он алты жыл сенімен отастым,
Содан бері тұрмыста.
Тәтті ғұмыр өтті (ғой),
Әрдайым болдың қасымда.
Алты балаға ана боп,
Сен отырсың басымда.
Болатын іске жасыма,
Түнерді бұлт басыңа.
Тағдырдың ісі осы екен.
Көрсететін көзіңе.
Отыз екіге толған жасыңда.
Шаттық күйге боялмай,

Ойнап-күліп жүре алмай,
Айырылатын кез жетті
Қызықты күнге тоя алмай,
Жастық жалын басылмай.
Ажал келіп жүр деп тұр,
Көз жасыңды аямай,
Жесір болып қаласың,
Отыз екі жасыңда.
Араңнан мен кетемін,
Отыз жеті жасымда.
Күтпеген жерден кез болды-ау,
Құрған торы жолымда.
Ойлап тұрсам, Ырысжан,
Ақылға салып өлшесек,
Осылай болу бәрі де
Жазмыштың ісі басында.
Асты беріп өткен соң,
Жабдықты атқарып біткен соң,
Өлгенмен бірге өлмейді,
Тірі болып жүрген соң.
Осыларды білген соң,
Айлар, жылдар болған соң,
Бас еркінді сен сұрап
Ақсақал көрі жасынан,
Тілек тілеп айтқайсың,
Отыз екі қыршын жас
Өтті текке дегейсің,
Мен де бердім ерікті,
Рухым риза, Ырысжан.
Өміріңді өксітпе
Бәріңнен безіп мен кеттім
Өзіңдей қимай серікті,
Өлдің, өштің деген сөз
Қайтып көрмес оны көз.
Өлікті аңсап жылама,
Көрісуге онымен
Маңына ешбір жолама.
Есіңе алып әрқашан
Жылай беруге бола ма?
Белді мықтап буғайсың,
Қайғы-шерді қойғайсың,
Балаларды өсіріп,
Елге қызмет қылғайсың.

Менен күдер үзгейсің,
Алыстап аулақ жүргейсің,
Ғайыптан ойда кездессең,
Көзге тыйым салғайсың,
Нашардың халін білгейсің,
Құрмет етіп жүргейсің,
Мұқтажды болып кездесе,
Қолдарың ұшын бергейсің.
Ауыл үйде жетімнің
Халін біліп тұрғайсың.
Сүйенері жоқ болса,
Қамқоры болып жүргейсің,
Елге жақтым жасымнан,
Сөз асырмай басымнан,
Жастай шықты атағым.
Сүйткен Сегіз серіңнің
Дәмі бітіп жалғаннан.
Қара жер болды жатағым.
Мұстапа, Мұсабек, Мұсайын –
Дәулетім едіңдер санатым.
Жағалы ішік жанатым.
Атымды менің өшірмес,
Тірі жүрсе артымда
Үш бірдей менің қанатым.
Тұрмыстың таптай жәннатын,
Жерім жоқ енді баратын.
Осы арадан тоқтаттым,
Халім жоқ әрі жазатын.

* * *

Іс еттім шапшаң ептілікпен,
Көргем жоқ ешбір пайда күштіліктен.
Талай рет майданда жекпе-жекте,
Дұшпанды қоштастырғам тіршіліктен.

Жүруші ем жиырма бесте күліп-ойнап,
Ішінде тең құрбымның гүлдей жайнап.
Мендетіп өкпе ауруы күннен күнге,
Жетелеп отыз жеті ажалға айдап.

Уа, дүние, шыныменен өткенің бе?
Ұзамай ажал қуып жеткенің бе?

Жанған өрттен бүрге де қалад деуші ед
Артыңа түк тастамай кеткенің бе?

Дүние бір жұғымсыз көлбеңдеген,
Ешкімді кемеліне келтірмеген.
Біреу бар, біреу жарлы, біреу мұңды,
Пендесін тәңірім аштан өлтірмеген.

Адамзат еркін өскен кеңшілікте,
Секілді бәйшешектей желкілдеген.
Күл де ойна күшің барда тіршілікте,
Қартайсаң, шал боларсың селкілдеген.

Болса да жадыраңқы мінезім жаз,
Көбірек айтпаушы едім ешкімге наз.
Өкпе ауруы күннен күнге әлсіретті
Секілді сезінемін ғұмырым аз.

Сұлулар ғайып болды тілі майда,
Батырлық ол да қалды өз жайында.
Ойласаң өткен күнді еске алып,
Жастық шақ келместей кетті қайда.

Күш-қуат, бойдан қайрат кеткеннен соң
Шіркін-ау, іш қайғысын бар ма жаймақ.
Жас шағың арпалыста өткеннен соң,
Тірліктің қызығына бар ма тоймақ?

* * *

Дүние, ойлап тұрсаң, түс мысалы,
Бақшаға қонып ұшқан құс мысалы.
Тірлікте мың жыл өмір сүрсең дағы,
Аспанға бу боп ұшқан су мысалы.

Дүние ақиреттің егіні екен,
Егінді ерінбей-ақ егу екен.
Кезінде соны білу қажет екен,
Абайлап өнім алу дұрыс екен.

Құлшылық, ғибадатшыл, диханшылық,
Қайырымы екі дүниенің тегін екен.
Ғибадат, насихат сөз тамамдадым,
Көз көрген асылдардан үлгі алмадым.

Атаның оқы деген сөзін ұқпай,
Мен Сегіз дер кезінде тіл алмадым.
Ақылын Көрпеш аға хош алмадым,
Ұлыққа Омбыдағы жаға алмадым.

Сауыт киіп, найза ұстап, тұлпар мініп,
Жасымда батыр жігіт атанғанмын.
Топ жарған саңлақ ақын болмасам да,
Елдегі бай бағланға ұнамадым.

Жастықпен жақсы-жаман іс атқардым,
Сұраймын кешіруді бір алладан.
Бұйрығын шарапатты қыла алмадым,
Тарихын мағұрып, машұрып өмірінің.

Тірлікте ғылым қуып тере алмадым,
Тергеуші Мүңкір, Нәңкір періштенің.
Сұрайтын өзімізден сауалының
Жауабын бұл жалғанда бере алмадым.

Хал-жағдай ол дүниеде қандай болмақ,
Найзагер батыр жігіт болсам дағы.
Жүрек шошып, түршігіп тұра алмадым.
Жаратқан ием Жаппар хақ,
Мейірімің түсіп кешіргей!
Жастықта бастан өткерген,
Батырдың біздей қатасын.
Рахым етіп бір алла,
Басы жұмыр пендеге
Көрсетпе ақірет жапасын!

Тапсырып бір өзіңе бар ісімді,
Еске алып күдіретіңнен ұялғанмын.
Қол жайдым аумин деп өзіңізден,
Тіленіп кешірім деп жалынғанмын.

Мүшелді жасым кез болып,
Балғын денем тез солып.
Ажал уақыты таянып,
Отырмын мен де қор болып.

Бар дейді ауырлықтың жеңілдігі,
Әр нәрсе кетер көзден көңілдегі.
Бар істі жақсылыққа жорыған соң,
Болады түсіндегі өңіндегі.

* * *

Өн салдым күні кеше асқақтата,
Көтере дауысымды аспандата.
Тастадым жыр түйдегін ілек-ілек,
Шабытпен үсті-үстіне баспалата.

Ешкімге тізе бүгіп жалынбағам,
Қоршаған жауларға да бағынбағам.
Дұшпанға дабыл қағып тиер шақта,
Секілді қау өртіндей жалындағам.

Кешегі сардар болып жүргенімде,
Кезім жоқ топқа түсіп сыналмаған.
Азуы алты қарыс жолбарыс та,
Бетпе-бет маған қарсы тұра алмаған.

Мені үш жүз балаушы еді арыстанға,
Тең келер пенде жоқ деп алысқанда.
Қастықпен қол көтерген дұшпан болса,
Боялап қалушы еді қызыл қанға.

Санайтын мені елім данышпанға,
Озатын жүйрік едім жарысқанда.
Талайды жекпе-жекте бүктеп едім,
Майданда қанды алаңға барысқанда.

Сол қайрат осы күнде жоқ қой менде,
Ақылдан болып тұрмын қазір кенде.
Асқар тау, долы өзенді көзге ілмейтін,
Болсақ та кеше ғана алып пенде.

Шынымен ауыр дертке берілдім бе?
Ажалдың арбасына жегілдім бе?
Қайтпаған тау мен тастан есіл жүрек,
Бұл күнде саз балшықтай езілдік бе?

Дүниеде мәңгі тұрмас жас пен кәрі,
Алмасар күні өтіп адам бәрі.

Ажалға тура келген бөгеу болмас,
Өткізіп уақытты ішкен дәрі.

Тоқтатып сұм өлімді тұра алмаған,
Баяғы күш атасы Өзірет әлі.
Науқасың күннен күнге мендеткен соң,
Қалмайды адамшылық қасиет нәрі.

Жүз жиырма төрт мың пайғамбар,
Ғаділдік жолын іздеп ғұмыр кешкен.
Сахаба отыз үш мың өңкей дегдар,
Олар да дәм таусылып дүниеден көшкен.

Қаншалық сахиб қыран болсаң дағы,
Сұм науқас адастырар ақыл-естен.
Кешегі шаттық күнің ғайып болып,
Жатасың еш нәрсеге көз сүзбестен.

Құс ілер қаршығадай қанат қомдап,
Шығардым өр шабытпен жырды сомдап,
Сапарым, істерім де сәтті боп еді,
Әрдайым ақ пен аруақ өзі қолдап.

Қиялмен әр тарапты түгел шарлап,
Көңілім көтеріліп көкке самғап.
Жазылып осы аурудан құлан таза,
Жататын күн болар ма шалғынға аунап?!

Уа, ғұмыр, өтіп жатсың сағымданып,
Жетелеп әкеп тұрсың ағынға алып.
Самсаған сары қолдай құрбыларым,
Көңілім сұрап келіп жүр есіңе алып.

Сауыт киіп сайланар заман бар ма?
Бұл науқастан құтылар амал бар ма?
Жиһанда өнер, білім – бәрін біліп,
Ажалға тоқтау салған адам бар ма?

Ту ұстап, тұлпар таңдап, құрадым қол,
Жастарға қозғау салып, көрсеттім жол.
Жұртыма өле-өлгенше қорған болу –
Халық үшін алға қойған мақсұтым сол.

Қуана қарсы алатын болса жиын,
Әрқашан дайын болды алар сыйым.
Күресіп, жамбы атып, нар көтеріп,
Шарттарды орындадым нелер қиын.

Арттырып барған жерде тойдың сәнін,
Ұнады халайыққа күй мен әнім.
Ағылттым ұзақ таңға өлең-жырды,
Қобызға әсем қосып келгенше өлім.

Жетім-жесір, ғаріпке тиген пайда,
Япырым-ай, сол күндерім кеткен қайда?
Солардың бірі келіп ем айтар ма,
Дертіме шипа болып тиер пайда?

Артықша орнаған соң шабыт бойда,
Ән шырқап, қобыз тарттым жиын-тойда.
Бұл күнде күйім кетіп мен жатырмын,
Өткен күн елестейді болып ойда.

Ғайыптан бейнет тілеп алғандаймын,
Мен байғұс бұл науқастан оңалмаймын.
Ғаріптік жағдайымды жырға қоссам,
Дәрменсіз қуаты жоқ бағландаймын.

Сырқат меңдеп, әлсіреп қалғандаймын,
Жастықты аңсап, есіме алғандаймын.
Қураған көкше құрақ секілденіп,
Мүшелде отыз жеті солғандаймын.

Кең дүние бір қалыпта жатыр көлбеп,
Селт етіп менде хал жоқ көңіл бөлмек.
Төбемнен ажал бұлты үйірілген соң,
Тағдырдың жазуына болдым көнбек.

Пендені жазмыш ісі жетектейді,
Толқыны замананың кес-кестейді.
Өлімнің ерте-кеші беймағлұм ғой,
Уақыт оны өзі айтпай есептейді.

Тұрмыста тағдыр ісі десең қалай,
Пенде көп білмейтұғын бар ғой талай.

Ауырлап төсағашта мен жатырмын,
Демендер мұны жұртым әлдеқалай.

Мен байғұс ауырам деп ойладым ба,
Шынымен ажал оғын сайлады ма?
Отыз жеті мүшел жас жеткенінде,
Дәл көздеп нысанаға байлады ма?

Басында қызық дәурен болды солай,
Жабысты айықпас дерт әлдеқалай.
Қашсаң да төрт бұрышына дүниенің,
Жазмыштың әуелдегі ісі осындай.

Мұстафа мен Мұсабек,
Мұсайын мен Мұсажан,
Мұсахан мен Мұсақұл –
Жеті бірдей балдырған,
Жалғыз қызым – Бибізара,
Сүйсем мейірім қандырған.
Сүйген жарым – Ырысбике,
Алғысқа ылғи қалдырған.

Есі кірген ұлдарым,
Айтқанымды қабыл ал!
Атаның сөзі қағида,
Құлақ қой да қағып ал!

Көргенде, балаларым, елжіредім,
Қалайды өсуіңді бұл жүрегім.
Апаңның айтқан сөзін екі етпеңдер,
Сендерге менің қояр бір тілегім.

Әке деп мені егер сыйласаңдар,
Ер болуды армандап мыйласаңдар.
Анаңды ренжітпей арадақтаңдар,
Еске алып көңілімді қимасаңдар.

Анаңның қалт қылмаңдар айтқан сөзін,
Налытып толтырмаңдар жасқа көзін.
Мойымай жетімдікке, құлындарым,
Аз күндік қиындыққа етпей төзім.

Сендерді көрсем, тарқайды шер-құмарым,
Алдымда жанған жеті шамшырағым.
Медеу қып көңілімді көтерімін,
Бап-балғын жаңа өскен көк құрағым.

Өсе бер сегіз бірдей құлыншағым,
Зор болсын тіршілікте болашағың.
Ойлаймын мен өткен соң дүниеден,
Болар деп әлдеқалай жастық шағың.

Қарасар қадір білген ағайын, дос,
Артымда сендер қалып, көңілім хош.
Тірлікте алданышы болмаған соң,
Ұл-қызсыз ата-анаға дүние бос.

Ер болдым бала кезден адал көңіл,
Жұмсалды табысым да ағыл-тегіл.
Жақсылығым көз тайған соң ұмытылар,
Жан едім сөз көп ерген, тұзым жеңіл.

Еледік кезінде елдің мұң мен зарын,
Дүние кейде кең боп, кейде тарын.
Тұс-тұстан жау аңдыздап келгенменен,
Төгіліп көрген емес ерлік арым.

Ғаріпке үлестіріп қолда барым,
Жақсының сыйға міндім арғымағын.
Сол күндер ұйықтап көрген түс секілді,
Алыстап бара жатыр сағымдайын.

Шашып тұр ажал шіркін бізге ызғарын,
Құруға дайындалып маған дарын.
Бұл күнде көңілімді жұбатушы,
Зайыбым – Ырысбике – сүйгең жарым.

Жастық қойып отырмын басты сүйеп,
Қайғырма, Ырысбикем, налың, жүдеп.
Ұл-қызға менен қалған ғұмыр гілеп,
Өсіргін шамаң келсе тәрбиелег.

Қожаберген, Айшаның жолын қуып,
Аз өмірде жарқылдап тату өттік.

Қосылып екі жасқа тұрмыс құрып,
Мұратқа өзімізше біз де жеттік.

Болмады қызығымыз аса ұзақ,
Еріңе құрғаннан соң ажал тұзақ.
Жазмыштың кермесіне кезігіппін,
Дариға-ай, таусылған соң дәм мен тұз-ақ.

Өкінбе, Ырысбике, саған жоқпын,
Аузына тұрмын таяу ажал оқтың.
Ұл-қыздың барлығына шүкірлік қып,
Істерін қайталама ақылы жоқтың.

Жылама, отты көздің сақта нұрын,
Жаттап ал, қуат болсын менің жырым.
Әнімді айт, күйімді тарт, көңіл жұбат,
Берік бол, ашылмасын жұртқа сырың.

Жылағанмен, Ырысжан,
Жеңілденбес қасірет.
Онан да бала өсіріп,
Өзіңе өзің қызмет ет.

Балаларды жеткізіп,
Тозбау жағын көп ойла.
Шашпай дүние-малыңды,
Қамыға бермей, ес жина.

Көздің жасын тый, жарым,
Таңдап алған іңкөрім.
Ұядан ұшар ғайып боп,
Сал сегіз атты сұңқарың.

Жақсылық мынау етер деп,
Пендеден күтер үміт жоқ.
Уағдада тұратын,
Бұл заманда жігіт жоқ.

Уайымға тез берілсең,
Әлсіреп, жарым, қаларсың.
Сау қайыңдай жансыз боп,
Адасып естен танарсың.

Жылап мауқың басылмас,
Қайғың онан таусылмас.
Уайым түбі – жегі құрт,
Жадырап көңілің ашылмас.

Қайғырғанмен пайда жоқ,
Қуатың қалар азайып.
Күйінгенмен оралмас,
Кешегі күнің ғажайып.

Сыйлы болып жүргейсің,
Бұрынғыша жұртыңа.
Киліге көрме, Бірысжан,
Қайғының қара бұлтына.

Жатпенен көп алыстым,
Қорған болып жұртыма.
Тигізбеске еш зиян,
Қазақтың жақсы ғұрпына.

Ұлт деген сөз ескіріп,
Аталып кетті ру деп.
Ер Сегізді сыйлайтын,
Бұл қазақта ру көп.

Тірі болса ұлдарым,
Оларды халқым көрмес жек.
Қадір білген достарым,
Мен өлді деп кетпес шет.

«Жақсы әкенің атағы,
Артында қалған балаға.
Қырық жыл азық болар», – деп,
Айтпаған халық далаға.

Еліңе кетсең, жан жарым,
Сыбағасын Орданың.
Не Салғара, не Сексен,
Алсын деген ойдамын.

Ауылыңа көшсең осыны,
Есеней ерге айтарсың.

Бірақ көшпе жұртыңа,
Барсаң, азап тартарсың.

Қаңғырған Керей дегенді,
Ұл-қызыма есіртпе.
Сыпайы болсын балалар,
Дұрыс өсір, есіртпе!

Тіл мен жақ та әлсіреп,
Шаршайтұғын күн жетті.
Құрыш болат саусақтан,
Уа, дариға-ай, әл кетті.

Жүзім солып, өң кетті,
Ауыр науқас меңдетті.
Күн де, ай да тұтылып,
Тататұғын дәм бітті.

Қарауытып көздерім,
Ойшыл басым айналды.
Келгендерге сәлем айт,
Бақытым мүлде байланды.

Қуанышқа табыс қыл,
Қару-жарақ, сайманды.
Шөңкеге бер сауытты,
Кетуге жарың айналды.

Сейітжан, Құшан ініме,
Қыран мен тазы бергейсің.
Ағайынға табыс қып,
Тұлпарларды бөлгейсің.

Саяқ ат пен атанды,
Үлестір жиып сарбазға.
Дұға оқысын бөрі де,
Біз сияқты маңғазға.

Нияз ерге табыс қыл,
Ақиық пен құмайды.
Көк жорға атты тарту қып,
Өкпелетпе інім Жұмайды.

Жарық дүние қоштасар,
Жақындап қалды уақыты.
Мөңгілік тұрмас ешкім де,
Пенденің таяр бақыты.

Шықпасын тіршілікте жаман атың,
Әрқашан орындалсын аманатым.
Ұмытпай оқиды деп сенем саған,
Еріңнің жазған осы насихатын.

Ұлдарым ер болар деп үміт күтем,
Қош сау бол, араңыздан мүлде кетем.
Аз күнгі қызық дәурен бейне түстей,
Сендерден көз көргісіз алыс кетем.

* * *

Жасың парлап көзіңнен,
Білініп қайғы жүзіңнен.
Сезіліп жоқтау сөзіңнен,
Болған соң күдер үзілген.

Бір аптадай зарларсың,
Жоқтау айтып артымнан.
Науқасты жандай сарнарысың,
Халықтың таймай салтынан.

Серіктен біздей айрылып,
Қанатыңнан қайрылып.
Бұрын болат болсаң да,
Бүгін жездей майрылып.

Сияқты отқа қарылып,
Кең дүниең тарылып.
Жас жүрегің қайғыдан,
Кете жаздап жарылып.

Боласың атқан маралдай,
Ертелі-кеш егіліп.
Саулы інгендей боздарсың,
Қабырғаң шеңбер сөгіліп.

Егізінен айрылған,
Арқарға ұқсап аңырап.

Иесінен айрылып,
Қалған соң ордаң қаңырап.

Көз жасыңмен бет жуып,
Шер жұтып, қара жамылып.
Келмеске ерің кеткен соң,
Көруге жүзін зарығып.

Денеңді жайлап қайғы-дерт,
Жағың тыңбай қақсарсың.
Естімек боп үнімді,
Уайым тартып аңсарсың.

Жамыраған қозыдай
Мені жоқтап барлығың.
Дауыс айтып шуларсың,
Еске алып дүние тарлығың.

Асау аттай туларсың,
Күйікке ауыр шыдамай.
Ажалға не қыларсың,
Табарсың тыным ұзамай.

Шығаруға дауыс шама жоқ,
Күйзелесің хал бітіп.
Көрісетін адам көп,
Бірінен соң бірі кеп күтіп.

Қос бүйірің таянып,
Жылайсың қалмай аянып.
Өзіңмен қоса боздайды,
Балалар да оянып.

Бір күндері болғанда,
Аяқ-қолдан күш кетті.
Жүзің солып мұңайып,
Өзіңнен өң-түс кетті.

Қуарған көріп жүзінді,
Халқың да аяп өзіңді.
Қарап бөрі налиды,
Білеудей болған көзіңді.

Жұбатып сені аялап,
Жылауыңды қойдырар.
Ақша қардай жүзіңді,
Суық сумен жудырар.

Абысын-ажын, келіндер.
Дауыс айтып жоқтайды.
Жылаумен құрып әлдері,
Амалсыздан тоқтайды.

Біздей ерің жоқталып,
Жиылып қауым топталып.
Тыныстарсың дем алып,
Құр жылаудан тоқталып.

Арада өтіп бірер күн,
Көңіл айта жұрт келген соң.
Қайтадан шығар зарлы үн,
Көрісер уақыт жеткен соң.

Жоқтау айтып тынбай-ақ,
Тынығып аял қылмай-ақ.
Қарлығар сонда тамағың,
Дауыстауға үн шықпай-ақ.

Тыным таппай жыларсың,
Көздің жасын бұларсың.
Қолыңнан келер дәрмен жоқ,
Неңдей айла қыларсың?

Сондай қиын кезеңде,
Құр сұлдер қап денеңде.
Отырғанда қиналып,
Жұбатар жақын енең де.

Жылаушы жандар көбі де,
Хал азайып бәрі де.
Күн-түн қажып еңіреумен,
Тоқталар бітіп әлі де.

Біздерден, жарым, ажырап,
Отырарсың қалжырап.

Құлады деп бөйтерек,
Өкініш айтып жамырап.

Ғайып боп біздей шынарың,
Қамығып аһ ұрарсың.
Өксігіңді баса алмай,
Дымың құрып тынарсың.

Құс жастықты құшақтап,
Жер бауырлап жатарсың.
Қайғыменен қан жұтып,
Зорға дәмді татарсың.

Есің кетіп, әл құрып,
Уайымға әбден батарсың.
Сол уақытта, жан жарым,
Тірі аруақпен қатарсың.

Ұйқы жеңіп еріксіз,
Аздап мызғып аларсың.
Сегіз түсіп есіңе,
Шошып ояна қаларсың.

Көңілің қатты жабырқап,
Азайып ақыл абдырап.
Ордаға кірген адамға,
Қарайсың сонда жатырқап.

Қаяулы болып көңілің,
Өзгеріп тұрмыс өмірің.
Айрылып бізден сүйіктім,
Ауыр болар жеңілің.

Біздей сүйген жарыңды,
Үйден алып кеткен соң.
Жаназамды шығарып,
Жерлейтін мезгіл жеткен соң.

Мәйітімді көтеріп,
Бейітке алып барған соң,
Тар лақатқа жатқызып,
Қабірге топырақ салған соң.

Қабірді жауып ұқыштап,
Үстіме топырақ үйген соң.
Молда құран оқиды,
Жұртқа жыртыс тиген соң.

Сүйекшілер келген соң,
Оларға дәмді берген соң.
«Пәлен күні жетісі болады», –
Деп хабар еткен соң.

Соны естіп ел тарасар,
Келеміз десіп бәрі де.
Қош айтысып жөнелер,
Жасы менен кәрі де.

Ұйқы жеңіп сол шақта,
Мамыққа, жарым, құларсың.
Ұйықтап арсыз ұйқыны,
Дел-сал болып тұрарсың.

Тағы да қалғып төсекте,
Қолыңды созып ұйқыда,
Көргендейсің түсінде,
Жүргенімді менің жылқыда.

Аз күнде, жарым, зарығып,
Қалдым дерсің сағынып.
Байыма түске түрікпендей,
Қалғандай жоғың табылып.

Тіріліп саған келе алман,
Қол ұстасып жүре алман.
Бұрынғыдай өзіңмен,
Әзілдесіп күле алман.

Жақындап келіп қасыңа,
Дидарыңды көре алман.
«Бала-шаға қалай?» – деп,
Халіңді сұрап біле алман.

Енді менен пайда жоқ,
Қол ұшын да бере алман.

Жайрандап келіп Ордаға,
Бірге жатып тұра алман.

Табактас болып дәм татып,
Сендермен бірге бола алман.
Ешқайсыңның жүзіңді,
Таянып келіп көре алман.

Өзім туған ауылға,
Маңайлап, сірә, бара алман.
Бауырыма қысып ұл-қызды,
Маңдайынан иіскеп сүйе алман.

Менің жолым бір басқа,
Хабарласып жүре алман.
Баяғыдай жарқылдап,
Жиын топқа кіре алман.

Қабірге дене кірген соң,
Тар лақатты көрген соң.
Пендеден кетер еркіндік,
Топырақпен жауып көмген соң.

Баяғы дәурен баста жоқ,
Ұл-қыз бен жар қаста жоқ.
Қобызға қосып жыр айтқан,
Ойын мен той, ас та жоқ.

Сөндім бұрын болсам от,
Қызбадым бұрын болсам шоқ.
Өлшеуім уақыт біткен соң,
Қалуға тірі шама жоқ.

Мейлі патша, мейлі ер,
Бәрін де ажал жалмаған.
Жиған мал мен дүние,
Кімдерден артқа қалмаған?

Опасы жоқ сұм жалған,
Ешкімге жолдас болмаған.
Сөйлейтұғын дәрмен жоқ,
Өлікте қашан хал болған?

Тұяғы бүтін тұлпар жоқ,
Қанаты бүтін сұңқар жоқ.
О дүниеге барғанда,
Мұныңды айтар жан да жоқ.

Өтпейтұғын өмір жоқ,
Сынбайтұғын темір жоқ,
Өлген соң жанның бәрі оңды,
Ештеңеден кемің жоқ.

Тарихқа өткен үңілсең,
Өлімнен пенде сауы жоқ.
Пұлсыз береді, құнсыз алады,
Оған ешкімнің дауы жоқ.

Өлген соң қайта тіріліп,
Оралған ешбір кісі жоқ.
Жан денеден кеткен соң,
Дау-дамаймен ісі жоқ.

Молдалардың ішінде,
Білімді бар, дүмше бар.
Қожа молда, софы, иман,
Бір-бірімен емес пар.

О дүниені олардың,
Ешбірі барып көрген жоқ.
Жан тапсырып барғаны,
Қайта айналып келген жоқ.

Айтады кітап бойынша,
Жақсы оқыған ғұлама.
Дін иесі болған соң,
Тыңдамауға бола ма?

Шынайы софы адаспас,
Дүниеге көзін алартпас.
Терең білген ғалымдар,
Атына кір жолатпас.

Медіресені тамамдап,
Шыққан болса молдалар.

Адалдықпен жүрсе егер,
Түзулікке жол салар.

Дүмше болса молдаңыз,
Жүрген жерін ылайлар.
Мағына бермей құраннан,
Жөн айтып босқа айғайлар.

Шариғатты бұрмалап,
Дүмше молда бүлдірер.
Жетім-жесір момынды,
Ақырында алдап жер.

О дүниемен ісі жоқ,
Өзінен білгіш кісі жоқ.
Сауаты жоқ ғаріптің,
Оларға жетер күші жоқ.

Жетімді же деп айтпаған,
Құранның бар сүресі.
Нашарға жәрдем ет деген,
Және де бар кеңесі.

Құлқыны үшін дүмшенің,
Таусылмайды егесі.
Көз алдында тұрғандай,
Шариғаттың елесі.

Әйтеуір бар бір өлім
Екенін, қауым, ұғыңдар.
Тіршілікте аз күнгі,
Тату-тәтті тұрыңдар.

Опасыз дүние екенін,
Анық біліп тұрған соң.
Көзің жетіп бөріңе,
Шындыққа мойын бұрған соң.

Өтуің айқын, әлеумет,
Тұрмай тірі мәңгілік.
Осыны әбден түсінсең,
Жоламайды әңгілік.

Сап-сабымен тізіліп,
Жемістей піскен үзіліп.
Өтерсіңдер еш қалмай,
Тар көзді тордан сүзіліп.

Патша, уәзір, бегің де,
Қамалға шапқан ерің де.
Қазылық құрған биің де,
Әнші-ақын, күйші, серің де.

Жұрт бастаған көсем де,
Дауда жүйрік шешен де.
Қатардан асқан алыбың,
Екі атпаған мерген де.

Данышпан, ғалым, көреген,
Мырза, шонжар, дәуің де.
Емші, зергер һәм ұста,
Жасың менен көрің де.

Айы біткен айыңда,
Күні біткен күніңде.
Тірі жүрген бәрің де,
Шығара аламай ақыр үніңді,

Мезгілі жеткен кезінде,
Шақырмай-ақ өзің де,
Килігерсің бәрібір,
Ажал құрған тезіне.

Орнығып мәңгі жатарсың,
Келгеннен соң бәрің де.
Мекен-жайың сол болар,
Ендігі қалған жеріңде.

Ұйқыға ұзақ батарсың,
Қараңғы көрдің ішінде.
Жайланып сонда жатарсың,
Түк сезбеген пішінде.

Қалады сүйек саудырап,
Кебін киген күйінде.
Жансыз дене жай табар,
Үлеске алған үйінде.

Үйден ұзап кеткен соң,
Жер астын мекен еткен соң.
Жылаудан сонда тоқтарсың,
Көздерің бұған жеткен соң.

Қайта есік ашпаспын,
Ордадан дәм татпаспын.
Өзім туған ауыл деп,
Маңайын кеп баспасын.

Келмесімді білген соң,
Жоқ екенім көрген соң.
Бізден ойың алыстар,
Жыл болып асты берген соң.

Жоқ екенім сезіліп,
Іші-бауырың езіліп.
Аһ ұрарсың, жан жарым,
Тұрмысқа ауыр кезігіп.

Сол шақтарда өмірден,
Кете жаздап безініп.
Бірте-бірте суынып,
Үміт, күдер үзіліп.

Ойыңнан бірақ шыға алмай,
Жоғалмаспын есіңнен.
Тағдырымыз біздердің,
Осылай ерте шешілген.

Айлар, жылдар өткен соң,
Ұмытылар шақ жеткен соң.
Уайым, қайғы бөріңнен,
Айығар уақыт жеткен соң.

Ел қорғаны батыр ем,
Топты жарған ақын ем.
Жұрт қамқоры боларда,
Әр шаруаға батыл ем.

Ұмытыла тіпті қоймаспын,
Артымда өшпес мұрам бар.

Жоғалтпайтын атымды,
Бір қыз, алты ұлан бар.

Еске алар бізді әлеумет,
Сөз тыңда Сегіз серіден!
Ерлігімді кеңес ет,
Қайтпаған дию, періден.

Тілейтін тілек сіздерден,
Безбеңдер, жұртым, біздерден.
Кешегі бетің емес пе ем,
Алдымда дабыл өңгерген?!

Дәметеміз, ағайын,
Біздің тілек тіріден.
Бейсенбі, жұма күнінде,
Оқы деп аят сіздерден.

Туған-туыс, аға-іні,
Құрбы-құрдас, кәріден.
Алыста жатқан дос-жаран,
Қадір білген бәріңнен.

Анда-санда еске алып,
Арнап келіп бейітке.
Дұға оқыңдар ықыласпен,
Аруақты біздей кейіпте.

Тілейміз бата әрқашан,
Артта тірі қалғаннан.
Бізді білген мұсылман,
Маһрұм етпе дұғаңнан.

Сегіз сері ат қалып,
Қолыммен жазған хат қалып.
Тіршілікте бұл іске,
Көрген емен мақтанып.

Ұланым мұрам болған соң.
Мәңгілік сөніп кетпеспін.
Елес берер рухым,
Есіңнен, жарым, өшпеспін.

Бар сұлулық бойында,
Ештеңе жоқ ойында.
Алғаш рет таныстық,
Тәсібек інішек тойында.

Жиырма бір жасқа мен толдым,
Ит жылының басында.
Алып қаштым өзіңді,
Он сегізге шыққан жасында.

Серттесіп Ақбас асында,
Қосылып едік басында.
Он алты жыл отасып,
Жаттың жар боп қасымда.

Әй-шәй деспей екеуміз,
Күндерді тату өткіздік.
Өзімізді жақсы атпен,
Басқаға үлгі еткіздік.

Тәтті өмірде жан-жарым,
Биікке қолды жеткіздік.
Сарбазға ән шырқатып,
Нелер күйді шерткіздік.

Перзентке жеті ана боп,
Сен отырсың қасымда.
Қобыз алып, күй тарттым,
Тақ қойып жұмсақ астыма.

Ақырға тартқан күйім бұл,
Қоштасар ертең үйім бұл.
Көңілімді сұрауға,
Келген екен жиын бұл.

Ардақтаған аруым,
Болатын іске жасыма.
Сейілтуге еш шама жоқ,
Түнерген бұлтты басыма.

Жазмыштың ісі осы екен,
Көрсететін көзіңе.

Сұңқарыңнан айырып,
Отыз төртке шығар кезінде.

Шаттық күйге кенеліп,
Күліп-ойнап жүрсек те.
Айырылатын кез жетті,
Тұлпар мен жорға мінсек те.

Қызықты күнге тоя алмай,
Серілікті еш қоя алмай.
Жүргенде ажал тап болды,
Жабысқан дертті жоя алмай.

Батыр болып тасып-ай,
Жанған жалын басылмай.
Тұрған шақта, Ырысжан,
Көрдің бе түскен жасынды-ай.

Күтпестен еш аялдай,
Жауға шаптым аянбай.
Ажал келіп жүр деп тұр,
Көз жасыңды аямай.

Зайыбым ең аяулы,
Сәукеле киген басыңа.
Жесір болып қалмақсың,
Отыз төртке шыққан жасыңда.

Өмірге алғаш жай келіп,
Кеткенім енді асыға.
Араңнан ғайып болмақпын,
Отыз жеті мүшел жасымда.

Сыбызғы тартып жатырмын,
Қос жастық қойып басыма.
Осылай болу біздерге,
Жазмыштың ісі басында.

Сардар едім сабырлы,
Құмартпаған әр неге.
Күтпеген жерден тірелдім,
Ажал тартқан кермеге.

Айналайын Ырысжан,
Ойласақ салып ақылға.
Қыршынымнан қиылдым,
Нарқасқа болып ақырда.

Жыл уақыты жеткен соң,
Асым менің өткен соң.
Таразыла жағдайды,
Жиын, тарқап кеткен соң.

Өлгенмен бірге өлмейді,
Тірі қалған артта адам.
Өлімнің жайын білмейді,
Тасыр мінез, жас адам.

Тірі болып жүрген соң,
Дүниеге келген соң.
Әр жағдайды білген жөн,
Қатарға жан боп кірген соң.

Біз кеткен соң боп ғайып,
Жас қалдың, саған жоқ айып.
Бос өткізбе ғұмырды,
Бас құрамай қартайып.

Жастықты ойға алған соң,
Ас өтіп әбден болған соң.
Абысын-ажын арқылы,
Жайыңды айтып болған соң.

Бас еркінді сен сұра,
Біздің аға, бауырдан.
Қолайлы біреу табылса,
Қосылып ал ауылдан.

Рұқсат сұра ұялмай,
Ауылдың көрі-жасынан.
Тілек тілер кезеңде,
Жарамайды, жарым, жасыған.

Дәмесі болар әркімнің,
Өзіңдей ару асылдан.

Бірақ бойды аулақ сал,
Қадір білмес масылдан.

Есептеме еркек деп,
Маңы абақты наданды.
Үйір қылма тірлікте,
Қазымыр, ессіз, жаманды.

Санама тағы адам деп,
Көкала мылжың саранды.
Онан тыныш өсіріп,
Тәрбиелей біл балаңды.

Қор болғанша мәжнүнге,
Байсыз өткен көп артық.
Әйел үстіне бармағай,
Боласың мәңгі бас қатып.

Ғұмырым босқа өтті деп,
Уайым-қайғы жеп жүрме.
Мен де бердім бас ерік,
Айтпады ерім деп жүрме.

Рухым разы, Ырысжан,
Өксітпе жас өмірді.
Жағдайлы жанды байқа да,
Қосыл тауып теңінді.

Қолайлы жігіт кез болса,
Уақытың өтер көңілді.
Таңдағайсың адамды,
Жолдас болар сенімді.

Ерге шығар болсаңыз,
Ұл-қызыңды жылатпа.
Ер Шөңкеге табыс қыл,
Қолына бәрін ұстат та.

Көрмесін олар жетімдік,
Ұл-қызда болсын еркіндік.
Шөңкенің болса қолында,
Балалар көрмес еш кемдік.

Бәріңнен безіп мен кеттім,
Ажал алып ерікті.
Жер астына біз жеттік,
Қия алмай сіздей серікті.

Өлдің, – өштің деген сөз,
Қайтып көрмес бізді көз.
Айрылдықы сізден мәңгілік,
Ендігі жолдас – кебін бөз.

Бізді аңсап жылама,
Мәйтке еш жолама.
Көрісуді өлікпен,
Аяулым, енді ойлама!

Жылай беру, ғашық жар,
Өзіңе жақсы бола ма?
Жанарың сақта, зайыбым,
Төгілген дүние тола ма?

Есіңе алып біздерді,
Көздің жасын бұлама.
Қайғырғанмен, Ырысжан,
Қайтқан бақ келіп қона ма?

Белді бекем буғайсың,
Қайғы-шерді қуғайсың.
Балаларды жеткізіп,
Жақсының жолын қуғайсың.

Көздің жасын тыйғайсың,
Есіңді, сәулем, жиғайсың.
Үлгі болып жастарға,
Елге қызмет қылғайсың.

Менен күдер үзгейсің,
Келмейді деп безгейсің.
Уайымнан пайда жоқтығын,
Ғашық өзің сезгейсің.

Ойыңа біз түскенде,
Көз жасқа берме ерікті.

Жүректі шерге толтырсаң,
Жоғалтарсың көрікті.

Нашардың халін білгейсің,
Құлаққа зарын ілгейсің.
Жадап-жүдеп кездесе,
Қолдан қайыр бергейсің.

Ауыл үйде жетімнің.
Жағдайын сұрап жүргейсің.
Сүйенері бар, жоқ па,
Құлақ түріп білгейсің.

Жетім-жесір бас қосып,
Ақыл-кеңес құрғайсың.
Қолқанатсыз кәріге,
Қамқор болып тұрғайсың.

Кемтарларға қарасып,
Мойыныңды бұрғайсың.
Құрмет етіп үлкенге,
Адамшылық қылғайсың.

Сардар болып жасымнан,
Сөз асырмай басымнан.
Даңқым ерте жайылды,
Топ тарқамай қасымнан.

Қош есен бол артымда,
Қалған жеті қанатым.
Ырысбикем, аман бол,
Артықша жолдас санатым.

Ағайын-туған, қош сау бол,
Жағалы ішік жанатым!
Жеткіншектер, аман бол,
Бағасы қымбат манатым!

Қош есен бол, сарбаздар,
Қайралған өткір болатым!
Бермеді ажал азаттық,
Жағдайым жоқ оңатын.

Бір кездегі дүлдүлдің,
Бола алмай қалды озатын.
Осы арадан тоқтаттым,
Халым жоқ әрі жазатын.

Сәлем айт, сарбаздарым, қалың елге,
Аттаңдық оралмас боп алыс жерге.
Рухым өлсем дағы разы болсын,
Дұға қыл Сегіз деген абзал ерге!

Түсініктеме



БЕУ-БЕУ, ГАУҒАР ТАС!

«Ақбұлақ»

Сегіз сері Ойыл өзенінің саласы Қиыл өзеніне құятын Қараған өзеннің саласы Ақбұлақ бойындағы тоғай ішіне үй салып, сонда кейде қыстап жүріпті. Ол 1838-жылы еліне аттанарда Ақбұлақ өзенімен қоштасып, оған арнап өлең және ән шығарыпты.

«Алқоңыр»

Сегіз серінің салдық-серілік құрып жүргенде Ұлы жүз жерінде танысқан бір қызы Жәмила сұлу екен. Жәмила Қопабай есімді төлеңгіттің қызы екен. Сегіз сері өзінің әйгілі «Алқоңыр» әнін сол Жәмила қызға арнап шығарыпты. Бірақ Сегіз серіге қызды бұйыртпай, Қоқан хандығының құшбегісі еріксіз алып кетіпті.

«Әйкен-ай!»

Жайық өңіріндегі Әлімұлы елін аралап жүріп Қабыл деген атақты бидің үйінде мейман болады. Қабыл бидің Айжамал атты қызына көңілі кетіп «Әйкен-ай» әнін шығарады. Осынау бикешті жас шағында ата-анасы мен ел-жұрты еркелетіп, Әйкен деп атаған, сондықтан оның шын аты ұмытылып қалған.

«Әйкен-ай» әні қазір халық әні санатына қосылып, көп өзгеріске ұшыраған. Сегіз сері шығарған кезде алты шумақ болса, қазір екі-ақ шумақ болып айтылып жүр.

Жаяу Мұса Байжанұлы «Ер Сегіз» атты өлеңінде:

*«Сегізде толып жатыр тамаша әндер,
«Әйкен-ай», «Жылы ой», «Қарғаш», «Бес қарагер»,
«Шолпан қыз», «Ғайни» менен «Бозқараған»
Бәрі де ол шығарған ғажап әндер», –*

деп жазған болатын.

Жиһнақ. «Халық әндері мен халық композиторларының әндері». Алматы, 1-том. Құрастырған – Жәнібек Кәріменов.

«Бозшұбар»

«Бозшұбар» әні де Мақпал қызға арнап шығарған әндерінің бірі. Қазіргі ән жинақтарында «Бозшұбар» әні «Бозжорға» деген атқа ие болып, көп өзгеріске түскен.

Бұл әннің авторы Сегіз екеніне Өске ақынның «Мақпал – Сегіз» дастанында:

*Шығарды ғажап әнді «Бозшұбардай»,
Сарбаздар соңына ерген өтінген соң, –*

дегені дәлел бола алады.

Жаяу Мұса:

*Сегіздің үйренгенде «Бозшұбарын»,
Болды әбден тарқағандай шер, құмарым.
Екі жыл ерге шәкірт болғанымда,
Батырдың жаттап алдым көп жырларын, –*

деп жазған.

Өлең Игібай Әлібаевтың қолжазбасынан алынды.

«Гауһар тас»

«Гауһар тас» әні жалпы жұрттың пайдаланып жүрген ән жинақтарында («Ән – көңілдің ажары», «Ауыл кеші көңілді» және т.б.) үш-ақ шумағы бар. «Гауһар тас» шыққалы бір жарым ғасыр өткен екен, осы уақыт ішінде көп өзгеріске түскен.

«Гауһар тас» әнін сүйген жары Мақпалға арнап шығарған.

Өске ақын:

*Мақпалға ғашықтығын білдірмек боп,
Шығарды ән патшасы «Гауһар тасты».
Найманда Құсыни, Раушан қасына еріп,
Бұрымын білектей қып жүрер еріп.
Сал Сегіз Мәжнүңдей ғашық бопты,
Сұлуды Мақпал деген Ләйлі көріп, –*

деген.

«Ғайни»

Ысық пен Танада өншілік, ақындық, өн шығарушылық өнерімен танылған Сегізді жастар іздеп жүріп ойын-тойларына шақыратын болған. Бірде Ерман дейтін дәулетті адам тойына шақырады. Осы тойға сол өңірге танымал Қалдыбайдың сұлулығымен аты шыққан қызы Ғайнижамал (ел-жұрты еркелетіп, Ғайни деп атап кеткен) да шақырылады. Тумысынан өжеттік қасиет дарыған Сегіз Ғайнижамалды алтыбақан тебуге шақырады. Осы бір мүмкіндікті пайдаланып, Ғайниға деген жалынды сезімін білдіріп, атақты «Ғайни» өнін шығарып айтады.

Жинақ «Халық өндері мен халық композиторларының өндері». Алматы. 1-том. Құрастырған – Жәнібек Көрменов.

«Еңілік-ай» (Илигай)

«Еңілік-ай» (Илигай) өнін Сегіз сері өзі жаудан азат еткен қыздардың ішінде Еңілік деген жас бойжеткен қызға арнайды. Ол осы өн арқылы өзін, Ниязды өздері бас бостандығын әперген қыздарға таныстырыпты. Ата-аналарына табыс еткен қыздардың енді ештеңеге алаңдамауын қалап, өздерін қарындас деп есептейтінін білдіреді. Алайда бес шумақ мәтінінің екі шумағы түсіп қалып, Илигай деп осы күнде бұрмаланып айтылып жүр.

«Ақбет»

«Ақбет», «Қыз келбеті», «Ойлан, Ақбет», «Қош бол, Ақбет» өндерін Сегіз сері Баянауыл өңіріне барғанда Ақбет сұлу Бүркітбай қызымен танысып, соған арнап шығарыпты. «Ақбет» өнінің мәтіні өзгеріске ұшырап, осы күнде «Бүркітбай» өні деп бұрмаланып айтылып жүр.

Сегіз серінің «Қайран жастық», «Назқоңыр», «Ақбет», «Қыз келбеті», «Ойлан, Ақбет», «Қош бол, Ақбет» өндерінің шығу тарихын, мәтіндерін Павлодар облысының Лебяжье ауданындағы Шарбақты ауылында кездесіп, Темірғали деген өн орындаушыдан,

Павлодардағы Түсіпбай қариядан ағарту ісінің үздігі
Елеуке Қалданов 1940-жылы жазып алыпты.

«Жансұлу», «Меңзипа»

Бұл әндерді Сегіз сері есімдері аталған қыздарға
құрбылықпен шығарған екен.

«Шолпан қаққан»

«Шолпан қаққан», «Тік шырқау» әндері бірінші
рет жарияланып отыр. Әннің мәтіні Ғазез Мусиновтың
қолжазбасынан алынды. Ғазез әнші бұл әнді
домбырамен өзі орындайды екен.

Әннің Сегіз серінікі екенін дәлелдейтін деректер де
баршылық.

Шәңгерей Бөкеев «Сардар Сегіз» дастанында:

*Өзім де домбыраға қосып айтам
Сегіздің «Алқоңыр» мен «Қосбасарын»
Шырқаймын ойын-тойда әрқашанда
Сегіздің «Шолпан қаққан» дейтін әнін, –*

делінген.

Әннің мәтіні Ғазез Мусиновтың қолжазбасынан
алынды.

«Жылы ой»

Сегіз Көтібарды жерлегеннен кейін Шектіден
аттанып, Жылы ой өңіріне келеді. Бұл ауыл да Сегізге
сый-құрмет көрсетеді. Сегіз мұндай сыйға көңілі
көтеріліп, өздеріне ерекше қызмет көрсетіп жүрген
Бақытжамал Кенжебай қызына өте риза болып, оған
арнап «Жылы ой» деген әнін шығарады.

Бұл ән ғашықтықтан шықпаған, бірақ қыздың
мінезіне, жүріс-тұрысына сүйсінбей де қалмаған. Сегіз
серінің «Жылыой» атты ән шығарғаны туралы Нұржан
Наушабаев «Сегіз сері» дастанында былай дейді:

*Сегіздің тұрған елден иығы асып,
Еске алмас өсек сөзді белден басып,
Шығарған «Жылы ой» атты тамаша әнді
Сұлуға Бақытжамал болып ғашық.*

Игібай Әлібаевтың қолжазбасынан алынды.

«Патшайым»

Көркем аруды іздеп жүрген Сегіз Алтын атасына жататын Тілеуқабақ байдың Патшайым атты сұлу қызыбардегенді естіп, байдың аулына келеді. Алдымен байдың өзіне арнап «Тілеуқабақ» әнін, қызына арнап «Патшайым», «Қара көз» әндерін шығарады.

«Тілеуқабақ» әні – жинақ «Ауыл кеші көңілді» (1978-ж.) жинағынан алынды.

«Патшайым», «Қара көз» – Ғазиз Мүсиновтың қолжазбасынан.

«Қара көз»

Сегіз сері Үшбурыл өзені бойын мекендеп отырған Тілеуқабақ байдың аулына өз тобымен келіп, мейман болады. Тілеуқабақтың үлкен қызы Патшайыммен танысып, бір-біріне ғашық болып, қосылуға уәделеседі. Сонда Сегіз сері сүйген қызы Патшайымға арнап «Патшайым», «Қара көз» – әндерін шығарады.

«Әйкен-ай», «Шолпан қыз», «Патшайым», «Қара көз» әндерінің шығу тарихын, мәтіндерін Балсейіт Күсемісұлы деген өнші жас жігіт кезінде өзімен аталас Айтбай Ізтөлеулы өншіден жазып алыпты.

«Қарғаш»

Сегіз серінің салдық-серілік құрып жүргенде, бір тоқтайтын ауылы Нұрлыбай ауылы екен. Бұл Қожаларға жататын ауыл екен. Ауыл ағасы Жанғожа Нұрлыбайдың үлкен баласы сол арадағы Орта жүз бен Кіші жүз ауылдарына сыйлы адам болыпты.

Сыр бойында Орта жүз бен Кіші жүз елдерінің шектесетін жерінде отырған Нұрлыбай қожаның кіші қызы Қарғаш сұлудың ұзатылайын деп жатқан тойының үстіне Сегіз сері өз тобымен келеді. Сонда Қарғаш қыз құрбылық тілек қойып, Сегізден өзіне арнап ән шығаруын өтінеді.

Соған орай Сегіз сері, Қарғаш қыздың өтініші бойынша, оған арнап «Қарғаш» әнін шығарған.

«Еңілік-ай», «Жансұлу», «Меңзипа», «Алқоңыр», «Қарғаш» өндерінің шығу тарихын, мәтіндерін Солтүстік Қазақстан облысының Преснов ауданындағы Айымжан ауылының тұрғыны Базар Мақышқызы әншіден Күлзи Ғалымжанқызы мен Шолпан Қабитолда қызы жазып алыпты.

«Ақ бидай»

Жар таңдау жолында сөтсіздікке ұшырай берген Сегіз сері Кіші жүз елінен оралған соң, бір үлкен тойда Ырысбике деген бір сұлумен танысады. Ырысбикенің әкесі Елғұн Бағаналы Найман елінен мал қыстату үшін келген адам екен. Ырысбикеге көңілі кеткен Сегіз сері өзіне жар болуға лайықты деп санап, өз көңілін жұмбақтай білдіріп «Ақ бидай» өнін айтқан екен. Қазір «Ақ бидай» өні өзгеріске ұшырап «Сары бидай» деп аталып, халық өндері санатында айтылып жүр.

«Ақ бидай» өнінің мәтіні Солтүстік Қазақстан облысы, қазіргі Есіл ауданы, Тауағаш ауылының тұрғыны Батпас Некібаевтың қолжазбасынан алынды.

«Құла жорға»

«Құла жорға» өнін Сегіз сері өзінің жақсы аттарының біріне арнап шығарыпты. Себебі құла ат жорға жарысында озып келеді екен әрі ұзақ жолға шыдамды ат екен.

«Бес қарагер»

Сегіз сері салдық-серілік құрып жүргенде, Маралды өңіріне барып, сонда Баймұрат деген әнші жігіттің келіншек алу тойына кез болады. Сол тойда Қабжан, Ақжан, Ысмақ, Сейіл, Сейфілесімдібесағайындыкісінің бойжеткен бес қызымен танысады. Олар: Мұхитжамал, Мағырифа, Меруерт, Нағима, Райхан деген кескіндері бір-біріне ұқсас қара торы, бота көзді, қыр мұрынды, қою қара қасты, ат жақты, кең маңдайлы, шаштары қара, жазық жауырынды, сұңғақ бойлы, талдырмаш денелі бес қыз екен. Сол бес қызға арнап, Сегіз өзінің «Бес қарагер» атты өнін шығарыпты.

«Дайдидау»

Сегіз серінің «Дайдидау», «Ақбидай», «Ырысбике», «Бес қарагер», «Мұхитжамал», «Сәулем-ай» әндерін Көшебе керей Нұрке сері Тоқтабайұлы өнші-ақыннан өзінің жас жігіт кезінде Іргебай Қоржынкөлұлы жазып алыпты.

ТУҒАН ЖЕР ТОЛҒАУЛАРЫ

«Көк Есіл»

Сегіз сері Кіші жүз еліне кетіп бара жатып, өзі туып өскен өңірді басып өтетін Есіл өзенінің тоғайымен қоштасып «Көк Есіл» атты термесін шығарады.

Балғожа Кенжегозиннің қолжазбасынан алынды.

«Сегіз сері мен Марфуға Шахмет төре қызының қағысы»

Сегіз сері салдық-серілік құрып жүргенде, Жантөре сұлтан әулеті ауылдарының бірінде болып жатқан келін түсіру тойына кез болады, сол тойда Марфуға Шахметқызымен айтысып қалады.

«Қыз Жібек» жырына кіріспесі

Сегіз сері кіші жүз елінде жүргенде, шектінің қабақ тайпасының атақты батырлары – Көтібар Берсенұлы (1762-1835 ж.ж.) және оның немере інісі Арыстан Тіленұлының (1778-1857 ж.ж.) аулына келеді. Бұл кезде атақты батырдың үйінде Жағалбайлы Жанқасқа би қонақ болып жатыр екен.

Сегіз қарт батырдың алдында өн салып, өлең, терме, қиса айтып, күй тартып, бүкіл ауылды шаттыққа бөлейді. Жас қонақтың өнеріне көңілі тойған ауыл адамдары Төлеген-Жібек, Сансызбай оқиғасын, Айман-Шолпан хикаясын әңгімелеп береді де, Сегіз серіден осы аңыз-әңгімелерді қиссаға айналдырып, әнмен жырлап шығуын өтінеді. Әңгімені байыппен тыңдап алған зерек жігіт:

*Мен келдім Шекті-Табын арасына,
Көтібар, Арыстандай данасына.
Жырладым Айман-Шолпан, Қыз Жібекті
Қазақтың даңқым шықсын даласына, –*

деп, болашақ дастанның кіріспесін бастай жөнеледі.

Кейінгі кезде Сегіз серінің «Қыз Жібек» жырын жырлағанына күдіктенушілер де кездесіп қалып жүр. Сегіздің «Қыз Жібек» жырының бір нұсқасын жырлағаны туралы деректер жетіп артылады. Бұны Төлеш Сүлейменов, Нәбиден Әбутәлиевтер «Сегіз сері» атты кітаптарында анық жазған.

Мұқадес Есіләмғалиұлы «Төлегенді өлтірген кім?» (Бекежан қарақшы ма? Жоқ...) атты мақаласында («Парасат» 2001-ж. №11. 4-7-беттер) Сегіздің «Қыз Жібекті» қалай жазғанын, Сегіз сері нұсқасының мазмұнын жазады. Махамбеттің «Сегіз серіге» деген өлеңінен бір шумақ мысал келтіреді:

*«Айман-Шолпан», «Қыз Жібек»
Жырларың елге тарады.
Қашқын болып жүрсең де,
Аузыңа халық қарады, –*

«Сегіз сері жырлаған «Қыз Жібек» дастанының нұсқасы Қазақ ССР ҒА М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының қолжазбалар мен текстология бөлімінде толық күйінде сақтаулы тұр», – деп жазды жазушы Нәбиден Әбутәлиев. («Сегіз сері». Алматы «Жалын». 1991-ж. 107-бет).

«Көтібарға арнаған жоқтау өлеңі»

1833-жылы жазда жас бала жігіт кезінде Сегіз сері өзімен елдес Көшен Бауыржанұлы ақынға еріп, Кіші жүзге жататын елдердің ауылдарын аралайды. Сонда олар Шекті елінің батырлары Көтібар мен Арыстандардың ауылдарында мейман болады. Сол сапарында Көшен, Көтібар, Арыстан – үшеуі Сегіз серіге Қыз Жібек оқиғасын айтып беріп, оны жырлатады. Көшен мен Сегіз сері елге қайтар кезде Көтібар батыр жау қолынан қаза табады. Сегіздің ақындығын жетілдіру мақсатымен, Көшен жырау Шақшақұлына айтып, Көтібар асында жоқтау шығартады.

«Жолымбетке»

Кіші жүз елінің атақты билерінің бірі Жолымбет біресе Жәңгір ханды, біресе Исатай мен Махамбетті қолдап, ақыры екі жақтан да абырой ала алмай, өз төңірегіне 30-40 шақты адам топтастырып қашқындық жолға түседі. Осы жағдайды байқаған Сегіз сері Жолымбетке арнап өлең шығарып айтып, соңынан оны Исатай, Махамбетпен табыстырады.

Сегіздің бұл өлеңінің маңызы өте зор, өйткені осы өлеңі арқылы халықты бірлікке, туған жерді қорғауға шақырды.

Нұржан Елемановтың қолжазбасынан алынды.

«Сегіз серінің Ғайни қызға шығарған жоқтауы»

Сегіз сері елден шетке шыққан соң, барған ауылдарының бірі – Сапар даласындағы Қалдыбай Қосаяқұлының ауылы. Сонда Сегіз сері Ғайни Қалдыбай қызына ғашық болып, екеуі алдағы жылы қосылуға уәде байласады. Бірақ ауылда ер-азаматтар жоғында жау тиіп, жылқы-түйені айдап кетеді. Сонда батыр қыз Ғайни жаудан мал айырмақ болады. Соған ыза болған дұшпандар Ғайниды атып кетеді. Жаудан жартылай кек алған Сегіз сері жарының өліміне қатты қайғырып, Ғайниға арнап жоқтау шығарыпты.

Сегіз серінің Марфуға Шахметқызымен айтысының үзіндісін, Көтібарға, Ғайниға шығарған жоқтауларын, «Қайран жер» атты толғауын шығу тарихымен қоса Шайхуали Нұрғожаұлы 1952-жылы жазда Солтүстік Қазақстан облысының Преснов ауданындағы Ұзынкөл ауылының тұрғыны қарт әнші, шежіреші Хұсайын Өтегенұлынан жазып алыпты.

«Орал тау»

1834–1835-жылдардың астасқан қысын Қап тауының (Кавказ тауының) солтүстігінде өткізген Сегіз сері 1835-қой жылы наурыз айында Еділ өзенінің сеңі бұзылмай тұрып, Еділден өтіп, өз тобын бастап, Еділ-Жайық өзендері аралығындағы қазақ ауылдарына оралғанмен, онда көп аялдауға

реті келмепті. Себебі оларға Ресей әскерлерінен бой сақтауға тура келеді. Сондықтан Сегіз сері өз сарбаздарын ертіп, бірде Орал тауының батыс, бірде шығыс бөктеріндегі ормандарды, кейде тау қойнауларын паналаған екен. Сонда өзінің «Орал тау» атты жоғарыдағы тарихи толғауын шығарыпты.

Сонымен қатар, өзінің «Қайран арқа», «Оралдың әсем жотасы», «Ақ Еділ» деген күйлерін сол Орал тауында бойтасалап жүрген кезінде шығарған екен.

«Орал тау» өлеңін Солтүстік Қазақстан облысындағы ауыз әдебиетін зерттеушілердің бірі – Балғожа Кенжеғозыұлы (1902-1992 ж.ж.) 1934-жылы Қорған облысының Макушин ауданындағы «Ұшқын» колхозының тұрғыны қарт өнші, шежіреші Мырзатай Тұяқұлынан (1872-1954 ж.ж.) жазып алған екен. Ал Мырзатай ақсақал жас кезінде «Орал тау» толғауын өз ағайыны Кәсен батырдан жазып алыпты. Мырзатай өнші ойын-тойларда өнмен айтып жүріпті.

Бұл толғау өлеңді Қожахмет Дәрібайұлы, Мәлік Рамазанұлы шежірешілерден де алдық. Жазып алғандарды салыстырғанда, көп өзгешілік бола қойған жоқ.

«Қызғалдақ»

Сегіз серінің Мақпал сұлу Бақтиярқызына арнап шығарған «Мақпал» атты ұзақ өлеңінің бір бөлігі.

«Үбі батырға»

Үбі – Еділ-Жайық өңірінде ел-жұртқа ерлігімен танылып, хан, патша жендеттеріне қарсы талай рет ту ұстап қол бастап шыққан есімі аңызға айналған батыр адам. Үбі он сегіз жасында әкесі Ұсаға еріп, қазақ шаруаларының көтерілісіне қатысыпты. Үбінің ұлы атасы Төлеген Сырым Датовпен бірге үлкен жорықтарға қатысқан. Бұл өлеңінде Үбінің ата-бабаларының қазақ шаруаларының қамын жеп, қол бастап шыққанын, олардың жолын енді мұның өзі қуғанын мақтайды. Үбіні қайта күреске шығуға шақырады.

Үбі батырдың ерлігі Махамбет Өтемісұлының өлеңдерінде де кездеседі.

«Бұғыбайға айтқаны»

«Бұғыбайға айтқаны» деген Сегіз серінің өкпе, наз ретінде шығарған дастаны. Бұғыбай – ұлықтардан қуғын көрген, Кіші жүзге жататын он екі ата Байұлы тайпалық одағының Ысық руынан шыққан батырлардың бірі. Ол Сегіз сері тобына паналағанмен, біреулердің азғырындысына еріп, Сегіз сері жасағына келмей кетеді. Сонда өзі жасаған жақсылығын зая еткен Бұғыбайға өкпелеп, Сегіз сері жоғарыдағы дастанды шығарады.

«Шоң биге айтқаны»

«Шоң биге айтқаны» деген өлеңді Кіші жүз Әлімұлына жататын Төртқара руының атақты билерінің бірі Көбекке Ор өзенінің Айдарлы деген саласының бойында ас берілгенде шығарыпты. Асқа Үш жүздің басты кісілері шақырылған екен. Соның бірі – Орта жүз Сүйіндік Арғын Шоң би Едігеұлы. Шоңның асқа келгенін естіп, оған Сегіз сері келіп, өлеңмен сәлем береді.

«Қоңырқұлжаға айтқаны»

«Қоңырқұлжаға айтқаны» деген өлеңді жай жатпай, өзіне-өзі жау тілеп алатын төрелердің бірі Қоңырқұлжа Құдаймендеге арнап шығарыпты. Өйткені патша әкімдерінен қашқын ұстап беріп сыйлық алуға әдеттенген Қоңырқұлжа Сегіз серіні де ұстап, Омбыға жөнелтпек болады.

«Қызғалдақ», «Бұғыбайға», «Шоң биге», «Туған еліме», «Қоңырқұлжаға» атты өлеңдерін, олардың шығу тарихын Балғожа Кенжеғозы ұлынан 1956-жылы шілде айында Ғазиз Мүсинов өнші жазып алыпты.

ӨСИЕТ АЙТЫП КЕТЕЙІН

«Не өтті?»

«Не өтті?» деген өлеңінде өмірден неше түрлі ерлер, мырзалар, кедейлер, ғашықтар, бектер, байлар өткенін, олардың көбінің армандарына, алға қойған мақсаттарына жете алмағанын, негізгі байлық денсаулық екенін, ден сау болса, бәрі де орнына келетінін айтады, елге қамқор болуға шақырады.

«Дүние-ай»

«Дүние-ай» деген өлеңінде Сегіз сері дүниенің ешкімге жолдас болмайтынын, баянсыз екенін, баста бақ, қолда байлық мәңгілік емес екенін, тек өнер құған, еңбек еткен дұрыс екенін айтады.

Сегіз серінің бұл өлеңдерін Күлзи Ғалымжанқызы деген мұғалима Шайхуали Нұрғожаұлы деген қарт мұғалімнен (Солтүсік Қазақстан облысының Жамбыл ауданының орталығы Благовещенка селосының тұрғыны) 1985-жылы 25–26-маусымда жазып алыпты.

«Кешегі өткен жақсылар»

«Кешегі өткен жақсылар» деген өлеңінде Сегіз сері XVIII-ғасырдың екінші жартысы мен XIX-ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген өз елінен шыққан би мен бектердің, батырлардың ерліктерін айтады.

«Ғұмыр»

Сегіз серіден Есеней ордасында (ел жайлауда отырғанда) бас қосқан Керей-Уақ, Атығай-Қарауыл елдерінің басты кісілері мәжіліс үстінде адамның жасын өлең етуін өтінеді. Сонда Сегіз сері өзінің «Ғұмыр» атты өлеңін шығарыпты.

«Не пайда?»

Сегіз сері 1852-жылы Есеней Естемісов Құсмұрын дуанына аға сұлтан болып сайланғанда, құтты болсын

айтуға барады. Есенеі батыр-ақынға үй тіктіріп қарсы алады. Жиналған ел қолқалап Сегіз серінің ән шырқап, күй тартып, өлең шығарып айтуын өтінеді. Көп тілегін қабыл алған ақын қобызға қосып қиссалар айтып, насихат өлеңдер шығарып, оны әнмен айтады. Сол Есенеі ордасындағы шығарып айтқан өлеңдерінің бірі – «Не пайда?» термесі.

«Сайра да зарла, қызыл тіл»

«Сайра да зарла, қызыл тіл» атты өлеңінде жастық шақ мәңгілік емес екенін, адам баласының қартайатынын, адамзат баласының жасы өте ұзақ болмайтынын, ажалдың құрығынан ешкім құтылмайтынын айтады.

Сегіз серінің «Кешегі өткен жақсылар», «Ғұмыр», «Өсиет», «Кісем сұлу» деген өлеңдерін Солтүстік Қазақстан облысының Преснов ауданындағы Қызылой ауылының тұрғыны Садық молда Боқтыбайұлынан оның немересі Шолпан Қабимолда қызы жазып алыпты.

«Сыйласындар», «Көркі болар ма?», «Сайра да зарла, қызыл тіл» деген өлеңдерін Солтүстік Қазақстан облысының Преснов ауданындағы Петровка (Баян) селосының тұрғыны Қожахмет Дәрібайұлы (1891-1987 ж.ж.) шежірешіден 1968-жылы 21-шілдеде Айтбай Сіргебайұлы деген мұғалім жазып алыпты.

«Өнер – өнер ішінде»

Сегіз сері «Өнер-өнер ішінде» деген өлеңінде өз басынан өткен қиыншылықты, соның салдарынан көп жерде болғандығын айта отырып, өзіне өзі қайрат беріп, Исатай-Махамбет бастаған Кіші жүз елдерінің батырларын сүйеніш көретінін айтады.

«Жігіттерге», «Балжан қызға», «Екі қыран таласса», «Ер қайталап сөйлесе», «Өнегелі сөздер», «Өнер – өнер ішінде» деген шығармаларын Қазжан Сұрағанов 1961-жылы 7-тамызда Солтүстік Қазақстан облысының Октябрь ауданындағы Балуан ауылының тұрғыны Айтбай Ізтөлеұлы деген шежіреші ақсақалдан жазып алыпты.

«Алыс жақта болмаған»

«Алыс жақта болмаған» өлеңінде ел қадірін, жер қадірін, ер қадірін, ас қадірін, дос қадірін, қол (әскер) қадірін, киім қадірін білмейтіндерді айтады.

«Уа, ағалар, ағалар», «Баста тұрмас бұл дәурен», «Алыс жақта болмаған» деген өлеңдерін Семей облысының Абай ауданында туып-өскен Сейітқали Қарамендин ақсақал жас жігіт кезінде 1927-жылы өз туысы Назарбек биден (Абайдан үлгі алған кісі) жазып алыпты. Назарбек жоғарыдағы Сегіз сері өлеңдерін Байкөкше ақыннан, Қалқа Үйқасұлы әншіден жазып алыпты.



«ҚОЗЫ КӨРПЕШ — БАЯН СҰЛУ» ЖЫРЫНЫҢ НҰСҚАЛАРЫ

... «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының бір әдемі нұсқасын қағаз бетіне түсірген – атақты Сегіз сері (1808-1854). Ол – XIX ғасырдың бірінші жартысында жасаған атақты сері. Туған жері – Обаған төңірегінен, ашамайлы керейлерінен, қыстаулары – Маманай орманының іші. 12 жасына дейін ауылдағы мектепте оқып, содан кейін Омбыдағы Азия мектебін (азиатская школа) бітіреді (1828). Осы жылдары Омбыда отырып «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырын жазады.

Жасым бар жиырмаларда жылым мешін,

Өлімнің кім біледі ерте-кешін.

Айтайын бес-алты ауыз құлағың сал,

Қозы Көрпеш – Баянның әңгімесін.

Бұл жырды Сегіз сері Торғай өлкесіне саяхатқа шыққанда өзімен бірге алып жүріп, шежірені, жырды көп жаттайтын Ахмет Жантуринге тарту қылып беріп кетеді. Кейін ол жыр Ахмет Жантуриннен В.В.Григорьевке ауысып, одан Н.И.Ильминскийдің қолына түседі. Бүгінде сол жыр Ильминскийдің топтауында, татар республикасының архивінде сақтаулы тұр. Өткен дәуірлерде бұл жыр Қазанда талай рет басылып шықты. (1878, 1879, 1890, 1894, 1896, 1905, 1909 ж.ж). Оның қысқаша аудармасын А.В.Васильев Торғай газетінде жариялап шығарды. Сегіз сері нұсқасында айтушының тілі жақсы, бейнелері әдемі, эпикалық кең тынысты болып шыққан. Жыр:

Суреті Аягөздің тасында тұр,

Қабірі екеуінің басында тұр, –

деген сөздермен аяқталады. Жырдың соңы Аягөз бойында айтылатын нұсқадағымен бірдей, тек қысқартылып берілген...

*Әлкей МАРҒҰЛАН «Ежелгі жыр аңыздар»,
«Жазушы» Алматы, (331-бет.), 1985 ж.*

ДҮНИЕДЕН СЕГІЗ СЕРІ, НИЯЗ ДА ӨТКЕН

Кезінде қазақ радиосы Сегіз сері туралы Қазақ ССР Ғылым академиясының әдебиет және өнер институтынан пікір сұраған екен. Республикалық радионың музыкалық хабарлар Бас редакциясының рұқсатымен сол пікірді ықшамдап жариялап отырмыз.

Қазақ ССР Ғылым академиясының М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында Сегіз сері жөнінде аса құнды материал сақтаулы. Осы қордың арасынан атақты композитор Біржан салдың Сегіз серіні пір тұтып айтқан өлеңі табылды:

*«Жалғанда мұратына кімдер жеткен,
Көп жақсы менен бұрын өтіп кеткен.
Адамның асылдары сондай болар,
Дүниеден Сегіз сері, Нияз да өткен.
Ұстазым Сегіз сері, Нияз сері,
Олардан үлгі алған мен Біржан сері.
Алпыс үш мүшеліме толғанымда,
Дүние теріс айналып кетті кері».*

Біржан ең алдымен Сегіз серінің дарынды ақын әрі композитор екенін мойындағандықтан ұстазым деп отыр. Өз заманының аса көрнекті адамы болған Сегіз серінің шығармашылық мұрасы да сан қырлы. Оның өлеңдері мен поэмаларының өзі бір төбе. Бұлардың ішінде біздің әдебиетіміздің айтулы туындысы болып табылатын «Айман-Шолпан» дастаны ерекше көз тартады.

Сегіз серінің әндері халық зердесінде асылдай қастерленіп, сақталып қалғанын айта кеткен жөн. Олар баршамызға мәлім «Гауһартас», «Назқоңыр», «Ғайни», «Қарғаш», «Бесқарагер», «Әйкен-ай». Бұл әндердің шығу тарихы да ғылымға белгілі. Серінің біз

әлі білмейтін әндері де болуы мүмкін. Олар әлі де болса табылып қалар деп ойлаймыз. Енді бір тілегіміз бар. Қазақ радиосы Сегіз серінің әндерінен жеке концерт ұйымдастырып, оның кейбір әнінің шығу тарихын баяндап берсе, нұр үстіне нұр болар еді.

Сонымен, жоғарыда аты аталған әндер Сегіз серінікі екенін растаймыз.

***Б.ЕРЗАКОВИЧ**, Қазақ ССР Ғылым академиясының
корреспондент-мүшесі, өнертану ғылымының докторы,
профессор.*

***Е. ЖАҚЫПОВ**, филология ғылымының кандидаты,
жазушы. «Парасат» журналы, № 2, 1991-ж.*

ӘНДІ ТОНАУ – ТАРИХТЫ ТОНАУ

1933-жылы екі жүзден аса халық әні мен халық композиторларының әндерінің сөзі сотталды. Ауыз әдебиетіне тағылған айып, ән өнерімізді де уысынан шығарған жоқ. «Феодалдық дәуірді жырлайтын ескінің сарқыны» деп тұжырымдалды. Арнайы тапсырмамен «жаңа заманға лайықталынып» ән сөздері қайта жазылды. Бұл «саяси қырағылық» 1951-жылы ән мұрамызға бұғалықты екінші рет салғаны белгілі.

Сән-салтанат, байлық-мансап, атақ-абырой, діни атаулар ұстанған сөздер «қамауға» түсті. Үш мың жылдық тарихи деректі бозторғайдай шырылдап ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген, асыл әннің бір қанаты соқыр қатігездікпен аяусыз қиылды.

Қатал уақыттың диірмені жаныштап, аштық пен түрмеден ақсүйек болған ел мәдени мұрасынан, әнінен айырылған соң, арқасы жауыр, мұрны тесік тайлақтай бөрінен безіп, жетекке жүре берді. Рухани тапшылыққа, тоқырауға ұшырады.

Төл сөз түрмеде кетті. Жаңа жасанды сөз жанға жарық түсірмеді. Көптеген әндер айтылмай ұмыт қалды. Тіпті қазақ даласын жаяу аралап, тірнектеп жүріп жинаған А.В.Затаевичтің 1500 әні шаң жұтып, архивте қалды. Қызығып қолына алған жан «заманның қырағылығынан» қорықты. Себебі ол әндер әлі «сұрыптаудан» өтпеген еді.

Кейінгі жылдарда ән сөздерінің бір-біріне ауысып, шатысып жүруі немесе сүреңсіз, мағынасыз текстердің

телінуі, сайып келгенде, жоғарыда айтқан зауалдың кесірінен екені аян.

Әнді тонау – тарихты тонау. Ең бастысы – сол әндерді шығарушылардың тағдырына жасалған қиянат. Аты-жөні ұмытылып, өзі айтылып келген, өмірбаяны сызылып қалған ән – ата-анасын іздеп шырылдап жүрген бала секілді күй кешті. Көпшілігі халық әні делінсе, енді біразы иесін таппай әлі де алаңдаулы.

Соның бірі Сегіз серінің әндері (Мұхаммед-Қанафия Баһрамұлы 1818-1854). Сегіз сері Омбының офицерлер мектебін бітірген аса сауатты, зиялы адам болған. Сол кездегі саяси-әлеуметтік ағымнан хабардар Мұхаммед-Қанафия ақ патшаның туған халқына қарсы жүргізген отарлау саясатына дәнекер болудан бас тартқаны үшін қуғынға түскен. Тумысы бөлек, тұла бойы тұнған дарын иесінің құдіретті өнеріне бас иген халық оны бұдан былай «Сегіз сері» деп атандырып жібереді. Елінің, туған жерінің тәуелсіздігі үшін өлімге бас байлаған Сегіз сері күрес жолын бауыр жұртының рух күшін оятудан бастады. Ерлік пен ездіктің, махаббат пен ғалауаттың небір ғибрат үлгісін желілеген жыр, дастандар жазды. Ғашықтың отын жандырған, көңілді сергітіп, өрнеге жетелейтін мұңды-сазды, сұлу-назды әндер шығарды. Әр шығармасына зерделей үңілсе, оның оқиға мазмұнынан шығарушының ғұмыр дерегіне қатысты көп жайға әркім-ақ қанығары сөзсіз.

Мерзімді баспасөзде әр кез жарияланып жүрген ғалымдардың, жазушылардың, музыка зерттеушілерінің Сегіз серінің ән-жырына байланысты тарихи деректерден, архив материалдарынан сүзіп, сүйеніп жазған пікірлеріне мән беретін кез келген секілді.

Халық батыры, жалынды ақын Махамбеттің, мысқалдан түйін түйген шебер, от ауызды, орақ тілді шешен әрі ақын Байсеркенің күйлерінің табылуы күй өнерімізді қалай биіктетсе, Сегіз серінің шашырап жүрген өз шығармаларына иелік етуі ән өнеріміздің көкжиегін де солай кеңейте түсері хақ. Жоғарыдағы айтылған пікірлерге жүгінсек, «Назқоңыр», «Ақбұлақ», «Жылы ой», «Ақерке», «Гауһартас», «Бозшұбар», «Еңлік-ай» (жинақтарда «Илигай» болып жүр), «Ақбақай» әндері Сегіз серіге байланысты айтылады.

*Жәнібек КӘРМЕНОВ, Қазақ әндерінің антологиясы,
«Өнер» баспасы, (227–290-бет.), 1991-ж.*

«ЕРЛІГІН ИСАТАЙДЫҢ ЖЫРҒА ҚОССАМ»»

(Сегіз серінің өмірінен)

Арқаның ескен желдей, көшкен сендей көкірегің ән тербеген көп дүлдүлінің ішінде Сегіз сері Баһрамұлы Шақшақовтың алар орны алабетен. Тағдырлы тұлға. Оның Сегіз қырлы қасиетін санамалап бермес бұрын, туған жерін, өскен ортасын алдымен ауызға алсақ дейміз. Сегіздің әу баста азан шақырып қойған ныспысы – Мұхаммед-Қанафия. Кіндік кескен өлкесі жайлы өзі «Бозқараған» атты өлеңінде:

*Мен тудым Қожаберген ауылында,
Нү орман «Толыбай жалы» бауырында.
Жазықсыз қуғындалып қашқын болдық,
Жолығып замананың дауылына...*

*Ұнатып самал желдің лебі ескенін,
Сұлмен Қызылжарда жүздескенмін.
Көзімнен бұл күндері бұл-бұл ұшты,
Аузынан көркем қыздың бал жескенмін... –*

деген.

Өлең – қуәліктің айғақтауынша, серінің туған жері қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, әйгілі «Елім-ай» дастанының авторы Қожаберген жырау Толыбай сыншы баласының ауылы. 1818, яғни барыс жылы дүниеге келген. Сүйегі – Керей. Оның ішінде Ашамайлы, одан Көшебе, одан Таузар боп тарайды. Жастайынан ақын, әнші, композитор, батыр, палуан, емшілігімен ел көзіне ерекше түсіп Сегіз сері атанады да, Мұхаммед-Қанафия есімі көмескі тарта бастайды.

Сегіз Омбыдағы «Сібір әскери училищесін» төмамдаған. Орысша-қазақша хатқа жүйрік, тілге шешен бұған қазақ, татар, башқұрт ауылдарында тәртіп орнату үшін ұсталынатын карательный отрядқа басшы бол деседі. Қолма-қол поручик шенін ұсынады. Бірақ бұл тілекті сері қабыл алмаған. Мұндай қарсылықты күтпеген Батыс Сібір генерал-губернаторы П.Д.Горчаков Сегізді дереу өзіне тұтқындап жеткізуді бұйырады. Сегіз қапелімде қолға түсе қоймайды. Патша чиновниктері ол турасында «Бұзақы, мойнына кісі қанын жүктеген қауіпті адам»

деген жел сөз таратады. Еріксіз қашқын атанған Сегіз ел ішінде бас сауғалар жер қалмаған соң, жанына үзеңгілес досы Нияз серіні алып, Еділ-Жайық бойына ат басын тірейді. Соңынан қос қолды қойып қуған тұтқындаушы екі отряд көз жазып қалады.

Біздің әңгімеміздің негізгі желісі енді Сегіздің Кіші жүз елінде өткізген аз ғана жылы жайына ойыспақ. Серінің басына қысылтаяң күн туғанда өзге өңірге өтіп кетпей, батысқа маңдай тіреуінің төмендегідей себебі бар еді. Сегіздің атасы Шақшақтың шешесі Ақбота – Даттың қызы. Яғни әйгілі Сырым батырдың туған апасы. Ежелгі үрдіс бойынша қарасақ, он екі ата Байұлының бір руы Байбақтыға Сегіз жиеншар. Бұл келісі оның түп нағашы жұртын сағалағаны. Келген уақыты 1834-жылқы жылы, тамыз айының аяқ шені. Алайда Сырым балалары бұл кезде Жәңгір ханмен аралас-құралас болады да, ат арытып келген жиеншарға жөнді қолұшын бере алмаған. Соны сезген Сегіз де нағашы жұртына салмақ салмай, Еділдің бір саласы Тептер өзенінің бойын мекендеген Қалдыбай батыр Қосаяқұлының ауылына мейман боп түседі. Қалдыбайдың Ажар деген бөйбішесінен Иманбай, Таңатар, Бегатар, Қабланбай, Иманәлі, Сабалақ, Есмайыл, Уәли, Қали, Есмағұл есімді он ұлы, Ғайнижамал есімді жалғыз ару қызы болады. Ғайни қыз бен Сегіздің ғашықтық хикаясы осы тұста басталған. Сүйіспеншіліктен басы айналған Сегіз сері «Ғайни» атты қос нұсқалы ән, «Қыз сипаты» деген шебер өрімді өлең шығарған.

Сегіз серінің Кіші жүзге келген тұсы – Исатай мен Махамбет бастаған шаруалардың патша отарлаушыларына қарсы бағытталған ұлт азаттық көтерілісінің екінші кезеңінің аяқ шені-тін. Айнала желді күндей ұйытқып тұрған беймаза шақ. Ел қонысы, мал өрісі тарылып, хан мен Теңіз бойының управителі Қарауылқожа Бабажановтың тұрғын халыққа 13 түрлі салық салатыны да осы тұс. Бүкіл Ысық әулетін көтеріліске үндедің деп, Баймағамбет бастаған жазалаушы отряд 1834-жылы Қалдыбай ауылын қамайды. Қиян-кескі ұрыс үстінде Ғайни қызға оқ тиіп, қапияда қаза болады. Ынтық жанынан айырылған Сегіз сері әннен-әнге көшіп, шерленіп жүргенде, қашқын деген сыбыс Арқаның желіне

ілесіп артынан қуа жетеді. Патша үкіметінің өміріне мойынсұнбай сырғақтап жүрген қашқынды ұстап берген не көрсеткен адамға ол кезде арнайы сый-сияпат тартылатын болған. Әлгі сыбысты естісімен Қарауылқожа мен Шыман төре Сегіздің ізін аңдиды. Жан-жақтан қыспаққа түскен үш-төрт жолдасымен қараша айының екінші онкүндігінде Солтүстік Кавказға өтеді. Қасына ергендердің бірі – Нияз сері, екіншісі – бақсы, құмалақшы Аббас. Аббастың ұлты татар, жасы Сегізден едәуір үлкен еді.

Сегіз тобы Солтүстік Кавказға өтісімен сондағы ноғай, құмық ауылдарын паналайды. Қыстап шығады. 1835-жылы наурыз айында мұз босамай Еділдің самал бетіне кері өтеді. Жанынан ноғай, құмық, авар, қарашай, балқардың 80-90-дай жігіті ере шығады. Өйткені Кавказ бойында Шәміл көтерілісі аяусыз жаншылып басылғанымен, қуғын-сүргін, жер аудару әрекеті әлі де болса қарқынды-тын. Еділден аман-есен өткен жігіттер ноғай-қазақ нәсілінен шыққан Оразақы атасының ауылына мейман боп түседі.

Енді басын ашып алатын бір жайт – Исатай-Махамбет бастаған көтеріліске байланысты архив материалдарын іздестіргенімізде, еш деректен серінің аты-жөнін кездестірмедік. Ал Сегіздің артында қалған мол мұрасына, түрлі шежіреге, көгентүп көнелерден қалған сахи сөздерге үңілсек, көтерілістің үшінші, шешуші кезеңіне қатысқан боп шығады. Біз де осы соңғы ойды қуаттаймыз. Сегіздің:

*Ақбұлақ тасығанмен, Жайық емес,
Жүзгенмен, дөңбек ағаш қайық емес.
Ерлігін Исатайдың жырға қоссам,
Жігіттер, менің мұным айып емес...
Еділ-Жайық берекелі жер екен ғой,
Байұлы бақыт қонған ел екен ғой.
Жақсының өз жұртында қадірі жоқ,
Исатай асқар таудай бел екен ғой, –*

деп аса шабытты өрілетін «Исатай-Махамбет» дастаны пікірімізді растай түседі.

Көтерілістің қақ ортасында жүрген Исатайұлы Жақиядан қалған шежіре баласы Өтепқали арқылы ауыз әдебиетінің білгірі, марқұм Ғұмар Зариповтің қолына түсіп, бізге жетіп отыр. Шежірені алға тартсақ,

көтерілісшілер 1837-жылдың қазан айының 17-26 күндері хан Ордасын қоршайды. Хан мен оның айналасындағылардың жалған уәдесіне сенген Исатай он күнге мұрсат беріп, әскерін таратады. Орданы шаппадың, келісімге келдің деп, Тұрлан Асауұлы, Асанбек Нұрғожаұлы, Сегіз сері Баһрамұлы, Асау Барақұлы Исатайға өкпелеп, негізгі жасақтан бөлініп кетеді. Тіпті Махамбетке Исатайдан ірге ажырат деп талап қойған.

Өкпелесіп айырылысар тұста Сегіз Исатайға былай деген екен:

*Хан баласы қабан-ды,
Қайрылып шапса жаман-ды.
Шабар күнің бүгін-ді,
Бүгіннен соң қиын-ды.
Торыққан әскер жеңбес.
Тілекті Жәңгір бермес,
Қамсыздан тұқ өнбес,
Исатайды бұл Сегіз,
Енді айналып көрмес.*

Араға сына түсіп алты-жеті ай жүз көріспей кеткен батыр мен серіні алты ата Әлімнің Назар еліндегі Байтөре Тоқпанұлы дегеннің үйінде жүздестіріп, кері табысуына дәнекерші болған – Шынияз ақын Жұбатұлы. Руы – Жаңбыршы Беріш.

1837-тауық жылы желтоқсан айының орта шенінде алты ата Әлімнің бір бұтағы Шүрен еліне Исатайдың әйелі Несібелі, балалары Жақия мен Дүмбаян, балдызы Бағлан, Сүлеймен Өтемісұлы, Ерше, Нұрша Еділұлдары кеп бой тасалайды. Көкпішен деген жерде паналап жатқан бұларды Шүреннің басшысы Шонты би Жамантайұлы, Адайдың биі Теке Бөйтерекұлы дегендер жасырынып жүрген батырлардың әулетін Мұхамедқали Таукин, Пономарев бастаған жазалаушы отрядқа ұстап береді. Махамбеттің «Шонты би» өлеңі осы оқиғаға арналған. Жалғаугер ақынның «Мен Нарыннан кеткенмін» дейтін жырында:

*Мен Нарыннан кеткенмін,
Нарынды талақ еткенмін.
Қуатымның барында,
Ағыны қатты Жайықты,
Тіземмен бұзып өткенмін.*

*Жаныма айла болар деп,
Назарды тастап Шүренге,
Күнім үшін жеткенмін.
Жақияны ханға ұстап бергендей,
Шүрен, саған не еткенмін?
Қайтеріңді өзің біл,
Алдыңда кеңес еткенмін, –*

дейтіні сондықтан. Жазалаушы отряд Несібелінің білегіне, Дүмбаянның бетіне темір қыздырып басады. Жақияны өмірлік катәргіге кеседі. Ал Назар елі көтерілісшілерге көп жәрдем берген, қолдап, қамқорлап отырған. Соған риза болған Сегіз «Қайран Назар» әнін шығарған.

Тағы да шежіреге ерің берелік. Жоламан Тіленшіұлымен сыбайласқан Бәти Көкімбек баласы ханның бір үйір жылқысын құшп өкетеді. Ел жайлауға шыққан жаз кезі болса керек. Жәңгір жанына Жабал, Шыман төре, Шомбал, Әспенбет, Алтай, Қаракөбен сынды 45 адамды ертіп Ахмет сұлтан Жантөриннің үйіне түседі. Жоламанға кісі саядады. Араға кете Қабыл би жүреді. Дау бітеді. Бірақ жылқысының жартысын хан ала алмайды. Жәңгір тобы қайтар жолда Қабыл бидің үйінен қонақасы жеп аттабақшы болады. Осыны пайдаланып қалуды көздеген Шыман төре Махамбетке ат шаптырып, оңтайлы сөт келді, қапы қалмасын деген сәлем жеткізеді (Шыманның хатға жағына жүріп, ретті жерінде көтерілісшілерге жел беріп, демегенситін екі жүзділігі болған. Автор). Махамбет бұл сапарға Сегізді жұмсаған. Қабыл бидің үйінің үстіне жүз сабазымен құлаған Сегіз серіні көрген хан тобы қатты сасады, Шыманның пікірі ішінде. Ат сүрінген жерде ақыл табатын Қабыл би қонақтарына қарап:

– Сегіз менің үйімде қан төге қоймас. Сері үйге кіріп келгенде, қошеметтеп сәлем-сауқат сұрасыңдар. Сонда оғаш мінез көрсетпес. Ет желініп, қымыз ішілген соң аттанып кетіндер. Мен Сегізді ұстап қалайын, – деген.

– Ассалаумағалейкум, – деп, он сегіз қанат ақ ордаға кіріп келген серіге төрде жайғасқан қонақтар тегіс амандасып, ығысып орын беріседі. Қабыл би хан мен Сегіздің ортасына дөнекерші әңгіме жүгіртеді. Сарбаздарға арнап бөлек үй тікгіртеді. Жәңгір қымыз ішіп отырып серіге:

– Батыр, сіз мұсылманша да, орысша да оқыған білімді адамсыз. Алла туралы не айтар едіңіз? – деп қалады. Сонда Сегіз сері іркілместен:

*Бір Алла жерде де емес, көкте де емес,
Алланың қайда екенін пенде білмес.
Жүректен орын алған ол бір бейне,
Кетпейтін көз алдыңнан болып елес, –*

деп жауап қатыпты. Тапқыр сөзге бәрі алғыс айтқан. Шыман төре қарап қалғысы келмей: – Осы отырған хан, сұлтан, билерді төрт ауыз өлеңге қосыңызшы, – дейді.

*Хан, сұлтан – бүркіт болса, би – қаршыға,
Старшын – атқамінер, жүр жалшы да.
Қолында шабарманның түк билік жоқ,
Бұл байғұс мәз болып жүр құр қамшыға, –*

деп, Сегіз босағаға құйрық басқан Жабалды көрсетеді. Қонақасының соңында бата беріскен хан тобы аттанысып кетеді. Сегізді Қабыл би бөгеп қалады. Сері сонда биге:

– Ажалы жоқ екен, сіздің үйде кездесті. Иілген басты қылыш кеспес деген. Осы ақылды сіз үйреттіңіз-ау? – депті. Мұны естіген Махамбет: – Қысқа күнге Жәңгірді қырық сатқан Шыман бізді сатпас дейсің бе? Қайта өзін тертеге салып, ойын буға, жынын суға айналдырып, абыройын ит-құйрығына байлап жіберу керек еді, – деп, осыдан кейін төремен ат құйрығын кесісіпті.

Десек те, Сегіз сері Исатай қаза табатын «Қиыл қырғынына» қатыспаған. Қандай себептен екені әзірге беймәлім. Батырдың жау қолынан шаһит кеткенін жағалбайлы Қондыбай, Бекей дегеннің үйінде отырып естіген сері:

*Өтті деп ер Исатай естігенде,
Болды ғой құлағандай алтын тағым.
Қолымнан болат қанжар шарт үзіліп,
Шешілді кермедегі арғымағым.
Айырылып Исатайдай асыл ерден,
Кетті ғой судан таза, сүттен ағым.
Кетіпті қалың әскер бәрі тарап,
Ақбұлақ қаптай қонған екі жағын.*

*Сұмырай Қайыпқали сірә да оңбас,
Тұлпардың адастырған құлыншағын.
Айырылып Исатайдай көсеміңнен,
Бұзылды, қазақ, сенің ынтымағың.
Үмітің үзілді ғой, қайран халқым,
Жалт етіп сөнгеннен соң шамшырағың, –*

деп, бөйіт айтып жылайды. Мұнымен қоса Исатайға арнап ұзақ жоқтау шығарады. Бұл жоқтау бұрын баспа бетін көрмегендіктен, оқырмандарға сәл-пәл қысқартумен ұсынып отырмыз.

*Мыңтөбенің бойында,
Өзіңменен кездесіп,
Қылыш сүйіп серттесіп,
Көптің мұнын жоқтаған.
Ер жігітке жөн десіп,
Ғұмырлық деп дос болған.
Ғаріптің халін көргенде,
Шерлі болып жүрегі,
Ер көңілі аш болған.
Кіші жүз Алшын ішінде,
Он екі ата Байұлы.
Жайық беріш баласы,
Бұқара қазақ ағасы,
Басқадан артық бағасы.
Исатайдай батырды,
Мен сегіз бүгін жоқтадым.
Исатайды жырлауға,
Әдейілеп тоқтадым.
Орайда-орай оқ атқан,
Алды-артына тең атқан.
Қырлары өткір жебені,
Үсті-үстіне боратқан.
Желігіп келген жауларды,
Жерге сүйтіп қаратқан.
Хан баласын жылатқан,
Жендеттерді сұлатқан,
Исатай мен Махамбет.
Мұңдыларды жұбатқан,
Кедейлерді қуантқан.
Бұқара көппен дос болып,
Хан, патшамен өш болып,
Әкімдерді жайратқан,
Хан отырған ауылға,
Сарбаздарын ертіп кеп,
Тал тұсте атын ойнатқан.*

Офицерін патшаның,
Ұстап алып байлатқан.
Мылтық пенен садақты,
Өзі жөндеп, өзі атқан.
Бас бармақтай бөдене,
Басынан байлап көзге атқан.
Азулы аңнан бөрі атқан,
Аю мен қабан жолықса,
Сойылмен ұрып сұлатқан.
Бүркітке қасқыр алдырған.
...Еділ-Жайық арасын,
Өз еркінше жайлаған.
Ішіп қымыз, шұбатты,
Қазы-қарта шайнаған.
Қаз мойын жылқы айдаған,
Жапанда жортқан құланның,
Асауын ұстап байлаған.
Арыстан, барыс, аңдарын,
Исакеме жолықса,
Оп-оңай-ақ жайраған.
Ұлықпен, ханмен дауласса,
Халқының қамын ойлаған.
Көсем болып, үлгі айтып,
Қиылға терең бойлаған.
Басшы болып сарбазға,
Қол алдында жайнаған.
Тұлпар мініп астына,
Сауыт киіп үстіне,
Қару-жарақ асынып,
Беліне семсер байлаған.
Қазақы ерді жастанған,
Қарт батырдай қасқарған,
Қалың әскер басқарған.
Ақтабандай тұлпарды,
Баптап мініп көп жортқан,
Көк бөрідей түн қатқан.
Санап жүлдыз батырған,
Ұйықтамай таңды атырған.
Патша әкімі жылқысын,
Көсегелі жерлерден,
Көсілте айдап құдырған.
Құлынын жолда тудырған,
Шыңғыртып асау сойдырған.
Жылқы мен түйе етіне,
Аш-арықты тойдырған.
Ала болса ағайын,
Араздығын қойдырған.

Асылдан шыққан болатым,
Қарадан шыққан бекзатым,
Жорықта жойқын озатым,
Исакем, сізден айырылып,
Талды менің қанатым.
Ұңғысынан үзілді,
Қайраған өткір болатым.
Қазақ, башқұрт, татар деп,
Елді жікке бөлмедің.
«Мынау төре, қара» – деп,
«Мынау мырза, жарлы» – деп,
«Мынау жақсы, жаман» – деп,
«Мынау әлді, әлсіз» – деп,
Көпті алалап көрмедің.
Соншалық әділ болсаң да,
Жұрт көсемі Исакем,
Ұзақ дәурен сұрмедің.
Елуге де келмедің.
Қатты батты халқыңа,
Жау қолынан өлгенің.
Хабарсыз қалып әскерің,
Еркін түрде шайқаспай,
Қырық жетіге келгенде,
Барлауға барған кезінде,
Тосыннан жауға жолығып,
Аз ғана топтан жырылып,
Тұлпарыңа оқ тиіп,
Қоршауда қалып ақыры,
Жеке өзің жаяулап,
Душпанмен жалғыз ұрысып,
Қапыда қаза тапқаның.
Әскеріңе өте алмай,
Дегеніңе жете алмай,
Қоршаудан шығып кете алмай,
Қылышқа сансыз туралып,
Ардагер батыр Исакем,
Ішіңде кетті-ау арманың!

Сегізді тұтқындау жөніндегі Батыс Сібір генерал-губернаторының 1834-жылғы қаһарлы үкімі 1838-жылы жаз айында күшін жояды. Оны Сегіз сері Ақмешіт базарында тұрып естиді. Қуанышты хабарды жеткізіп, сүйінші сұраған адам – өзінің досы Нияз сері. Бұл хабардан соң Сегіз басына күн туғанда пана болған Кіші жүзбен қошайтысып, сағындырған Қызылжарына қайтпаққа бекінеді. Бұл өлкеде жүргенде ұмсынғанына

қол жеткені де, жетпегені де көп еді. Көргеннің кезінде, тындағанның көңілінде қалатын арысы да, аяулысы да аз болмайтын. Исатай, Махамбет, Үбі, Қалдыбай, Ғайни қыз, Бақытжамал, Мақпал... Ей, дәурен-ай, десеңші!

Ат басын елге бұрған Сегіздің жанына бір топ Кіші жүз руларының жігіттері ере кетеді. Күндіз ат белін суытып, тыныс алып, түнгі салқынмен жортқан салтанатты, сауықты топ Аманқарағай орманына ілінеді. Сол тұста туған жерге деп алып-ұшып келе жатқан Сегізге жанындағы жігіттер: – Сері, ел шеті көрінді. Кіндік кескен өлкең де сені сағынған екен. Алдыңнан көк майсасын төсеп, саумал самалымен аймалап жатыр. Өлеңмен көріспесең болмас, – деп қаумаласады. Сонда Сегіз астындағы Бозшұбардан түсіп:

*...Гүлтөбе, сағындым ғой, салқын белім,
Бұқпа көл жанға жайлы шалқар көлім.
Көзімнен бір кездері бал-бұл ұштың,
Орта жүз, ашамайлы Керей елім.
Әркімнің туған жері – Мысыр шаһар,
Мекке мен Мәдинедей болған жерім.
Тіккен соң патша әкімі ұлкен қаһар,
Жат жерде болып қайтты Сегіз серің.
Секілді мен кәрі қыз төркіндеген,
Келемін көрсем деген сертімменен.
Жазықсыз губернатор қуғындады,
Кеткем жоқ басқа өлкеге еркімменен.
Аударып Еділ, Жайық дәм мен тұзы,
Төрт жылдай туған жерге келтірмеген.
Ел шеті көк Есілден көрінсе егер,
Жас келер екі көзге мөлтілдеген... –*

деп, туған жерін құшақтап, топырағынан сүйген екен.

Ендігі мәселе – Сегіз сері сол кеткеннен Еділ-Жайық бойына қайта оралып соқты ма, жоқ па дегенге саяды. Бұл жерде тағы да Өтепқали Жақияұлының шежіресін алға тартамыз. Жаны жалаңаштанып, қабырғасы сынбаса да сөгіліп жүрген Махамбет түс көріп, түсінен шошынады да, Қызылжардағы Сегіз бен Бектасқа: «Еліңе көшіп барсам, мені паналата ма екен?» – деп кісі салады. Ортада жүрген жігіттің есімі – Ертай. Руы – Ысық. Ертай кезінде Исатайдың атқосшысы болған, кейін Махамбеттің қасына ереді. Ал Бектас Қырғызұлы Молдыбаев Исатайдың Патшайым деген қарындасын

алған күйеу баласы-тын. Махамбеттің сәлемін естіген Сегіз бен Бектас: «Батыр келсін, құрметтеп қарсы аламыз» – деседі. Көші-қондыға деп төрт нар жетектетіп, кері қайтарады. Ертай жанына Дауыл деген жігітті ертіп Малайсарыға келсе, бұлардан бір күн бұрын Махамбет қастандықпен өлтірілген екен.

Өлсізді басып талтандамаған, мықтыдан қорқып жалтандамаған ер Сегіз: «Қанға қан!» – деген. «Махамбеттен жанымыз артық болмас. Тізе қосып көтерілейік те, Баймағамбеттен кегімізді алайық» – дейді Тұлан Асауұлы.

Бұл кезде Баймағамбет Петербургте жүр еді. Үстінен арыз-шағым көбейіп әрі жасы келіп қалған соң, патша үкіметі отставкаға шығармақшы болады. Қырын кеткен шаруаның қисынын таба алмай, сәуір айында елге оралады. Жанында Бародин бастаған жиырма шақты қорғаушы әскері болады. Баймағамбеттің елге бет алғанын естіген Махамбеттің қандыкөйлек жолдастары қамсыз қалмайық деп, төрт топқа бөлінеді. Еділ бойын Қабыланбай, Орынборға дейінгі Стерлитамак жерін Жамантай, Нәдірқұл, Сәлилер аңдиды. Ал Жайық бойын Асау Барақұлы, Елек өзенін Тұрлан Асауұлы мен Сегіз сері торуылдайды. Артындағы елдің толқуынан қорыққан Баймағамбет башқұрт ауылдарын басып өтіп, Елек өзенінен өтіп кетпекке бекінеді. Сеңнің көбесі сәгіліп жатқан шақ екен. Өзеннен алдымен қорғаушылары өтеді. Соңғы кезекке Баймағамбет күймесімен және жанындағы төрт жолдасымен қалады. Бұлар мінген қалтылдақ паром Електің нақ ортасына келгенде, аңдып жатқан Тұрлан мен Сегіз сері тобы арқанды қиып жібереді. Паром жетпіс метрдей жерге ығып барып, сеңге соғылады да, төңкеріліп түседі. Суға құлаған бесеудің ішінен жағаға тек біреуі ғана малтып шығады. Денесі ауыр, етженді Баймағамбет бірден батып кетеді.

– Дос болсаң, жанымды берем, қас болсаң, қаныңды ішем – деген осы, Байеке, – дескен кегі қайтқан батырлар ат басын кері бұрып.

Сегіз серінің Кіші жүз еліне екі мәрте келуінің қысқаша тарихы осындай. Үшінші рет оралуға, әрине, тағдыр жазбаған.

Рахымжан ОТАРБАЕВ

«Қазақ әдебиеті» газеті, 20-қыркүйек, 1991-ж.

ДАЛАНЫҢ ДАРАБОЗ ДҮЛДҮЛІ

Өркениетіне қол созған әр халық өзінің рухани өмірінде қайталанбас көркемдік құбылыстар, шарықтау мен құлдырауларға тап болады. Оны әр түрлі қоғамдық-әлеуметтік жағдайларда бастан кешіріп жатады. Бірнеше мәрте қайта түлеп, бәсейіп, күшейіп келген қазақ қауымы да бұл заңдылықтардан тыс қалған жоқ. Қызыл шақалақ шыр етіп дүниеге келгелі жанын өн әлдилеп, қоңыр күй құлағында ызындап, егер бұл қасиет жеті атасынан да арыдан қанына сіңісті болып, бойына дарып келе жатса, оның кембағал күн кешуі мүмкін бе? Туыстары – батыр, сөз ұстары – ақын болған елдің аманат жыры болашақтың есігін айқара ашып, ұдайы өскелең ұрпақтардың рухани өнегесіне айнала береді.

Негізінде ұлтты ұлт, халықты халық, мемлекетті мемлекет етіп, айдай әлемге танытатын ең алдымен мәдениеті, рухани өмірі мен бекзат болмысы. Оның қашанда жалпы жамиғат назарынан тыс қалмағаны ғанибет. Ал біздің елімізде, одан бері республикамызда бұл сала қайшылыққа ұшырып күннен-күнге құлдырап барады. Рас, нарықтық қатынастар жан-жақты қыспаққа алып, қаусырып келе жатқанда, жалғыз қарын тоқтығын ойлау шеккі емес қана шығар. Алайда әлі күнге Қазақстан мәдениеті туралы айқын бағдарламаның жоқтығын немен түсіндіруге болады? Бұнымен ауызды қу шөппен сүртіп отырғанымыз жоқ. Дегенмен... біз алтын көмбенің, яғни ауыз әдебиетінің үлкен қазынасының бір тарауы ақын-жыраулар мен сал-серілер шығармашылығын зерттеуде әлі де болса тым селқостық танытып келеміз-ау деген ой қажайды.

Қазақ поэзиясы әлімсақтан өзінің бұқарашылдығы, халықтығы, ұлтжандылығы және демократияшылдығымен ерекшеленіп, сол қадір-қасиеттерді бойына терең сіңіріп, ғасырлар бойы уақыт пен кеңістік арқылы көктей алып өтіп келе жатыр. Ол ешкімнің де (хан болсын, мейлі, қара болсын) бет-жүзіне қарамай, асқанға тосқан дегендей, төубасына келтіріп отырды, қай заманда да ақ сөйлеп ағынан жарылды. Сондықтан да бұл тұрғыдан бүкіл адамзат асыл мұраттарына да орайлас үйлесім мен үндік жарқын сипаталды. Әсіресе ұлттық өлең өнері ақын-жыраулар мен сал-серілер шығармашылығы дәуірінде ғаламат өркендеді.

Басқаны былай қойғанда, соңғы кезде бірнеше басылым көрген «Ай, заман-ай, заман-ай» (бұрынғы «Бес ғасыр жырлайды») жинағының өзі көркемдік көкжиегін кемітіп, жазба мәдениеті жоқ ел бөрінен мақұрым қалды деген қағидасымақтың күл-паршасын шығарып, жабулы қазанның бір шеті көтеріліп, өше бастаған ой тамызығын қайта маздатты. Бұл бағыттағы кейбір зерттеулер де біздің пікірімізді қуаттай түседі.

Өттең, біздің қазақ сынында Мағжанның Ақан сері, Жүсіпбектің Мағжан туралы терең де бай мазмұнды, батыл, асқан азаматтық әуенге толы мақалаларындай ерен еңбектің тым тапшылығы көңілге кірбің түсіреді. Барша сөз өнеріне бағыт-бағдар сілтеп танымдық биіктеуге меңзеп отыратын сын қаншама ізденіс қарекетіне қарамастан әлі балаңдық қалпынан онша алыстай қойған жоқ. Сол себепті де әдебиет тарихында айрықша орын алатын ақын-жыраулар, сал-серілер туралы зерттеулер тұтас емес, үзік-үзік күйінде әсер етеді.

Әрине, бұл салада жаңадан Америка аша қою қиын болғанымен, біздің ауыз әдебиетінің қамтусыз, ақтаңдақ болып жатқан кезеңі көп.

Осы орайда, менің өз басым Нәбиден Әбуталиевтің «Сегіз сері» («Жалын», 1991-ж.) атты кітабын қуана қабыл алдым. Атап айтқанда, кейбірде андасанда шаң беріп қалатын баяндаушылық, құрғақ қарабайырдыққа бой ұрып кеткен тұстарына қарамастан, ол бізге бірнеше елеулі есімдерді ортамызға оралтып отыр. Бұдан кейін әлсін-әлсін жеңіл ауыздар арасында етек алып келген алып-қашты әңгімелердің көмейіне құм құйылады деп ойлаймын. Әсіресе жазушының Қожаберген жырау мен Сегіз сері (Мұхаммед-Қанафия) тағдыры хақындағы хикаяты еріксіз иліктіріп, мойын бұрғызады.

Бұдан бірнеше жыл бұрын «Гауһартас» өнін Жарылғапбердіге теліп мақала жазылғаны әлі есімізде. Қожаберген, тіпті оның «Елім-ай» қасіретнамасы төңірегінде де әр түрлі пікір туындап жүрді. Бұған дейін қазақ өнерінің осы қадау-қадау екі өкілі туралы ой-пікір білдіріліп, зерттеу болған жоқ деген пиғылдан мүлдем аулақпын. Мәселен, тұлпар тағдырлы үлкен жазушы Тәкен Әлімқұлов: «Арқада сондай өнер иесінің болғаны шындық. Сегіз

сері – табиғаттың өзі құя салған құйма талант. Қол бастаған батырлығы мен палуандығы өз алдына, ол ақындығымен бірге әнші, күйші, қисса, жыр айтушы жырау, қобызшы, сыбызғышы, өн шығарушы, әйгілі композитор әрі он саусағынан өнер тамған бесаспап шебер-оюшы, өрімші, ерші, уық, кереге, шаңырақ, кебеже, домбыра жасаушы, яғни сегіз қырлы, бір сырлы адам болған. Халықтың оған Сегіз сері деп ат қоюы да тегін емес», – деп, сахараның самал желімен жарысып, даланың іңкөр даусын жеткізген дарынды бір хан көтерсе, академик Ғабит Мүсірепов осы үркердей топты: «Бәрі де атақтының атақты жырлары Сегіз серінікі деп саналады. Сегіз сері өз жанынан шығарған ба, жырау ретінде айта жүріп өндеген бе ол арасын біле алмадық. Ал «Қарғаш», «Гауһартас», «Әйкен-ай» әндерін Сегіз сері шығарғанын тіпті дауласа алмайды, түгел мойындап қойған», – дей келіп, оны жоғары бағалап, ойын мықтап шегелесе, ондай тұлғаны жан-жақты ашпай, осы күнге дейін ескерусіз қалдырып келсек, бұл да біздің шыққан өреміздің не бары бір тұтам екенін көрсетеді. Бір кезде Мұхаммед-Қанафия Баһрамұлының едәуір білім алып, қазақ-орыс тіліне жетік болып, Сібір әскери училищесінде оқып-тәрбиеленсе де, патшаның отарлау саясатының қыспағына шыдамай, ұлықтар мен әкімдерге, олардың қырда жүргізген жүгенсіздіктеріне қарсы шығып, қуғын қырғынынан бой тасалап, Жайыққа қарай жылысып, Исатай-Махамбет ұлт-азаттық көтерілісіне қосылып, тізе қосып бостандықты аңсаған азамат, тарихи тұлға болса, ол осы уақытқа дейін өз оралымсыздығымыз бен қырсыздығымыздан ұмыт қалып келді. Әйтпесе, көк мұнар жапқан көкжиек кеңістігін көктей өтіп, бүгінгі күнге тап-таза бекзат болмысымен жетіп, төрт аяғын тең басқан жорғадай, келісті келісімімен таңғалдыратын қазақтың нәшті қайырымдары, отты ойға сұлу сезім, махаббат мақамдары, ыстық ырғақтары мен ләззатты лебізі қандай. Төңіректі теңіздей толқытып, кеуде көрігін желпітіп, жанды нұрлы жарқылға толтырып, жер баса жүріп, жұмырбасты пендеге тән әлдебір әлди әлемді әсем ән, сиқыр сазбен жеткізген кісиде арман бар ма екен? Бұл бай, асыл мұраны көз қарашығындай сақтап, ұрпақтан ұрпаққа ұластырып ұзатып отырған сал-серілер, ақын-жыраулар өнеріне

тең келер құбылыс жоқ шығар. Жарық дүние бетіндегі кельттердің барды, француздың трубадуры, қырғыздың манасшысы, орыстың баяны, украинның гусляры, саханың олонхосы да әрқайсысы өзінше ғаламат болуы мүмкін. Бірақ солардың арасында бір бойында әншілік, жыршылық, орындаушылық, ақындық пен түрліше шығармашылық қадір-қасиетті сіңірген жан жалпы өзінше бір төбе болып даралынып тұрады. Соншама үйлесім мен үндестікке толы дүниені даңғазға айналдырып, бірте-бірте өктемдікпен өмірге еніп келе жатқан рок-музыка заманында ежелгі дәуірден сұлу саз, терең толғам, сыр тартатын ән-күйге неге сонша құлақ елендеп тұрады. Тегі мұның түп-төркіні жаратылыс пен жан нәзік иірімдері тұтасып кететін туыстығында шығар. Жалғанның жартысын алып жатқандай ұлан-байтақ жер далада «ән ерттеп, күй мінген» ғажайып өнерпаздар өнегесі мәңгілік ұмытылар ма?

«Қазақтар – пысық, пісіп қатқан, өмірге құштар халық, олар ойын-сауыққа құмар: киімде ашық бояулыны, тұрмыста той-мерекені сүйеді. Өлгенді еске алу халыққа ойын-сауығымен, ат жарысымен, ән-күйімен, ақындар айтысымен ұзаққа созылатын үлкен сауық-салтанатқа айналады, – деп жазды Шоқанның досы, қазақ ғұмырының аса білгірі Г.Н.Потанин, – Серілік өнер мен сән-салтанат құру, бәлкім, қазақтарды кейбір жағдайда даңққұмарлыққа баулитын сияқты. Бұл жағынан олар француздарға ұқсайды. Афиндіктер секілді қазақтар жаңалыққа, хабарға әуес. Осы әуестік жас буында білу құмарлыққа ауысты». Өз дәуірінің дауылпазындай күн кешіп, халқының рухани қазынасын байытқан Сегіз сері сал-серілік, ақын-жыраулық өнердің өрен жүйрігі еді. Оны елтаңбасы (символы) десек те болғандай. Аз да болса оның айналасындағы шоғыр жұлдыздардың ішінде Нияз сері, Шәрке сал, соқыр Тоғжан ақын, Сапарғали ақын, ағалары Шағырай сал мен Жанат сері және басқа өнер қонған серілердің бейнелері андыздайды. Н.Әбутәлиев бұлардың бәрін ескере отырып, немқұрайды қалдырмайтын даусыз деректер мен маңызды мағлұматтарды алға тартады. Тіпті, кей-кейде кітаптағы кездесетін қилы-қилы оқиғалар мен өзектес, тамырлас. Бірін-бірі толықтырып, байытып, өнердегі де, өмірдегі де белгісіз беттерді бедерлеп

айқындай түседі. Зерттеуші өз кейіпкерінің сан алуан қырын сенімділікпен сыйпаттай келіп, бір қайырымда: «Сегіз сері өзінен бұрынғы өткен атақты күйшілердің бірнеше күйін, соның ішінде өз бабасы Қожаберген жыраудың атақты «Бозайғыр» күйін қобызбен, біресе домбырамен, біресе сыбызғымен орындап берді», – деп қайырады. Қысқа тұжырымның өзінде әмбебап жанның бар болмысы көз алдыға келеді. Сегіз серінің әр түрлі өнерлілігі жай айтылып қоймай, тиянақты тұжырымдалады. Ол халықтың тұрмыстық, ғашықтық һәм батырлық жырларын жаңғыртып қана қоймай, тамсандырар талғаммен қайта жырлап шығады. Бірде Баян мен Жібектің мұңлы бейнесі жүрек қылын шертсе, енді бірде Төлеген, Қозы мен Ер Тарғын кейіпкері көкіректі өртейді. Ол Батыс Сібір генерал-губернаторының да көрінен қаймықпай, дүр сілкінеді:

*Суңқар едім екпінді,
Қанатымнан қайрылдым.
Алмас едім наркескен,
Шабылмай тасқа майрылдым.
Бар айыбым, Горчаков,
Тіліңді сенің алмадым.
Жазалаушы әскерге,
Басшылыққа бармадым.*

Сегіз сері бұлардан басқа тіршілік туралы түрлі-түрлі толғауларында ел басына түскен тауқыметті, арман мен үміт, бостандық пен еркіндікті бар шынайылықпен жырлады. Ол осы еңбегінің өзімен ғана әдебиет пен өнерде үлкен орын алатындар санатында. Бірақ бұларға қоса «Мақпал», «Ғайни», «Назқоңыр», «Дәйдидау», «Қарғаш» және басқадай да жүрек қылын шертетін өнер, қаһармандыққа бастайтын «Қосқыран», «Дабыл», «Көкнайза», «Алмас қылыш», «Жорық», тағы басқа күйлері арқылы ата жұртының елдігі мен ерлігін жан сұлулығы мен қаһармандық көкжиегін керемет шеберлікпен жан-жақты көрсеткен жан. Қалай әспеттесе де, ол ондай ізет-құрметке татиды. Тек оның шығармашылығына бүгінге дейін жүрдім-бардым қарап келгеніміз кешірімсіз қарайтын жайт. Автор хал-қадірінше түгел зәузатымен өнерпаз болған әулеттің бір тармағын осылай таратып әкетуінің өзі ілтипатқа тұратын

оқиға. Туасы Шақшақ немересі Сегіз сері бір басына бүкіл исі қазақта бар сал-серілік дәстүрді жиып, төңірегіне өзі тәрізді өрелі өнерпаздарды топтап, халқы қайғырғанда ән-күй, жыр-толғауларымен дем беріп, рухын көтеріп, азат ғұмыр кешкен түз түлегі. Оның тамаша дәстүрін кейіннен ардагер әншілер Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Балуан Шолақ, Жаяу Мұса, Естай және басқалар дамыта жалғап, шабыт шыңына қарай шырқатып өкетті.

Ал тұлпарды тегінен танитын Толыбайдың перзенті Қожаберген жырау тағдыры да ешкімнен осал емес. 1762-жылы жүзге жетіп, дүние салған ақын ұзақ жасағанда азап пен тозақты, бақыт пен сорды, қуаныш пен қайғыны аз көрген жоқ. Шабытты кездерінде сөз мәйегін сүзіп, тау суындай ағыл-тегіл ақтарылатын ақын зарыға жүріп, үміт жырын толғады:

*Бұл заман, байқап тұрсам, қайғы заман,
Бос кеткен ер еңбегі зайғы заман.
Есіл, Ертіс, Тобылдағы туған елге,
Жететін күн болар ма есен-аман?*

*Кенжесі ем Толыбай сыншы Қожаберген,
Бата алғам Әнет пенен Әз-Тәукеден.
Күйзелген ел жағдайын көзбен көріп,
Өзегім өртенген соң айтам өлең.*

Қаншама жау шапқыншылығынан жапа шегіп, қорлық көрсе де, қамал бұзар шағында Қожаберген жырау қайта қайраттанып қолға қару ұстап, жасақтарға дем беріп, майдан даласында шеп бұзып, жанқиярлықпен шайқасады. Ол Жоңғар-ойрат-қалмақ қанды қырғынын көзбен көріп, бұл баталияны атақты «Елім-ай» атты қасіретнамасында барынша суреттейтін жүрек қынжылымен ашына айтады:

*Кердері теңіз, Сыр, Қаратаудан,
Ыққан ел соққы көрді қалмақ жаудан.
Сахарадан таба алмай жанға сая,
Есті алып әлсіретті қоныс ауған.*

*Шабуыл аштық пен жұт қысқан заман,
Қазақтан бақыт құсы ұшқан заман.
Қолданар мылтықтары болмаған соң,
Қалмақтан қазақ қашып-пысқан заман, –*

дей келіп, төж бен тақ үшін өзара қырқысқан хандарды аяусыз өшкерелейді.

*Бүгінгі күн мұнар күн,
Жер бетін тұман басқан күн.
Жалаңтөс аспас асудан,
Кәпір қалмақ асқан күн.*

*Шағырмақ күнім түн болды,
Хан мен Сұлтан жын болды.
Сәмеке, Қайып, Болаттың,
Сатқындығы шын болды.*

*Әбілмәмбет солқылдақ,
Ақ балшықша борпылдақ.
Келіспейді ерлермен,
Қабандарша қорсылдап.*

*...Не болса да көрем деп,
Соғысып жаумен өлем деп.
Қоршауды бұзып өтем деп,
Күлтөбе басы шу болды.*

Қайткенде де, «Елім-айдың» көзге ұрып тұрған көркемдік келісімін былай қойып, оның тарихи ашшы шындықты анық та, танық та шынайы бейнелеп бергенінің өзі неге тұрады? Жырау дастанын бұлтартып бұлжытпастан 1723-жылғы жұт, жылан жылғы болған оқиғаларды жан бітіріп нақты деректерге құрады. Онда тарихи тұлғалар (хандар мен сұлтандарды айтпағанда) ұлт-азаттық қозғалыстың қаһармандары Бөгенбай, Жайнақ, Малайсары, Жәнібек, әсіресе үш дарабоз дана билер Төле, Қазыбек, Әйтеке және Бұқар жырау аталып кетеді.

Біз өзімізге шежіре, аңыз бен әңгімелерден етене таныс болса да, бейтаныстай көретін өнер керуеніне тап болғанда, өкінішке орай, қандай алтын көмбенің үстінде отырғанымыз қаперімізге кірмейді. Әйтпесе, еліміздің кітапханалары мен архивтерінде ұлттық мәдениетімізге байланысты қаншама құнды қазына шашылып жатыр. Н.Әбутәлиев «Сегізсеріде» жоғарыда аталған қос дүлдүл мен бұлбұлдардан өзге Салғара мен Жанақ ақын, Бәйеке әнші мен екі Жанкісіге тоқталып кетеді. Олар да өз уақытында ұрпақтар игілігіне жарайтын шығармалар қалдырған өнер өрендері. Әлі

де болса бұлардың шығармашылығы терең де кеңінен зерттеуді керек етеді. Гәп соған мұрындық болуға тіреліп тұр.

Бұрын Исатай-Махамбет тақырыбына ден қойып, бірнеше проза туындысын берген жазушының қырына осыған дейін аз зерттеліп келген сал-серілер мен ақын-жыраулардың ілінгені құптарлық жай.

Әрине, Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты «Жазушы» баспасы соңғы жылдары халық қазынасын қолға алып, топтап, жүйелеп, ертегілер мен батырлар жырын, дастандар мен айтыстарды шығарып келе жатқаны аян. Бірақ бұл өгізаяңмен жалғасып келе жатқан игілікті жұмыстың сара бағыт-бағдары жоқ. Барымыз бардай, жоғымыз жоқтай тұтас қамтылып жүр ме?

Шынында да ірі тұлғалар Қожаберген жырау мен Сегіз серінің бай шығармашылығы жеке-жеке (егер оған Дайрабайдың дауы болмаса) туған халқының рухани қажетіне айналатын кезі әлдеқашан жетті. Бұған қандай қатшылық пен зәрулік болып тұрса да, баспалар мен мәдени қауым назар аударатын шығар.

Алайда былтырғы ақпанда Ақмолада өткен Сал-серілер бірінші байқауының жетім қыздың тойындай болып өтуінің себеп-салдары ешкімге де ойтүрткі салмай қалды. Сонда өмірді ауыр тұрмыс билегені ме? Бөріне де көнбіс халқымыз бастан өткізген небір жоқшылықта да, тоқшылықта да ел еңсесін көтеріп, мәңгүрттікті мансұқ етіп, ерлік пен егемендікке, азаматтық пен азаттыққа үндеген сол дала дарындарының дарқан дәстүрі мен үлкен үрдісі қалайша тез арада ұмытылады? Сал-серілер мен ақын-жыраулардың тұтас дәуірін ұлттық санадан сызып тастау оңай емес шығар. Ұлтшылдықты жамылып, ұлтжандылығымызды ұмыта жаздаттырған құлдық сезімнің де күйрейтін кезі келді емес пе?

«Сегіз сері» мені осындай-осындай қалың ойға жетеледі. Көкейде шешілмей қалған сауалдар да сан алуан. Әлі де бұл кітап туралы сыни қоғамдық пікір қалыптаспай тұрғанда, біраз жайлардың қалтарыста қалып кетуі де ықтимал. Дегенмен басылымның бояуы кеппей тұрып ілқалды лебіз білдіру біз үшін ләзім.

Аян НЫСАЛИН. «Жас Алаш» газеті, 19-ақпан, 1992-ж.

СЕГІЗ СЕРІ

Қазақ әнінің небір төресін кезінде тап басып, танып жүрміз бе? Әй, қайдам? Өйтпесе, «Алтыбасарды» Кәукен Кенжетаев, «Ғайниді» Байғали Досымжанов, «Гауһартасты» Бибігүл Төлегенова, «Қаракөзді» Қайрат Байбосынов, «Ақбақайды» Әлібек Дінішев, «Назқоңырды» Роза Рымбаева шырқағанда сүйсінбеген, жадырамаған жан бар ма? «Алтыбасарды» Ер Тарғынның, «Қаракөзді» Төлегеннің ариясы ретінде өндемей, өзгеріссіз пайдаланған Евгений Брусиловскийден бұлар кімнің әні деп сұрадық па? Өлгі аталған әндер талай уақыт «халық әні» делініп, біресе Біржанға, біресе Жарылғапбердіге телініп жүрді. Бұл өнді шәкірттеріне үйретіп, елге таратқан Біржан сал, Ақан сері, Жаяу Мұса, Жарылғапберді екені рас, бірақ бәрін шығарған бір адам, ол Сегіз сері Шақшақов екенін естен шығармау шарт. Сегіз серінің бұлардан өзге «Әйкен-ай», «Мақпал», «Қарғаш», «Ақбұлақ», «Тілеуқабақ», «Жылы ой» сияқты тағы басқа тамаша әндері болған.

*Ақ дидарың көргенде тұра алмаймын,
Сенсіз жерде еш дәурен сүре алмаймын.
Сен есіме тұскенде, асыл Қарғаш,
Кемесіндей Ыстамбұл бұраңдаймын. («Қарғаш»)*

немесе:

*Ай қабақ, алтын кірпік, қызыл ерін,
«Кел» десең, неге аяйын аттың терін.
Сары ағаш сазға біткен секілденіп,
Қай жерде отыр екен бұраң белім? («Назқоңыр»)*

немесе:

*Айналайын Ақбұлақ,
Айнала жортып жағаңда.
Сенен артық өзенді,
Алшында мен табам ба?
...Айналайын Ақбұлақ,
Суатыңа мен келіп,
Тұлпарымды суарғам.
Қол басқарып жағаңда,
Желбіретіп ту алғам.*

деген сөздердің өзі өнге сұранып тұрғандай.

Сарарқадағы сал-серілердің тұңғыш ұстазы болған Сегіз сері қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданындағы Гүлтөбе-Маманай деген жерде 1818-жылы (барыс жылы) наурыз айында дүниеге келген. Оның арғы аталары – Толыбай сыншы, әйгілі «Елім-ай» өнін және сол аттас жыр шығарған Қожаберген жырау. Атасы Шақшақ, әкесі Баһрам да әрі батыр, әрі өнер қонған адамдар екен. Азан шақырып қойған аты – Мұхаммед-Қанафия. Сегіз жасында киік атып түсірген оны жеңгелері Сегіз деп атап кеткен. Есейе келе асқан өнерімен көзге түсе бастаған соң, оған «сері» деген ат қосылған. Сөйтіп бала кездегі есімі көмескіленіп, ел есінде Сегіз сері деген есіммен сақталған. Руы – Ашамайлы Керей. Ол жастайынан ақын, сазгер, әнші, балуан болып өседі. Атасы Шақшақ оған ат өнерін, қылыш шауып, найза түйреуді үйреткен. Бала кезінде мұсылманша, орысша оқытып, Омбыдағы Сібір әскери училищесіне береді. Екі тілді бірдей білетін, хатқа жүйрік, тілге шешен жігітті училище бітірісімен поручик шенін беріп, патша отаршылары қазақ, татар, башқұрт ауылдарында оқтын-оқтын болып тұратын толқуларды басуға пайдаланғысы келген. Бірақ жазалаушы отрядтардың зұлымдығын білетін Сегіз отарлаушылар колшақпарына басшы немесе тілмаш болудан бірден бас тартқан. Содан кейін-ақ оған жала жабылып, қуғын басталады. «Бұзақы, мойнына кісі қанын жүктеген» деген айыппен патша шенеуніктері оны түрмеге қамап, жер аудармақ ниетін анық сезген соң, Нияз сері деген үзеңгі жолдасын ертіп бір түнде жарау аттармен Кіші жүз еліне тартып кетеді. Қуғыншылар ізінен адасып қалған. Еділ-Жайық бойын бетке алу себебі атасы Шақшақтың анасы атақты Сырым Датұлының туған апасы екен. 1834-жылы тамыз айының аяқ шенінде Сегіз Сырым батырдың балаларын паналамақ болады. Бірақ Жәңгір ханмен аралас-құралас отырған Сырым балалары патша өкіметіне бағынбай қашып жүрген Сегізге жөнді сый-құрмет көрсете алмаған. Содан Еділдің бір саласы Тептер өзенінің бойында отырған Ысық елінің батыры

Қалдыбай ауылына келеді. Қалдыбайдың сай тасындай он ұлы, Ғайнижамал есімді жалғыз қызы бар екен. Ғайнижамалдың сұлулығына, әдеп-тәрбиесіне тәнті болған жас жігіт «Ғайни» атты әсем ән шығарғанын көненің көзі біледі. Бұл – Исатай-Махамбет бастаған көтерілістің өршіп тұрған кезі.

Сол көтеріліске «Ысық елін қатысуға шақырдың, бүліншілік бастадың» деп Баймағамбет сұлтан бастаған жазалаушылар Қалдыбай ауылын қоршайды. Ағайын-бауырларымен бірге ауылын қорғауға қатысқан ер жүрек қыз Ғайни қапылыста оққа ұшады. Жүрегі шерлі ақын әнмен қоса «Қыз сипаты» деген тамаша жыр да шығарған. Сол көтеріліске Сегіз сері де қатысып, сардарлық міндет атқарған. Кейін Махамбеттің де зұлматпен өлтірілгенін естіп, ел жағынан Еділ бойына арнайы келіп, Баймағамбет сұлтанның көзін жоюға қатысқандардың бел ортасында ол да болған. Ол кезде кашқынды ұстап бергендерге сый-сияпат берілетіні мәлім. Ізін аңдып, қапысын тапқысы келіп жүргендерді байқаған Сегіз өзіне ілескен жігіттерді ертіп кеп, ұзамай Солтүстік Кавказға карай өтіп кетеді. Сонда діні, тілі бір ноғай, құмық ауылдарын паналайды. Жуырда ғана аяусыз басып-жаншылған Шәміл көтерілісіне қатысқан авар, ноғай, құмық, қарашай, балқар жігіттерін қудалау, жер аудару өршіп тұрған кез еді. Келесі жылдың наурыз айында қасына ерген кавказ жігіттерін бастап, мұз ерімей Еділдің Самар тұсынан өтеді де, бергі беттегі мұсылман елін сағалап жүріп, Нияз сері екеуі көп қиындықпен Сыр бойындағы Ақмешітке жетеді. 1838-жылы Батыс Сібір генерал-губернаторының бұдан төрт жыл бұрынғы Сегізді тұтқындау жөніндегі қатал үкімін Арқадағы беделді билер мен сұлтандардың араласуы арқасында бұзғанын Нияз сері астыртын барып, біліп қайтқан. Өзін елінің шетіне дейін шығарып салған Кіші жүздің ер көңілді жігіттерімен қоштасып тұрып, туып-өскен елін, жерін сағынғанын ұзақ өлеңге қосады:

*...Гүлтөбе, сағындым гой салқын белім,
Бұқпа көл жанға жайлы шалқар көлім.
Көзімнен бір кездері бұл-бұл ұштың,
Орта жүз, Ашамайлы Керей елім...*

*Жазықсыз губернатор қуғындады,
Кеткем жоқ басқа өлкеге еркімменен...
Ел шеті көк Есілден көрінсе егер,
Жас келер екі көзге мөлтілдеген.*

Еліне келген соң Сегіз Ырысбике есімді қызға үйленіп отбасын құрады. Балалары ішінде Мұсайын, Мұстафа атты ұлдары кейін ел аузына ілінген. Әкесіндей асқан батыр, теңдессіз өнер иесі болмаса да, екеуі де ер көңілді, балуан, әнші, ақын болып өскен. Мұсылманша оқып, орысша да еркін сөйлеген. Мұсайын шәкірт ретінде Біржан сал тобында жүрген. Әкесі туралы естелік жазып қалдырған екен, марқұм Төлеш Сүлейменов 1991-жылы «Өнер» баспасында жарық көрген «Сегіз сері» атты тарихи-ғұмырнамалық хикаясында толық пайдаланған.

Сегіз серінің Біржан сал, Жаяу Мұса, Нұржан Наушабаев, тағы басқа Арқада аты шыққан ақын, әнші, күйшілер Дайрабай, Тоғжан, Шөрке, Құлтума, Кемпірбай мен Қуат сынды шәкірттері болған. Төрт жыл бойы қыста ақ қар, көк мұз жастанып, қашып жүріп денсаулығына зақым келген ол 1854-жылы ауырып қайтыс болады. 37 жасқа қараған шағында дүниеден өткен ұлы ұстазына арнап қырық бес шәкірті жоқтау өлең шығарыпты. Соның бірі Жаяу Мұсаның «Ер Сегіз» атты ұзақ жырын Сейітқали Қарамендин газетке жариялады. Мұны ол 1990-жылы Семей қаласының тұрғыны, Жаяу Мұсаны көзімен көрген, өз аузынан жазып алған Қасқырбайұлы Елубайдан көшіріп алған екен.

*Жігіттер, өнер қусаң, Сегізге ұқса,
Шәкірті ем Сегіз сері, атым Мұса.
Қазақтың ел қорғаны мақтаныш қой,
Үш жүзде Ер Сегіздей көп ұл туса.*

*Бөлеген күйге Сегіз ой мен қырды,
Төгетін жиындарда асқақ жырды.
Омбыда Мүкәрама сұлуға арнап,
Шығарған алғашқы әні «Назқоңырды»...*

*Сал-сері әуес болған нақ құндызға,
Көз салған әр елдегі шын жұлдызға.
Шығарған «Қыз сипаты», «Ғайни» әнін,
Еркесі Ысық жұрты Ғайни қызға.*

*Сардар еді Сегіз сері тура сөзді,
Ер еді аса көркем, иман жүзді.
Жолығып Үшбуырылда Патшайымға,
Арнаған әсем әнін «Қаракөзді».*

*Сал-сері өзге ақыннан болған басым,
Шығарған, Мақпалға арнап «Гауһартасын».
Ән салып, күй шығарып, дастан жырлап,
Әр жердің тамсандырған кәрі-жасын...*

*Қайтпаған жаудан оның жас жүрегі,
Талмаған соң майданда ақ білегі.
Таралған қолтаңбамен Кіші жүзде
Сегіздің «Айман-Шолпан», «Қыз Жібегі»...*

*Таралды ол шығарған «Қобыланды»,
Дастанын жақсы деп жұрт бағалады.
Халықтан тірісінде алғыс алып,
Үш жүзді палуан Сегіз аралады.*

*Қасына өнерлінің бәрін жиды,
Әр елден алып жүрді тарту-сыйды.
Шығарды «Алмас қылыш», «Жорық»,
«Тұлпар», «Көз найза», «Дабыл», «Садақ» – дейтін күйді...*

Жаяу Мұса осы жырында «Екі жыл сал Сегізге шәкірт болдым, саналып ең кішісі қалың қолдың», «Ішінде шеркеш, естек, татар да бар», «Ұғып ап ақын Сегіз айтқандарын, көшіріп жаттап алдым дастандарын» – дей келе, оның «Едіге», «Алпамыс», «Қобыланды», «ҚызЖібек» дастандарын жырлағанын айтады. Академияның қолжазба қорында әлгі аталған дастандардың әлденеше нұсқалары бар, солардың қайсысы Сегіздікі екенін анықтау фольклоршы-ғалымдарға парыз. Ал «Айман-Шолпан» жырының Сегіз сері шығарған вариантынан басқа нұсқа жоқ тәрізді. Бұған сенемін, себебі сол оқиғаға тікелей қатысқан Көтібар батырмен ол талай рет кездесіп, әңгімелескен. «Дастаннандрамаға» атты әдеби-зерттеу еңбегінде Есенгелді Жақыпов «Айман-Шолпанның» авторы Сегіз екенін ғылыми тұрғыда дәлелдеген. Жаяу Мұсаның жырында жүйелерді табу, нотаға түсіріп репертуарға енгізу – зерттеушілердің тікелей міндеті деп есептеу артық емес.

Сегіз сері туралы нақтылы деректерді республикалық, облыстық газет-журналдарда үш жүзден астам мақалалардан, архив материалдарынан, қолжазба қорынан табуға болатынын Төлеш Сүлейменов өз кітабында түгел тізіп көрсеткен. Нәбиден Әбутәлиевтің де кітабы шыққан. Мен «Сегіз сері» атты пьеса жазып Мәдениет министрлігіне өткізгенмін, тарихи хикаям «Жұлдыз» журналының редакциясында жатыр, шыға ма деген үміт бар.

1993-жылы «Егемен Қазақстанға» шыққан «Саңлақ» атты көлемді мақалада «Сегіз сері неге атаусыз қалуға тиіс? Меніңше, серілердің серісі және бірегейі Сегіз Баһрамұлы Шақшақовтың мерейтойы тым құрыса Солтүстік Қазақстанда, Қызылорда, Ақтөбе мен Орал өңірінде өткізіліп, Сегіз сері әндерінің фестивалі немесе бәйгесі сияқты бір шара ұйымдастырылғаны игі», – деп едім. Сегіз серінің 175 жылдығы елеусіз, ескерусіз қалды, айтылған ұсынысты еститін құлақ болмады. Енді, міне, оның туғанына биыл 180 жыл толғалы отыр. Құрманғазыны «Күй атасы» деп дәріптесек, Сегіз серіні «Ән атасы» деп ардақтайтын уақыт жетті. Бұл орайда Мәдениет комитеті, Қазақстан Жазушылар одағы, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты ойластырар жағдайлар аз емес дегіміз келеді.

Бек ТОҒЫСБАЙҰЛЫ,
жазушы, «Егемен Қазақстан» газеті, наурыз, 1998-ж.

ҚАЗАҚ ТАРИХЫНА БИЛІК АЙТАТЫН МОГИЛЬНЫЙ МЕН ШОСТАКОВИЧ ЖӘНЕ СОҒАН ҚУАНАТЫН ҚАЗАҚТАР ТУРАЛЫ

Мұндағы Могильный деп отырғаным – Қазақстандағы Ғылым комитеті төрағасының орынбасары, ал Шостакович – әлемге әйгілі орыс сазгері.

«Ана тілі» газеті ақпанның 1-іне «Айтысқан азар, тартысқан тозар» деген тақырыпта «Сегіз сері төңірегіндегі дау-дамайды доғаратын уақыт жетті», ал «Қазақ әдебиеті» ақпанның 2-сінде «Сегіз сері сергелдеңіне нүкте қойылды» деген атпен Ақтөбелік

Берібай Көртең деген азаматтың бұрынғы Білім және ғылым министрі Бірғаным Әйтімоваға жазған хатын, ол хатқа В.Могильныйдың қайтарған жауабын жариялапты. Сегіз серіге қатысты менің де өз пікірім болғандықтан, Могильныйдың бұл айтысқа қалайша нүкте қоя білгендігіне бірден қайран қалдым. Байқағаным: оның жауабы түгелдей дерлік ғылыми дәлелді емес.

Могильныйдың жауабынша Сегіз серінің Қызылжар өңіріндегі «Маманай-Гүлтөбе деген ауылда туып-өскені жайындағы тарихи және мұрағаттық деректер табылған жоқ» екен. Ал Қаратай Биғожиннің «М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорына өткізген қолжазба материалдарындағы деректер институт ғалымдары тарапынан сенімсіздік тудырып отыр» екен. «Көптеген қазақ зиялылары Сегіз серінің өмірде болғандығына күдікпен қарайды» екен. «Сондай-ақ қазақ халқының әндерін нотаға түсіріп, жинаған белгілі музыкатанушы А.В.Затаевич те, басқа қазақ зиялылары да «Сегіз сері Бахрамұлының өмірі мен ол шығарған әндері жөнінде ештеңе айтып, жазбаған» екен.

Могильный мырзаның онысы рас, Сегіз серінің де, одан берідегі Біржан мен Ақанның, Әсеттің де, басқаларының да қай жерде туып-өскендігі жайында «тарихи және мұрағаттық деректер» Қазақстаннан да, Ресейден де табылмайды. Ал Затаевичтің Сегіз серіні айтуы, әнін жазып алуы мүмкін емес екенін, өйткені ол туып-өскен Солтүстік Қазақстан жаққа оның бара алмағанын, сол үшін өзінің қатты өкініп кеткенін Могильный мырза мен ол мырзаға құжат дайындап беріп отырған ғалымдардың шынымен білмегені ме әлде білмегенсігені ме?! Бұл ешқандай құпияға жатпайды. Қазақтың кезінде Сәбит Мұқанов деген өте атақты жазушысы болған, Александр Затаевич екеуі жақсы таныс, сыйлас адамдар. Сол Сәбеңнің 1956-жылы 13-қыркүйекте жазған «Александр Затаевич туралы» деген естелігі бар. Сонда Сәбең былай дейді: «Бұл кеңесіне қарағанда, Александр Викторович бүкіл қазақ облыстарының ішінде тек бұрын Ақмола губерниясы аталған өлкеде ғана болмаған (қазіргі Қарағанды, Ақмола, Көкшетау, Солтүстік Қазақстан

және Қостанай облыстары) өзгелерінің бәрін сүзіп, тегіс аралаған» («Өсу жолдарымыз», Алматы, 1960, 560-бет)

«Тек қана бір өкінішім, – дейді қарт... – Солтүстік Қазақстанда, әсіресе Көкшетауда бола алған жоқпын» (сонда, 561-бет).

Затаевичтің Сегіз серіні білмеу сыры, меніңше, осында. Ал Семейде, Жетісуда, тағы басқа өлкеде туып-өскен қазақ зиялылары Қызылжарда туып-өскен Сегіз серіні білмесе, білмегенін жазбаса, оған Сегіз сері неге кінәлі болуға тиіс?

Сонан соң Сегіз серінікі деп ӘӨИ қолжазба қорына тапсырылған шығармалар «көркемдік құндылығы төмен, поэзияға қойылатын қарапайым өлшем талаптарға жауап бере алмайтын ортанқол, жасанды дүниелер» екен.

Менің білуімше, «көркемдік құндылығы төмен» шығармалар Сегіз серінің өмірде болмағандығына дәлел бола алмайды. Себебі оны жеткізушілер мен тапсырушылардың дарынсыз болуы мүмкін.

«Гауһартас», «Ақерке», «Қарғаш», «Жылы ой», «Тілеу -Қабақ», «Мақпал», «Ғайни», «Илигай» басқа да бірқатар халық әнін, сондай ақ белгілі ақын-сазгер Б.Тәжібаевтың «Ақбұлақ» әнін де Сегіз сері шығарды дегуге ешбір дәлел жоқ» екен.

Нотариаттық дәлел, әрине, жоқ. Ондай дәлел Құрманғазының, Тәттімбеттің күйлеріне де табылмайды. Ал Сегіз сері жайындағы ең дұрыс материалды ол туып өскен аймақтың адамдары ғана айта алуы мүмкін. Соның бірі – жоғарыда айтқан Сәбит Мұқанов.

1950-жылы жарық көрген «Менің мектептерім» атты кітабында Сәбен Қабанбайдың Ғабдолы деген әншіден естіген «Сұлушаш» және «Мақпал» атты жырды әңгіме етеді де, «Мақпал» туралы: «...осы поэманы бертін кезде мен Ақтөбе елінде де, Қызылорда елінде де, Жетісу елінде де, Семей елінде де естідім. Осылардың геройының аты да Сегіз, героинасының аты да Мақпал бола тұра, оқиғалық жағынан да, өлеңдік жағынан да айырмалары көп. Және әр өлке Мақпалды өз елінің қызы ғып атайды. Ғабдолдың вариантында

Мақпал біздің елдің қызы емес, Сырдариялық қыз», – дейді (217-бет)

Мұндағы Сегіз бен Мақпал, рас, Могильный айтып отырғандай жырдың кейіпкері. Жырдың кейіпкері болу, әрине, ондай адамдардың өмірде шын болғандығына куәлік ете алмайды, алайда ондай адамдардың шынында да болуын және солардың өмірі жырға өзек болуын жоққа да шығара алмайды. Қайта соңғысы шындыққа біршама жақын тұрады.

Сегіз сері туып өсті дейтін аймақта туып-өскен екінші бір Могильныйдың тізімінде жоқ адам – әйгілі Ғабит Мүсірепов. Ол өзінің «Ұлпан» повесінде: «Бұл келген Керей аталатын көп рулы елдердің аты шулы ақын-әншілері, жыраулары еді. Ақын Шәрке сал, соқыр Тоғжан ақын, Нияз сері, Сапарғали ақын, тағы да үш-төрт жаңа серілер. Бәрі де атақтының атақтысы – Сегіз сері ақынның мұрагерлері. Бұл елдерде «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Ер Тарғын» жырлары Сегіз серінікі деп саналады. Сегіз сері өз жанынан шығарған ба, жырау ретінде айта жүріп, өндеген бе, ол арасы дүдәмәл. Ал «Қарғаш», «Гауһартас», «Әйкен-ай» әндерін Сегіз сері шығарғанын тіпті дауға салмайды, түгел мойындап қойған», – (Алматы, 1975, 164-бет)

«Ұлпан» – арнайы зерттеу емес, көркем шығарма. Алайда жай көркем шығарма емес, тарихи көркем шығарма, ондағы кейіпкерлер де оқиғалар да тек тарихи шындықтан алынған.

Ғабен Сегіз сері жайында осы айтқанымен ғана шектелмеген. Оның «Күнделік» деген кітәбін қарасаңыз, сонда «Сегіз сері ақын» деген арнайы тарау бар, сонда былай делінген: «Сері, ақын, әнші, балуан... «Гауһартас», «Жылы ой», «Ғайни», «Әйкен-ай», «Топ қараған», «Қарғаш», «Мақпал» әндерін шығарған. (Алматы, «Ана тілі», 1997, 177-бет.)

Мен өз басым Могильныйдың тұжырымынан гөрі Ғабеннің сөзіне сенем.

Сегіз сері жайында тек Биғожин мен Болатұлы емес, басқалар да жазыпты. Олардың кейбірі мыналар: Сегіз серінің «Туған еліме» деген «Халық кеңесінде» жарияланған (16.07.92) өлеңін Әсия Қарамендина деген консерваторияның аға оқытушысы Семей

облысының Бесқарағай ауданындағы Өндіріс деген ауылда тұратын Зәйке және Ыдырыс атты ақсақалдардан жазып алыпты. Қосыл Омаров «Егемен Қазақстандағы» «Сегіз сері» атты мақаласында оның «патша шенеуніктерінен қуғын көрген азамат» екенін, балуан, аңшы, мерген, шебер, зергер болғанын жазыпты. (15.11.2000). Мен өз басым «Керейден ұл туса, ағашқа да күн туады» деген сөзді бұрыннан білгендіктен, Омаровтың бұл пікіріне илана қараймын. Қуаныш Ахметовтың «Сегіз сері сүйген сұлулар» атты мақаласын «Қазақ әдебиеті» (05.02.99) басыпты. Қуаныш «Гауһартастың» Мақпалға арналғанын айта келіп, оның әуелгі нұсқасын да айқындапты. «Түркістан» газетінде Могильный айтып отырған Қаратай Биғожиннің «Шағай» да емес, – «Жылы ой» деген Сегіз серінің «Жылы ой» өні туралы мақаласы жарияланыпты. (04.09.96)

«Алматы ақшамында» «Ер Сегіз» деген атпен «Жаяу Мұса Байжанұлы және оның бір толғауы туралы» мақала жарияланыпты. Әкінішке орай, кім жазғанын, қашан жарияланғанын салақтықпен жазып алмаппын, алайда сол кезде газеттің редакторы И. Бейсенбаев екен. Сол мақалада Жаяу Мұсаның «Ер Сегіз» атты өнмен айтылатын өлең шығарғанын, ол өлеңде өзінің Сегізге шәкірт болғаны, Сегіз серінің «Омбыда Мұкарама сұлуға арнап шығарған алғашқы өні «Назқоңыр» екені, сондай-ақ «Қыз сипаты», «Файни», «Ақбет», «Қара көз», «Гауһартас», «Әйкен-ай», «Жылой», «Қарғаш», «Бесқарагер», «Шолпан қыз», «Дайдидау», «Боз қараған», (*Ғабитте «Топ қараған» – Б.Н*), «Ақбұлақ», «Дүние-ай», «Құла жорға» әндері барлығы айтылады. Ішінде «Таралған қолтаңбамен Кіші жүзде, Сегіздің «Айман-Шолпан», «Қыз Жібегі» деген жолдар да бар. Және «Еділ» атты қиссасы, «Қобыланды» жыры бар делінеді.

«Қазақ әдебиетінде» Нәбиден Әбутәлиевтің «Сегіз сері» атты мақаласы жарияланыпты (15.07.83). Бүкіл ата-тегі, атасы, бауырлары – бәрі аталады. Жоғарыда аталған әндерге қоса басқа да әндері және бірнеше күйі бар делінеді. Өске Тасеменұлы мен Жаңғасқа Бөрібайұлының «Мақпал-Сегіз» атты дастандары бар екенін айтады. Және Сегіз сері жайында мақала

жазған, пікір айтқан адамдардың қатарында Қ.Мұхаметхановты, Ж.Бектұровты, А.Сатаевты, Е.Жақыповты, И.Жақановты, тағы басқаларды айтады. Әскер Кенжеғозыұлы мен Амантай Барлықбайұлы деген азаматтар «Қазақ батырлары» гәзетінде «Орал тау» деген Сегіз серінің толғауын жариялады(№1(30), 2001)

*«Керейде Шақшақ бидің немересі ем,
Атандым бұл күндерде қашқын Сегіз», –*

депті. Онда Сегіз сері Әбілқайырға қатысты «Жағынған көпірлерге Әбілқайыр» деп сөйлесе, башқұрттардың ұлт азаттық көтерілісін бастаушы Алдар, Көсем атты батырларды «ерлер» деп іштарта сөйлепті.

М.Әуезов атындағы Әдебиет және Өнер институтының ғылыми қызметкері Серікбай Қосан «Ана тілі» газетінде «Әдебиет – ардың ісі» деген мақала жазып, «Сегіз сері Баһрамұлының өнерпаздық құдіреті қазірше күдік тудырып отыр», – дей келе, «осы даулы мәселеге дер кезінде араласып, арнайы ғылыми комиссиялар құруды қажет деп білеміз», – деген пікір айтады.(18.04.2002)Могильный хатындағы біраз пікір сол мақалада айтылады.

«Егемен Қазақстан» Бек Тоғысбаевтың «Саңлақ» атты мақаласын жариялады (10.04.93). Бекен «Тілеуқабакты», «Қара көзді» шығарған Сегіз сері екенін айта келіп, «Қыз Жібек» операсында Е.Брусиловский сол «Қаракөз» әнін Төлегеннің ариясы етіп пайдаланғанын дәлелдейді.

«Қазақ әдебиеті» «Нұржанның «Сегіз серісі» деген филология ғылымдарының кандидаты Мұхамедрақым Жармұхамедовтің мақаласын жариялады. (13.04.84) Онда әйгілі ақын Нұржан Наушабаевтың (1859-1919) «Сегіз сері» атты дастанын 1973-жылы Мәди Болатов деген ақсақалдың ӘӨИ қолжазба қорына тапсырғанын айтады. Нұржан бұл жырын «ұлу жылы серінің туған елінде бес ай жүріп, әйелі Ырысбике мен балалары Мұстапа, Мұсайынға, көнекөз қарттарға жолығып, оның өмірі мен ел ішінде сақталған өлең-жырларын, хисса-дастандарын ізі суымай тұрып жазып алғанын», Сегіз серінің бейіті Досқұлы деген жерде екенін, басында құлпытас бар екеніне дейін зерттеп хатқа

түсірген екен. Мұқаңның есебінше, ұлу жылы 1892-жылғы тура келетін көрінеді.

Нұржан онда Сегізге Жаяу Мұса, Көрпе, Нұркей, Біржан, Бәйеке, Шәрке, Тоғжан ақындардың шәкірт болғанын, «Мақпал», «Қарғаш», «Жылы ой», «Топ қараған», «Бес қарагер», «Ақбет қызға», «Әйкен», «Ғайни», «Шолпан» әндерін, «Айман-Шолпан», «Тарғын», «Қобыланды», «Қыз Жібек», «Зейне-Зайып», «Қамар», «Ер Қосай», «Ер Көкше» дастандарын жазғанын жырға қосқан екен.

Сонда деймін-ау, Сегіздің әйелі, балалары болады, оларды Н.Наушабаев көреді, сөйлеседі, Жаяу Мұса іздеп барып шәкірт болады, әнін үйренеді, қасында жүреді, атасы, әкесі – бәрі болады, бірақ Сегіздің өзі ғана болмайды. Бұл қандай тамаша тарихи тұжырым, а?!

«Қазақ әдебиеті» «Сегіз сері – халқымыздың ұлы тұлғасы» («Жалақорларға жауап») деген Төлеубек Қарамендітегінің мақаласын жариялады (20.10.2006). Онда Сегіз серінің өмірі де, шығармашылығы да ғылыми дәлелмен сөз болады.

Мұның бәрін Могильный оқыды ма, жоқ па, ол жағын білмеймін, алайда осының өзі де Сегіз серіні, Могильный айтып отырғандай, «тарихи тұлға ретінде қарастырып, жеке бір руға телу асығыстық» емес екенін дәлелдейді. Және оның Могильный айтып отырғандай, жеке рудың ғана адамы емес, жалпы қазақтың мақтанышы болуға ылайық перзент екенін айғақтайды. Біз енді «Гауһартастай» ән патшасын Сегіз серідей қазақ шығарды дегенде, Могильный шығарды деуіміз керек пе, жоқ әлде «Алақай, «Гауһартасты» Сегіз сері шығармапты», – деп қуануымыз керек пе?

Фабит Мүсіреповтің «Күнделігінде» ертедегі қазақ өмірінен алынған бір мысал бар. Ертеде Жағалбайлылар мен Арғын-Қыпшақтың арасында жер дауы бола берген соң, сол дауды пайдаланған генерал-губернатор Перовский Орскіден бастап Березовский деген жерге дейінгі аралыққа әскери поселкелер салып тастапты. Сонда Жағалбайлылар мен Арғын-Қыпшақ екі жағы да қуаныпты: «Саған да жоқ, маған да жоқ», – деп. Қазақтың сол жері бүгінде, орыс поселкілері көп

орналасқандықтан, Ресейге қарап кетті. Қазақтың сол мінезінің өзгермегеніне қатты қайран қалуға болады. Ел үшін емес, өзі үшін алысатындар бұрын да болған, әлі де бар, еш өзгермеген.

Меніңше, Сегіз серіні жақтаушылар оны белгілі бір руға теліп жүрген жоқ, қайта оған қарсылар рудың намысы мен жоғын жоқтап жүр. Ал Сегіз сері – рулық деңгейден әлдеқайда және әлдеқашан биікке көтеріліп кеткен тұлға.

Енді мен бүкіл қазақ халқы ардақ тұтқан, әлі де ардақтай беретін, кешелер ғана 100 жылдығын ЮНЕСКО деңгейінде атап өткен, кеңес дәуіріндегі бірден-бір ғұлама, бірақ Могильныйдың тізіміне кірмеген Әлікей Марғұланның «Күйді ерттеп, әнді мінген кемеңгерлер» деген зерттеу мақаласы да бар екенін айта кетейін.

«Қазақтың сал, серілік дәстүрі» деген қосарлы атпен ол «Жұлдыз» журналының 1983-жылғы 9-нөмірінде басылды. Әлекең сонда Сегіз сері жайында: «Тәттімбетпен қатар сахарада аты кеңінен тараған, қазақтың *(Керейдің емес – Б.Н)* аяулы ұлы – Сегіз сері (1818–1854)», – дейді. «Ол – атақты сері, ақын, асқан әнші, өрнекпен сұлу дүние жасаған сиқырлы зергер. Көп өнерді біріктіріп ұстағандарынды жүйрік болған соң, халық оны Сегіз сері деп атаған, ескі дәстүр бойынша «сегіз қырлы» өнерпаз дегенді білдіреді», – дейді. «Оның әкесі Бахрам Шақшақұлы туып өскен жері Обаған көлінің маңайы, ашамайлы Керейлерінің ортасынан, қоныстанған жері атақты Маманай орманының іші, сол жерде сәулетті етіп жасалған байтақ қыстаулары болған (Карта Гонана). Сегіз сері – Бахрамның бес ұлының бірі. Оның Сүйін, Нәупіл, Көрпеш деген ақылды ағалары, Қуаныш деген өзімен мектепте бірге оқыған інісі болған. Жас күнінде әкесінен жетім қалып, атасы Шақшақ биден тәрбие алып өседі... Омбыдағы қазақша мамандар (хатшы, тілмаш) дайындайтын Азия мектебіне түсіп, оны 1835-жылы тәмамдайды. Орысша үйренеді. Шыңғыс Уәлихановпен бірге жүріп, кейін Шыңғыс Құсмұрынның аға сұлтаны болғанда, Сегіз сері көп уақытын оның қасында өткізіп, ән салып, жыр айтып, тасқынды күйлер тартады. Бірақ ресми қызметке

бармайды, патша үкіметінің отаршылдық саясатына назарлық білдіріп, дайым қуғында жүреді. Осыған орай ол сері Ниязбен бірігіп, қасына жүзден аса сері жігіт ертіп, 1835-жылы Жайық бойына кетеді. Жолшыбай ел аралап жүріп Исатай, Махамбеттің көтерілісіне қатынасады, Жайыққа арнап белгілі жыр шығарады.

*Еділ-Жайық берекелі жер екен ғой,
Байұлы бақыт қонған ел екен ғой.
Соларға басшы болған ұлы батыр,
Исатай асқар таудай ер екен ғой.*

Исатай 1838-жылы июль айының 12-сі күні Ақбұлақ өзенінің жағасында оққа ұшып өлді. Бұл жерді Сері еш уақытта ұмытпайды. Ақбұлаққа арнап әдемі жыр шығарады:

*Исатай тірілмесін көрді көзім,
Жастықта жалындаған бұл бір кезім.
Үш жүзден артық сері қасыма ертіп,
Сауыт киіп сайланып келіп едім.
Айналайын Ақбұлақ,
Суатыңа мен келіп,
Тұлпарымды суардым,
Қош-есен бол, Ақбұлақ,
Енді сені көре алман, –*

деп еліне қайтады», – дейді (182–183-бет).

Әлекеңе одан әрі жүгінейік. «Осы арада жүріп «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қыз Жібек» жырларын айтып жүреді. Осы, бір ғажайып жері, Сегіз сері жазған «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының бір нұсқасы Ахмет Жантөриннің алдында сақталып, ол кейінірек Н.И.Ильминскийдің қолына түседі. Бүгінде ол жыр Татар республикасының архивінде сақтаулы тұр. Ол қолжазба Сегіз серінің қолы болу керек. Ол Қазанда он шақты рет басылып шықты. Жыр былай деп басталады:

*Жасым бар жиырмада, жылым мешін,
Өлімнің кім біледі ерте-кешін.
Айтайын бес-алты ауыз, құлағың сал,
Қозы Көрпеш Баянның әңгімесін.*

Демек, Сегіз сері бұл жырды Омбыда оқып жүрген кезінде, жиырма жасында жазған... Сол жырды кейін өзімен бірге алып жүріп, жырды, шежірені көп жинаушы Ахмет Жантөриннің үйінде қалдырады», – дейді (183).

«Бұл кісі (*Сегізді айтады – Б.Н.*) шығу тегінен Ғабитке өте жақын болғандықтан, ол туралы айтылатын аңыздарды есінде берік ұстағанын» ерекше айтады. Сегіз серіні Біржанның да ардақ тұтып мынандай өлең арнағанын жазады:

*«Жалғанда муратына кімдер жеткен,
Көп жақсы бізден бұрын өтіп кеткен.
Адамның асылдары сондай болар,
Дүниеден Сегіз сері, Нияз да өткен».*

Мұның бәрі – біздің дәлел. Ал Могильныйдың тұжырымы тым қатты, кесімді:

Сегіз серінің «XIX-ғасырда (1818–1833) өмір сүрген тарихи тұлға екендігі әлі де дәлелдеуді қажет етеді. «Сегіз серіні тарихи тұлға ретінде қарастырып, жеке бір руға телу – асығыстық. Ол – фольклорлық немесе эпостық кейіпкер». Жоғарыда аталған әндерді «Сегіз сері шығарды деу – орынсыз». «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», басқа да эпостық жырларды Сегіз сері шығаруы мүмкін емес». «ӘӨИ қолжазба қорында Қ.Биғожин мен М.Болатұлы өткізген Сегіз сері жырлары, негізінен алғанда, (сызған – біз)... жоғары және орта оқу орындары студенттері мен мектеп оқушыларына арналған әдебиет оқулықтарына да енгізу жарамсыз деп есептейміз».

Сонда деймін-ау, бұл қазақ Жаяу Мұсаға, Біржанға, Сәбитке, Ғабитке, Нұржан Наушанбаевқа, Әлкейге сенбей, Могильныйға неге сенуі керек? Кезінде патша өкіметі қудаланған Сегіз серіні енді неге Могильныйға қудалатуға тиіспіз?

Мен Могильныйды түсінсем де, Могильныйдың солай жазғанына қуана кеткен «Ана тілі» мен «Қазақ әдебиетіндегі» қазақ бауырларымды түсіне алмадым. Тіпті орыс Могильный тұрмақ, қазақ Әйтимова да Сегіз серінің тағдырына нүкте қоюы мүмкін емес. Өйткені

ол – қазақ халқының ғажап ұлының бірі, біздің бәріміздің ортақ асылымыз, халықтық қазынамыз. Әйткенмен марқұм Асқар Тоқпановтан естіген «Екі ауыз біріксе, бір ауыз жоқ болады» деген мақал маған ептеп біраз нәрсені ұқтырғандай болады. Атақты Сталиннің де әйгілі әдісі солай: «Адам жоқ болса, оның проблемасы да жоқ». Сегіз сері болмаса, оның әндері де болмайды. «Жылы ой» да, «Гауһартас» пен «Қарғаш» та, «Ақбет» те, «Мақпал» да, «Қыз Жібек» пен «Айман-Шолпан» да – бәрі де, Могильныйша айтқанда, «бір руға» да, «тарихи тұлғаға да телуге» болмайтын халық мұралары болып шыға келеді. Қандай ғажап патриоттық: «Саған да жоқ, маған да жоқ».

Енді Шостакович жайына келейін. «Свобода слова» деген гәзет (25.01.07. Таралымы 38670 дана) Ербол Құрманбаевтың «Қарасай батыр – казахский Илья Муромец» атты кекесін мақаласын басыпты. Құдай аузына салған болар, қазақтың Қарасай, Ағынтай, Бөгенбай, Қабанбай, Наурызбай батырларының қай-қайсысы да Муромецтен артық болмаса, кем емес. Оларды текті ұрпақ ешқашан төмендетпейді. Біз білмей келген екенбіз, әлгі Ербол деген мырза Жамбыл Жабаевтың қолдан жасалған ақын екенін, оның өлең жазбағанын, өлеңдерінің қазақша түпнұсқалары жоқ екенін «дәлелдепті». «Как-то и президент Назарбаев назвал Джамбула казахским Гомером», – деп мысқылдайды. Ол шіркін Назарбаевтан әлдеқашан бұрын көзі тірісінде-ақ Жамбылдың Гомер аталғанын естімесе де, оқымаса да керек.

Ерболдың жазғанына қарағанда, әйгілі орыс сазгері Дмитрий Шостакович естелік жазыпты. Оған Қазақстанда болған бір композитор сыр айтып беріпті. «И все оказались, понимаете ли, выдумкой. То есть, конечно, Джамбул Джабаев как таковой, существовал. Переводы были. Вот только оригиналов не было. Потому что Джамбул, может быть, и хороший человек, но поэтом он не был. То есть, может быть, и был. Но это никого не интересовало. Потому что так называемые переводы несуществующих творений Джамбула сочинялись русскими поэтами», – депті.

Тізе берсең, бұл мақалада мұндай денең түршігетін сорақы өсектерден құлағың сарсиды, ұялады.

Шапырашты руынан шыққан «белгісіздеу Қарасай батыр» мен президенттің зайыбы Сара Алпысқызының арғы атасы бірігіп соғысқанын келемеж қылу арқылы қазақ тарихын келемеж еткісі келеді Ерболдың. Оның айтуынша, Балғыбек Қыдырбекұлы «Түп-тұқиянымнан өзіме дейін» деген кітөпті шапырашты Қазыбек бек Тауасарұлынікі деп жарыққа шығарыпты. Жазушының дұрыс аты Балғабек, кітөптің дұрыс аты «Түп-тұқыйаннан өзіме шейін» екенін білмейтін, себебі оны қолына да ұстап көрмеген Ербол қысылмай-қымтырылмай аузына келгенін айтады, «все описанные боевые победы Қарасай батыра из рода шапрашты – это миф?! Қарасай – это нечто, наподобие сказочного русского Ильи Муромца... у рода шапрашты был когда-то свой батыр Қарасай местного значения», – дейді бәрін өзі барып көріп келгендей. Н.Назарбаевтың өзі тұрмақ әкесі де дүниеге келмей тұрып Қарасай жайында «Верненский уезд» деген кітөбінде (1913, С.Петербург) П.П.Румянцевтің жазғанын Құрманбаев қайдан білсін. Ол, менің шамалауымша, білейін деп емес, бүлдірейін деп жүрген ғана адам.

«Ходят легенды о том, как Қарасай вызволил из вражеского плена султана Жангира и своего соратника батыра Ағынтая», – деп тағы шатасады Құрманбаев. Ал «Түп-тұқиянда» Жәңгірді Қарасай ғана емес, Ағынтай екеуі барып тұтқыннан босатып алғандығы айтылады. Жалпы тарихта Жәңгірдің тұтқынға түскені де, одан босанып шыққаны да – бәрі талай орыс тарихшысы жазған жағдай. Бірақ бәрі де оның қалай босанып шыққаны белгісіз дейді де қояды. Қалай босанғанын дәл нақтылап айтқан әзірше тек Қазыбек бек Тауасарұлы ғана.

Жарайды, Жәңгірді қазақ батырлары Қарасай да, Ағынтай да, тіпті ешбір қазақ босатып алмаған-ақ болсын, сонда оны, Ерболдың ойынша, кім босатып алды екен? Өз сұлтанын тұтқыннан өзі босатып алуға қазақтың шамасы келмегені ме? Ондай ештеңеге шамасы келмейтін болса, сонау Атыраудан Алтайға дейінгі, Қызылжардан Қызылордаға дейінгі ұшы-

қиырсыз өлкені қазақ тарихын өзімізден де жетік білетін Шостакович пен Могильныйдың ата-бабалары бізге сыйлап беріп пе?

Ерболдың екі сөзінің бірі – ру, ру болғанда да тек шапыраштыға қарсы. Ерболдың мақсаты – Қарасай батыр жөнінде де Сегіз серіге ұқсатып Могильный сияқты біреуге тұжырымдама жасатып, Қарасайды да, шапыраштыны да тарихтан жоқ қылу.

Жамандау арқылы тарихтан Қазыбекті жоқ қылам деу, әрине, далбаса. Әзірше Ербол тәрізді қолдаушылары табылып жатуы «аңқау елге – арамза молда» болғанынан. Өйткені қазақ әлі өз тарихын қанып оқи алған жоқ, Ерболдың не өзгенің айтқанын тарихи құжаттармен салыстыра алмайды, ондай мүмкіндігі жоқ.

Могильныйдың, Ерболдың ең сенімді әдісі осы: елде, ұлт та, тарих та, шындық та қажет емес, оларға керегі тек «мен» және «мен айттым». Мұндай әдіс, өкінішке қарай, қазақ зиялысының ортасында белең алып барады. «Ақиқат» журналында марқұм боп кеткен Тоқтасын Беркімбаевтың «Халық қаһармандарын қолдан жасау. 1986, желтоқсан: «Қайрат қандай ерлік жасады?» (2002, №5), «Ана тілі» газеті тағы сол марқұм Т.Беркімбаевтың: «Ләззат Асанова Желтоқсан көтерілісіне қатысқан жоқ немесе халық қаһармандарын қолдан жасау не үшін және кімге керек?» деген дәлелсіз, жалалы мақалаларын (№1,2, 2004) жариялады...

*«Мен бұқтым – жаттым,
Сен бұқтың – жаттың,
Кім істемек қызымет?!
...Тек жүрсе, тоқ жүрмекті,
Қиын емес білмекті», –*

деген ғой Ахмет Байтұрсынұлы. Тек жүреміз деп, тексіздікке жол бере беруге болмас.

4-ақпан күні «Хистори» телернасынан Александр Македонский жайында хабар беріп жатты. Ағылшын журналшысы қатардағы бір ирандықтан пікірін сұрады. Сонда ол: «Македонскийді гректер батыр десе, дей берсін, біз үшін ол қарғыс атқан. Себебі ол бізді қырды, жойды», – деп жауап берді.

Сол ирандықтың сөзінен шабыт алған мен «Егеменнің» бастығымен сөйлесіп едім, бірден: «Баспаймыз», – деп кесіп айтты, сондықтан «Жас Алашқа» ұсындым.

Бексұлтан Нұржеке-ұлы
«Жас Алаш» гәзеті, 27-ақпан, 2007-жыл

СЕГІЗ СЕРІНІҢ МАДАҚ ӨЛЕНДЕРІНІҢ ТАРИХИЛЫҒЫ

Ода (грек сөзі ode – өлең, жыр) – мадақтау, дәріптеу түріндегі лирикалық шығарма көптеген халықтардың көркем сөз тарихында қалыптасып, дамығаны аян. Әу баста ежелгі грек өнерінде билеп жүріп хормен айтылатын өлең екен. Біздің заманымыздан бұрын IV-ғасырда ғұмыр кешкен грек ақыны Пиндар спорт жарыстарында алға шыққандарға салтанат – сән рухында мерекелік өлеңдер арнағаны жөнінде зерттеушілердің еңбектері бар. Ода – мадақ өлең, – музыкадан бөлініп, жеке әдеби жанр ретінде біздің заманнан бұрын I-ғасырда, ежелгі латын поэзиясында Горацій шығармашылығымен байланысты қалыптасты. Әдебиет мамандары XVII-ғасырдан бастап француз классицизмі ақындарының шығармашылығында ода кең өріс алғанын, Буало осы жанрдың да теориясын жасағанын айтып та, жазып та жүр.

Шығыстың классикалық поэзиясындағы мол дамыған қағида одаға жақын.

XVII-ғасырда көбіне В.К. Третьяковский есімімен байланысты болса, М.В. Ломоносовтың поэзиялық шығармаларында ода басты жанрдың біріне айналды, оданың көркемдік кемелденуінің классикалық үлгілері Г.Р. Державин шығармашылығында кездеседі.

Оданың негізі – өмір, ондағы қуаныш, сән-салтанат болғандықтан, талай халықтың көркем сөз саптауларында, ой-түйіндерінде, әдебиетінде осы жанрдың кездесуі заңды дүние. Қазақ поэзиясында мадақтау, дәріптеу жырлары фольклордан, жыраулар, ақындар шығармашылықтарынан бастау, негіз алып

XIX-ғасырда қалыптасты да, кейінірек біршама дамыды. «Ораз ақынның Балқы Базарды мадақтауы» сияқты өлең жырлар баршылық десек, қазақ поэзиясында өткен ғасырда оданың дамуына Сегіз сері ақын да едәуір үлес қосты.

Қазақ әдебиеті тарихында батыр, әнші, ақын Сегіз сері (Мұхаммедханафия) Баһрамұлы Шақшақовтың (1818–1854) аты баршаға белгілі. Сегіз қырлы, бір сырлылығы үшін Сегізсері атанған Мұхаммедханафия XIX-ғасырдың 30–40-жылдарында қазақ еліне көршілес Хиуа, Қоқан хандықтарының, Ойрат шонжарларының шабуылдарынан жапа шеккен ауылдарды сақтап қалуға күш салған батырлар қатарында болған. Ол өткір өлеңдерімен, тамаша әндерімен ел аралап, салдық, серілік құрып думандатқан өнерпаздығымен де қадірлі. Оған ақындар Жаяу Мұса «Ер Сегіз» өлеңін, Нұржан Наушабаев «Сегіз сері» атты ұзақ жырын арнаған.

Алайда Сегіз сері көп жыл бойы айтылмай ұмытылып бара жатқан кезде есімін мәлім еткен Ғабит Мүсірепов «Ұлпан» романында бір топ ақындар мен сал-серілерді «атақтының атақтысы – Сегіз сері ақынның мұрагерлері», – деп жазды. Сол Сегіз сері Шақшақовпен Сәтбай Шөтікұлы (1823–1902) жүзбе-жүз кездесіп, сыйлас-қадірлес болған. Мүмкін, Сәтбайдың әкесі де, атасы да бүкіл ауыл Шақшақовтармен бұрын таныс болуы, өйткені арғы аталары – Толыбай сыншының ұрпақтары қолөнер, аңшылық, күсбегілік – саятшылық, емшілік өнер иелері болған, әрі оларға ақындық, батырлық та дарыған деседі.

Сәтбай дәулетті, ауқатты отбасында дүниеге келіпті де, бір атадан жалғыз болғандықтан, ерте есейген, ақылды да байсалды, салмақты, өз кезіндегі жайсаң адамдармен сыйлас, қадірлес, біршама мырза да болған деп ел әңгімелейді. Сәтбайдың тұңғышы Имантайдың 1845-жылы дүниеге келуіне орай үлкен той жасап, қазақ сахарасының түкпір-түкпірінен атақты адамдар, әншілер, күйшілер, ақындар шақырылыпты. Олар өнер сайысына түскен. Дүниеге жаңа келген Имантайдың келешегін мадақтау, толғау жыр шығарылуы тиіс болыпты. Тойға шақырылған Сегіз сері табан астында ұзақ толғауды

төге жөнеледі. Жырда халқына қалаулы, еліне елеулі болған, жерін шапқыншылықтан қорғаған қол бастаған батырлардың, әділ билеушілердің, ақылгөй даналардың, майталман шешендердің қасиеттері дәріптеледі. Ақын жырлаған сол адамдардың көбі елдің тарихында, халықтың есінде сақталған адамдар болатын. Кейін өлең тексі табылып «Орталық Қазақстан» газетінде 1986-жылғы 15-қарашадағы санында, одан «Ақ бата» жинағында 1993-жылы басылды.

Бұл арнау өлеңді біз толық келтіруді жөн көрдік. Онда Үш жүздің ғажап адамдарының аттары аталып, негізгі қадір-қасиеттері сәулеленген. Демек олар Сәтбай бабаның ауылында аталуының өзі бір уақиға болса, оның үстіне сонау ХІХ-ғасырдың орта шенінде қазақ елінің рухани бітімі де жоғары болғанының, өткенге сара көзбен қарап, жақсыларды іріктеп, жоғары баға беру дәстүрі анықталғанын да аңғартады.

*Дәрежесі бейне хан,
Ер болып өссін балақан.
Ат қой десе балаға,
Есімі болсын Иманжан.
Жігіт болсын өнерлі,
Ел-жұртына беделді,
Қамқоры болсын халқының
Ақылға диқан кемелді.
Сөзімнің жоқ-дүр қатасы.
Ғұмырлы бол, ботасы,
Қабыл болар, әлеумет,
Ердің біздей батасы,
Отырып тойда көңіл шат,
Тумаға арнап қойдым ат.
Тіледің, бата берейін,
Жиналған көп азамат.
Ашып бөбек ұйқысын,
Тілегіме ұйысын.
Айтылған бата сөздерім,
Құлағына құйылсын.*

*Асанқайғы бабадай саналы бол,
Ғаріпке әз Жәнібектей паналы бол,*

*Керейде Дәстем салдай бағалы бол,
Атақты Келден бидей балалы бол.*

*Ер Дәулендей халқыңның батыры бол,
Махамбеттей жұртыңның ақыны бол.
Дау-жанжал болдырмасқа атсалысқан,
Қараменде шешендей мақұлды бол.*

*Қожаберген бабадай киелі бол,
Көшебе Итімірдөй биелі бол,
Базар сайын бес жүзден атан сатқан,
Байұлы Наурызбайдай түйелі бол.*

Осы тарихи жыр бейне бір зерттеу тәрізді, нелер ұлы тұлғалар, жайсаң жандар теңеу ретінде аталады.

Мадақтау жырда аталған тұлғалардың көпшілігі белгілі де, біразы қазіргі ұрпақтарға таныс емес. Мысалы, XIV-ғасырдың соңы мен XV-ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген, жыраулық дәстүрдің алғашқы өкілдерінің бірі ойшыл Асан қайғы, XV-ғасырдағы қазақтың бірінші ханы өз Жәнібек, ақын Махамбет Өтемісов (1804–1864) жұртқа танымал тұлғалар болса, Дәстем сал, Келден би, ер Дәулен, Қараменде шешен кезінде мақтау өлең айтылған ортаға мәлім болған атақты адамдар кейінірек ұмытыла бастаған.

«Керейде Дәстем салдай бағалы бол». Қандай әдемі тарихи сөздер. Сал, сері атану қазақтың тамаша ұлттық дәстүрі, көркемдікті, сымбаттылықты, әдемілікті, дарындылықты танып, қастерлеу ертеден дамыған. Осы қасиеттер дарыған адамдарды жұрт қастерлеп, сал не сері деген атақ береді де, олар ел еркесі саналады. «Ер Дәулендей халқыңның батыры бол». Қазақ халқының тарихында батырлар, олар туралы эпостық жырлар мол. Кейбір батырлардың есімі әлі де анықталған жоқ. Солардың бірі – осы аталған ер Дәулен батыр. Бір деректен оқыған ақиқат еске түседі: мысалы батырлар туралы дастандардың бірінде «Сүйіндік – Күлтен 80 батыр тәрізді қазіргі ұрпаққа белгісіз батырлардың (Әлкей шығармасында қозған Бекше мерген) есімдері аталған» («Дауа», 1991, № 14, қазан). Осы тәрізді аты ұмытылып бара жатқан адамдар туралы деректер жинау қажеттігі түсінікті.

Бір құнды дерек – кезінде 1836–1837-жылдары болған шаруалар көтерілісі, қолбасшылары Исатай, Махамбет батырлар жинаған қолға қосылған Сегіз сері осы батырларды алғашқылардың бірі болып жырға қосуы – «Махамбеттей жұртыңның ақыны бол», «Беріште Исатайдай жүректі бол» – олар туралы ел-жұрт бағасы көркем айтылуы. Бұл бағалы сөздер көтеріліс 1839-жылы басылғаннан аз-ақ кейін, ілешала десе де болады, Махамбет жалынды, мұңды өлеңдер шығарып жүрген кезде, яғни 1845-жылы Сәтбай ауылында айтылған ғой.

Жырда әрі ақын, әрі батыр Қожаберген жырау (1663–1762) аты да аталады. Сол кезде байлық жинағандар, әр кәсіппен шұғылданғандар да еске алынған.

Одан әрі Сегіз сері:

*Қазыбектей халқыңның данасы бол,
Қарабастай жұртыңның бабасы бол.
Елін қорғап, дұшпанға соққы берген,
Үш жүздің Бөгенбайдай панасы бол.
Қазақта әз Тәукедей тақытты бол,
Керейде Есенейдей бақытты бол.
Топ болса қобыз тартып, өлең айтып,
Ән шырқап Салқарадай шабытты бол.*

*Үш жүздің Абылайдай тірегі бол,
Марабайдай ақыны – жүрегі бол.
Еліңе Жанатайдай айтулы бол,
Қобыланды батырдай білекті бол.*

*Маралдай көпке тисін шарапатың,
Шөңкедей арта берсін салтанатың.
Жетім-жесір, жарлыға пана болған,
Жоландай елге тисін шапағатың.
Тобықты Әнет бидей бағалы бол,
Кіші жүз Әйтекедей аталы бол,
Бектердей Жабайдай опалы бол.*

*Балтада Итікедей қарулы бол,
Қанжығалы Жантайдай азулы бол.
Кіші Арғын Жәнібектей ер атанып,
Өлеңде, дастанда да жазулы бол*

*Қыпшақта Қойлыбайдай аруақты бол,
Таузарда Алдабектей ардақты бол,
Төре, биге тізгінін бермей еткен,
Найманда Барлыбайдай салмақты бол, –*

деп жырлайды. Мадақ жыр – ода – қазақ тарихында талай саңлақтардың атына толы. Оданың шумақтарындағы Қазыбек Келдібекұлы (1667–1764) – Қаздауысты Қазыбек даналығымен «Тәуке заңдарының жинағын» – «Жеті жарғыны» жасауға қатысқан атақты шешен би, ол Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи ғимаратында жерленген.

«Үш жүздің Бөгенбайдай панасы бол». Ғажап теңеу! Тарихта екі Бөгенбай батырдың аты белгілі. Бірі – Бөгенбай батыр (1690–1775) Абылай заманындағы қолбасшы, қалмақтармен соғысқа қатысқан, Түркістандағы қасиетті Қожа Ахмет Яссауи күмбезінде жерленген. Екіншісі – XVIII-ғасырдың бірінші жартысында Жоңғар шапқыншылығына қарсы аты шыққан батыр. Сегіз серінің мадақ өлеңіндегі Бөгенбай, шамасы, алғашқы қанжығалы қарт Бөгенбай. Өлеңде Жәңгір ханның баласы Тәуке хан (1680–1718) да, Абылай (1711–1781) да құрметпен аталған. Осы жыр жолдарындағы қобызшы, өлеңші, әнші Салқара, қыпшақ руынан аруақты Қойлыбай, «Төре, биге тізгінін бермей өткен», Найманда Барлыбайдай салмақты бол» дегендегі жақсы мағынадағы төкаппар, ақылды, тағы басқа адамдар сөз жоқ, кезінде, одан кейін де қадірлі тұлғалар болған.

Ақжол (Дайырқожа) балаларының бірі Қарақожаның Кенжесопысынан қанжығалы, тобықты тараған. Тобықты руындағы талай адамдардың ішінен таңдап Сегізсері Сәтбайдың баласы Имантайға «Тобықты Әнет бидей баталы бол» деуі – ғажап. Әнет бидің аты сонау 1845-жылы Сәтбай баба отбасында құрметтелген. Демек той иесі де, оған тілекші ақын да тобықты руынан Орта жүз биі атақты Әнет баба Кішікұлының (1626 – 1723) үлгілі өмірі мен игі істерін жақсы біліп, қастерлеген.

Ертеде имандылық, адалдық жолындағы қазақтардың біразы киелі, қасиетті Мекке мен Мединаға барған ғой. Осы жырда сол батыр, аруақ

сыйлағыш Қойлыбай немесе Қожаберген жыраудың «Қобызшы қыпшақ Қойлыбай» дастанындағы Қойлыбайды теңеу ретінде алғандығы Қойлыбай бақсыны, мысалы, Шоқан Уәлиханов әңгімелейді. Қай Қойлыбай болса да Сәтбай отбасында құрметпен аталған.

*Сүйіндік Олжабайдай келбетті бол,
Тәтіқара жыраудай зейнетті бол,
Сыбан Шоңдай еліңнің сен ұйтқысы,
Тәттімбеттей халқыңның күйшісі бол.*

*Белгібай, Күлекеңдей білекті бол,
Беріште Исатайдай жүректі бол,
Халқыңның қамын жеген ертелі кеш,
Қарауыл Қанай бидей тілекті бол.
Ақыл-ой мен тұр-сымбат бірдей келген,
Аулыбайдай ажарлы ретті бол.*

*Тоқсан бидей көп жасап, жүзге келіп
Зілқарадай мал-басың өсіп-өніп,
Кетпес байлық, таусылмас қажырлы етер
Түсіңде көмек берсін Қыдыр келіп.
Жыраудың Бұхар сынды өрені бол,
Сансызбайдай гаскердің керегі бол.
Алды-артын ойлап келіп-пішетұғын
Адамның Қарабидей зерегі бол.*

*Көшебеде Тәбейдей беделді бол,
Сүйіндікте Көтештей өнерлі бол.
Кіші арғында Жанақтай жауырынды,
Үмбетейдей жырға бай, кемелді бол.
Өз туысың Шоң бидей қадырлы бол.
Сәтбай атаң секілді сабырлы бол.
Ел жауының қамалын талай бұзған
Балтада Тұрсынбайдай жалынды бол.*

Мадақ шумақтарда кәрі тарихтың қаншама сыры, құпиясы жатыр десеңізші. Онда жыраудың Бұхар (1693–1783) сынды өрені болу да, айлалығымен, зеректігімен, беделдігімен аты шыққандар да кезінде билер қасында көп жүрген ақын Көтеш Райымбекұлы (1745–1818), жырға бай, кемелді Үмбетей Тілеуұлы (1706–1778) да бар.

1726–30-жылдары қалмақтармен шайқасқан

батырлар қатарындағы атақты Олжабай батырдың жерді жаудан азат еткен соң сүйіндік – төртауыл (қаржас, құлболды, жанболды, орманшы) ұрпақтарын атамекені Баянауылға қоныстандырғаны белгілі. Ол туралы толық мәліметтер ғалым Әлкей Хақанұлы Марғұланның «Олжабай батыр» мақаласында келтірілген (Жұлдыз. 1984, № 2). Сегіз сері Сәтбай ауылында Олжабайдың келбеттілігін, Тәтіқара жыраудың (1705–1780) зейнеттілігін, ел ұйтқысы сыбан Шоңды, елге мәшһүр күйші Тәттімбетті – (1815–1862), Исатайдың (1781–1838) жүректілігін, кезінде ақыл, ой, түр, сымбаты бірдей ажарлы Аулыбай атты адамды, халқының қамын жеген Қанай бидің тілекшілігін, қамқоршылығын жырға қосты.

Өлеңде айтылған Шоң би (1754–1836) қазақ тарихында, әсіресе Орталық Қазақстанның ішкі әлеуметтік жағдайында аты белгілі адам болған. Шоң би, атақты Едіге бидің баласы, әкесі дүние салған кезде билік тізгінін қолына алған әрі ақылды, әрі сауатты жан.

Омбы облысының бастығының бірі, кейін генерал-майор Семен Богданович Броневскийге 1826-жылдың 16-наурыз күні жолдаған хатында Шоң би: «Қазақ өте аңқау, сенгіш, өзіне жақсылық істегенді өмірбойы ұмытпайтын халық. Оның бойынан бала мінезін көп көруге болады. Жамандыққа жоқ, жақсылыққа жақ. Сол себепті Баянауыл дуаны ашылғаннан кейін біздің ұлттық қасиетімізді мойындайтын, әдет-ғұрпымызды сыйлайтын, тілімізді білетін, сәбидей жуас халқымызды жәбірлемейтін жақсы адамдарымызды тағайындауыңызды сұраймын», – деп жазған екен.

Атақты А.Янушкевич Парижде шыққан «Күнделіктер мен хаттар» атты еңбегінде «Шоң үлкен адам болған. Елді әрі ақылды, әрі әділ және іскер басқарғаны сонша, оның өкіметіне хандар да қызыға қараған. Ол заманда төрелер халықты қатты қанаған екен. Шоң оларды өзі билеген аймақтан алыстатып, халқының шексіз сүйіспеншілігіне бөленген», – деп жоғары баға береді.

Кейінгі кезде атақты ғұлама ғалым Әлкей Марғұлан жазбаларында Шоң бидің аты жиі аталып, қызметі туралы деректер келтірілген. Әлкей аға Шоң бидің 60

хатын Санкт-Петербург архивінен кезіктірген. Әлекең А. Янушкевичтің жазбаларын да толық талдай келіп: «Ол Шоң би туралы әдемі, жарқын ойлар айтқан. Шоң сұлтан болмай-ақ би атымен қалды. Оның кемеңгерлік ісі, әділдігі, жүрегінің қайнап тұрған күштілігі бұрынғы хандардан да артық еді... Шоң би туралы аңыздар өте көп», – деп жазды. (Жұлдыз. 1982, №4)

Тарихта Шоң бидің аты қалатынын сезгендей де, сенгендей де, сонау 1845-жылы Сәтбай ауылындағы тойда шығарған өлеңінде Сегіз серінің оны құрметтеуінің өзі ғажап.

Баянауылда қоғамдық саяси аренаға Шоң бимен қатар Шорман Күшікұлы Сәти мырза немересі де шықты. Мәшһүр Жүсіп Көпеев «Ең әуелі дуан ашқанда, қазаққа низам шыққанда, дуан басы Шоң болып, Шорман сұлтан сен болып», – дегені тарихи шындықтың бір үзік сыры. Алайда Сегіз сері Шорманды мадақ өлеңге қоспапты. Егер ол 1854-жылы дүниеден өтпегенде, мысалы, 16 жасында Ақкелін болысының старшыны, 1853-жылдан 1868-жылға дейін үздіксіз Баянауыл дуанының аға сұлтаны болған, патша армиясының полковнигі Мұса Шормановтың (1819–1885) қазақтар тұрмысын Европа халықтарының үлгісіне түсіруге еткен игі істері туралы да пікір-тұжырым түйері сөзсіз еді.

Сегіз сері:

*Нашандай қан-майданда айбатты бол,
Ер Асқардай шайқаста қайратты бол.
Қабанбайдай жігіттің берені бол,
Сардардың Ер Тарғындай өрені бол.*

*Ер Сары мен Баяндай әулетті бол,
Едіге би бабаңдай сәулетті бол.
Ғаскерді ат-түйемен жабдықтаған,
Керейде Тұрыпбердідей дәулетті бол.*

*Орынбайдай еліңнің шешені бол,
Ер Сырымдай халқыңның көсемі бол.
Көшебе Майлы бидей тым көреген,
Даулы істе сөзге ұста, көшелі бол.*

*Кіші Арғын Шонай бидей алымды бол,
Атығай Шал ақындай алымды бол.*

*Шектіде Арыстандай биязы бол,
Таузарда Жанкісідей дарынды бол.*

*Құрсары Әлдибектей шешімді бол,
Ашамайлы Тіленшідей кесімді бол,
Қуса толмай, толғанда аспайтуғын,
Жаңбыршы Малдыбайдай есімді қол.*

Жасынан өлең шығарып, шешен болған Орынбай Байқожаұлы (1813–1891) да замандасы Сегіз серінің 1845-жылы мадақ өлеңінде Сәтбай отбасында алғашқы рет аталып, бағаланған. Жұрғарыда айтылған поляк жазушысы Адольф Янушкiewicz 1846-жылы Орынбаймен кездескен, өлеңін тыңдап, танданған әсерін күнделігінде, хатта жазғақ. Бұдан кейінгі жылда Орынбайды Шоқан Уәлиханов та жоғары бағалаған. Орынбай Ш.Уәлиханов қайтқан кезде: «Уа, Шыңғыс, Зейнеп ханым, көңер басты», – деп көңіл айту өлеңін шығарған. Арыстан, Шортанбай, Шөже, Балта, Ақан сері, т.б ақындармен айтысқан. Алайда Орынбай атын Сәтбай ауылында, оның баласы Имантай дүниеге келуіне жасалған тойда Сегіз сері нәрестеге «Орынбайдай еліңнің шешені бол», – деп тілек-теңеу айтуы алғашқы бағалау.

Мадақ жырда ел тарихындағы саңлақтардың біразы – Ер Сырым – Сырым Датов (1712–1802) – кіші жүз шаруалар көтерілісінің – 1783–97-жылғы дүмпулер басшысы, ақын Шал Құлекеұлы (1784–1819), ақын, жырау Жанкісі Өтемісұлы (1722–1849), тағы басқа атақты адамдар аты аталған.

*Көрсеткен бұқараға үлгілі жыл,
Толыбай сыншыдай жолбасшы бол.
Жауларға қарсы шығып бастайтын қол,
Керейде Ақпанбеттей қолбасшы бол.*

*Ұлы жүз Төле бидей айлалы қол,
Кіші Арғын Бөгенбайдай падалы бол.
Қиын-қыстау кезінде қоршуды бұзған,
Тарақты Байқозыдай айбалы бол.*

*Керейде Тұрлыбектей табанды бол,
Шәукерде Байдалыдай амалды бол.*

*Қиналғанда ерлерге қайрат берген,
Малайсары батырдай жайдары бол.*

*Төле би бабаңдай зейнетті бол,
Тамада Ер Есеттей келбетті бол.
Бикедей Манақадай аяулы бол,
Мәуелі бәйтеректей саялы бол.*

Көріп отырсыздар, мұнда атақты Қожаберген жыраудың әкесі Сегіз сері Баһрамұлы Шақшақовтың атасы, күллі қазаққа мәлім Толыбай сыншы бір топ батырлар Бөгенбай, Байқозы, Малайсары, тағы басқа қасиетті адамдар мадақталған. Сегіз серінің батасының бір ерекшелігі тамыры тереңде жатқан халық тарихымен тағдырлас, ел дамуына айқын із қалдырған ерен тұлғаларды үлгі ететін тағылымы, танымдылығы мол мұра екендігі. Ақын нәрестенің, сол арқылы келешек ұрпақтың ел жүгін арқалай алар азаматтар болуын армандайды. Бейбіт өмір, жарқын болашақ, молшылық, ғажап рухани, қадір-қасиеттер жалғастығын, мирастығын тілейді.

*Тіліне газәзілдің ермейтін бол,
Дұшпанға тізгініңді бермейтін бол.
Өнерге өсе келе құштарланып,
Қияға құлашыңды сермейтін бол.*

*Имантай, айналайын талапты бол,
Мұсылманша, орысша сауатты бол!
Болашақтан әрдайым үмітті бол,
Қозғанда Тайкедей билікті бол!*

*Ер Есімдей бойлы бол,
Жиреншедей ойлы бол.
Мамайдай сиырлы
Жарасбайдай қойлы бол.*

*Бақыт құсы қонып басыңа,
Дәулет құс келіп орнасын
Өзіңдей өндірі асылға.*

*Ісіңді тағдыр оңдасын,
Қызыр болсын жолдасың.
Қас ойлаған дұшпанның
Тілегі қабыл болмасын.*

*Әулие мен әнбие,
Адастырмай қолдасын.
Көре алмаған жауларын
Бақытсыз болсын, оңбасын.*

(Жазып алған Қаратай БИҒОЖИҢ. «Орталық Қазақстан» газеті, 1986, 15-қараша)

Сегіз серінің бұл өлеңінде талай тарих сырлары ашылған. Шығарма ұлы Қаньш Имантайұлы Сәтбаевтың атасы Сәтбай отбасында шығарылуымен құнды. Бұл арнау өлеңде Сегіз сері «Сәтбай атаң секілді сабырлы бол», – деп, Сәтбай атын бірінші рет өлеңге қосуы, ол кезде Сәтбайдың жас та болса, бойында, байсалдылық, сабырлық қасиеттер қалыптасқанын атайды. Алғашқы рет өлеңге қосылған осы бір тамаша қасиет сабырлылық, байсалдылық Сәтбай әулетінің ұрпақтарының бәрінде дамыған болуы керек. Кейін Сәтбаевтардың бірсыпырасымен аралас-құралас болған белгілі металлург, академик Евней Арыстанұлы Букетов «Сәнбес жұлдыз» мақаласында «... Сәтбай тұқымына тән салқын жігер...» – депті.

Қазақ даласының сал-серілер атасы атанған ақиық ақын, дүлдүл әнші Сегіз серінің өмірі мен шығармашылығы туралы там-тұмдап жазылып жүрсе де, оның туындылары түгел жиналып, жүйеленіп, зерттелген жоқ, қайда жерленгені де белгісіз болып келді. Жақында ынталы топ Солтүстік Қазақстан өлkesіндегі Жамбыл ауданының орталығы Благовещенко селосынан алты шақырымдай жердегі Маманай қойнауына бабалары Толыбай сыншымен, Қожаберген жыраумен Сегіз сері қатар жерленгенін анықтады. Осы оқиғаға орай Жамбыл аудандық әкімшілігі аруақтарға арнап ас беріп, дұға оқытуды көздеп отырғаны хабарланды. Атақты Толыбай сыншыны да, Қожаберген жырауды да со кезде Сегіз сері өлеңге қосқан, тағдыры оларды мәңгілікке бірге жайғастырыпты.

Алдағы күндерде Сегіз сері өмірі мен шығармалары туралы зерттеу жарық көрсе, онда 1845-жылдың бір айында Сәтбай тұңғышы Имантай тууына орай жасалған үлкен тойда шығарған өлең – ақ батасы да өзіндік орын алатыны сөзсіз.

*Шәмшиябану СӘТБАЕВА,
Профессор, Қазақстан ҰҒА-ның корреспондент мүшесі*

ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Біз Сегіз серіден сөз қозғауымыз керек-ті. Алайда қазіргі баспасөз беттеріндегі аталмыш серінің айнала-сындағы дау-дамай біз айтар әңгіменің қисынына кедергі болары хақ. Бірақ даудың басы – Сегізді өмірде болды-болмады деуге бір тіреледі де, екінші қайта өмірде жасаған серінің шығармашылығына бір күмән келтіреді. Даулардың төңірегінде дақпырт көп. Айтылған уәждердің айғағынан күмөні басым болғандықтан, біздің айтар әңгімемізге тосқауыл бола алмайды. Өйткені Сегізді жоққа шығарушылардың келтіретін уәждерінің ешбірі де ғылыми тұрғыда мойындалмайды, әншейін «солай болмаққа керек-ті» деп келтіретін жорамалғана. Себеп Әлкей Марғұланның жазғанын (1,331) жоққа шығарғысы келеді. Ғұлама ғалымды «сегізтанушылар сендірді» (2, №31) дейді. Бұл қисын ба? Егер академик Әлкей әркім айтар әңгіменің әсерімен тарихи, әдеби тақырыптарда адасушылыққа жол берсе, ертерек ескертпес пе еді? Біз Сегіздің қазіргі әдебиет тарихында қалыптасқан өмірбаянына өзирге тоқталмай тұратұралық. Даудың басында И.Кенжалиев дейтін тарихшы тұр. Алайда бір қызықты да күмөнді жайт 1970-жылдардан соң Сегіз сері хақында деректер айтыла бастағанда «Қазақ әдебиеті» газетінде (3, №9) «Тағы да Сегіз сері туралы» деген мақала жарық көреді. Мақала авторы тарих ғылымының кандидаты И.Кенжалиев. Бұл жазбада өнерпаздың сегіз қырлылығына барынша тоқталған автор ел аузындағы әңгімешежірелердің ақиқат, құнды дүниелер екендігін баса айтып, Исатай-Махамбетке де қатысына еш күмөнсіз дерек келтіреді. Келесі жылы Солтүстік Қазақстан облыстық газетінде аталмыш тарихшының «Сегіз серінің туған жерінде» (4, №15) атты ғылыми зерттеу мақаласы жарияланады. Солтүстіктегі серінің туған ауылы Айымжанда болған зерттеуші артына өлмес мұра қалдырған ақын ұрпақтарымен кездесіп, көптеген құнды деректерге жолыққанын бұлтартпас айғақтармен дәлелді түрде келтіріп жазады. Содан араға 18 жыл салып «Жалын» журналында «Сегіз сері

деген кім» атты (5, № 9-10) қарсы мақала шығады. Өзі халыққа кеңінен насихаттап жазып жүрген тарихшы И.Кенжалиев аяқ астынан Сегіз серіні танымай, тулап шыға келгені өте күдікті жайт болды. Өзін-өзі жоққа шығарушы Исатайдың уәжі М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының қолжазба қорындағы деректерге күмәнділігі. Тарихшы ғалым неге өзінің көзі жетіп, көңілі сенбеген іске қалам тербегендігі түсініксіз. Осы дауға қатысты дәлелді де бұлжытпас айғақты деректерге толы қарсы мақала республикаға кеңінен тарайтын «Сарыарқа» журналында (6, № 7) «Тағы да Сегіз сері хақында» деген тақырыпта жарияланды. Бірақ қарсы топ мұндай уәжді, байыпты пікірлер мен қарсы мақалаларға көңіл аударуға жүректері дауаламайды. Пікірталасқа қатысушы адам – өнер зерттеушісі, Республикалық музыка қайраткерлері Одағының мүшесі Қайыржан Байпақұлы Мақанов. Кейінгі осы төңіректегі дау-дамайдың өңгіме шеңбері И.Кенжалиевтен бастау алады да, Қ.Мақановтың пікірімен санаспайды. Сегізді жоққа шығарушылардың осындай сыңарезулігі таңдандырады. Кенжалиев бастаған күмәншіл де кінәмшіл топтың әрекеті жыл өткен сайын ел санасында нық қалыптасқан сері жөнінде алыпқашпа, дәлелсіз, дүдәмал уәждерінен шыққан қорытындыны біз көре алмадық.

2000-жылдан бастап «Ана тілі» газетінде (7, № 30, 31) Б.Кәртен дейтін автордың «Сегіз сері ертегісі» атты көлемді мақаласы шықты. Бұл автордың айтар түпкі ойының әлгі Сегіз сері төңірегіндегі дауды бастап жүрген И.Кенжалиевтің заңды жалғасы екендігін аңғару қиынға соқпады. Өте ыждаһатты түрде дайындалған, ұйымдасқан тірліктің түп мақсаты әдебиет тарихынан Сегіз серіні мүлдем аластатып, халық санасындағы өнерпазға деген қошаметке көлеңке түсіргісі келетін кертартпа, көкезулердің қылығы екендігін бірден әшкере етіп алды. Осы тақылеттес тақырыпта тағы да біраз қарсы мақалалар дайындалып баспа бетінен көрінді. Филология ғ.д., әдебиетші ғалым Ш.Керімнің «Өкінішті әрекет» атты мақаласында (8, № 14) тіпті Сегіз сері өмірде болмаған адам, оны «сегізтанушылар (?) қолдан жасап жүр» дейтін де уәжге барды.

Ш.Керімнің болжамынша, «Жас Алаш» газетіндегі (9, № 21) «Екі кісі бір жақ, екі жүз кісі бір жақ»

тақырыбындағы Б.Кертен мен И.Кенжалиевтің қара күйелі мақалаларына жауап жазғаны да «сегізтанушылар» дайындап, Петропавл қаласының тұрғындары Қайролла Мұқанов пен Социал Жұмабаевтардың атынан берді деп сырттан тон пішесөйлейді. Шәмшиден Керім, шын мәнінде, аталмыш авторлар Қызылжар қаласының қарт тұрғындары екендігінен де, сол өлкенің қазіргі сөз білер, өткен бабалар мұрасын жиып-теріп жүрген ұлт рухына барынша адал қызметшілер екендігінен де бейхабарлығын көрсетті. Себебі біз де осы жұмысымызды зерттеу барысында 2001-жылы Омбы қаласына арнайы барып, Қызылжар, Гүлтөбе-Маманай қоныстарындағы шежіреші қарттармен жүздесіп, Сегіз серінің, Қожаберген жыраудың төңірегіндегі өңгімені туған топырағындағы ұрпақтарынан барынша байыппен тыңдағанбыз, керегін жазып алғанбыз. Осы сапарда көзіміз жеткен бір ақиқат – Солтүстік Қазақстан облыстық өлкетану мұражайында құрылған «Асыл мұра» орталығының кезекті жиылысында «Қожаберген жырау» атты кітаптың тұсаукесері. Құрастырушылар: Ғалым Қадырәліұлы, Қайролла Мұқанов, Социал Жұмабаев. Кітап қазақ-орыс тілдеріндегі зерттеу мақалалар мен құнды деректерден тұрады. Авторлардың қатары тарихшы ғалымдармен толыққан Ш.Керімнің жалалы мақаласындағы авторларға таққан кінәсі негізсіз екендігіне көзіміз содан жеткен. Ш.Керімнің тағы бір негізсіз байбаламдарының бірі «сегізтанушылар» деген тырнақшалы терминінің астарын байқап көрелік. Сегіз сері жайында алғаш сөз бастап айтқан құдіретті қалам иесі Ғ.Мүсірепов, әрі жерлесі. «Ұлпанды» былай қойғанда (себебі, қаралаушы топ «Ұлпанды» көркем шығарма деп қана таниды) Ғабиттің күнделігіне (10, 177) үңілуге қарсы топтың ары жібермейді. Қойын дәптерінде Ғабенбілер өңгімесінің бас-аяғын тәптіштеп жазбаған. «Сегіз сері – ақын» деген тақырыппен «Сері, ақын, әнші, балуан..», «Гауһартас», «Жылы ой», «Ғайни», «Әйкен-ай», «Топқараған», «Қарғаш», «Мақпал» әндерін шығарған» – деп бітіреді. Әрмен қарай 1835 ж. Көтібар, Арыстанның ауылы... т.б. деп кетеді, бұл – басқа өңгіменің арқауы.

Келесі Сегіз сері жайында жазған адам әдебиет зерттеушісі, ф.ғ.к. Есенкелді Жақыпов (11, 35-40).

«Дастаннан драмаға» атты қазақ драматургиясын зерттеу еңбегінде «Айман-Шолпан» жырының авторы ретінде Сегіз серіні танитындығын ашық түрде тәптіштеп жазады. Сол уақытта бұл ақиқатқа күмән тудырған ешбір қаламгер де, көлденең оқырман да болмаған! Одан кейін «сегізтанушылар» «сендірген» адам академик Ә.Марғұлан. Бұл жөнінде әңгімеміздің басында айтылған. «XIX ғасырдағы қазақ поэзиясы» атты кітапты Қазақ ССР Ғылым Академиясы, М.О.Әуезов атындағы өнер институты дайындаған, 1985-жылы «Ғылым» баспасынан жарық көрген. Бұл жинақ хрестоматия. XIX-ғасырда жасағанақындаршығармаларына орын берілген. Сегіз серінің он шақты өлеңін ұсынған. Ескеретін жай, осы жинақтардағы барлық ақынның дерлік өлең-жырлары институттың қолжазба қорынан дайындалғандығы. Кітапты құрастыруға қатысқандар Ә.Дербісалин, Б.Ақмұқанова, С.Дәуітов, М.Жармұхамедов, Ө.Күмісбаев, Ж.Тілепов, Қ.Сыдықов, Г.Тұрсынова. Әрмен қарай «сегізтанушылар» қатарынан тағы да (!) әдебиетші ғалым ф.ғ.к. М.Жармұхамедов 1988-жылы «Ғылым» баспасынан жарық көрген «XIX-ғасырдағы қазақ ақындары» атты жинақта «Сегіз сері Шақшақовты» бүге-шігесіне дейін жазып, оқулыққа кіргізеді. Бұл тараушада Жармұхамедов (12, 103-117) Сегіздің төкпе ақындығымен қатар, сал-серілік дәстүрі, әнші-күйшілік, шешендік өнерін кеңінен сөз қылатын қаламгер-зерттеушілерді тізіп береді. Олар: С.Әліпов, К.Жексенов, С.Барқытов, Ж.Бектұров, Қ.Мұхамедқанов, М.Болатов, Б.Кенжегозин, Е.Қалданов, Е.Рахмадиев, І.Жақанов, Н.Әбуталиев, Ә.Марғұлан, М.Жармұхамедов секілді зерттеушілер дейді. Осы кітаптың редакциялық коллегия мүшелері З.Ахметов, М.Базарбаев, Ә.Дербісалин, М.Жармұхамедов, Қ.Сыдықовтар да еш күмәнсіз Сегіз сері тараушасын кітапқа жіберген. Ал қарсы топ бұл кітапты да назардан тыс қалдырып отыр. Ал ендігі кезекте «сегізтанушылардың» қатарында, даудамайдың бел ортасында қалған автор – ф.ғ.к. Төлеш Сүлейменов. Бұл қаламгердің 1991-жылы «Өнер» баспасынан жарық көрген «Өнер тақырыбындағы туындылар» сериясымен «Сегіз сері» кітабы болды. Тарихи-ғұмырнамалық хикаят етіп Сегіз серіге қатысты ел аузындағы барлық әңгімелер мен әдебиет

институтындағы барлық қолжазба деректерді кеңінен пайдаланған қаламгердің тың туындысы оқырмандар тарапынан тамаша қызығушылыққа ие болады. Автор бұл хикаятында замана талқысымен қатпарлы жылдардың сағымына оранып, аумалы-төкпелі кезеңдер дүрбелеңінде жұртымыздың зердесінде көмескі тартып, ұмытыла жаздаған, халқымыздың тарихы мен өнерінде ойып орын алар біртуар тұлға Сегіз серінің асқақ бейнесін халық санасында қайта жаңғыртуды мақсат тұтқан. Қозы өшкен қолаптадан қайта үрлеп, сері бейнесін сомдауға тырысқан қаламгердің бұл қажырлы еңбегін бағалаудың орнына, қарсы топтың тырнақ астынан кір іздегені – халықтың өнерпазға деген қошаметсіздік емес, авторға деген жеке бастың көзқарастарынан туындап отыр. Мәселе автордың көзі тірісінде жазған еңбегіне құрметпен қараған кей қазақтар, кейін ол кісі дүниеден озғаннан соң «Сегіз сері» кітабын тәрк еткісі келетіндігінде. Б.Кәртен «Сегіз сері» туындысын «Ертеқ кітап» деп атайды да, авторын «Фантаст жазушы» дейді. Сосын бір ескертерлік жайт, пікір қайшылығы бір басқа, қарсы топ баспа мәдениеті дегенді тіптен естен шығарған. Бұл да басқа әңгіменің арқауы шығар.

Ал енді біздің келесі «сегізтанушымыздың» бірі белгілі драматург жазушы әрі Сегіз серінің, Қожабергеннің мұраларын мұқияттап жинаушы Нәбиден Әбутәлиев «Сегіз сері» кітабын шығарды. Осы тақырыпта драмалық шығарма жазды. Қаншама ғылыми негізді мақалалар жариялады. Махамбет Өтемісов атындағы сыйлықтың иегері Н.Әбутәлиев – Қазақстан Ғылым академиясы, Әдебиет және өнер институтының Ғылыми кітапханасының қолжазба қорында сақталған материалдарды жинаған, тапқан адам. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы (1857-1931) жазбаларының Қожаберген жырауға арналған жолдарынан, Асанбек шешен Нұрғожаұлы (1752-1846), Жанаяқ Сағындықұлы (1770-1845) және басқалардың жырларынан құнды деректер алған. Жиырма жылдан астам уақыт ізденістің арқасында фольклоршы ғалымдардың қолына түсіп, академиялық институттың қолжазбалар қорында, кітапханаларда сақталған Сегіз серінің шығармаларын жинап, 1991-жылы «Жалын» баспасынан жарыққа шығарған, Нәбиденнің «Өтгің, дүние!» пьесасы және оның спектаклі арқылы Махамбет

бейнесін жасауы өзінен бұрынғы Ығылман Шөрекұлы, академик Қажым Жұмалиев сияқты қаламгерлердің де арманы жүзеге асты деп білемін – деп, ағынан жарылған қаламдасы Сапабек Әсіп «Егемен Қазақстан» газетінде «Қолаптадан от тұтатқан қаламгер» атты көлемді мақала береді. Б.Кәртеннің кезекті күйелі мақаласына «Жас Алаш» газетінде өзінің тиянақты уәжін берген де осы Н.Әбутәлиев.

«Мамандығы әдебиетші болмаса да, сөз өнеріне талғамы күшті, ұзақ жылдар бойында фольклор мен ақындар поэзиясының асыл үлгілерін жинап, жариялап, елеулі іс тындырған, бүгінде жасы сексеннен асқан еңбек зейнеткері Сейітқали Қарамендин де сол қатардағы қадірлі қарияларымыздың бірі. Ол – қазақ поэзиясының асқар шыңы Абай туып-өскен, сөз өнерін кие санаған елдің перзенті. Жасынан ақын, жыршы, шешендер сөзін көп естіп, зердесіне тоқыған, ...жадында сақталған ақық сөздер мен аңыз әңгімелердің бәрі болмаса да, көбі хатқа түсіп, баспасөз бетінде жарияланып, кейбіреулері кітап болып шығуы да аз олжа емес. С.Қарамендин жинаған және оларды Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорына тапсырған, мақала ретінде жарияланғандары да баршылық. Солардың қатарында «Бөгенбай батыр», «Еңлік-Кебек», «Қалқаман-Мамыр», «Төрт Бөгенбай», «Көбей би» «Наурызбай-Фатима», «Сегіз сері», «Бұғыбай батыр», «Шежіре туралы шындық», «Өліге құрмет – тіріге міндет» тәрізді жарияланымдарды көрсетуге болады» – деп жазады «Қазақ әдебиеті» газетінде академик Р.Бердібаев (13, № 41).

Аталмыш авторымыздың ауыз әдебиеті үлгілерін жинаудағы орасан зор еңбегін біз академиктен артық айта алмаймыз. Енді осы адамның Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорына тапсырған ұшан-теңіз әдеби жәдігерлерін біздің фольклорист ғалымдарымыз ел кәдесіне қалай асырып жүргендігі бір төбе әңгіме де, Сегіз серіге қатысты жазбалары «іске жарамсыз» деп табылады. С.Қарамендин жинаған мұралардың барлығы халық қазынасы болып табылады да, ішіндегі Сегіз серінің өлең-жырлары неге татымсыз болып шыға келеді? Бұл – яғни Сегізді мансұқтаушылардың сыңарезу, біржақты пікірі. Қазақта «жақтырмаған бақсының демі сасық» деген мақалды осы тұста

Сегіз серінің әдебиет тарихындағы бүгінгі тағдырын сергелдеңге түсірушілерге айтуға тура келіп тұр. Әдебиет тарихынан Сегіз сері Шақшақовты мүлдем аластатқысы келгендер саны аз болса да, күйесі мол боп тұр.

Әңгіме Сегізге қатысты болған тұстарда Арқада 1845-жылы Сәтбай Шөтікұлының үйіндегі қуаныш Имантайдың шілдеханасында қазақтың барлық игі жақсылары мен Сегіз сері де қонақ болса керек. «Ақиқат» журналында әдебиетші ғалым Ш.Сәтбаева «Сегіз Серінің мадақ өлеңдерінің тарихилығы» атты тақырыпта үлкен еңбек жазған. Сегізді тарихтан сызып тастап жүрген азаматтар Сәтбайдың тұқымы, ғұлама ғалым Қаныштың қызы, профессор, қазақ әдебиетінің тарихи мәселелерімен айналысқан Шәмшиябанудың бұл еңбегін назарларынан тыс қалдырады. Сегіз серінің Имантайдың атын қойыпты дегенге мұрындарын шүйіріп қараушылар енді Қаныштың қызы жазған ақиқатқа қалай қарайтындығын Алла білсін.

«Сегіз сері Шақшақов пен Сәтбай Шөтікұлы (1823-1902) жүзбе-жүз кездесіп, сыйлас-қадірлес болған. Мүмкін, Сәтбайдың да әкесі де, атасы да бүкіл ауыл Шақшақовтармен бұрын таныс болуы, өйткені арғы аталары – Толыбай сыншының ұрпақтары қолөнер, аңшылық, құсбегілік-саятшылық, емшілік өнер иелері болған әрі оларға ақындық батырлық та дарыған деседі» (14, № 3). Бұл – Ш.Сәтбаеваның өз ата-баба тарихынан жазған бір үзік сыры. Бұдан әрі әдебиетші ғалым Ш.Сәтбаева Сегіздің өз атасына айтқан арнау өлеңінің түп-төркінін талдап, өлеңдегі аты аталатын қазақтың игі жақсыларының қадір-қасиеттерін тіл құдіретімен суреттеуін саралап береді. Арнау-батаның өн бойындағы сөз болған қазақтың сол уақыт пен ілгерісінде ғұмыр кешкен батыр-бағландарының, би-шешендерінің тарихи тұрғыдағы салмақ дәрежесін Сегіз сері өлеңімен өрілген өрнекті тұстарын талдайды. «Сегіз серінің бұл өлеңінде талай тарих сырлары ашылған. Шығарма ұлы ғалым Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың атасы Сәтбай отбасында шығарылуымен құнды. Бұл арнау өлеңде Сегіз сері «Сәтбай атаң секілді сабырлы бол», – деп Сәтбай атын бірінші рет өлеңге қосуы, ол кезде Сәтбайдың жас та болса бойында байсалдылық, сабырлылық қасиеттері қалыптасқанын айтады.

Кейін Сәтбаевтардың бірсыпырасымен аралас-құралас болған белгілі металлург, академик Евней Арыстанұлы Бекетов «Сәнбес жұлдыздар» мақаласында: «Сәтбай тұқымына төн салқын жігер...» – депті. Бұл еңбектің ғылыми салмақ дәрежесі де дұрыс ниетті зерттеушіге таптырмас құнды екендігін айту орынды секілді. Егер алдағы уақытта Сегіз серінің толық шығармалар жинағы жарық көретін болса, Сәтбайдың отбасында айтылған осы бір ұзақ толғаудың да шығатынына бек сеніп кетіпті әдебиетші ғалым Ш.Сәтбаева.

Қазақтың ғалым қызының Сегіз сері туралы жазған еңбегі тек бір ғана бұл емес. 1999-жылы жарық көрген «Сәулелі әулет» кітабында, 2000-жылы оқырман қолына тиген «Уақыт шуағы» кітабында да Сегіз серінің шығармашылық келбетіне кеңінен тоқталған. Мысалға, Қазақстан Республикасының Ғылым академиясының хабарларында Ш.Сәтбаеваның «Ода сыры» атты мақаласында (15, № 4) былай делінген: «Оданың негізі – өмір, ондағы қуаныш, сән-салтанат болғандықтан, талай халықтардың көркем сөз саптауларында, ой-түйіндерінде, әдебиетінде осы жанрдың кездесуі заңды дүние. Қазақ поэзиясында мадақтау, дәріптеу жырлары фольклордан жыраулар, ақындар шығармашылықтарынан бастау, негіз алып, ХІХ ғасырда қалыптасты да, кейінірек біршама дамыды. «Ораз ақынның Балқы Базарды мадақтауы» сияқты өлең-жырлар баршылық десек, қазақ поэзиясында өткен ғасырда оданың дамуына Сегіз сері ақын да едәуір үлес қосты». Ғалымның осынау ғылыми негізді еңбегі де әдебиетті әр қырынан саралап жүрген жандардың көзіне ілігетін дүние емес пе?

Сегіз серінің ғұмыры мен шығармашылығы жайлы қаншама ғылыми зерттеу мақалалар мен екі кітап шыққан еді. Осы еңбектер негізінде серінің энциклопедиялық өмірбаяны да жарық көрді. 1999-жылы «Білім» баспасынан «Қазақ әдебиетінің энциклопедиясы» Сегіз серінің өмірбаянын былай келтіреді: Мұхаммед-Қанафия Баһрамұлы (1818, қазіргі Солт. Қаз.обл Жамбыл ауд. «Благовещенка» с-зы – 1854, сонда) – ақын, әнші-композитор. Он жасынан бастап әншілік, ақындығымен аты шығады. Ескіше, орысша білім алады. Сегіз Серінің «Топқараған», «Үкілім», «Көкем-ай», «Қаракөз»,

«Ғайни қыз», «Жылы ой», «Әйкен-ай», «Гауһартас», «Мақпал», «Қалқаш», «Қарғаш», «Бес қарағер» әндері халық арасына кеңінен тарады. Сегіз сері сонымен қатар «Ғұмыр», «Әсем арман», «Туған жер», «Қыз келбеті», «Қыз сипаты», «Қашқын келбеті», «Дүние-ай», «Не ғаріп», «Туысы жақсы қандай-ды», «Мұхит-Жамал», «Ғайнижамал», «Шолпан қыз», «Сайра да зарла, қызыл тіл», «Көрініс», т.б. өлең-жырлар шығарған. «Ер Сәтпек», «Ер Жасыбай», «Айман-Шолпан», «Қыз Жібек», «Ер Тарғын», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» т.б. тарихи лиро-эпостық жырларды айтумен қатар, Шығыс тақырыбында ғашықтық сюжеттерді де өз бетінше жырлаған. Сегіз сері шығарды деген «Тұлпар», «Қос қыран», «Алмас қылыш», «Көк найза», «Семсер», «Болат қанжар», «Садақ», «Ақ түйе», «Бозжорға» деген күйлер халық жадында сақталған. Біржан сал, Жаяу Мұса, Кемпірбай сияқты белгілі айтыс ақындары Сегіз серіні ұстаз тұтқан. Нұржан Наушабаев «Ер Сегіз» атты дастан жазған. Бірқатар шығармалары ҚР ҰҒА-ның қолжазба қорында сақтаулы. Осындай ғылыми негіздегі ақын шығармашылығы мен ғұмыры ақиқат болып танылуға, өкінішке орай, кейбір жаны ашымас адамдардың кісіліксіз қылығы кедергі болуда.

Қазақ поэзиясының екі мыңжылдық тарихын қамтитын, біздің заманымыздан бұрын өмір сүрген Заратуштра, Анахарсис бабаларымыздан бастап бүгінгі жас ақындарға дейінгі қазақ даласының ең талантты тұлғаларының жауһар жырлары қамтылған «Екі мыңжылдық дала жыры» атты жинаққа біз сөз етіп отырған Сегіз сері ақынның да өлеңдері бекерден-бекер еніп отырған жоқ! (16, 297). Осы кітаптың «Өнші-ақындар сазы» айдарымен қазақ даласында ХІХ ғасырдағы салдық-серілік дәстүрінің бірегей өкілі ретінде Сегіз серіге көшті бастатқан құрастырушылар да құр сезімге бағынбаған шығар:

*Гауһармын таразыға салынбаған,
Қылышпын қынабынан алынбаған.
Керейдің Сегіз атты саңлағымын,
Секілді жанған оттай жалындаған.
Көп жігіттің топ бастар серкесімін,
Ортасында биігі – өркешімін.
Сал-серінің жетекші өнерпазы,
Үш жүздің бұл күндегі еркесімін, –*

деп, өз бағасын өзі білген сері ақынның бүгінгі тағдыры неге сергелдеңге түсуі керек еді? Бұл шумақ жоғарыдағы «Қазақ энциклопедиясы» шығарған кітаптан алынып отыр.

Сегіз серіні тарихтан сызып тастаушылар бізге сері ақынның шығармашылығынан дерек беретін қазақтың Сегізден кейінгі әнші-ақындарының қалдырған жыр мұрағаттарына да күдік келтіреді. Қазір, құдайға шүкір, тәуелсіз Қазақстанның қаншама рухани құндылықтары түгенделді, Кешегі Абайдың айналасының өзі қолжазба қорында күні бүгінге дейін архив боп қатталып келіп, енді ғана жарыққа шыға бастады. Қарағанды университеті қолға алып Нармамбеттің жеке шығармашылығын жинақ етті. Қостанайдан Нұржан Наушабаевтың жеке жинағы «Алаш» боп елінің қолына тиді. Семей елінен Жанатайдың Көкбайының өлең мұрасы құнтталып халық көдесіне жарап жатыр. Айта беруге мысалымыз жеткілікті. Осының бәрі архивке өткізген құймақұлақ шалдарымыздың жазбаларынан алынып, сараланып, саптыаяққа құйған астай ел игілігіне айналған жоқ па? Арқадағы Сегіздің сән-салтанатты ғұмыры кейінгі өнерпаздардың үлгілі соқпағы екендігін ақындарымыз өздері жырлап жеткізген. Н.Наушабаевтың «Алаш» жинағындағы «Сегіз сері» дастаны соның дәлелі. (17, 108). Ф.ғ.к. М.Жармұхамедов 1984-жылы осы Н.Наушабаевтың «Сегіз сері» дастанын жариялап, талдай отыра былай деген: «Осы тұста мына мәселеге көңіл аударған жөн. Нұржан ақын осы дастанында «Айман-Шолпан», «Қобыланды», «Қыз Жібек», «Қамбар» сияқты жырларды Сегіз «шығарды» деген сыңай білдіреді. Шындығында, Сегіз бұл жырларды «шығарды» ма, оны зерттеп, ақиқатына жету – болашақтың ісі. Сонымен, ойымызды қорыта айтсақ, Н.Наушабаевтың осы аталған «Сегіз сері» дастаны – фольклор мен әдебиеттануда кейбір мәселелерді қайта қарауға мұрындық болатындай бағалы шығарма». (18, №13). Қазақтың «бір жоқты бір жоқ табадысы» тағы рас. Осы Н.Наушабаевтың шығармашылығы жөнінде кандидаттық диссертация қорғалған. Онда Сегіз ақын да әңгіме арқауына ілінеді. К.Жанатайұлының ақындығынан ғылыми еңбек жазып, ақынның шығармаларын жүйелеп, құрастырып халыққа

ұсынған ф.ғ.к. Жандос Мағазбекұлы Әубәкір дейтін азамат.

Осы кітаптан орын алған Көкбайдың «Жүсіпбек Шайқысламұлына» (19, 29) атты өлеңінен Сегіз серіге қатысты ақиқаттың бір ұшығын аңғартады. Жүсіпбектің қазақ ауыз әдебиетін жиып, бастырушысы болғандығын әдебиетші қауым жақсы білсе керек. Өлеңде:

*...Қожа, сен қулығыңды асырыпсың,
Қазанда бұл қиссаны бастырыпсың.
Өзіңе өз қылмысың майдай жағып,
Бойыңнан ар-иманды қашырыпсың.
...Бұл қисса Орта жүздің Керейінен,
Қазақтың Сегіз сері мерейінен.
Шығарған осы жырды кім екенін,
Білмесең, елге айтып берейін мен.
Наурызбай – Ханшайым қыз елдің ері,
Шығарған дастан етіп Сегіз сері.
Сегіздің көп қиссаны шығарғанын,
Әлі де ұмытқан жоқ қазақ елі, –*

дей келе, Жүсіпбектің әрекеттерін әшкере етеді. Рас, Сегіз серінің шығармашылық тағдыры сөз болғанда, сонау Қазан қаласында баспа ісімен айналысып, қисса-дастан, жырларды жиып, өз атынан бастырған Ж.Шайқысламұлының осынау оспадар қылығына кейінгі ақындардың наразы жырларына кез боламыз:

*...Әбілхайыр хан әулеті ұлық болған,
Кәсібі кей төрелер қулық болған.
Ер Сегіз бен Науанды жек көрген соң,
Қысқартып бұл дастанды бұзып қойған.
Құлатар сені халық жанған отқа-ай.
...Жыраудың сөзі шындық атқан оқтай,
Арнаған осы өлеңді кім десеңіз,
Шәкіртімін Абайдың, атым – Көкбай, – (20, 30)*

деп жырлаған ақын жырынан көрер көзге мен мұндалап тұрған ақиқат бар секілді. Көкбайдың осы кітабында «Наурызбай-Фатима» атты ғашықтық дастанында:

*...Ел басшысы Тілеуқабак деген кісі,
Шатақпен әрқашанда болмас ісі.
Өткен жылы үлкен қызы қайтыс болып,
Жалғыз-ақ сол себепті өртенді іші.*

деген шумақпен Науан мен қыздың сөз таластыруында бір сыр бар:

*Қыз: Ашпадым жездей келмей қабағымды,
Балдыз деп иіскелейтін тамағымды.
Серіні келеді деп мен отырмын,
Етіп жүр кімдер ермек қарағымды?
Балдызбен сөйлеспей ме сырын ашып,
Кететін жөні бар ед амандасып.
Апамның өліп кеткен күйігінен,
Кетті ме батыр жездем Хиуаға асып?*

Мына жолдардан байқайтынымыз: Тілеуқабақтың үлкен қызы Патшайымға Сегіз сері ғашық болып сөз салғандығын, серінің оған арнаған тамаша «Патшайым» атты өлеңі барлығын дерек көздері бізге жеткізген-ді. «Маңғыстау облысындағы халық қазынасын жинаушы ділмар қартымыз Шоңай Алшын Меңдәлиевтің айтқандары негізінде жазылды» дейтін «Адай» шежіресінде мынадай дерек бар: «Кіші жүздегі ақылды апаларымыздың атын кейінгі ұрпаққа жеткізу жолында айрықша үлес қосқандардың бірі – атақты Сегіз сері... Патша өкімдерінің құдалауында жүрген Сегіз сері бір ауылда екі-үш күннен артық тұра алмайды. Кіші жүз өлкесін аралап жүргенде ол Табын тайпасындағы Тілеуқабақ байдың еліне келеді. Тілеуқабақтың Әли, Мұса деген ержүрек екі ұлы, Патшайым, Ханшайым атты екі сұлу қызы бар екен. Ханшайым – кәдімгі Наурызбай Қасымұлына тиген қыз. Сегіздің ерлігіне, өнеріне сүйсінген қыз әкесі Патшайымды бермек болады. Бұған көңілі тасыған Сері атақты «Тілеуқабақты» шығарады. Осы сапарында «Патшайым», «Қаракөз» әндерін шығарады. «Қыз Жібек» операсында да, фильмінде де Төлегеннің негізгі әні болып жүрген «Ақ сұңқарым, Жібегім» дейтін әндердің шын қайырмасы:

*Аққу құсым, Жібегім,
Жалғыз сенде тілегім.
Соңғы кезде қашқын боп,
Шерлі болды-ау жүрегім.
Оу, Сүмбіл шаш, сенсің уайым,
Сәулетайым, тұскенде сен есіме не қылайын? –*

деп бітеді...

Бұл ән біздің Кіші жүз өңіріндегі ақылды апаларымызға арналған. Өркімге бір телімей, бұл әнді өз иесіне қайыруымыз керек» (21, 136). Осы дерек пен Көкбайдың жыры дәлме-дәл келіп тұрған жоқ па? Көкбайдың жыры былай аяқталады:

*Меңсүлу екі асылдан қалған екен,
Күнімжан бауырына салған екен.
Сол қызды бойжеткен сон қалың беріп.
Сегіздің Мұстафасы алған екен...
...Қазақтың Сегіз сері данасы да,
Жырлапты мұны өзі, баласы да.
Жырладым сол ерлерден басқаша етіп,
Ел-жұрттың қалмау үшін жаласына.
Сабалақ деген атпен даңқын жайдым,
Әулетін өлең қылдым Абылайдың.
Шәкірті Абай аға, атым Көкбай,
Еркесі ем Тобықтыда Жанатайдың, (22, 115).*

Ал енді осындай қисынды дәлел, дерегі мол Көкбайдың бұл айтқандарын біздің Сегізден «секемденушілер» қайда қояр екен? Белгілі ауыз әдебиетінің білгірі, Абайтанудың алғыры Сейітқали Қарамендин құрастырған Көкбай ақын, «Абылай» жинағында да бұл жырдың толық осы нұсқасы берілген. Кітап соңында құрастырушы былай дейді: «Мен 1950-жылдары Қазақ ССР Наркомзем және Мемлекеттік Бақылау комиссариатында қызмет істеп, командировкаға барғанымда Қызылжар қаласында төре қыздарын көзімен көрген, Мұстафа батырдың туған інісі Мұсайын ақынның баласы – Нұрмұхаммед (1873-жылы туған) ақсақалмен жолықтым. Ол кісі: «Наурызбай – Ханшайым» жырының үш түрі бар» деп айтты: 1 – Сегіз серінікі; 2 – Сегіз сері баласы Мұсайындікі; 3 – Көкбай ақындікі. Үшеуін де Нұрмұхаммед ақсақал толық біледі екен. (23, 101).

Бұл да шындықты шырақ алып іздеуші жан болса, айдай ақиқат.

Сегіз серіге арналған толғаудың бірі «Ер Сегіз» атты Жаяу Мұса Байжанұлынікі. Осы туралы С.Қарамендин кезекті бір зерттеу мақаласында былай жазады: «Мұса тоғыз жасқа келгенде, оны қызылжарлық (петропавловскілік) Көшебе Керей Итемір Барлыбайұлы мырзаның саудасын жүргізіп

жүрген немере ағасы Шымыр Тайжанұлы алып кетіп, Қызылжардағы медресеге оқуға береді. Мұса ол медреседе атақты Сегіз сері ақынның ағасы имам Көрпеш жырау Баһрамулынан екі жыл дәріс алып, араб, парсы, шағатай тілдерін және орыс балаларымен бірге жүріп орысша тіл үйренеді. Қызылжар базарында Сегіз сері тобының өнерін көріп, тамашалаған жас бала Мұса солардай салсері, өнерпаз болуды армандайды», – деп бір түйеді. Ақыры арманына жеткен Мұса Сегізге шәкірт болған деседі. 1854 ж., яғни барыс жылы тамыз айының аяғында белгілі өнерпаз Сегіз сері ауырып, өз жайлауы – қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданындағы Докучаев атындағы Дос бөлімшесі орналасқан жердегі, Дос көлінің жағасында қайтыс болғанда, ұстазы Шақшақов ақынға арнап оның қырық бес шәкірті жоқтау өлең шығарған. Сол өлеңдердің бірінің авторы – Жаяу Мұса. Осы реттегі Жаяу Мұсаның «Ер Сегіз» дастаны бізге толығымен жетпегендігін айтқан С.Қарамендин үзінділерді ел аузынан жинап алып, қолжазбаға тапсырғандығын, өзі де бір мақала арнаған: «Биыл атақты әнші-ақын, композитор Жаяу Мұсаның туғанына 155 жыл толды. Сондықтан Байжанұлының «Ер Сегіз» атты әнмен айтылатын өлеңін оқырман назарына ұсынуды жөн көрдік» деп, сол дастанды баспаға ұсынған екен.

*Жігіттер, өнер құсаң, Сегізге ұқса,
Шәкірті ем Сегіз сері, атым Мұса.
Қазақтың ел қорғаны мақтаныш қой,
Үш жүзде Ер Сегіздей көп ұл туса, –*

бұл «Ер Сегіз» дастанының басталуы (24, 1991).

Бұл деректерге біздің басқадай алып-қосарымыз жоқ. Қайта Сегіздің жинағын әзірлеу тұсында кітапқа кіргізіп қойғанмын. Біздің біршама қарастырғанымыз Сегізге қатысты ақын-жыршылардың өлеңдері болды. Енді тарихшы, шежіреші ғалымдар еңбегіне аздап тоқталсақ. Тарих ғылымының докторы, профессор, қазақтың этникалық, жүздік, рулық шежіресімен айналысқан Марат Мұқановтың еңбегінде Сегіз серінің өмір дерегі анық беріледі. Біздің Сегіздің жалпы өмірін де мансұқтаушы ағайындарымыз мұндай тегеурінді еңбекті қарауға қорқыныштары басым болса керек. Сөзіміз дәлелді болсын, тарихшыға сөз берейік «...Қ

XIX ыуу шежире Кереев дошло в единственной рукописи. В первой четверти XIX в. ее дополнили образованные люди из Кереев, такие, как Табей сын Барлыбая (1783-1863), Шонке сын Маманая, Сексен сын Шакшака, Есиной сын Естемиса (1787-1870), записав родословные из уст Итеке батыра, Тленши батыра, Шакшак бия, Токсан бия, Киикбай бия и дополнив своими сведениями.

Особое место среди летописцев принадлежит Сегиз сери (1818-1854), человеку образованному, интересной и нелегкой судьбы. Сегиз был шестым сыном Бахрама и внуком известного в степи своим красноречием, справедливостью и неподкупностью Шакшак бия. Сегиз родился в 1818 году на берегу озера Букпаколь (современные ориентиры – Пресновский район Северо-Казахстанской области).

Несмотря на раннюю смерть отца, Сегиз с помощью родственников окончил аульскую школу, медресе в Кызылжаре – к четырнадцати своим годам. Затем он обучался по-русски в кодетском корпусе в г.Екатеринбурге, закончил его в 1835 г. и получил квалификацию переводчика (тілмаш). Однако он не стал чиновником, а, пробыв неделю в ауле, уехал на Сырдарью в кочевья родов Берш, Байбахты и Жагалбайлы Младшего жуза.

В августе 1985 г. на одном тое Сегиз сери выступил борцом от имени Среднего и Младшего жуза в состязании с палуаном из племени конрат, выставленного Кокандским ханом. Сегиз сери победил, получил богатые призы. На этом празднике он познакомился с Бахтияром, который пригласил победителя себе в аул в местность озера Айманколь. Там он и встретил красавицу Макпал. Молодые полюбили друг друга. Весь приз, полученный за победу, ушел на уплату калыма. Сегиз сери получил согласие Бахтияра на брак с его дочерью. Сегиз сери сочинил в ее честь песню. К сочинениям Сегиз сери принадлежат так же песни «Жылы ой», «Каргаш», которые были распространены в народе известными акынами, как Нияз сери и Биржан сал». (25, 14).

Осы келтірілген үзіндіден байқағанмыз, тарихшы ғалымның өз айтарына сенімділігінде тұр. Дерексіз сөйлемес тарихшымыздың Сегізге арнаған жазбасы

тіпті қандай шығармаларының тағдыр, талайы болмасын шежіреші қарттарымыз айтатын әңгімелерге дөп келіп тұр. «С. Мұқанов егер Сегіз сері жерлесі болса, неге жазбайдының» – астына алып жүрген байбаламның жолы енді бола қоймас. Марат Сәбит Мұқановтың ұлы болғандығынан ғана емес, айтқаны ақиқатты болар. Ғылыми соқпағы бар, тәрлан тарихшы ретінде мойындалған. Сонымен қатар аталған еңбегінде Сегіз серінің шежіресін де таратып береді.

Серікбай Қосанның «Ана тілі» газетіндегі «Әдебиет – ардың ісі» атты мақаласында мынадай сөйлем бар: «...Әрине, көзі ашық оқырман, әсіресе, ғалымдар Мемлекеттік Жоғарғы сараптау комиссиясынан өткен, ғылыми кеңестерде қорғалған заңды құқығы бар еңбектерге сене ме әлде әдебиет ғылымынан аулақта жүрген фольклор жинаушыларына ден қоя ма? Оны өздері білсін. Сондықтан біз де бір білгенімізді жазып байқайық...» (26, №11).

Әрине, ол да өз білгенін жазған. Сонда Серікбай Қосан әдебиеттің, ең алдымен ұлтымыздың көркем тарихы екендігін ұмытқаны ма? Алдымен, Сегіз серіні әдебиеттен аластатқысы келетіндер әуелі оны тарихтан да өшіріп алуды ұмытпаса керек! Сегіз серіге архивтік құжат талап етеді. Мәскеудің тарих-архив институтын төмамдаған, еш уақытқа дерексіз ауыз ашпайтын жазушы Амантай Сатаевтың мұрағаттан тапқан деректері мынадай: Қазақстан Республикасының мемлекеттік орталық тарихи архивінің 338 фондысында Сыртқы округтерде қазақтардан сұлтан, старшын және заседательдер сайлау туралы құжатта 1837 жылы 7 қаңтарда «көшебе-керей болысының уфавителі Табей Барлыбаев, оның орынбасарлары Қырғыз Малдыбаев, Итемер Барлыбаев, Отыншы Жанұзақов». 13 наурызда «старшина Чакчак Кочуков» сайланғанын көрсетер құжат. Ал Шақшақтың Сегіз серіні оқытқан атасы екендігін білеміз. Айтарымыз, атасының құжаты шыққан соң, баласының жазбасы да бір архивтерден табылар, тек соны жабыла қараламай, ел болып қолға алсақ, ол күнге де жетерміз деген ақеділ тілек бізден. Омбыда жарық көрген «Очерки истории казахов Омского Прииртышья» кітабының «Просвещение казахов в XVIII – начале XX вв.» атты тарауы бірден

Сегіз серіден басталыпты. 1789-жылы Омбыда тілмаштар даярлау үшін Азия мектебі ашылған. 1790-жылы оқыған 25 шәкірттің жетеуі қазақ болыпты. «Среди окончивших азиатскую школу числился Мухамет Шакшаков (Сегиз сери). В школу он поступил в 1830 году. К моменту ее окончания в 1836 году она была преобразована в особый класс восточных языков училище сибирского казачьего войска.

Историк и поэт в гневных стихах он изображает генерал-губернатора Горчакова разорителем казахского народа, не желая участвовать в карательной экспедиции против восстания Кенесары Касымова, он бежал из Омска в Младший жуз» (27, 27). Авторы Омбыда тұратын, сол елдегі қазақтардың тарих жолын білер азаматтың бұл жазбасын да тәрк етуге кімдер ғана баруы мүмкін?. Сөзді қысқарта айтсақ, Сегіздің сергелдең тағдыры әлі де болса зерттеу нысанамызда. Сөз болып жүрген деректерден жиналған, әр алуан кітап, газет-журнал беттерінде ертелі-кеш жарық көрген Сегіз ақынның әдеби мұраларын жинап, саралап, баспаға «Ғауһартас» атты жинақ дайындадым.

Қазақтың ел қорғаған батыр, арманы асқақ ақындары мен небір көсем ұландарына қашанда қошеметі әр кезеңнің ақын-жазушыларының шығармашылығынан орын алып жататыны ақиқат нәрсе. Ел санасындағы ердің, азамат ақынның есімі кейінгі ұрпақтарының тіліне тиек, өлең-жырына арқау болғандығы анық. Осы ретте Сегіз сері жөнінде жазушы Б.Тоғысбаев «Сегіз сері» атты тарихи баян жазғаны, зерттеуші әрі драматург жазушы Н.Әбуталиевтің «Сегіз сері» атты пьеса жазғаны, талантты ақын Е.Асқаров «Сегіз сері» атты дастан жазғаны еріккеннің өрмегі емес. Тек ұрпақ санасында мәңгі өнерінің өлмес елесі боп сақталған бабалар ғана мұндай құрметке лайық екендігін ескерткім келеді. Сегіздің шығармашылық қыры әлі де болса айшықтала түсетініне мен имандай сенемін.

*Дәулеткерей КӘПҮЛЫ,
Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университетінің ұстазы.*

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- Ә.Марғұлан.** «Ежелгі жыр-аңыздар». Алматы. 331-бет, 1983 ж.
- И.Кенжалиев.** «Қазақ әдебиеті» газеті. № 9, 1978 ж.
«Қазақ әдебиеті» газеті. № 15, 1979 ж.
«Жалын» журналы. № 9-10., 1997 ж.
- Қ.Маханов.** «Сарыарқа». № 7, 2000 ж.
- Б.Көртен.** «Ана тілі» газеті, № 30, 2002 ж.
- Б.Көртен.** «Ана тілі» газеті. №31, 2002 ж.
- Ш.Керім.** «Жас Алаш» газеті. № 14, 2001 ж.
- Н.Әбуталиев.** «Жас Алаш» газеті. №21, 2001 ж.
- Ғ.Мүсірепов.** «Күнделік». 177-бет, 1997 ж. «Ана тілі» баспасы.
- Е.Жақыпов.** «Дастаннан драмаға». «Ғылым» баспасы. 35-40-бет, 1979 ж.
- М.Жармұхамедов.** «XIX ғ.ғ. қазақ ақындары». «Ғылым» баспасы. 103–117-бет, 1988 ж.
- Р.Бердібаев.** «Қазақ әдебиеті». № 41.
- Ш.Сәтбаева.** «Ақиқат» журналы. № 3, 1997 ж.
- Ш.Сәтбаева.** «ҚРҒА хабаршысы» журналы. № 4.
«Екі мың жылдық дала жыры». 297-бет, 2000 ж.
- Н.Наушабаев.** «Алаш». Қостанай. 108-бет, 1999 ж.
- М.Жармұхамедов.** «Қазақ әдебиеті». № 13, 1984 ж.
- Ж.Әубәкір.** «Шындықтан басқа жолға түсе алмаймын». Алматы. «Информ-Арна» баспасы. 29-бет, 2002 ж.
«Адай шежіресі». Ақтау. 136-бет, 2002 ж.
- Көкбай Жанатайұлы.** Шығармалары. Алматы. 115-бет, 2001 ж.
- К.Жанатаев.** «Абылай хан». 101-бет, 1993 ж.
- С.Қарамендин.** 1991 ж.
- М.Мұқанов.** «Из исторического прошлого». Алматы. 14 -бет, 2000 ж.
- С.Қосан.** «Ана тілі». № 11, 2002 ж.
- О.Турсунов** «Очерки истории казахов Омского Прииртышья». 27-бет, 1999 ж.

МАЗМҰНЫ

Қосыл Омаров. Атасы серілердің Сегіз сері.....5

БЕУ, БЕУ ГАУҒАР ТАС

Қайран жастық.....	14
Ақбақай.....	17
Ақбұлақ.....	18
Шашбаулым.....	19
Ақ ерке.....	—
Алқоңыр.....	20
Әйкен-ай.....	21
Әйкен-ай (2-түрі).....	22
Бозшұбар.....	23
Гауһар тас.....	24
Гауһар тас (2-түрі).....	25
Ғайни.....	26
Ғайни (2-түрі).....	—
Еңілік-ай (Илигай).....	27
Көкем-ай.....	28
Қызға сөлем.....	29
Мақпал.....	30
Назқоңыр (Ай қабақ).....	—
Сәулем-ай.....	31
Ақбет.....	—
Қыз келбеті.....	32
Ойлан, Ақбет.....	33
Қош бол, Ақбет.....	34
Жансұлу.....	—
Меңзипа.....	35
Шолпан қаққан.....	—
Тік шырқау.....	36
Көңіл күйі.....	—
Ақбұлақ.....	39
Бақытжамалға.....	42
Жылыой.....	44
Патшайым.....	—
Қара көз.....	45
Шолпан қыз.....	46
Қалқаш.....	47
Қарғаш.....	48
Ақ бидай.....	—
Құла жорға.....	49
Ырысбике.....	50
Бес қарагер.....	51
Сәулем-ай.....	52
Ер де алтын.....	53
Дайдидау.....	—
Шолпан қыз.....	54

ТУҒАН ЖЕР ТОЛҒАУЛАРЫ

Туған жер.....	55
Бұқпа көл.....	56
Серілік.....	57
Көк Есіл.....	58
Он жеті жасқа толғанда-ақ.....	59
Горчаковқа.....	61
Сегіз сері мен Марфуға Шахмет төре қызының қағысы....	63
«Қыз Жібек» жырына кіріспесі.....	—
Кетібар асы.....	66
Кетібарға арнаған жоқтау өлеңі.....	78
Жолымбетке.....	80
Қайран жер.....	81
Ғайни қызға (жоқтау).....	86
Орал тау.....	88
Қызғалдақ.....	95
Үбі батырға.....	98
Бұғыбайға айтқаны.....	101
Шоң биге айтқаны.....	117
Туған еліме.....	121
Қоңырқұлжаға айтқаны.....	124
«Демеңіз» атты термесі.....	128
Келеміз өлең айтып, өнге салып.....	130
Өкініш.....	131
Ер Исатай (жоқтау).....	132
Дүйсен сері.....	136
Махамбет (жоқтау).....	—
Қайран Назар.....	140
Сегіз сері мен Шынияз Жұбатұлы.....	142
Кіші жүз елімен қоштасқаны.....	145
Баймағамбет сұлтанға.....	146
Өңіріме.....	147
Өзім туралы.....	148
Имантайға берген батасы.....	149
Мұғал биге көңіл айтқаны.....	154
Ер Есеней.....	158
Есенейге сәлемі.....	160
Есенейге айтқаны.....	161
Сапарда.....	—
Қожыққа айтқаны.....	164
Замана.....	—
Залғожаға.....	173
Көшкеге берген батасы.....	174
Перовский.....	176
Ақ жайық.....	177
Исатайды еске алып айтқаны.....	184
Бас қыран.....	185
Науша батыр.....	186
Мұса бала (Жаяу Мұсаға арнаған).....	188
Сейтжан, Құшан есімді інілерімен қоштасқаны.....	189

Қарағаштай паналарым.....	190
Қалдыбай Қосаяқұлы (жоқтау).....	191

АРНАУ-ӨСИЕТТЕР

Өзім туралы.....	195
Ай жарығы таң болмас.....	—
Қазаққа.....	198
Не өтті?.....	199
Үміт.....	203
Дүние-ай.....	204
Кешегі өткен жақсылар.....	207
Ғұмыр.....	208
Не пайда?.....	211
Өсиет.....	213
Кісем сұлу.....	215
Ер қайталап сөйлесе.....	218
Балжан қызға айтқаны.....	219
Өнегелі сөздері.....	220
Жігіттерге бірер сөз.....	223
Көрік болар ма?.....	—
Екі қыран таласса.....	225
Сыйласыңдар (термеден үзінді).....	226
«Өнер».....	227
Уа, ағалар, ағалар!.....	233
Баста тұрмас бұл дәурен.....	235
Жарасар.....	236
Алыс жақта болмаған.....	237
Насихат өлеңдері.....	238
Жеткіншек.....	239
Шіркін жастық!.....	240
Өсиет айтып кетейін.....	241
Жұртыма!.....	243
Сайра да зарла, қызыл тіл.....	246
Не артық.....	249
«Ерімей тас болғаннан сынған артық».....	—
Не ғаріп?.....	250
Сегіз сері мен Дариға қыздың айтысы.....	—
Өмірімен қоштасу өлеңдері.....	257

ТҮСІНІКТЕМЕ

БЕУ-БЕУ, ГАУҒАР ТАС!

«Ақбұлақ».....	295
«Алқоңыр».....	—
«Әйкен-ай».....	—
«Бозшұбар».....	296
«Гауһар тас».....	—
«Ғайни».....	297
«Еңілік-ай» (Илигай).....	—
«Ақбет».....	—

«Жансұлу», «Меңзипа».....	298
«Шолпан қаққан».....	—
«Жылыой».....	—
«Патшайым».....	299
«Қара көз».....	—
«Қарғаш».....	—
«Ақ бидай».....	300
«Кұла жорға».....	—
«Бес қарагер».....	—
«Дайдидау».....	301

ТУҒАН ЖЕР ТОЛҒАУЛАРЫ

«Көк Есіл».....	—
«Сегіз сері мен Марфуға Шахмет төре қызының қағысы»...	—
«Қыз Жібек» жырына кіріспесі.....	—
«Көтібарға арнаған жоқтау өлеңі».....	302
«Жолымбетке».....	303
«Сегіз серінің Ғайни қызға шығарған жоқтауы».....	—
«Орал тау».....	—
«Қызғалдақ».....	304
«Үбі батырға».....	—
«Бұғыбайға айтқаны».....	305
«Шоң биге айтқаны».....	—
«Қоңырқұлжаға айтқаны».....	—

ӨСИЕТ АЙТЫП КЕТЕЙІН

«Не өтті?».....	306
«Дүние-ай».....	—
«Кешегі өткен жақсылар».....	—
«Ғұмыр».....	—
«Не пайда?».....	—
«Сайра да зарла, қызыл тіл».....	307
«Өнер – өнер ішінде».....	—
«Алыс жақта болмаған».....	308

ЗЕРТТЕУЛЕР

Ә.Марғұлан. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының нұсқалары.....	309
Б.Ерзакович., Е.Жақыпов. Дүниеден Сегіз Сері, Нияз да өткен.....	310
Ж.Кәрменов. Әнді тонау – тарихты тонау.....	311
Р.Отарбаев. «Ерлігін Исатайдың жырға қоссам».....	313
А.Нысалин. Даланың дарабоз дүлдүлі.....	324
Б.Тоғысбайұлы. Сегіз сері.....	332
Б.Нұржеке-ұлы. Қазақ тарихына билік айтатын Могильный мен Шостакович және соған қуанатын қазақтар туралы.....	337
Ш.Сәтбаева. Сегіз серінің мадақ өлеңдерінің тарихилығы.....	350
Д.Кәпұлы. Сегіз сері өмірі мен шығармашылығы.....	362
Пайдаланған әдебиеттер.....	379

**СЕГІЗ СЕРІ (Мұхаммед-Қанапия)
Баһрамұлы**

Шығармалар

I-том

*Басылымды дайындаған: С.Жұмабаев
Компьютерде терген: Н.Байтенова
Сарашысы – Ұлжалғас Зәуірбекова
Техникалық сарашысы, безендірген және
беттеген – Нұргүл Сейдахметова*

Теруге 03.06.13 жіберілді. Басуға 22.08.13 қол қойылды.
Қағазы офсеттік. Қаріп түрі “Таймс”. Пішімі 84x108^{1/32}. Офсеттік
басылыс. Баспа табағы 24.00 б.т. Шартты баспа табағы 20.00 б.т.
Таралымы: мемлекеттік тапсырыс бойынша 2000 дана+баспа
есебінен 400 дана. Тапсырыс № 1033. Келісімді баға.

ИБ № 5129

7007.

“Жалынбаспасы” Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. 050009.
Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143/93-үй.
Тел.: (727) 394-36-40

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан
басылып шықты.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.
E-mail: rpik-dauir81@mail.ru

ISBN 978-601-7286-70-5



9

7 8 6 0 1 7 2 8 6 7 0 5